

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

М.О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ  
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

# **Мұхтар Әуезов**

ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ  
ЕЛУ ТОМДЫҚ ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ

**42-том**

МАҚАЛАЛАР, ЗЕРТТЕУЛЕР,  
ЛЕКЦИЯЛАР, ПЬЕСА

1935–1961

“ДӘУІР”  
“ЖІБЕК ЖОЛЫ”

АЛМАТЫ  
2014

**УДК 821.512.122**  
**ББК 84 Қаз-7**  
**Ә 82**

*Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі*  
*«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»*  
*бағдарламасы бойынша шығарылды*

Редакциялық кеңес:  
Кеңес төрағалары – *М. Құл-Мұхаммед, А. Сәрінжіпов*

Жалпы редакциясын басқарған – ҰҒА корреспондент мүшесі,  
филология ғылымдарының докторы *У. Қалижанов*

Кеңес мүшелері:  
*Әкім Т., Әуезов М., Жұртбай Т., Кекілбаев Ә., Қанатиянов Б., Қасқабасов С.,*  
*Қирабаев С., Қонаев Д., Қошанов А., Құрманғали Қ., Мағауин М., Мұртаза Ш.,*  
*Нұрпейісов Ә., Оразалин Н., Сүлейменов О., Тасмағамбетов И., Ыбырай Ш.*

**Әуезов М.**

**Ә 82** Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: “Дәуір”, “Жібек жолы”, 2014.

42-том: Мақалалар, зерттеулер, лекциялар, пьеса. 1935–1961. – 296 б.

**ISBN 978-601-294-184-5**

Мұхтар Омарханұлы Әуезов шығармаларының елу томдық академиялық толық басылымының 42-томына 1935–1961 жылдары жазылған мақала, зерттеулері, алғы сөздері кірді. Бұлардың қатарында “Қазақ ертегілері” зерттеуі, “Современный роман и его герой”, “Современники о своем герое”, “Есте болар сөздер”, т.б. мақалалары бар.

Академик жазушының абайтанудан оқыған лекциялары, бұрын еш жерде жарияланбаған “Абай” трагедиясының орыс тіліндегі қолжазба нұсқасы оқырман қауымға алғаш ұсынылып отыр.

Кітап ғылыми қызметкерлерге, студенттерге, жалпы әдебиетті сүйетін жұртшылыққа арналған.

**УДК 821.512.122**  
**ББК 84 Қаз-7**

ISBN 978-601-294-184-5 (42-том) © М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2014  
ISBN 978-601-294-142-5

**Мақалалар,  
зерттеулер**





## СОВРЕМЕННОИКИ О СВОЕМ ГЕРОЕ

Пройдут века, но люди и, конечно же, обитатели Планет, к которым пока что устремлены лишь взоры астрономов, будут помнить эту дату – 12 апреля, это имя – Юрий Гагарин, эту страну – Советский Союз.

Самые смелые подвиги, самые дерзновенные открытия, самые светлые деяния люди будут сверять с тем, что свершилось сегодня. Поэты посвятят Юрию самые лучшие, самые звонкие свои песни... Но вернемся из будущего в наше увековеченное ныне 12 апреля и сегодня, сейчас будем все вместе радоваться, все вместе ликовать и удивляться величию человеческого духа, мастерству человеческих рук, Родине, воспитывающей таких сыновей.

## СОВРЕМЕННЫЙ РОМАН И ЕГО ГЕРОЙ

После длительного пребывания в историческом музее — холодном хранилище ценных, увлекательных документов прошлого — человек вышел на широкий, еще строящийся проспект, весь залитый весенним солнцем. Что он почувствует? Что поразит его?

Его ослепит солнце и согреет весеннее тепло. Потянет пройтись вдоль светлых домов и заглянуть в них. Дорисовать в воображении контуры еще только заложенного здания, познакомиться, — нет, близко узнать людей, так энергично и слаженно работающих здесь. Подхваченный вихрем впечатлений, он будет спешить вперед и вперед, открывая для себя новые и новые краски, новые и новые детали, новые и новые сооружения. Потом, уже полюбив этот солнечный и шумный проспект, он повернет обратно, пристальный взгляд вберет в себя ранее не замеченные подробности, иногда, увы, портящие общую картину, затем...

Я отлично сознаю условность, приближительность всякой аналогии, но, пожалуй, в данном случае вернее всего смогу передать мое нынешнее состояние, прибегнув к ней.

Вот уже два года, как я простился со своим родным Абаем, и с тех пор ни на день меня не оставляют думы о большом произведении о наших днях.

Нужно ли объяснять, как сложен резкий переход от исторической тематики к тематике современной, как много приходится решать заново? Поначалу я почувствовал себя пленником ярких впечатлений, нечетких замыслов, не встречавшихся раньше трудностей. Кое в чем я разобрался, но все новые проблемы встают передо мной.

Личные мои творческие поиски — я это знаю — лишь частица тех общих поисков, которые ведут сейчас почти все советские писатели, вдохновленные благородной целью обогатить нашу литературу произведениями о современности,

образами героев нашего времени. Причастность к этому процессу дает художнику радость и силы, и желание узнать, какие направления, какие решения выбирают товарищи. Поэтому я, естественно, особенно чутко прислушиваюсь к голосу писателей и критиков, делящихся своими соображениями на этот счет. Искать и находить “истину для себя” мне помогают и те, чьи теоретические положения я принимаю, и те, с кем я согласиться не могу.

Я, к примеру, не понимаю критиков, которые раздельно рассуждают о романе и о герое. Такое расчленение неестественно, потому что роман формируется героями, а герои формируют для себя среду романа. Я исхожу из этого единства — единства воплощения жизни через роман и его героев.

Спорным мне представляется и деление романа на “роман-событие” и “роман-судьбу”, как это делает К. Симонов<sup>1</sup>. Роман основывается на судьбах, которые складываются в событиях. Судьба всегда событийна, а события определяются судьбами. Лишь весьма условно можно говорить о судьбе и событии в романе как о разных категориях художественного полотна...

Я надеюсь, что на страницах “Литературной газеты” развернется разговор о современном романе и современном герое. Он может быть очень плодотворным. Каждый писатель, который захочет присоединиться к нему, выскажется в известной мере субъективно, щедро поделится своими поисками и находками, своим опытом, своим методом овладения современным материалом, своим взглядом на героя.

Конечно, эти суждения, как я представляю себе, вольются в тот широкий разговор о новых чертах советской литературы, который Георгий Марков<sup>2</sup> предложил начать на страницах “Литературной газеты” в преддверии XXII съезда КПСС. Хотелось бы, чтобы этой задаче послужили и мои размышления.

Идеалы, цели наши едины. Многообразие жизни советского общества рождает многообразие в решении — теоретическом и практическом — вопроса о том, каким должен быть современный роман и его герой. Чем скорее мы найдем убедительные и несхожие ответы на этот вопрос, чем ярче проявится при этом наше стилевое многоцветье,

тем больше будет у нас причин гордиться зрелостью и богатством многонациональной советской литературы.

Исходя из этого и не собираясь выводить всеобщие законы, я намерен поделиться своими взглядами, практикой, волнениями и трудностями — тем, что наполняет меня в настоящий период моей творческой жизни.

Прошу заранее не судить меня строго за некоторые термины, обозначения, быть может, неприемлемые для литературоведов, но удобные для меня как чисто “рабочие”, вспомогательные.

Я работаю сейчас над романом о семилетке на материале одной из областей Казахстана. Мне хочется по возможности многостороннее отразить ее семилетний путь и развитие, комплекс задач, стоящих перед ней, показать решающие аспекты жизни области, и в связи с этим мои герои будут заниматься животноводством, хлопком, хозяйственным и культурным строительством.

Первая часть романа, которую я заканчиваю, посвящена двум начальным годам семилетки, вторая часть — третьему ее году, третья — четвертому и последняя часть — завершающим годам семилетки. Одним словом, мой роман должен вместе с областью шагать по годам семилетки.

В разных его частях будет отдано преимущество то одной, то другой жизненной сфере. Главные герои, как правило, из магистрального хода событий не выключаются, постоянно находятся в орбите основного действия.

Когда определился замысел, я стал раздумывать над возможными способами его воплощения. И, прежде всего, естественно, обратился к собственной творческой практике, иначе говоря, за советом к самому себе. Что употребить на пользу из моей минувшей многолетней работы над “Путем Абая”?

Что же взять, что уже освоено? Меня по-прежнему привлекает широкозахватный роман, объемлющий события целой исторической полосы. Чтобы показать прошлое степи и ее обитателей вместе с Абаем за полвека его жизни, я стремился дать картины действительности пятидесятилетнего периода истории казахского народа. Благородный образ моего героя Абая помогал мне обратиться по мере сил ко многим явлениям эпохи безвременья.

Широкозахватный план и удачный выбор героя (исключительная личность: великий поэт, вдумчивый философ,



народный заступник), который — хотел он этого или нет — был поставлен судьбой в такое положение, что пропускал через свою душу горести и радости современников и потому без конца получал “шишки” на свою голову, позволили мне рассказать о пути и борьбе казахского народа.

Лично мне роман такого широкого плана кажется наиболее удобным и законным также при разработке современной темы. Правда, жизнь Казахстана шестидесятих годов несравненно богаче, многообразнее и сложнее жизни казахской степи в эпоху Абая, которую, кстати, тоже нельзя всеобъемлюще представить в одном произведении.

Я не собираюсь отрицать, что и на очень малом можно раскрыть очень много. Пример тому — рассказ М. Шолохова “Судьба человека”. Путь Андрея Соколова вбирает в себя путь целого народа. Однако, оставаясь верными этой прекрасной традиции, подаренной нам классиками, сейчас, когда мы раздумываем над художественным воплощением героя наших дней, нашей действительности, нам следует пытаться вырабатывать и новые традиции, смелее овладевать формой широкозахватного произведения.

Большие пласты жизни можно поднять, лишь обратившись и к заводу, и к колхозу, и к учреждению, и к школе, и к целине, и к быту, и ко многим судьбам.

Широкозахватный замысел диктует мне, в первую очередь, важность выбора определенного героя, необходимость вывести мое собственное определение героя нашего времени.

В самом деле, какой он? Какова наиглавнейшая, наихарактернейшая черта его облика?

Мне приходит на помощь высказывание Н.С. Хрущева из статьи “К новым успехам литературы и искусства”, опубликованной в седьмом номере журнала “Коммунист”: “Уже сейчас в облике передовых людей нашей страны видны черты человека коммунистического завтра. Эти черты все более проявляются и раскрываются в их мировоззрении, в повседневной трудовой общественной жизни, в быту... Превыше всего ставят они интересы общества”.

Здесь, на мой взгляд, определен облик человека 60-х годов, что несет он с собой в своем развитии, что передаст он людям последующих поколений.

Наш современник — человек, которому есть дело до всего, человек, сердце которого чутко улавливает звуки мира. Его касается все — чем живет страна, чем живут друзья и враги, интересуется все — политика, наука, искусство, трудовые успехи и срывы, борьба за коммунизм и против колониализма... В любой нашей победе — частичка души, искра сердца каждого советского труженика. Вот он какой!

Мои излюбленные герои — деятели, государственно мыслящие люди (я имею в виду не ранг, а сознание!), строители коммунизма, жизнь которых заполняют разнообразнейшие волнения и заботы — заботы о детском садике и о социалистических обязательствах области по семилетке. Эти люди — труженики заводов, колхозов, райкомов, обкомов, совнархозов, покорители целины и т. д., и т. п. — своими руками делают историю и тем мне особенно милы и интересны.

Один из главных моих героев<sup>3</sup> — первый секретарь обкома, русский коммунист-ленинец. Партия посылает его в республику, имеющую немало особенностей, ему неизвестных. Он с трудом, с огромной отдачей сил разбирается в новой обстановке — ему помогает большой опыт государственной и партийной работы. Он прошел отличную школу жизни, наделившую его честным и отзывчивым сердцем, даром понимать и любить людей, сочувственно воспринимать их счастье, трагедии, смех и слезы. Мой герой — человек высокого интеллекта, носитель русской культуры. Ему есть дело до всего — и до искусства, литературы казахского народа, и до семейных отношений молодоженов, он оберегает любовь от старых обычаев и страдает до боли за чабанов, находящихся в тяжелейших условиях отгонного пастбища. Всего себя он посвящает тому, чтобы людям жилось лучше, чтобы люди становились выше, чище, душевно тоньше. Словом, это человек партии, выполняющий ее основную современную задачу — бороться “за счастье людей, за всемерное улучшение условий их материальной и духовной жизни, за расцвет всех способностей и дарований человека” (Н.С. Хрущев).

О том, каким я вижу своего героя, можно рассказывать еще и еще, и сколько бы я ни рассказывал, вывод будет один: надо стремиться к созданию психологически многогранного масштабного образа, потому что советский человек шестидесятых годов именно такой.

Хочу признаться, несмотря на свои немолодые уже годы, я живу теперь очень наполненно, тревожно и активно — и все это благодаря моим новым героям.

Познав их, я начинаю на значительные, а иногда и неприметные, казалось бы, факты, аспекты жизни смотреть своими глазами и вместе с тем глазами персонажей. Я словно приобретаю право не только чувствовать за себя и героев, не только доносить свое и их отношение к миру, но и действовать с двойной активностью, с удвоенной энергией. Мы становимся друзьями. Мои герои могут, — нет! — обязаны совершенствоваться, исправлять, поддерживать то, к чему я, будучи литератором, не имею касательства непосредственного.

Некоторые из них светлый оптимизм разумно сочетают с известным критицизмом, порой даже полезным скепсисом. Это помогает мне перенести в сферу их интересов волнующие, актуальные проблемы.

К примеру, я давно обеспокоен проблемой строительства нашей столицы Алма-Аты. Казахстан не получил в наследство от прошлого такого города, как, скажем, Киев, а унаследовал лишь деревянно-саманную деревню. На наших глазах Алма-Ата застраивается бестолково, бесплатно, безвкусно. Обидно за родной город, расположенный в исключительно благоприятных природных условиях, обидно за центр бескрайней и богатой республики. Его хочется видеть красивым, современным, архитектурно гармоничным, застроенным не кучами домов, а просторными прямыми улицами.

Нетерпимы условия, в которых живут и трудятся чабаны и их семьи на отгонных пастбищах. Условия чрезвычайно плохи, их необходимо решительно изменить к лучшему. У нас в республике часто проходят совещания по животноводству, разгораются страстные споры о том, как увеличить поголовье скота, принимаются развернутые решения. А вот подумать о чабанах, о ликвидации диких, азиатских, уголков — без школ, книг и газет, без магазинов, бань и больниц, без сколько-нибудь терпимых жилищ, — об этом мы подумать никак не соберемся. Спасибо Н.С. Хрущеву, он быстро поставил этот вопрос у нас на совещании.

Эти проблемы должны найти место в романе. А чтобы они не выглядели инородными в художественном про-

изведении, я хочу, чтобы моих героев тревожило, волновало и то, как строится Алма-Ата, и то, как живут чабаны.

Не только отражать действительность, но и вторгаться в нее, воздействовать на нее книгами, “которые воспитывали бы, — как пишет Н.С. Хрущев, — людей в духе коммунистических идеалов, пробуждали в них чувство восхищения всем замечательным и прекрасным в нашей социалистической действительности, рождали бы... желание следовать примеру положительных героев произведений и вызывали непримиримость ко всему антиобщественному, отрицательному в жизни” — такова миссия современного романа и его героев.

Я не собираюсь выводить одни сильные, “масштабные” характеры: они, условно говоря, составляют костяк произведения. Однако нельзя представить себе живой, пульсирующий организм без плоти и крови. Роман должен иметь плоть и кровь, должен иметь горячее, подчас обжигающее дыхание. Как этого достичь? Насытить “организм” произведения лиризмом, поэзией, любовью, мечтами, драматическими столкновениями страстей и стремлений. И здесь “первую скрипку” у меня играют персонажи иного плана: девушки, юноши, старики, матери, ребятишки. Это им полностью отдают себя люди, которым есть дело до всего.

Такую условную “классификацию” персонажей я, право же, произвожу лишь в статье. В романе — переплетение характеров, герои разных планов идут у меня рядом, их пути-дороги постоянно скрещиваются.

Современная тема таит свои специфические трудности. Их, повторяю, масса, но характерны, по моему мнению, три. Я их просто назову. Предлагать какие-либо способы их преодоления не буду, так как это может стать темой самостоятельной статьи.

Жизнь стремительно развивается, общество неудержимо рвется вперед. В движении — прототипы героев, да и сам автор, особенно если он размахнулся на произведение, рассчитанное на ряд лет.

Многое и многое меняется, одни явления и проблемы умирают, другие “закрепляются”, переоцениваются ценности, пробивается новое.

Как же отличить, распознать истинно современное от злободневно-однодневного, как побороть искушение (а иногда и неопытность) реагировать на наиболее броское, “шумное”, поверхностное, поглощающее сегодня всеобщее внимание, обреченное завтра на столь же всеобщее забвение? Как сквозь обильную пену разглядеть бурный жизненный поток?

Высоко воспитательное назначение литературы: писатель — верный помощник партии. Эту свою миссию мы иногда рассматриваем чересчур однобоко, как задачу умиляться окружающим, обходить острые углы и жгучие проблемы. А ведь сама партия дает нам пример революционного реализма и мужества в подходе к действительности. Мы порой почему-то стыдимся дать волю мечте, крылатой мечте о желанном лучшем. Мы стесняемся громко, во всеуслышание отвергать вредное, отсталое, что еще наличествует в нашем бытии и сознании. И напрасно! Ведь мы мечтаем о совершенном мире и человеке, ведь мы критикуем во имя великого завтра. Как же избавиться от этого самогипноза, бескрылой робости? Разве может взволновать, увлечь читателя книга приземленная, “близорукая”, не согретая прекрасной мечтой?

И последнее. Многие мои герои — общественные и политические деятели. По ходу действия они выступают на собраниях, на конференциях, решают хозяйственные и политические вопросы. Как избежать чрезмерной публичности их речи? Как давать языковую характеристику?

Они обязаны часто говорить деловито, официально и чтобы меня до конца поняли, употребляю выражение — “по-газетному”. Так вот, как перевести публичность в сферу чисто художественную? Быть может, чаще прибегать к психологическому портрету, внутреннему монологу, размышлениям этих героев “наедине с собой”?..

Я ловлю себя на мысли, что излишне и преждевременно разоткровенничался, — роман не написан, да и удастся ли он мне? Но потребность выговориться и сознание того, что мои волнения и тревоги будут разделены и найдут чуткий отклик, заставили меня быть откровенным. Нужно ли говорить, как мне была бы дорога такая же откровенность со стороны писателей и критиков. Их высказывания, их раздумья о современном романе, о герое я воспринял бы как доброе напутствие и добрый совет.

**ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ПРОБЛЕМАЛЫҚ  
МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖАЙЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ-  
ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯДА  
М.О. ӘУЕЗОВТИҢ СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ  
(Қорытынды сөз)**

Жолдастар!

Өткен төрт күн, бүгін, міне, бесінші күн бойында біздің мәжілісіміз қазақ әдебиет ғылымының табыстарына, ізденулеріне, алдағы міндеттеріне арналған мол мәселелермен шұғылданды. Бұл жайларға үлкен бейіл мен көп көңіл бөлінді. Зор күш салып, еңбек еткен ғылымдық конференция бүгін, міне, осы мәжілісімізде бар жайды аяқтай баяндап, түйіндеу кезеңіне жетті. Бұл үлкен жиналысқа біздің барлық мәдениет майданындағы басшы жұртшылығымыз ойдағыдай аса жақсы көңіл бөлді.

Соның айғағына осы жиналысқа қатысқан қадірлі қауым топтарының қатарын санап өтсек те жетерлік. Мәжілісімізге ұдайы қатысқан Қазақстан Ғылым академиясы қайраткерлерінің мол қатары болды. Республикадағы жазушы әдебиетшілер топтары, қазақ тілін зерттеуші ғалымдар, әдебиет тарихын зерттеуші ғалымдар мәжіліске ұдайы атсалысумен болды. Бұлардан бөлек әлеуметтік ғылымдар саласындағы қайраткер, көрнекті академиктер тегіс араласты.

Республикамыздағы ғылым-мәдениет, ғылым-тәрбие орындарының, жалпы ағарту басшы орындарының ірі қайраткерлері және атақты ғылым ошақтары: университет, пединституттар, әйелдер педагогикалық институты оқытушылары да конференция ісіне толық қатысты.

Қазақстан Жазушылар одағынан хатшы-басшы, аға жазушылар бұл конференцияға бастан-аяқ атсалысқан ойларымен, ақыл қосқан пікірлерімен ұдайы араласты. Барлық осы саналған кең көлемді мәдениет майданының

азаматтары, құрметті өкілдері әдебиет мәселелерінің көбіне өз көзқарас, ой-пікірлерін айтумен елеулі үлес қосты.

Конференцияның алдында тұрған проблемалық көп мәселелерге қалың жұртшылығымыздың көңіл бөліп, бейіл беруі осындайдан бір көрінсе, сонымен қатар айрықша атап, алғыспен айтып өтетін тағы бір жай бар. Ол – осы мәселелерімізге Қазақстан Орталық партия Комитетінің ерекше мән беруінде.

Конференция мәжілістеріне Москвадан, одақтық республикалардан, облыстық білім-тәрбие орындарынан келген қонақтар қатысты. Қазақ әдебиеті жайынан елеулі пікірлер айтып жүрген одақтық Ғылым академиясы мен Жазушылар одағының көрнекті өкілдері де өз пікірлерін ортаға салып, жақсы көмек етісті. Осылар қатарында туысқан республикалардан келген бірнеше қадірлі қонақтарымыздың да пайдалы пікірлерін еске аламыз.

Қатарларын осылай атап өткен жеке қайраткерлер мен арнаулы топтардың конференция жұмысына көрсеткен көмектері үшін осы мәжіліс атынан алғыс бейіл білдіреміз.

Біздің конференциямызда күн тәртібі бойынша негізгі жеті баяндама, қосымша тоғыз баяндама тыңдалып өтті. Жарыссөзге жиырма сегіз адам қатысты. Осынша жұрттың қосылып еткен еңбегін жалпы қорыта айтқанда, ол ойдағыдай, жоғары дәрежеде, жақсы өтті деп айта аламыз. Конференция кезегі жеткен келелі мәселелерді дер кезінде ғылымдық сын, ғылымдық-теориялық қалыпта орнымен қоя білді. Бұдан былайғы шақтарда көп жайларды жауапты шешудің бет-бағдарын анықтады.

Өткеннің мұраларына, ғылымдық еңбектерге қорытынды боларлық сынау, байлау пікірлер де аз айтылған жоқ. Осы белгілерге қарап та конференцияның ғылымдық дәрежесі жоғары сапада болды деп айта аламыз. Бұл конференцияның осылай болып өтуіне алдын ала негізгі бет нұсқап, идеялық басшылық міндеттер артқан және сол жөнде ұдайы көмектескен Қазақстан Орталық партия Комитетінің айрықша еңбегі болды.

Конференциядағы сыншылық, ғылымдық жүйелік, әдебиет тарихтық мәселелерді алға қойғанда баяндамашылар да, жарыссөзге шығушылар да бір үлкен, зор тұрғыдан тарайтын пікірлер қозғады. Бұл нысана тұрғы КПСС-тің

XX және ХХІ съездерінің қаулы-қарарларына, ғылымдық-жүйелік негізгі нұсқауларына сүйенген негіздер болатын. Сол съездерде Ленин партиясының барлық ғылым саласында арнаған терең қорытынды байлаулары біздің де ғылымдық ізденулеріміздің өзекті арқауы, кең арнасы болды. Енді конференцияның нақтылы дәл деректі істерін еске ала келе, ең әуелі мынадай бір қорытынды айтар едік. Шақ шындық болса да, естіген мен білгенді жинақтай келе айтқанда, біз бұл бес күн ішінде ғасырлар бойына созылған қазақ әдебиеті тарихының үлкен көлін кезіп-кешіп өттік. Есте жоқ ескі, сонау арғы жырақ жағасынан бүгінгі жақын жағасындағы жиегіне дейін мәжіліс кемесі жүзіп өтті дер едім.

Бүкіл әдебиет тарихының ұзын өлке бойын алсақ, арғы бір жағасы “Қара Қыпшақ Қобыланды” болса, бергі шегі Ғ. Қайырбековке дейін бір жол тарттық. Және бір арғы жиегі ескі аңыз болса, бергі беті Т. Ахтанов пен Әбдіжәмідден аяқтадық. Осындай көл-дариядай ең дүниені бүкіл мәжіліс боп аралап, бойлап өткен жайымыз бар. Терең жәй болмаса да, қорытынды есебінде айта кетер осындай да бір шындық бары рас. Сондайлық мол мұхиттай әдебиет әлеміне, енді міне, қорытынды жасай қою да, әлбетте, оңай емес. Осы міндетті мен мойныма алсам да, қолымнан келе қояды деп анық сеніп, кірісіп тұрғам жоқ. Көңілдегі заңды күдік-қобалжумен кіріскелі тұрмын.

Сол жөнде ең алдымен айта кетерім: конференцияда қаралған бар мәселе жөнінде және бар баяндамашылар мен жарыссөзде сөйлеушілердің ойларына тегіс түйін түйе сөйлеу мүмкін де емес екенін еске сала кетейін. Әрине, тек жалпы жайларды ғана қопсыта қозғап, желе жортып, көктей өтіп кетемін деп те тұрғаным жоқ.

Тек алдын ала айтар бір өтініш: баяндамашылардың бәрінде болған орынды, дұрыс, даусыз жайларына тоқталмауға рұқсат етіңіздер. Олардың кемшіл соққан, олқы қалдырған немесе дұрыс айта алмаған жайларына ғана тоқтап өтуге тура келеді.

Негізгі жеті баяндаманы алсақ, менің ойымша, бұлардың барлығы да жарамды еңбектер болды. Қазақ әдебиет тарихының арғы-бергі дәуірлерін зерттеу жолында барлығы да әрі оқытушы боп, әрі монографиялық еңбектер жазып жүрген жолдастар болғандықтан, баяндамаларында да



өскелең еңбек етісті. Мысалы, советтік ғылым алдында тұрған міндеттер жайында Е. Ысмайыловтың баяндамасы көп күрделі жайларды жарамды түрде салмақты етіп қоя білді. Қанағаттанарлық түрде шешулер де айтты. Сол сияқты Қажым Жұмалиевтің де баяндамасы оның көп ойланып, көп толғанған тақырыптарға жауапты түрде талдау жасап жүргенін танытты. Қажым баяндамасының кейбір тұстары даулырақ болып, дәлелдеуді молырақ керек ететін жайлар болса, ол Есмағамбет баяндамасында да бар еді де, заңды жәйлар еді.

Н.С. Смирнова баяндамасы – ол кісімен екеуміздің академияда, фольклор бөлімінде бірге істеуімізге байланысты, менің де тікелей қатысым бар баяндама болатын. Бұл баяндама фольклор саласында, ғылым жолымен істеліп жүрген және істелімін деп отырған істердің программалық жайларын дұрыс таратып, дәл баяндап өтті деп ойлаймын.

Көпшілікке ұнаған баяндаманың бірі – Бейсенбай Кенжебаев жолдастың баяндамасы болды. Ол баяндаманың өзіне тән, көбімізге соны, ерекше бір қорытындылары болғандықтан, сол тұсына аз тоқтап кетейін. Біздің әдебиет сияқты, көп туысқан әдебиеттердің жүріп өткен жолдарын, өну-даму әдістерін алғанда, орыс классик әдебиетінің өрісімен салғастыруға келмейтін, олқы, кемшіл жақтары мол екені мәлім ғой.

Сол қатарда орыс әдебиетінің үздік бір ерекшелігін еске алайық. Профессор Благойдың<sup>1</sup> “Орыс әдебиетінің ұлттық ерекшелігі” деген мақаласы шықты. Сонда революцияға дейін болған ерекшеліктер де мол саналады. Дүниежүзі әдебиетінің академиясы дерлік – орыс классик әдебиетінің зор бір қасиеті: XVIII ғасыр жарымынан бастап, бүкіл ХХХ ғасыр және ХХ ғасырдың басында ол – Россиядағы патшалық құрылысқа, абсолютизмге ұдайы оппозицияда болып келген.

Сол классикалық әдебиеттің кейбір ірі өлшеуі мен мөлшерін атасақ, төрт қасиеті айқын аңғарылады. Ол әдебиет ең алдымен – халықтық, екінші – демократтық, үшінші – революцияшылдық, төртінші – реалистік сипаттарға ие болған.

Бұл әдебиеттің осы аңғарын ойлай отыра қазақ әдебиетін шолсақ, әрине, бұнда Октябрь революциясына дейінгі шығармалардан революцияшылдық қасиетті көре алмаймыз. Әсіресе ХХ ғасырдың басындағы біздің әдебиет, Бейсенбай

айтқанындай, революцияшылдық дәрежеге шынында да көтеріле алмаған. Бұл ретте Абайдан кейінгі дәуірдегі даму-өрлеу Шоқан, Ыбырай, Абай тұсындағы қазақ әдебиетінің жеткен өресіне жете қоймаған деуге болады. Әрине, бұл сынды шартты түрде айтамыз. Шоқан алпысыншы жылдардағы орыс әдебиетінің алдыңғы озғын, халықтық-демократиялық ой-өрісіне жеткен еді.

Ыбырай мен Абай да өз дәуірлеріндегі орыс әдебиетіндегі демократияшыл халықтық озғын сана-эстетикаға молынан қол артқан болатын.

Ал Торайғыров, Дөнентаев, Көбеев мұраларында бұлардың өз дәуіріндегі озғын ой-сананың үлкен сипаты – революцияшылдық қасиеттер табыла қоймайды. Россиядағы екі революцияның аралығында еңбек етсе де, Ұлы Октябрь революциясының туар шағына шендес тірлік-еңбек етіп жүрсе де, бұларда революция сарыны өз орнын таппады.

Ал осы кездердегі Украина, Грузия, Армения, Латвия, Татар әдебиеттерінде таптық революцияшылдық ағымдар қазақ әдебиетінен әлдеқайда озғын еді. “Өзімдікі дегенде өгіз қара күшім бар” дейтін өзімшілдіктен аулақ болу шарт. “Квасной патриотизм” дейтін шалағай патриотизмнің де орны жоқ. Біздегінің де “бәрі жақсы, ойдағыдай” дей салу, тек шығарып салу, қанағат емес.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиет шығармаларын көп зер салып, ізерлеп жүрген Бейсенбайдың баяндамасындағы қорытынды, жаңағыдай сын пікір өте орынды, дұрыс айтылған ой деп білемін. Бірақ Бейсенбай Қажым зерттеген дәуір турасында онымен дауласуда дұрыс пікір айта алған жоқ. Ол жөнде Қажым пікірлері әлдеқайда орындырақ.

Ысқақ Дүйсенбаев өз баяндамасын “Қазақ ССР тарихына” сәйкестеп, көп сын мен талдау, баға беру мәселелерін дұрыс түйген сияқты. “Қазақ ССР тарихының” соңғы редакциясында XIX ғасырдың екінші жарымындағы көп күдікті адамдар – ақындар жөнінде тұжырымды, дәлелді сын бағалар айтылған еді. Ысқақ сол пікірлерді кеңейтіп, дәлелдей түсіп, болашақ зерттеулерге дұрыс бағыт сілтеді.

Абайдан кейінгі дәуір жайында М.С. Сильченко баяндамасы да орынды, бағалы сөз болды. Зерттеушілерге көп көмек берерлік, ой саларлық сөз.

Қазақ совет әдебиетіндегі жаңалық дәстүр жайындағы

Мүсілім Базарбаевтың баяндамасы жалпы негіз жағынан жақсы зерттеу болып шықты. Тек мазмұн, идея жағына көңілді көбірек бөліп, өзі зерттеген дәуір шығармаларының көркемдік сипаттары жайынан аз талдау жасады. Жаңалық, дәстүр, түрде де мазмұнға сай неше алуан стильдік көркем ерекшеліктер, тың табыстар қосқан кездерді айқындап аша түсу керек еді.

Бұл ретте республикалардағы съездерде және одақтық III съезде көп ірі жазушылар аузымен айтылған іргелі талаптарға көңіл бөлмеуге жол жоқ. Идеялық жаңалық пен көркемдік шеберлік жаңалығы қос өрімдей, біте қайнасқан түрде қатар бағалансын, ескерілсін дейді. Міне, осы жағынан алғанда М. Базарбаев баяндамасы кей тұстарында біржақтылау болып шықты.

Конференцияда біз бір топ қосымша баяндамалар тыңдадық. Бұлардың да көпшілігі дұрыс бағыттағы маңызды, пайдалы, келелі баяндамалар болды. Сонымен қатар осы баяндамалардың кейбіреулері едәуір кемшін, олқылық байқатты. Кейбірі біз өтіп кеткен, күйкі кейінгіге қарай қайта мегзеді, ескі аңызды қайталағандай болды.

Қосымша баяндамалар ішінде жақсы шыққан баяндаманың бірі – Мырзабек Дүйсеновтің әдебиеттің теориялық мәселелеріне арналған сөзі. Бұнда тек қазақ әдебиеті емес, бүкіл одақтық туысқан әдебиеттер көлеміндегі жалпы жүйелік жайлар көбінше орынды, дұрыс талқыланды. “Дружба народов” журналында 1957 жылы бір жыл ұдайы талқыланған мәселе социалистік мазмұнға байланысты ұлттық түр жайлары еді. Бұның негізі біздің әдебиеттегі шеберлік жөніндегі талаптарға да саяды.

Мырзабек Дүйсенов осы жөндерде көбінше дәл деректер келтіріп, ұтымды, қонымды сындар айтумен жүйелік мәселелердің кейбір негіздерін тап басып, дәл шешуге жақын келді.

Тағы бір бағалы баяндама Мұхамеджан Қаратаев баяндамасы болды. Жалпы Мұхамеджанның зерттеулерінде орысша, қазақша тілде бірдей көңілдегідей салмақты, орнықты шығатын сыншыл алғырлық болады. Әрдайым алған тақырыбына оның терең бойлай тексере білетінін байқаймыз. Сол сияқты қазіргі баяндамасында да таразысы әділ, талабы батыл. Әрбір өлшеу-мөлшері орнықты, салмақты шыққан ой

түйіндерін байқадық. Бұл сыншыл ойы өскен-піскен және сол ойын орамды тілмен, орынды бояумен сай етіп қалыптаған жақсы баяндама жасады.

Отан соғысы кезіндегі қазақ поэзиясы жайында жайшылықта айтылып жүрген жайлардан гөрі соны, тың ойлар мен сындар қосып, Сағынғали Сейітов те бағалы баяндама жасады.

Зәки Ахметовтың Шәңгерей мұрасы туралы жасаған зерттеуінде жан-жақты, кең көлемді, байыпты сын бар. Ақын мұрасының қайшылық қос қыртысы, екіқатар дүниесі кеңінен дәлелді, деректі боп ашылған да, сынмен қонымды болып талданған.

Осы конференцияның жұмысына едәуір үлес қосқан бір баяндамашы Н. Қарашева<sup>2</sup> деп айтуға болады. Тіл ғылымының маманы есебінде жақсы өсіп келе жатқан жас ғалымның бірі Н. Қарашева жолдас бұл күнге дейін толық айтылмай, ашылмай жүрген біраз бағалы жаңалықтар айтып берді. Рас, бұл баяндаманың тақырыбы “Айқап” журналы мен М. Сералин туралы болғандықтан, Нүсіпбеков Ақай жолдастың осы конференцияда айтып өткен аса орынды, салмақты ескертулерін бұдан кейінгі зерттеулерде ескермеуге болмайды.

Менің көңіліме және көпшілікке де көп жайлары даулы көрінген ендігі бір үш қосымша баяндама болды. Бұлар: Шортанбай жайындағы Сәйділ Талжановтың<sup>3</sup>, Дулат жайындағы Ханғали Сүйіншәлиевтің<sup>4</sup>, Мәшһүр Жүсіп жайындағы Ісләм Жарылғаповтың<sup>5</sup> баяндамалары. Осы сөздерге арналған ой-пікірлерді мен сәл кейінірек айтамын. Әзірше жарыссөзге қатысқан жолдастардың пікірлеріне тоқтап өтейік.

Жарыссөзге шыққандар қатарында шынымен мазмұнды, маңызды ойлар таратып, конференцияның ісіне пайдалы көмегін тигізген, кейбір ғылымдық түйінді жайларды орынды түрде толықтыра түскен сөз – Мәлік Ғабдуллиннің сөзі болды. Мәлік көп уақыттан бері қазақ эпосын арнайы зерттеп және қазақтың ауызша әдебиет мұралары туралы жоғары дәрежелі мектепке арнап докторлық еңбек жазған. Ол – көп дайындығы бар зерттеушіміз. Сол тәжірибелері, зерттеу ойлары бүгінгі сөзінен жақсы көрінді. Ауыз әдебиетін зерттеу жөніне Мәлік ғылымдық жүйелік пайдалы ойлар, елеулі үлестер қосты.

Экономика ғылымының көрнекті өкілі болудың үстіне, қазақ тілі мен әдебиетін арнаулы маман филологтен кем білмейтін Серғали Толыбеков<sup>6</sup> сөзі де конференцияға көмек етерлік бағалы сөз болды деп білемін.

Қазақ романдарына көптен сыншы ғалым есебінде көңіл бөліп жүрген, қазақ прозасы туралы диссертация қорғаған, қазақ әдебиетінің бұл жанрдағы жаңалықтарына әрдайым мазмұнды зерттеулер жасап жүрген Е.В. Лизунова жолдастың сөзі де конференция үшін аса бағалы сөздің бірі болды.

Қазақ совет әдебиетінің ең алғашқы адымын, ұлтшылдықпен алысқан дәуірін лениндік эстетика жолымен зерттеп жүрген Т. Көкішев<sup>7</sup> жолдастың сөзі де әдебиет тарихын зерттеу жөніндегі бағалы, елеулі еңбек деп санаймын.

Баяндамалардың кемшілік жақтарын сынап, кейбір олқылықтарын түзей толықтырған орынды пікірлерді Манап Хасенов<sup>8</sup> айтты. Ауыз әдебиетіндегі “Шешендік сөздер” деп аталатын арнаулы бөлімді өзі зерттеп, нақтылы еңбектер жазып жүрген Балтабай Адамбаевтың<sup>9</sup> осы жөндегі сөзін де керекті, дұрыс сөз деп санауға болады.

Әдебиет – тілмен әдебиет. Сол тіл стиль түрінде әдебиет жүйесі мен тарихы көлемінде тексерілсе, осымен қатар тілдің бар заңы бойынша тіл ғылымының оқымыстылары зерттейтін дүние екені және мәлім. Біздегі тіл ғалымдарымыз қазақ әдебиетінің арғы-бергі мұраларын, үлгілерін ұдайы ізерлеп, зерттеумен өз ғылымдарының өрісін ұлғайта дамытып келеді. Сол еңбектерімен олар біздің егіз-қатар серігіміз дейміз. Әрдайым нық сүйесе, тізе қоса өсетін еңбектес сыңарымыз. Осы құрметті достарымыз – тілшілер қатарынан конференция үстінде екі адамның атын арнайы атап өтейік.

Бұның бірі – барлық Қазақстандағы тіл ғалымдарының ағасы, үлкен ұстазы Исмет Кеңесбаев, екіншісі – Абай “Қара сөздерінің” тіл ерекшеліктерін зерттеп, кандидаттық диссертация қорғағалы жүрген Рәбиға Сыздықова<sup>10</sup> жолдас.

Исмет Кеңесбаевтың кешегі мәжіліс соңында едәуір күрделі мәселелерді тіл ғылыми тұрғысынан қорыта айтқан сөзі өте деректі, көп мәнді және қазақ әдебиетшілері үшін аса пайдалы, қымбат сөздер болды.

Рәбиға Сыздықованың сөзіне конференцияға қатысушылар айрықша ырза болды деп санаймын. Оның сөзіндегі бір

ерекшелік: тіл мамандары мен әдебиетшілерге қатар айтар орынды, кенеулі ойы бар және сол ойды таратып айта аларлық тіл күдіреті мейлінше жеткілікті екендігін аңғартты. Әрдайым қазақша, орысша сөйлейтін, ғылымдық зерттеу пікірлерінде өскен, піскен әйел ғалым бейнесін аңғарамыз. Филология ғылымында жүрген бірнеше елеулі, өскелең, анық ғалым аталатын әйел жолдастардың ішіндегі көрнекті қайраткеріміздің бірі – осы Рәбиға екендігі бұл конференция үстінде де айқын аңғарылды.

Конференция басталар сәтте ең тұңғыш, кіріспе сөзді Қазақ ССР Ғылым академиясының вице-президенті Сақтаған Бәйішев жолдас бастаған еді. Мәжілістеріміздің алдында тұрған ғылымдық, жалпы идеялық негізді үлкен жайлар жөнінде сол кіріспе сөзде бағалы ескертулер жасалды. Әрқайсымызды конференция ісіне үлкен жауаптылықпен, ылғалды оймен қатысуға шақырып, мәні зор, өте бағалы жетекші көмек пікірлер айтты.

Жалпы осы мәжіліс ісіне бастан-аяқ белсене қатысқан және кенеулі ойларын мезгілді көмек ретінде сарапқа салған қадірлі қонақтарымыз болды. Бұл жолдастардың сөздерінде тек көңілқостық-тілектестік пен жалпылаған жайлар ғана қозғалған жоқ. Конференция шешкелі отырған күрделі түйіндерге бұл жолдастар кәміл бойлап, мейлінше батыл араласты. Қиын күйлерді қоса талқыласып, әр мәселенің ішіне қанық адамдар қалпында кіре сөйледі.

Мысалы, фольклор жөнінде Н.С. Смирнова жасаған баяндамаға профессор В.М. Сидельниковтың<sup>11</sup> қосып айтқан нақтылы кеңес-мәслихаттары, ғылымдық зерттеушілік әдіс жолдары өте орынды болды. Бұл жөнінде ол кісі айтқан кеңестің бірқатары Горький атындағы Дүниежүзі әдебиет институтының ғылымдық іс тәжірибесінен туған, біздегі фольклор жайын зерттеу үшін аса керекті деректер болатын. Бұл сияқты кеңес-көмектің біздің тәжірибемізде программалық пайдасы бар бағалы жайлар.

Қазақ совет әдебиетінің әр кездегі айнымас досы, әрі аударушы, әрі сыншы Зоя Сергеевна Кедринаның сөйлеген сөзінде де үлкен бағалы көмек ойлар болды. Қазақ әдебиетінің барлық мәселелеріне үлкен дос бейілмен тереңдей араласатын бұл жолдас, өз сөзінде жүйелік көп мәселелерді де еске жақсы салды. Әдебиеттік тарих мәселелерін де нақтылы таратты. Әсіресе біздің қазақ

совет әдебиетінің табыстарын зерттеуде үлкен мүдделерін мәдениетті түрде тереңдеп сынау ұғынуда, Кедринаның таратып айтқан пікірлерінің өте бағалы мәндері мол.

Осы қатарда қазақ әдебиетіне сіңіріп жүрген бағалы еңбегін арнай атап өтетін адамның бірі – біздің конференцияда ұзақ жақсы сөз сөйлеп шыққан профессор Михаил Иванович Фетисов. Бұл кісі өзінің докторлық диссертациясын да қазақ пен орыс арасындағы тарихтық, мәдениеттік қатынас-байланыс жөніне арнап қорғаған болатын. Сол тақырыптың ішінде Шоқанның орыс мәдениет-әдебиетіне қатынасын кең таратып зерттеген. Дүниежүзі әдебиеті институтының ұлттар әдебиеті бөлімінде қазірде де зор жауапты, кең көлемді ғылымдық қызмет атқаратын көрнекті зерттеушінің бірі – Фетисов жолдас. Ол бүкілодақтық әдебиеттер арасындағы қатынас-жалғасты да мол деректермен зерттеп жинап, жақсы таныған адам. Бұл кісінің біздің конференцияда айтқан пікірлерінде бүгінгі партиялық талапқа сай КПСС XXI съезі қойған, Н.С. Хрущев жолдастың жазушылар алдына қойған ірі тарихтық талаптарынан туатын нақтылы жайлар аталды. Және сол проблемалар қазақ әдебиет тарихын зерттеу жөніндегі бүгінгі конференцияның міндетіне байланысты өте орынды, ғылымдық-жүйелік түрде танытылды. Бұл үшін біз Фетисов жолдасқа айрықша алғыс айтамыз.

Туысқан республикалардан келген З. Мамытбеков, А. Сайфуллаев<sup>12</sup> жолдастардың пікірлерінде де біздің әдебиет зерттеушілері қатты ескеретін бағалы жайлар болды. Мысалы, Қырғызстан Тіл-әдебиет институтының тәжірибелерін еске ала отырып, Мамытбеков жолдас біздің зерттеушілерге бағалы кеңес берді. Қазақ әдебиетіндегі Шортанбай тәрізді Қырғызстанда Молда Қылыш мұрасы да аса даулы мәселе болған. Осыдан екі-үш жыл бұрын Молда Қылыш мұрасын зерттеп, сынап бағалауға арналған айрықша ғылымдық кеңестер болған. Шортанбаймен салыстыра тексеруге ұқсас келетін Молда Қылыштың өте үйлес сипатты жырлары бар. Сол қатарда “Зар заман” атты көп жырларын және “Зилзала” деген еңбегін атауға болады. Соңғы шығармасы 1911 жылы баспаға шыққан дидактикалық поэма болатын. Ол Жетісуда сол жылы болған апат – жер сілкінуге арналған мистикалық, діншілдік сарындағы шығарма.

Молда Қылыштың бұлардан басқа “Чуй Баяны” деген бір мол шығармасы – Шу өзені бойында отырықшы болып еңбек еткен елдердің өнерлерін баяндаған пайдалы мұра. Одан басқа тамаша бағалы екі поэмасы: “Бүркіттің тойы”, “Қанаттулар” деген шығармалар еді. Бұл соңғылары мықты мысқыл, сатира сарынында жазылған, шын бағалы мұралар болатын.

Қырғызстандағы мәжілістерде Молда Қылыш мұрасынан жоғарыдағы “Зилзала” мен “Зар заман” атты шығармалардың көп қайшылықтарын ескеріп, кертартпалық мән-мүдделерін мінеп талдай келіп, ғылымдық кеңестер жарыққа шығармау керек деп қорытқан.

А. Сайфуллаев жолдас шығыс классиктерінің көпшілігін бұрынғы біздің зерттеулерімізде тек “Шығыс” дейтін жалпылаған дерексіз, адрессіз санай беретіндікті сынады. Сондықтан жақын шығыс, соның ішінде өзіміздің туысқан тәжік әдебиетінің классиктері Рудаки, Фирдоуси, Хафиз, Сағди, Насри-Хисроу мұраларын әр бөлек, өзіндік қасиеттерімен тану керек екенін дұрыс атап өтті. Бұл тұстан тек Гетенің ғана айтқанын еске алмай болмайды. Ол: “Фарсы тілінде жазған жеті ұлы ақын бар, соның ең нашары менен артық” демеп пе еді.

Мүсілім Базарбаевтың сөзінде шығыс ақындарының өлең мұрасында кестешілдік көбірек делінген еді. Соған А. Сайфуллаев жолдас орынды жауап бере кетті. Тегінде, көп аузы үйренген жалпы шығыс әдебиетінің классиктеріне жаппай тарата айтылып жүрген “сын сөздерді” енді бұрынғыша жалпылай айта салуға болмайды.

Туысқан тәжік поэзиясының совет дәуіріндегі өрлеу, даму жолдарын алып қарасақ, Лахутидің ізденулері өзіне бөлек. Көне жырлардың бейнелеу, өлшеу, ырғақ жағын өзгерте жүріп, ұлы дәстүрлерді, біздің заманның жаңалықтарын қосып, жаңғырта байыту жолында Мырза Тұрсын-задениң де көп табыстары бар. Сол жайларды біз мейлінше бағалаймыз. Олардың іздену тәжірибелерін тереңдеп тани түсіп, өз іздену жолымызда көмекке алып, керекке жаратамыз.

Бұл қатарда және де қырғыз әдебиет тарихындағы тәрізді, тәжік әдебиетінің де табыстарын жалпы ортақ ұстазымыз орыс совет әдебиетінің табыстарымен тегіс салыстыра, талдай танитын боламыз. Осы тұрғыдан



қарағанда, қонақ достарымыздың советтік шығыстағы әдебиеттерімізді ұдайы салыстыра, салғастыра тексерейік деген ұсыныстарын құп қабылдауымыз керек.

Енді жоғарыда атап өткен кемшілік жайлары басымдау болды деген үш қосымша баяндамаға қайта оралайық. Шортанбай жайында С. Талжанов жолдас өрнек жағынан шешен тілді, орамды түрде талдау жасай алатынын байқатты. Оның баяндамасы, сыртқы стильдік сипатын алғанда, шешен тілмен жасалған баяндама. Бірақ сол баяндаманың негізгі мазмұнына қарағанда Шортанбайдың “мұрасын дұрыс бағалады, толық әділ сын берді” деп айта алмаймын. Бұл баяндама Шортанбайдың көпке мәлім кертартпа, қайшылығы мол мұраларын, сол қайшылықтарды атай отырып, ақтау жағына бейім болды. Әрбір сыннан арашалап, аршып алу жағы баса сөйленді. Ал анығында, Шортанбайдың бар көзқарасының бір ғана шыны бар емес пе еді. Ол – діншілдік, кертартпалық сарынға соғатын. Шортанбайлық көзқарастың түп қазығы, сарқып құяр сағасы қайсы десек, ол: “заман азды, бұл ақырзаман ғаламаты” дегенге саятын.

Осы сияқты Ханғали Сүйіншәлиевтің Дулат турасындағы тексеруі де сыңаржақ боп шықты. Дулаттың идеялық тарихтық кертартпалығы, мін деп айтылып жүрген жайлардың бәрін баяндамашы бүркемелеп, көмескілей сөйледі. Көпке мәлім даулы, күдікті жерлердің бәрін де “әрі итеріп, бері жығып” дегендей бұлдырға соға берді. Айналып келіп Дулаттың құлап жатқан жерлерінде де құлағынан тартып, көтере беруге бой ұрды. Баяндамашының дәл осы жайын жарыссөзге шығып сөйлеген жолдастардың кейбірі әділ сынап өтті. Ол сындардың ішінде, әрине, кейде асыра кеткен, өзі де даулы жайлары болса да, жалпы баяндаманың негізгі арна нысанасын сынауы орынды болды деп білемін.

Ханғали Сүйіншәлиевтің баяндамасы зерттеушінің баяндамасынан гөрі Дулат мұраларын баспаға ұсынып отырған баспасөздің авторы – комментатордың сөзіне ұқсады. Сыншылық жағынан гөрі “ұғындырушылық” жағы басым болған кезде осылай шықпасақ амал жоқ. Баптап, ептеп “өткізу” бұл конференцияның мақсаты емес, қайта сондай болған, бұрынғы жалпылама әдістермен алысу емес пе еді? Дәл осыған ұқсас жай Мәшһүр Жүсіп жөнінде сөйлеген Ісләм Жарылғаповтың баяндамасында да тап болды.

Өзге жағын қоя тұрып, бәрінен де оқшау, одағай тұрған бір пікірге қарсы айтпасқа болмайды. Баяндамашының ол пікірі бойынша, Мәшһүр Жүсіп Россияға Қазақстанның еркімен қосылуын мақұлдап жырлаған тәрізді. Баяндамашының тағы бір оқшау, даулы ойы бойынша, Мәшһүр шығармаларында интернационалистік сарын бар болып шықты. Солармен қатар, пантюркистік, панисламистік, діншілдік дегендердің ізі де жоқ тәрізді.

“Орыс” деген сөзді Мәшһүр шығармасында “патша” деп қана ұғыну керек деп мәслихат бергісі келді. Жалпы орысқа қарсылық Мәшһүр мұрасында мүлде жоқ деп танытқысы келді. Осылай етіп, тарих тұрғысынан қарағанда, айқын мінді болатын жайларды ақтау, жеңілейте талдаудың түбі, баяндамашының ұғымы бойынша, Мәшһүрді түгел, тұтас демократияшылдық бағыттағы жазушы етіп шығарғандай.

Мәшһүр мұрасында да патшалықтың отаршылдық саясатына байланысты сын наразылық сарындар болғанмен, оны бар басқа міндерінен ақтап алу, мақтап кіргізу конференцияның мақсатына үйлеспейді. Жалпы маркстік-лениндік әдебиеттану ғылымының қазақстандық зерттеушілерінің қазіргі талабы бұндай көзқарасты құптамайды. Біздің халық та, Отан да партиялық талапқа сай шынайы ғылымдық зерттеу жасауды біздің бәрімізге де шарт етеді. Мысалға Мәшһүрдегі пантюркистік дегеннің өзін алайық. Россиядағы мұсылман атаулыға пантюркистік үгітін таратқан Смағұл Гаспринскийдің “Таржиман” газетін үзбей оқитын ұдайы көп жылғы оқушысының бірі Мәшһүр болған. Ісләм “әпенді” деген сөзді дәлел еткісі келді. Мәшһүрдің айтып отырған әпендісін жас күнімде, бала кезімде мен де көргенмін. “Әпенді” деп қазақ ортасында бастарына сәлде орап, төрттен-бестен қосылып, күйлі ат, бүтін киім киіп, жайлаудан-жайлау, елден-ел аралап ақтап жүретін өзінше бір тоқ тіленші, жүргінші-қайыршыларды атайтын. Олар Ираннан, Ауғаннан, кейде Бұхар-Хиуадан, сол қатарда түріктен де келіп жүрген әншейін бір, елеусіз кезегендер болатын. Ел іші “әпенді” деген сөзді біреуді “жарымес”, “жындысүрей”, “нақұрыс” деген мағынада мазақ, сықақ түрінде қолданатын. Мәшһүр жырындағы әпенді – тап осылар. Онда пантюркистікке қарсы, не соны сынаған негізгі көзқарасқа байланысты ешнәрсе жоқ.

Мәшһүрде іздесең пантюркистікті де, панисламистікті де табуға болады. Бірақ ол жайлар бұнда Гаспринский тәрізді пантюркистерден програмдық бағыт, өріс алған ойлар емес десе бір сәрі.

Ендігі бір өрескел сөз Мәшһүрге байланысты сөйлеген Әуелбек Қоңыратбаев<sup>13</sup> сөзінен туды. Ол Ісләм Жарылғаповтың Мәшһүрдегі “орыс” деген сөз “патша” дегені деп айтылған ұшқары “комментарийге” одан да бетер, өрескел бір ұшқарылықты жалғады. “Бұдан былай “орыс” деген сөз келген өлең жолдарына “патша” деген сөз қойып, қолдан түзеп жіберейік” – дегенді айтты.

Бұл не деген ұсыныс? Бұндай да ғылымсымақ бола ма екен? Осындай әсіре, асыра айтылған оқшау пікірлер, өте теріс ойлар, сөздер елемей, сынамай қоярлық жайлар емес. Өзі оқу құралдарын жазып жүрген ойлы сыншы адамымыздың бірі Кәрібаев Шайқы жолдастың да Мәшһүрді түгелдей ақтай сөйлеуі – мақтарлық емес. Ісләм мен Шайқы екеуіне де қатар айтылатын бір кінәмыз бар. Бұлар осында Мәшһүрдің сыпайы қауым алдында ауызға алуға болмайтын нелер тұрпайы сөздерін мысалға келтірісіп, мәжілісті наразы етерлік мінездер көрсетті. Мәшһүрдің жазбаларына қарасаң, ол көп кезде кәдімгі бейпіл ауыз, тілі тәйтiк, циник адам. Ал соның былапыт сөздерін осы конференцияда, осы трибунадан цитата түрінде келтіруде не қажеттік бар еді? Ол натурализмді “нәтурә” қалпында (Смет Кеңесбаевичтің тілімен айтқанда), “нә тура” күйінде қолдану – сол “нә тураның” өзі боп шықты.

Алдымызда мынау отырған мәжіліс, осы өнерлі, мәдениетті асыл қауым қандай қадірлі, қандай сыпайы жүршылығымыз! Осындай тыңдаушыларымыз алдында жаңағыдай жайларды бадырайтып, батпитып ауызға алу әдеттерін, тегі қатты, сынауымыз керек, мүлде мансұк етуіміз шарт.

Менің талай байқағаным бар. Студенттер алдында лекция оқып тұрғанда Абайдан цитатта келтірсек, сонда Абай заманында онша тұрпайы көрінбеген “қатын” деген сөзді Абай өлеңдерінің қатарынан оқысақ, студенткалардың қызарып, қысылып төмен қарағанын көреміз. Соны байқағанда, жаңағы өлеңді оқығанымыз үшін өзіміз де қысыламыз. Жиналыстың “қыбын тауып, қышуын

қандырамын” дегендей боп, өрескел сөздерді ынтыға, өршелене қолданудың ешбір жөні жоқ еді.

Кейбір пікірлері оғаштау шыққан кісінің бірі – менің коллегам, өзім сияқты зерттеуші Белгібай Шалабаев<sup>14</sup> жолдас. Ол әсіресе Ақылбекті қатарға қосамын деп қара терге түсуде оғат істеді. Және көршілес, туысқан шығыс елдерінің “халықтық дастан” аталатын “Сейфіл – Мәлік”, “Таһир – Зухра”, “Шәкір – Шәкірат”, “Жүсіп – Зылиха” тәрізді жырларының қатарына “Сал – Салды” қосуы да орынсыз болды. Бұл жыр – Мұхаммед пайғамбар мен оның шариярларының ісләм дінін тарату жолындағы барынша агрессивтік қантөгіс, діншіл озбырлық аңыздарды дәріптейтін шығарма. “Сал – Салды” халықтық дастандармен қатар атау ол дастандарға жаңылыс, жаңсақ бояу жағумен тең.

Қожа Ахмет Йассауи туралы сөйлеген Оразалиев жолдастың сөзіне жауап ретінде айтарымыз: Йассауи сияқты адамдарды кітаби жазушылардың да қатарына кіргізуге мүлде болмайды. Йассауи ескі шағатай тілі деп аталатын, беріде, қазірде көне өзбек тілі деп аталып жүрген тілде жазған. Ол тарихқа кірсе, тек өзбек әдебиет тарихына кірер еді. Бірақ мұрасының залалды мистикалық діншілдік, кертартпалық санасы себепті өзбек тарихынан да шығарып тасталған. Бір кезде оны өзбек ұлтшылдары әдебиет тарихына кіргізе бастаса да, кейінгі маркстік-лениндік әдебиеттану негізі бойынша өзбек ғалымдары Йассауиді, жоғарыда айтқандай, әдебиет тарихынан мүлде өшірген. Бірақ сіздің жаңағы айтқаныңыздан бізге керекті бір жай Шортанбай турасынан еске келеді. Тегі, Шортанбайдың түп-тамырын сіз анық нұсқағандайсыз. Ол шынында да сол Йассауиден бері қарай шұбыра келетін “ақырзаманшылар” әулетінен болатын. Зар заманшыл Молда Қылыш қалдырған кейбір шығармалар Кердері Әубәкірдің көп “зарнамасы”, беріректе Сопы Аллаяр, әріректе Сүлеймен Бақырғани, Мәшірап болып отырып, сатылап сонау ХІІІ ғасырда өлген, кейін “Әзірет сұлтан” аталатын Қожахмет Йассауиге барып тірелетін.

Сөйтіп, қорыта келгенде, жарыссөзде сөйлеушілердің біразының сөзінде әдебиет тарихында болған адамдардың, мұралардың дәл бағасын партиялық-лениндік тұрғыдан қатал сынап, дәл берудің орнына, қорғаштау сияқты мінездер көрініп қалды. Кей жерлердің кемшіліктерін

жетілту, жетімсізін бүркеуге дейін тақаған кісілер болды. Сол не үшін қажет еді, жолдастар?! Біздің бүгінгі конференциямыз баяғы молдалар айтатын “мақшар таразысы” ма еді? “Айтылды – шешілді, кесілді – өлді” дегендей жанталас кімге керек?

Тегінде, дәл қазір қазақ әдебиет тарихының бар мәселелерін бірден шешіп-кесіп қоймаймыз, қоя алмаймыз да. Конференцияға бірқатар мәселелер өздерінің барлық қайшылықтары, қиындықтарымен орынды қойылды. Келешекте сол жайлары терең зерттеліп, тексеріліп, кейбір мәселелері әлі де зерттеле түсіп, кейіндеп барып анықтап шешіледі.

Біздің барлық ойларымыздың, ізденулеріміздің ұстаз басшысы – партия талабы. Ал XX–XXI съездер қарарлары біздің бәрімізден де осы әдебиет мәселесіндей мәдениет майданының көп күрделі, қайшылықты жайларын кең тал-ғауды, терең талдауды талап етеді. Бірталай жайларды әлі де ілгеріде зерттей көреміз, тани түсеміз дейтініміз сондықтан. Сол себепті кейбір ескерткіштер, кейбір ақындар жайындағы мәселелерді “әлі де ойлануды шарт ететін мәселе” деп неге қарамаймыз?

Жарылғапов жолдас – тілге шебер, көрнекті еңбектері бар өзі ойшы, сыншы адам. Бірақ ол әдебиет мәселесіне ұдайы шұғылданған зерттеуші емес, одан гөрі айтқыш, алғыр журналистік машығы басым адам. Сондықтан да ол жетпіс бес жасқа келіп өлген Мәшһүрдің елу-алпыс жылдай мезгілге соғатын ақындығын біртұтас, бір-ақ кездің жалғыз-ақ бітім-тұлғалы шығармасындай бағалады. Ал Мәшһүрдің ұзақ өміріндей шығармалық жолының да талай-талай кезеңдері болған. Ол кейде патшалықты жақтаса, кейде халықтық сарынға да жақындаған. 1905 жылғы патшаның манифесінен үміт етіп сөйлеген кезі де бар. Бұл тарихтық, заңды жайлар, бұндай кездерін мінеудің қажеті жоқ. Осындай тарихтық әдебиеттік фактілерді талдап шешкенде, әрине, тек өзіміздегі белгілі өлеңнің тілін, тапқырлығын ұнатқан сырт сезім, эмоционалдық түсінікпен талдауымыз дұрыс емес.

Бүгін ғылымдық мәселенің барлығы да анық лениндік принципте бағаланып, талданып, сынала шешіліп отырған шақта біздің конференциямызда жүйелік әдебиеттік мәселелерді бар міндеттердің асылы деп, негізді партиялық қалыпта шешу керек.

КПСС ХХІ съезінде бұл жөнінде жауапты басшы адамдардың кейбірінің аузымен айтылған бір шындықты ұдайы есте тұтуымыз керек. Сол сөзде шығыстық республикаларда тарихты зерттеу мен бағалауда бірыңғай ағын (единый поток) әдісі әлі түгел жойылған жоқ деген. Солай болып, жаңағы жоғарыда айтқандардан ұзамай, әрі сондай пікірлерге жол бере берсек, біздің әдебиеттану ғылымымыз тағы да қырқыншы жылдардың ішіндегі көпшілігіміз жіберген қателіктерге тағы да қайта соғар еді. Шортанбай, Мұрат, Дулаттардың бәрі бірдей “анау ақауы”, “мынау кемшіні”, ол-пұл міні бола тұрса да, “жақсы ақын” дейтін болсақ, тағы да бірыңғай ағым-арнасына түсеміз. Ал бұған бізге тарих та, партия да бірде-бір рұқсат етпейді. Солары шексіз дұрыс, ол біздің ғылымның ырысы.

“Қазақ ССР тарихының” соңғы редакциясында Бұхар, Мұрат, Шортанбай, Дулат және сол Мәшһүр туралы айтылған көп тұжырымды пікірлерді естеріңізге салып өтейік (“Қазақ ССР тарихынан” орыс тілінде бірнеше үзінділер оқиды).

Міне, осы айтқандарға қарасақ, “Қазақ ССР тарихының” жалпы әдебиет мұралары туралы жазылған бөлімдері әдебиет тарихын жасаушы біздерге үлкен сеп-көмегін жасап отыр. Тарихта бұрын бізге бағасы айқын емес, даулы деп жүрген ескерткіштердің, адамдардың көбі өз бағасын дәл алған. “Қазақ ССР тарихының” соңғы редакциясын басқарған жауапты тарихшылар мен үлкен әдебиетшілер болды. Мысалы, әдебиет мәселелерін бағалап шешуге С. Мұқанов сияқты жазушы, Е. Ысмайылов, І. Кеңесбаев сияқты филология ғалымдары, С. Покровский<sup>15</sup>, А. Нүсіпбеков, В. Шахматов<sup>16</sup> тәрізді тарихшылар, экономика ғылымының өкілі С. Бөйішев, жазушылардан және М. Әуезов қатысып жазысты.

Бірталай жылдар бойы ақылдасумен, талқылау кеңеспен жасалған бұл тарихтық еңбекті ең әуелі Қазақстан Орталық партия Комитеті, жалпы алғанда, дұрыс еңбек деп бағалады. Бүкіл Одақ көлемінде зор беделі бар “Коммунист” журналы тәрізді үлкен таразы, беделді баспа орнының бетінде біздің тарихтың бірінші томы жалпы жақсы бағаланды. Әсіресе мәдениет бөлімі айрықша аталып, құнды бөлімдер деп саналды.

Олай болса, ендігі әдебиет тарихының бірнеше күрделі, күдікті мәселелерін осы тарихпен үйлес-үндес шешуіміз

керек. Әрине, сонымен қатар ескертетініміз, бұл тарих әдебиет тарихы емес, әлі көп көлемді, мол түйінді нақтылы әдебиет тарихының өзі шешетін проблемаларының баршасын әдебиет тарихшылары тікелей өз міндеті есебінде ілгері қарай дамытып, зерттей беру шарт.

Ал енді конференцияда нақтылы қандай проблемалық мәселелер қойылды? Олар қалай шешілді? – дегенге келетін болсақ, тарихтық хронологиялық ретімен ең алдымен ауыз әдебиетін еске алайық. Бұл жөнде Н.С. Смирнова жолдастың баяндамасында сыналған нақтылы ұсыныстар орынды. Ол қатарда даулы жайлар жоқ. Конференция алдағы іс, міндет қатарында сол ұсыныстарды қабылдауға, нықтауға болады деп санаймын. Сол себепті бұл жайға көп тоқтамаймын.

Мәліктің пікіріне байланысты бір ғана елеулі үлкен жайды ескерте кетейін. Тегі, қазақтағы батырлар жырлары бұдан былай Қазақстан тарихы көлемінде де өз дәуірлерін таба тексерілуі керек. Әзірше біз қазақ батырлар жырларын қазақ халқының жалпы тарихынан сыртқары алып, шын тарихқа жанастырмай талдап жүрміз. Қазіргі шақта біздің Одақтағы советтік әдебиет ғылымы эпостарды тексергенде, орыс халқының батырлар жыры сияқты етіп, Европа елдерінің батырлар жырларын да маркстік-лениндік әдебиеттану тұрғысынан талдайды. Сол жөнде француз, испан, англосакс, герман, кельт, скандинав елдерінің батырлар жырларын да біздің советтік ғылым сол елдердің көне тарихтық дәуірлерімен жалғастыра талдайды.

Феодализм жаңа туып келе жатқан, рушылдық қалып ыдыраған кездің шығармаларын бір қатарда талдаса, феодализмнің күшейген кезінде, клерикальдық сарындар басымдаған кездерде туған эпостарды өзіне бөлек сынап, талдап таниды.

Ісләм Жарылғапов жолдастың “клерикальдық сарын капиталистік-буржуаздық дәуірде ғана, бертінде туады” дегені дұрыс емес. Француз ескі эпосын алсақ, карловингский эпос Карл Великий дәуіріндегі тарихтық жайлардан туған VIII ғасырдағы оқиғалардың өзіне діншілдік (клерикальдық) сарынды мейлінше қосады. Карлдың батырларын кейінгі X–XI ғасырда сарациндерге, мұсылмандарға қарсы арналған “Крест жорығының” идея-мазмұндарымен толықтырады.

Қазақ ауыз әдебиетінде діндік сарын рушылдық дәуірдің біте бастап, феодалдық құрылыстың алғашқы қалпы туа бастаған кездерінде көрінеді.

Дау-дүдәмалы көп ақындар, ескерткіштер қазақ әдебиеті тарихы көлемінде XVIII ғасырдың, XIX ғасырдың және XX ғасыр басының мұралары. Бұл дәуірлер ескерткіштері жөнінде мықты ұсталатын жүйелік, ғылымдық, тарихтық негізде бір ғана жол бар. Ол, ең алдымен, бірыңғай ағымды жоюға арналған және әдебиеттану ғылымында маркстік-лениндік ғылымға толық тура келетін тарихтық-диалектикалық негізді қолдану. Бұл үшін тексерілетін ақындарды бір-бірімен салғастыра, біріне-бірін қарсы қоя талдау мақұл. Сол арқылы кертартпа ақындардың көп сыр-сипатын аша тексеру қажет болады. Мысалы, Шоқан мұраларын тексергенде, Шортанбайды сол Шоқан айтқан озғын пікірлердің қарсы, ерсі жағы ретінде кертартпа қараңғы фон есебінде алу керек. Шоқанның: Бұхардан, Қазаннан оқыған молдасымақтар қазақ халқының сыншыл сау санасын шырмауға, бұзуға айналды дегені түгелімен сол Шортанбай жырында тұрған жоқ па? Сол сияқты Дулат мұрасын тексергенде, оны жаңағыдай, Алтынсарин шығармаларына қарсы, ерсі бітімді ескерткіштер ретінде, кертартпа сырларын аша тексеруге болады.

Абайды зерттегенде Мұрат шығармасын қарсы қойып, салғастыра отырып, бар қос қыртысын, қайшылығын, ерсілігін түгел ашуға болады. Шәңгерей жайында сөз болғанда гимназия бітірген, орыс тілін, әдебиетін өзі оқып түсінген ақын ретінде тексеру жөн. Өзі орыс дворяндарының Самар губерниясындағы тізіміне тіркелген оқымысты ақын. Сол Шәңгерей Пушкинді, Некрасовты біле тұра, оларша жырламай, өзінің Еділ бойындағы ордасында отырып алып, дворян усадьбасында дарашылдық күйде жырлаған Фет, Тютчевке еліктемей ме! Олар көбелектің ұшқанын, қарлығаштың қонғанын, көңілдің бұлдыр елесін зауық етсе, Шәңгерей қосаяқтың құмдағы ізін шабыт еткен жоқ па?!

Өмір үшін, халқының күнделік тірлігі үшін зар-шер шегіп, жырлар жазған Абайды сол Мұрат, Дулат, кейде Шәңгерейге де диалектикалық отрицание ретінде қарсы қоя зерттеу ғылымдық анық, дұрыс жол емес пе?

Бұхар жыраудың өзін әшкерелейтін де көпшілік бұқара сын сөздерін табуға болады. Мол үлгі, мысалдар толып



жатыр. Билерге қарсы, сол феодалдар, билер езгісінде болған бұқара-халық не деген? Жемқор билер жайындағы елдің сыны да, ащы-зәрлі шыны да халық шығарған нақыл-мақалдарға, өлеңдерге көп іздерін қалдырған болатын. Бір ғана мысалды естеріңізге салайын.

Қайырсыз болған жазыңнан  
Қайырлы болған қыс артық.  
Пара жеген билерден  
Қарғы таққан ит артық... —

деген жоқ па сол халық.

Бұхар сияқты билер жайында халық айтқан осындай сындардың саны да көп, соларға себеп болған тарихтық шындық та мол. Егер Бұхар мұрасын зерттеу жайы ВУЗ программасына кіретін болса, осындай жайларды Бұхар шығармаларына қарсы қоя, қатар тексеру мейлінше мақұл болады. Алмажан сияқты қазақ әйелінің ханға қарсы сөйлеген сөздерін, қаралы әйелдің Кеңгірбайдай биге қарсы арнаған сөздерін, Абылай баласы Бопы төреге Найманның сыншы-бұқара халқы “парақор” деп мазақ, мысқыл жырлар тудырғанын мықты мысал етіп, пайдалану керек.

Сол тәрізді ХХ ғасыр басына келгенде де Сұлтанмахмұтты тек жеке тексермей, Сәбит Дөнентаев, Сералинді тек өз беттерімен ғана тексеріп қоймай, Мәшһүрді осылармен салғастыру ретінде сынап талдаса, оның діншілдік, ескішілдік жақтары жақсы ашылмас па еді?! Ұлттық тар көлемдік, кертартпа феодалдық, діншілдік сананың бұның мұрасынан танылатын шындықтарын Сұлтанмахмұттың жаңашыл демократтық жайларын ашумен және де әшкерелей түсуге болар еді.

Осы аталған проблемалардың бәрін де жоғарыда біз еске салған КПСС ХХІ съезі атаған бірыңғай ағым әдістерін біздің әдебиетті тексеру ғылымымыздан жою үшін қолдану керек. Ғылымдық диалектикалық мықты негіз осы деп тану қажет, шарт деп білеміз.

Енді қай ақынның мұрасын қай дәрежеде, қай түрде бастыру, тексеру керек дейміз? Конференция осы сұрауға жауап бергенде барлық әдебиет мұраларын үш қатарға бөлсе дұрыс болатын тәрізді. Бұның бірінші тобы орта

мектепте оқуға жарарлық ақындар шығармалары болады да, бұлардың еңбектері көпшілікке таратуға тұрарлық, баспа жүзінде кең орын алатын еңбектер болады. Біздің орта мектеп программасында соңғы жылдарда, мысалы, XIX ғасыр көлемінде бес-алты-ақ адамның басы көрініп тұр. Ал сол XIX ғасырда орта мектепке кірерлік Сүйімбай, Шөже тәрізді айтыс ақындары бар. Әнші-ақындар тобы да аз емес. Жеке Шәңгерей тәрізді ақындардың да шығармаларынан таңдап, талдап алып, орта мектепке кіргізерлік жөн бар. Бұл саналған топтар көпшілікке таратуға және орта мектепке кіргізуге болатын құралдарды құрайды.

Екінші топ – XIX ғасырдағы даулы деген адамдар жайында болғанда, бұлардың біразын орта мектеп емес, тек жоғары дәрежелі оқу орындарының көлемінде ғана, қайшылығын аша, жоғарыдағы аталған диалектикалық әдіспен зерттеуге болады.

Ал үшінші топ ақын-жазушылар – жоғары оқу орындарының программасына да кірмейтін, шығармалары көпшілікке бастырылып таратылмайтын кертартпа реакцияшыл ақындар болды. Бұларға тек арнаулы үлкен монографиялар ішінде ғана теріс бағытты мұралар мысалы есебінде, сыншылдықпен әшкерелей баға беру шарт болады.

Кейбір ақындар мұралары жөнінде тағы бір алуан дүдәмал, даулы жай бар. Мысалы, сондай күдіктің көбі Мәшһүр атымен байланысты. Мәшһүр өзінен соң қалдырған қолжазба – “Мес”, “Қара кітап” дейтін қалың қолжазбаларында өз шығармаларымен халықтық, немесе өзге алдыңғы ақындар, шешендер қалдырған сөздердің араларын жіктемеген. Сол себепті өз сөзі қайсы, өзгенікі қайсы, ол қалай аталған деген жайларды әрдайым ізерлеп, анықтап қана айырып алу шарт. Сол және Мәшһүр қолжазбаларында оңай емес, қиын да жұмыс болады.

Ал өз шығармаларын былай қойып, басы ашық ескі үлгілерді жазып алып, біздің дәуірге жеткізген еңбек Мәшһүрде мол екенін және де естен шығармау керек. Сондықтан қазақ ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің ғылымдық бір саласы историография бөлімінде Мәшһүрдің ол түрдегі еңбегіне әрдайым орынды баға берілу шарт.

Қазақ совет әдебиетін жүйелік, ғылымдық проблемалары бойынша зерттеу жөнінде және біраз ойларды конференция

қозғаған түрде топтап, түйіндеп көрейік. Қазақ совет әдебиеті – Ұлы Октябрь революциясынан бастап азаттық алған еліміздің социалистік мәдениетінің үлкен бір саласы, тарихтық ұлы табыс айғағы. Ол әдебиет Ленин партиясының идеялық майдандағы үлкен сенімді құралы, көмекшісі деп танылады.

Советтік әдебиетіміздің бүкілодақтық совет әдебиетіне тән төрт түрлі негізгі ерекшелігі бары мәлім. Ең әуелі, бұл – революцияшыл, екінші – интернационалдық, үшінші – халықтық, төртінші – социалистік мазмұнды, ұлттық түрі бар көп ұлттық әдебиет.

Қазақ совет әдебиетін зерттеуші ғалымдарымыздың өздері айтқандай және Фетисов жолдас атап өткендей, біздегі бар олқылық өз әдебиетіміздің жеке үлгілерін, кейде тұтас қатарын өзге туысқан елдердің советтік әдебиетімен байланыс-жалғасы жағынан салыстыра тексермей жүрміз. Біздің әдебиеттің кейбір көрнекті үлгілерін орыс классикалық әдебиетінің және совет әдебиетінің үлгілерімен салғастыра тексеруіміз де үлкен шарт!

Көптен бергі тексерулерімізде ауыздағы жеңіл әдетке айналғандай, жалпылай айтылатын бір шындық бойынша Маяковскийдің Сәбитке, Тайырға еткен әсері бар дейміз. Горькийден Ғабит, Сәбит, тағы басқалар үйренген, әсер алған дей жүреміз.

Бірақ осы жайларды ғылымдық дәрежеде нақтылап, анықтап, тереңдей зерттеу жасаған еңбек жоқ. Жалғыз совет әдебиет классиктері емес, орыстың революциядан бұрынғы классикалық әдебиетінің өзінен де үлгі-өнеге алған, анық көп салалы, көп сатылы “қарға тамырлы” дегендей байланыстар барлығы да даусыз. Мысалы, Құнанбай мен Абай арасындағы, әке мен бала шалғайлық тартысы деген тақырыпты алсақ, бұл жайды М. Әуезов қана тапқан жоқ. Әріректе И. Тургеневтің “Әкелер мен балалар” романы, беріректе Достоевскийдің “Ағайынды Карамазовтары” бар емес пе еді? Әке мен балалар арасындағы қайшылық өрши келіп, ширатыла, шұбатыла барып Ф. Достоевскийде баланың әкені өлтіру шытырманьына соғатын.

Құнанбай Федор Карамазов болмасын, Абай да Карамазовтың балаларының бірі емес. Бірақ бұнда да әкенің баланы жою ойы туғаны анық қой. Құнанбайдың Абайға теріс

батасын беріп, қарғап-сілеуі — өз баласы Абайға “сен өл, жоғал” деген ниет емес пе еді?

Бұл күй де бір алуан зерттеулер тақырыбы болуға жарарлық. Ал одан беріде көп ұлтты туысқан әдебиеттер үлгілерін алып, қазақ жазушыларының шығармаларымен салғастыра бастасақ, сан алуан терең проблемалық, жүйелік, шынайы қызық жалғас жайлар ашылар еді.

Осы проблеманы сөз ете бастаумен қатар қазақ, әдебиетші, сыншыларының, әсіресе әдебиет ғалымдарының туысқан елдер әдебиет үлгілерін көп зерттеп, оқымайтынын үлкен кемшілік деп атап өтер едім. Қырғыз, өзбек, түрікмен, қарақалпақ, татар, башқұрт сияқты ұлт республикаларының тілдері біздің тілмен туыстас болғандықтан, солардың көп шығармаларын өз тілдерінде оқып-білу өте қажет. Түпнұсқасынан оқу өзбек, түрікмен тілінен оқығанда сәл қиындау болса да, біраз еңбектену соңында ұғына оқып кету қиындыққа түспес еді. Сөйтіп алты-жеті тілдегі әдебиет нұсқаларын өзді-өзінің түпнұсқасының тілінде оқи білу қазақ әдебиетшілеріне өз мамандығын ақтайтын сапа қосар еді.

Біздің филология қатарындағы мамандығымыздың аты тек “қазақология” емес (қазақты тану ғана емес), филологияның бір саласы — бір тілдес елдердің әдебиеттерін түгел зерттеу емес пе! Сол өз мамандығымыз талап еткен дәрежеге көтеріле білейік.

Ендігі бір күрделі мәселе — қазақ совет әдебиеті көлемінде социалистік реализм мәселелері көркем түр: шеберлік жөнінде қалай шешіліп келеді? Осы жөнде де жүйелі проблемалық тексеру, топшылау қажет.

Бұл жайда әрбір көркем шығарманың социалистік реализм әдісімен жазылған сипаты ретінде ұлттық, спецификалық ерекшеліктерін анықтай талдау шарт екенін ескертеміз. Біздің әдебиетіміздің ұлы Одақ әдебиетіне қосатын тың үлесі, жарқын жаңалығы дегенді айтқанда, осы жаңағы аталған тың, соны ерекшеліктерін еске аламыз. Сол тың үлестерді қосу шама-шарқына қарай, ұлы совет әдебиетінің одақтық қазынасына біздің әдебиет қосқан бағалы сапаны танытамыз.

Біздің шығармаларымыздың социалистік реализм қасиеттерін ұлттық түрдегі шеберлікпен туыстыра, өрпете білген өнерін аңғартамыз. Қазір бүкіл Одақ көлемінде

әдебиет жүйесінің проблемалық жайларын сөйлегенде, шығармаларды тек тақырыптық идеялық жағынан тексеру сынаржақ, шап-шағын талдау болады деп танылады.

Биыл III съезді ашарда К. Фединнің сөйлеген сөзінде бұл жайлар анық, дұрыс аталған. Орталық партия Комитетінің совет жазушыларының III съезіне арнаған хатында және жазушылар съезінің Орталық Комитетке жазған жауап хатында да идея мен шеберлік талаптарын біртұтас, бір дәрежедегі талаптар ретінде атасқан. Осымен шеберлік ерекшеліктер әр шығарманың сырын, нәрін ашуда сыншылар мен зерттеушілердің алдында ерекше міндет екенін ұдайы есте тұту шарт.

Ал ұлттық специфика мәселесін түсінудің әр түрі бар екенін және есте айқын сақтау керек. Егер ұлттық спецификаны ерекшелік дегенде, өзге ерекшелік жоқтай, өз әдебиетінің ғана бөлекше жаралған өзгеге бітпес артықшылығы, елден ерекше дара үздік бітімі деп қарайтын болсақ, онда бұл мәселені ұлтшылдыққа айналдырамыз. Ол идеялық-ғылымдық дұрыс жол емес, консервативтік қияс жол болар еді. Ал маркстік-лениндік ғылым жолымен қарағанда, мазмұны социалистік, түрі ұлттық мәдениет жайы айтылғанда, ең әуелі Лениннің мәдениетті идеологиялық категория деп түсінгенін есте сақтау шарт. Идеологиялық болса, ол ең алдымен таптық категория болады. Сондықтан да Ленин әр мәдениетте екі мәдениет болады деген. Сталиннің анықтауында да мәдениет кең мағынада алынған. Ол ұғымға мектеп те, баспасөз де түгел қосылады. Әрине, мектеп атаулыны алсақ, олардағы оқылатын ғылымдар негізінде бір мазмұнды болған шақта, әрбір ұлт мектептерінің айырмасы әсіресе тілінде болатыны, тіл түрдің ең үлкен, ең айқын белгісі екені даусыз. Одақ көлеміндегі көп ұлттар тілдерінде шығатын кезекті баспасөзді – прессаны алсақ та, олардағы айырмыстардың ең зоры тіл екені тағы да даусыз.

Әдебиет те негізінде сол аталған мәдениет қатарының бір саласы болумен қатар, бұған эстетикалық сыр-сипатынан туатын тағы бірнеше айқын ерекшеліктер қосылады. Мұнда жалғыз ғана тіл емес, соның үстіне бөлекше үлкен орын бар бірнеше анықтаулар мен түсініктер қосылады. Мысалы, қазақ поэзиясы – он бір буынды силлабикалық, орыс поэзиясы – лепті-лепсіз буындарға бағынатын тони-

калық, француз поэзиясы – силлабикалық, араб поэзиясы – ұзақ созылатын мәтті-мәтсіз буындар метрикалық өлшеуіне бағынады. Бұл аталған бір ғана мысалдан әдебиет ерекшеліктері өзіне бөлек тұрақты түр, үлгі-өрнектер заңдарын ескеруді қажет ететінін көреміз.

Әдебиеттік ұлттық түр мәселесінің бір іргелі үлкен мәні – стильде. Теңеу тілі, әр алуан көркемдік шеберлікпен келетін сөз кестесі түгел құрала келіп, жазу стилін қалыптайды. Әдебиеттік ұлттық ерекшеліктер жайын атағанда, тіл бұл стильдің өзі емес, құралы, қоры ғана. Екінші бір үлкен мәселе стиль – сөздік, ақындық теңеу, кесте мағынасынан басқа екінші мағынаны және тудырады. Ол – ұлттық мінез, бейне жасаудың стилі. Міне, ұлттық түрдің жайына ауысқанда осындай ірі белгілер тілден гөрі артығырақ орын бар, өзгеше сипат есепті болатын жайлар бар.

Стиль мәселесі жөнінде біздің конференцияда Мырзабек Дүйсенов бұрынғы тілдегі теңеудің ұлттық стиль ретіндегі мәселелерін аша келіп, бүгінгі әдебиеттік стильдің даму процестерін атай сөйлейді. Тегінде, социалистік революция тұрғысынан қарағанда, ұлттық ерекшелікті ұдайы бір қалыпта тұратын, айнымайтын күй деп қарауға болмайды. Оның көп жайлары ұдайы қозғалыс, өзгерісте болатын диалектикалық процесс деп тануымыз керек. Әрбір даму үстінде әдебиет шеберлігі ілгерілеп, үдей түседі де, өзінен бұрынғы ұлттық дәстүрдің бар жақсысын пайдалана отырып, соған тың жаңалықтар, игі үлгілер қосып, үдете, өсіре береді.

Бірақ осы жайға байланысты тағы бірнеше ерекше күйді атай кетуіміз қажет. Ол – ұлттық бейне, характер турасындағы ойлар. Кедрина жолдас ұлттық бейне мәселесін жазушының шығарушылық психологиясына байланыстыра шешу керек деді. Мен өзім де осы пікірді түгел қостайтын адаммын. Сталиннің анықтауында ұлттық түрге тіл, экономикалық жағдай, жер бірлігі, психологиялық қалпы – әрбір ұлттың ұлттық түр дейтін жайларын танытады деген.

Социалистік дәуірдегі жазушының революциялық психологиясы өз халқының революциялық психологиясымен біте қайнасқан бірлікте. Халқымен оның еңбегі, аңсаған арманы, ішкі сезімінен туған жүрек сыры, шыншыл үні мүлде бірге. Сондықтан да совет жыршысы қай тілде жазса да, сол тілде сөйлейтін социалистік ұлтының жан тілін жар етеді дейміз. Олай болса, ұлттық психология

мен сол социалистік ұлт жазушысының шығарушылық психологиясы арасындағы байланысты ашып отырып зерттегенде, осы өзгешеліктерден туған әдебиеттік шығармадағы ұлттық бейненің сырын, сипатын айқын тануға болады. Жоғарыда атағанымыздай, ұлттық бейне, стиль – теңеу қалпында өзі де екі түрлі дедік.

Сөздегі теңеулер стильдік бейнелер системасын құрайды. Сондықтан мал баққан көшпелі елдің өмірі, бар тіршілігі қазақ ақын-жазушыларының сөздік, ақындық стилінде теңеудің сол бұрынғы болмыс, реальный қорынан алады. Сол негізді жаңалық қосып молайтып, өзгертіп, жаңа өмір реальный қорымен байытады. Тілдегі стиль дегеннің осындай ерекшелігі және де мықты ескерілуі шарт. Енді бір алуан жай адам бейнесі жөнінде. Оның ең ерекше бітім-тұлғасы ішкі психологиялық бітімінде. Сол психологияны халықтық психологиямен нық байланыстырып, шебер терең талдау жасап ашқанда, маркстік-лениндік тұрғыдан дұрыс түсінік жасауға болады.

Осы аталғандай әр алуан ерекшеліктер біздің туысқан елдеріміздің әр әдебиетінде бола тұрса да, бұлардың бәрін көп түрлі, біртұтас мазмұнды туысқан әдебиеттер ететін жиын қасиеті тағы бар.

Социалистік дәуірдегі революцияшыл жазушылардың әр ұлт тілінде шығарма тудыруымен қатар, бәрі бірігіп интернационалдық бағытта еңбек етуі – ұлттық ерекшеліктердің бар сыпатын бастайды, билейді. Социалистік әдебиеттердің мазмұны мен идеясындағы революцияшылдық ең үлкен сипат болғанда, ұлттық түр сол әдебиеттердің қосымша байытушы қасиет-сипаттары есебінде болады.

Жүйелік мәселелерді осыдан әрі қарай апара түссек, әрбір жеке шығарманың жеке ерекшеліктеріне үңіле бойлау шарт болар еді. Ұлттық бейне (характер) әр шығарманың ішінде әртүрлі болады, ол қайталамайды. Өйткені шығарушылық психология өзі де әр шығарма тұсында өзгеріп, үдеп отыратын психология. Ол өз айналасындағы тірліктің, болмыстың және қоғам өмірінің өзгеруіне, өрлеуіне байланысты өзгеріп отырады.

Жазушыдағы көңіл-күйдің өзі де ортасының мәдениет тіршілігіне, өндіріс еңбек табысына байланысты алған сезім мен неше алуан тірлік берген қуат-нәрден құралып қалыптасады. Осылайша талдағанда эстетикалық ерекшелік

дегеніміз тіл ғана емес, кең мағынада алынған ұлттық стиль болады. Ол өзі ұлттық бейне ретінде – адам, екінші ұлттық сөздік шеберлік ретінде – ақындық стиль болады.

Осындай түсінікпен жазушының шығарушылық еңбек жолын бірнеше саты деп түсіну керек. Ол ең алдымен өмірді тану, білуге міндетті. Сол өмір болмысын алғашқы кезекте жазушы логикалық ұғым тілімен ғана түсіне таниды. Өмірді танымай, танығанын іштей меңгеріп алмай, жазушының шығарушылық шабыты тумайды. Лениндік ұлы партияның талабын жазушыларға терең оймен жеткізген Н.С. Хрущев жолдас талап-мәслихатында жазушы өмірмен тығыз байланысты болсын деген пікірде анық ұстаздық, басшы қамқорлық талаптар бар. Жеке жазушы өмірмен байланыса отырып, сол өмірді терең тани отырып, жазушылық еңбекке кіріседі. Алғашқы сатыда ол, көбінше, ынталы зерттеуші қалпында болады. Осыдан кейін туатын екінші сатыда жазушы еңбегі сол ақылмен, біліммен танығанын суретпен бейнелеуге ауысады.

Ұлттық әдебиеттік ерекшеліктерді осыларға қоса тани талдау – шығарушылық күрделі процесі тану болады. Сол жайлары түгел ашылғанда ғана, әрбір тілде жазылған әдебиеттік көркем шығарманың бүкілодақтық табыс ретіндегі асыл сипаттары ашыла түседі. Көп өрнекті, көп нақысты бауырлас әдебиеттер қатарлары ұлы одақтық әдебиет қазынасына сан саладан сондайлық көп сымбатты сипат қосады.

Алдағы міндеттеріміздің бірі есебінде, қазақ совет әдебиетінің очеркін бүкіл оқушысына ойдағыдай толықтырып, аяқтап шығуымыз керек. Бұл іске одақтық академияның, Дүниежүзі әдебиеті институтының тікелей көмегі тимекші. Қосылған еңбек нәтижесінде, орыс тілінде қазақ совет әдебиетінің очеркін жаңа редакциямен шығару шарт. Әрбір туысқан совет әдебиеттері жөніндегі очерктер жазылып болған соң, бүкіл совет әдебиетінің біртұтас тарихын жазу міндеті бүкіл советтік әдебиеттану ғылымының алдында тұрған үлкен мақсаттың бірі болмақ.

Қазақ әдебиет тарихының үлкен проблемаларын атағанда, совет әдебиетінің дәуірін зерттеу ең зор, ең қадірлі ғылымдық міндет екенін баса айту керек. Арнаулы үлкен монографиялар, мысалы, қазақтың романдарын, пьесаларын тереңдеп, кең түрде зерттеуге арналу керек.



Бұның бір зор себебі, өткеннен қалған мұра атаулы қазақ әдебиетінде шақ көне. Сол Бұхар, Шортанбай, Дулат, Мұрат дейтін ақындардың бар шығармаларын бір араға жинап келіп, таразыға салғанда, бір ғана Қасым Аманжолов ақынның шығармалар көлеміне жетпейді. Тек көлемі ғана емес, мазмұны жағынан әсіресе солай. Халықтық санасының биіктік сипатымен, революцияшыл бағытымен, көркемдік қасиетімен, қысқасы, шартарап шарттарымен солай болған Қасым басым емес пе?

Болып өткен ұлы мазмұнды партия съездері совет жазушылары үшін бүгінгі күн тақырыбына шығарма жазуды қасиетті міндет деп атап отыр. Сол міндет қазақ әдебиетінің советтік дәуірін айрықша зерттеу ретінде, әдебиетті зерттеуші ғалымдарға да арналған ардақты міндет болады. Зерттеу ісіміз, тіл ғылымы мен әдебиеттану ғылымы көлемінде, қазақ совет әдебиетінің бүгінгі татымды табыстарын зерттеуге арналу қажет. Жеке жазушылар туралы монография жазғанда, С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіровтердің мұраларын тереңдеп, сапалы түрде саралап зерттеу шарт. Осымен қатар, жоғарыда аталғандай, бүгінгі әдебиетіміздегі өскелең үлкен жанрларға да арналған мол монографиялық зерттеулер туу керек.

Туысқан елдермен байланыс, жалғас жайларды салыстыра тексергенде, мына төмендегідей үйірім-үйірім тақырыптарды күрделі, қызықты зерттеулер ретінде атап өтер едік. Мысалы, Горькийдің өз өмірі жөніндегі әңгімелерінен бастап, Садриддин Айнидің “Бұхарасын”, Сәбиттің “Өмір мектебін”, Ұлық-задениң “Біздің өмір таңы” деген романдарын өзара салыстыра талдауға болар еді.

1916 жылға арналған шығармаларды туысқан елдер әдебиеттерінен іріктеп салыстырғанда, Берді Кербабаеттың “Айғытлы адым” романын, Сәбит Мұқановтың “Ботагөз” романын Айбектің “Құтлұғ қан”, Аалы Тоқамбаевтың “Қанды жылдар” романымен салыстыра тексеруге болады.

Тарихтық романдар қатарында Айбек жазған “Науаи” романы, Ахмет Файзи жазған “Тоқай” романы және “Абай жолы” романы қатар салыстыра тексеруге, тергеуге көп деректер берер еді.

Ғабит Мүсіреповтің, Ғабиден Мұстафиннің Қарағанды көмір кені жөніндегі романдары мен Мехти Гусейннің “Апшерон” романын Асхад Мұхтардың өзбек әйелдері

арасынан жұмысшы табы туғанын көрсететін “Апа-сіңділер” романымен салыстыра тексеруге болады. Бабаевскийдің “Алтын жұлдызды жігіт” романына жалғастыра, салыстыра Түгелбайдың “Біздің заманның кісілері”, Айбектің “Алтын вадидан шабадалар” романын, Башировтың “Намыс”, Мұстафиннің “Миллионер” романдарын және Ата Каушутовтың “Көпеттағдың итәгіндә” деген романын тағы да кең салыстырып зерттеуге болар еді.

Дәл соңғы жылдарда табысқа масайған колхоз бастығының жайында жазылған бірнеше елеулі қызық шығармалар бар. Ол қазақтағы Әбділда Тәжібаевтің “Жалғыз ағаш орман емес” пьесасы, Абдулла Қаххардың “Зымыран құс” (“Птичка-невеличка”), Мирза Ибрагимовтың “Сулар тоғысуы” атты романдарының көп жайларын қызық талдап, салыстыра тексеріп шығуға болады.

Қазіргі ең соңы және көп республикаларымызға ортақ қадірлі тыңды игеру тақырыбына арналған шығармалар да көп. Бұл жөнде өзбек әдебиеті көлемінде Шараф Рашидовтың “Жеңгендер” және “Дауылдан кейін” деген романдары едәуір елеулі баға алып жүр. Қазақстанда бұл тақырыпқа жазылған очерктер, әңгімелер бар. Орыс, қазақ жазушылары Қазақстан әдебиеті көлемінде түгел атсалысып жүрген қазіргі күннің ең асыл тақырыбының бірі осы. Бұл тақырыпты біз ұлы жетіжылдық жоспар жайын көркем түрде суреттеген кезде партияның зор талаптарына сай етіп, көркем түрде жырлауға міндеттіміз. Ендеше, осы тақырыпта бірнеше туысқан елдер тілдерінде туған шығармаларды тағы да толық салыстыра тексеру шарт. Поэзия жанрына келсек, біздегі Тайыр, Әбділда, Хамит, Қалижан тәжірибелерінен басталған поэмалар үлгісін Тұрсын-заде, Ғафур Ғұлам, Самед Вургун, Аалы Тоқамбаев, Алықұл Осмонов, Жомарт Бөкенбаев шығармаларымен салыстыра тексеру де үлкен, жемісті нәтижелер берер еді.

Міне, осындай зерттеулерді жүргізу үшін біздің әдебиетші-сыншы ғалымдарымыз, жоғарыда айтқандай, одақтық елдер тілдеріндегі өздеріне оңай, түсінікті болатын тілдердегі шығармаларды түпнұсқасында өзді-өз тілінде оқып талдау керек. Бұл жөнде украин, белорус және орыс әдебиетін зерттейтін сыншы-ғалымдардың біздер үлгі етерлік жақсы дәстүрлері бар. Олар сол үш тілдегі

шығармаларды өзді-өз тілінде мейлінше ұғына оқуды өздерінің ғылымдық зерттеушілік шарт міндеті деп санайды. Осы жөнінен ойласақ, қазақ зерттеушілеріне қырғыз тілін түсіну оңай-ақ. Рас, сөздік қорда қырғыз тілінің қазақ тілінен көп өзгешелігі бар екені рас, бірақ қырғыз тілінің үлкен сөздігі жарыққа шықты. Қырғыз үшін қазақ тілінің жалпы сөздік қорында да жеке түсініксіз сөздер болады. Бұған орай қазақ тілінің де неше алуан сөздіктері туды, соларды мол пайдалану шарт. Осы сияқты өзбек тілінің сөздігін ала отырып, бүгінгі өзбек әдебиетінің асыл нұсқасын оқып, танып кету соншалық қиын емес. Менің ойымша, осы конференция қазақ әдебиетін зерттеуші-сыншы ғалымдарымызға туысқан республикалардың бізге жақын тілдерін жақсы білуді орынды талап етіп қою керек.

Қазақ әдебиеті тарихы деген ғылым – біздің барлық мәдениетіміз тәрізді жас ғылым. Осында отырған көбіміздің жас кезімізде бұл ғылым басталар-басталмас қалыпта еді. Революциядан бұрынғы кез-кезеңдерін алсақ, онда қазақ әдебиет мұраларын әдебиеттану ғылымы жолымен зерттеу жұмысы мүлде басталған жоқ-ты. Бұрынғы еңбектердің бәрі де деректер, ескерткіштер атаулыны жинау үстінде болатын. Ал, міне, бүгін “Қазақ әдебиет тарихы” деген келелі, ұзақ сөрелі әдебиеттану ғылымы туғанын көреміз. Әуелі орта мектепке арнаулы сабақ болып кірген қазақ әдебиеті жөніндегі ілім-білім енді жоғары дәрежелі мектепте әр сала болып, бірнеше жылдар бойына созылған ғылымдық курстар ретінде оқылатын, зерттелетін болды.

XIX–XX ғасыр әдебиеттерінің, совет әдебиетінің кейбір тараулары университет пен институттарда арнаулы спецкурс ретінде де оқылып жүр. Сан алуан зерттеу, монографиялар жалпы әдебиет тарихтарымен қоса сол жаңа ғылымның қатарын күшейтіп, дамыта қосылып жатыр. Адам саны жағынан алғанда да, қазақ әдебиетін орта мектептер мен ВУЗ-дарда оқытатын маман оқытушылардың және ғылым дәрежелері бар ғалым әдебиетшілердің мол отрядын жасап алдық. Біздің әдебиетіміздің өскендігін, сол өсу жолында көп жас күштердің қоса тәрбиеленіп, талантты топтар құралып келе жатқанын өзіміз ғана емес, орыс әдебиетінің беделді сыншылары, ғалымдары да айтып, бағалап жүр. Солайша тілектес достарымыздың аузымен айтылып жүрген

талассыз табыстарымыз аз емес. Кемшіліктері бола тұрса да, біздің әдебиеттану ғылымымыз жыл санап даусыз өсіп келеді деп айта аламыз.

Жоғарыда мен біздің баяндамашылардың көпшілігінің баяндамалары қанағаттанарлық, тәуір сапада шыққан баяндамалар болды дедім. Бірақ, сонымен қатар анық ғылымдық, жүйелік зор талаптар партия мен халқымыз қойып отырған өскелең тілектер тұрғысынан қарағанда, сол баяндамалардың да тереңдік сапасы ойдағыдай зор болды деп айта алмаймыз. Көпшілік баяндамалар біздің ғалымдарымыздың университет пен институттарда оқып жүрген лекциялары, немесе оқта-текте жасайтын кейбір баяндамаларының шамасынан оншалық ұзап кеткен жоқ.

Сол қатарда Есмағамбет пен Қажымның жасаған баяндамалары да бұлардың бар мүмкіншілігін барынша мол көрсеткен, кең өрісін кенеулі түрде ашқан баяндама деп танымаймын. Екеуінің де өз талаптарына сай ғылымдық өскелең ойларын-нәрін, бойдағы барын көрсете алған баяндамалар деп бағалау қиын. Рас, ол жолдастар қырық минуттық, бір сағаттық сөздің ішінде қаншалықты терең бойлауға болады дейтін шығар. Бірақ, анығында, жүйелі, терең қамтылған ғылымдық ойлар әзір тұрған шақта сол аз уақыттың ішінде де көп жүйелі ойлар жотасын көрсетуге болар еді.

Қорыта келе айтарым: ұлы ұстазымыз Коммунистік партияның сенімін, баршамыздың алдымызға ХХІ съезд қойған міндетін біздің әдебиетіміз де және оны зерттейтін ғылымымыз да өздерінің ойдағыдай өсіп-өркендеуімен ақтауы шарт. Әдебиеттің өсуіне әдебиет жөніндегі ғылым көмекші, себепші болсын.

Партияның әдебиетке қойған озғын талабы бүгінгі өмірді сапалы көркем сипатта суреттеу болса, әдебиет сыны мен әдебиет зерттеу ғылымы сол жөнде әр табыс пен кемшілікті айқын терең ашумен жалпы әдебиеттік құрылысқа мол араласу шарт. Тегінде, ешуақытта жазушы жөнінде жазушы монография, зерттеу жазбайды. Кей жерлерде кейбір шығармалар туралы кей жазушылар өздерінің көзқарас бағаларын айта кететіні болмаса, жазушының үлкенді-кішілі еңбегі, еңбек жолы туралы өзге жазушы күрделі еңбек жазып танытқан емес. Мысалы,

Толстойды Салтыков-Щедрин әдебиет ғылымы сыны үшін еңбек жазып танытқан жоқ. Әдебиет ғылымы мен жалпы оқушы жұртшылыққа Толстойды толық танытқан Лениннің сын пікірлері болды. Гогольді Тургенев танытқан жоқ, Белинский түсіндірді. Сөйтіп, тарихта жазушыны сыншы мен әдебиет тарихшысы түсіндіреді. Әдебиетіміздің үлкенді-кішілі табыстарын сол табыс-келіс ретінде талдап, саралап, жұртшылығымызға танытып беру, дәл бағасымен әділ таразымен өлшеп айырып беру – сыншылар мен әдебиетші жолдастар, сіздердің міндеттеріңіз!

Кейде әдебиетке партия, Отан, халқымыз қойған талабын ескертіп, бағыт сілтеу, алға қарай жол тарту, атсалысу – сіздердің міндетіңіз. Осымен қатар, тағы бір еске сала кететін жай бар. Әдебиет нұсқалары туралы сын жазғанда шебер, шешен тілмен жазу керек. Жазушыдан шеберлік қасиетін, өнерін орынды талап еткен шақтарыңызда, сіздерден жазушы да өнерлі, өнегелі шебер тілмен жазылған орамды, алғыр, шешен сынды талап етеді.

Орта мектеп мұғалімдеріне, жоғары оқу орындарының оқу құралдарына, студент атаулыға жалпы қазақ әдебиетінің жайын ынтамен оқитын қалың көпшілік, мәдениетті, талабы зор оқушыларымызға сіздердің сын тілдеріңізден де ауысатын үлгі-өрнек, нәр-нақыс мол болу шарт.

Әдебиет сапасы өсу үшін көмектескен шақтарыңызда, негізгі талаптар тұсында батыл ойлар басым болсын. Жаңа туатын шығармаларға зор талаптар қойып, әділ таразы боларлық өзі талғағыш, өзі негізді терең әділ сын басшымыз болсын. Көңіл ажарға қарау, сылай-сипай сөйлеу, кемшілікті кешіргіш, жалған көңілшектік аралас бітімшіл, көнпіс сын бұдан былай болмауы керек.

Осы айтқанның бәрі де қазіргі сыншы әдебиетшілеріміздің жат санайтын мінездері болсын! Ал халқымызға бүгінгі әдебиетіміз туралы, бұрынғы мұралар туралы партиялық талапқа сай ғылымның сапалы нәрін беру біздің ең қадірлі міндетіміз болсын. Сол үшін КПСС XXI съезі бар ғылымдардың алдына қойған зор тарихтық міндет-талаптарды, халқымызды шынайы ырза қыларлық сапада ада қылайық деп шақырамын!

## АЛҒЫ СӨЗ

Бір халықтан емес, тілегі бір, мүддесі бір туысқан сан халықтан сомдалған совет қауымы, тек бүгінгі сәулетті өмірде ғана өткендегі мен қазіргінің, қазіргі мен болашақтың рухани мұраларына, сол мұралардың өшпес жұлдыздары Пушкин, Науаи, Абай сындас тарихи қайраткерлеріне бірден-бір әділ де адал бағасын беріп отыр.

Абай өзінің кіршіксіз ақ жүрегін тебіrentкен сансыз ойларын тамаша шығармалары мен жалынды жырларының бетіне маржандай төгілдірді, оның әрбір бетінен, әрбір жолынан, әрбір сөзінен бізге соншама ыстық, соншама жақын леп естіледі, ол леп өткен заманның, кешегі тәркі дүниенің соққан тынысы болса да, бізге түсінікті, жүрегімізге қонымды Абай лебі, Абай үні, Абай тынысы – заман тынысы, халық үні. Бүгін ол үн біздің де үнімізге қосылып, жаңғырып, жаңа өріс алып тұр.

Кешегі сағымша өткен бұлдыр заманның буалдыр желегін түріп тастап, дәл өзімізбен бірге тілдесіп, болашаққа қадам басып Абай да сапта тұр. Біздің көп тілді, бір үнді даусымыздың ішінде Абайдың да дауысы, тамаша үні естілгендей. Бұл Абайдың жаңа өмірі, жаңа өмір дәуірінің басталуы, ол бізбен де, біздің ұрпақтарымызбен де берік қол ұстасып болашаққа, бақытқа толы ұлы заманға қадам басады, оған күмән жоқ.

Өлді деуге бола ма, айтындаршы,  
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған, –

деп, төрелігін өзі шешкен Абай бүгін жарқын бейнесімен де, жалынды жырымен де бізбен бірге жасасып келеді.

Мыңдаған қазақ, орыс, басқа ұлттың жастары байтақ өмірде Абайдың тамаша әндерін радиода, сахнада, кең жайлауда мал шетінде, ұлы құрылыстың іргетасында шырқатып салады, жүрек қылын шерткен тамылжыған

өлеңдерін тамсана оқиды. Бұл тек әсем әнге еліктеу ғана, немесе әсем сөзге сүйсіну ғана емес. Еңбек иесінің күні кеше ғана сахара даласындағы қайғы-зарын, қорғансыз әйел мұңын таниды ол саздан. Білім, еңбек, теңдік, достық туралы еңбекші елдің көкейкесті арманын сезінеді. Осындай жарқын, ізгі тілектің көлеңкесінде ошағандай қаулаған күншілдік, мақтангөйлік, жалақорлық, жалқаулықты шенеген сынды көреді.

Ұлы орыс мәдениетіне шақырғаны, алтыбақан алауыздық кезде бірлікке, халықтар достығына мегзеген идеясы жастар жүрегіне қонады. Демек, Абай жырларын бүгінгі ұрпақ бар санасымен сүйіп айтады.

Ұлы ақынның осы мұрасы туған халқы үшін сан рет басылса да, сарқылмайды. Оған себеп – туған елін, өскен жерін Абай қаншама сүйсе, қаншама оның оты мен суына түсіп, күңіреніп, тебіренген болса, бүгін елі де оны соншама құрметтеп, әлпештеп сүйіп отыр. Біз мақтануымызға да болады, өйткені Абай өзінің заманы мен замандасынан көрмеген сый құрметті бізден, өзі баулыған ұрпағынан көрді, көзі тірісінде жетпеген арманына бүгін жетті. Абай мұрасы ұрпақтан ұрпаққа, ғасырдан ғасырға өтпек, ол басылған сайын жаңа қырланған алмаздай нұрланып, жарқырап, жасарып, нұр төге бермек.

Табиғаттың көркін ендіретін орман көктем сайын жасарып, шешек атып әлемге шырай беріп тұрмай ма! Сусыз жерге, ауасыз жерге орман өсе ме, олар жоқ жерде орман да жоқ, гүл де жоқ, семіп, кеуіп, қурап қалмақ.

Сол сияқты Абайдың поэзиясын суарып, жасартып тұратын ауа мен нәрлі бұлақ – туған халқы, көп тілді – бір сырлы совет елі, өлеңдері басылған сайын Абай да көктемгі ормандай жасара бермек. Ал халық бар жерде, оның адал перзенттері де мәңгі жасамақ. Міне, Абайдың өзі көзден таса болса да, сөзі көңілге ыстық көрінетіні содан. Ұлы атамыздың бізге берген еншісі, қалдырған аманаты – осы асыл сөздері. Біз оны ардақтаймыз да мәпелейміз. Аз өмір сүріп, азапта өткен Абай бүгін бізбен бірге мың жасап отыр.

Мендей ғаріп кез болса,  
Мойын салсын, ойлансын,  
Қабыл көрсе сөзімді,  
Кім таныса сол алсын.

Кешегі мылқау күш, күңгірт дүниеде жалын боп жанып, жарқ етіп сөнген Абайдай адал жанға біздің айтарымыз – қабыл аламыз асыл сөздеріңізді, көздің қарашығындай сақтаймыз, өзің айтқан қары қалың қыстан соң көп ұзамай жадырап жаз да келді. Мынау жадыраған жарқын өмірдің жазында біз әрқашанда саған сансыз борыштымыз, сенің рухыңды тебіrentкен сөз шебері Толстой, жыр шебері Пушкин, Лермонтовқа да борыштымыз, біз әрқашанда саған орнатқан ұлы ескерткіштің түбіне барып, бөркімізді алып, бас иеміз. Дүниежүзі классиктері мен орыс классиктерінен қалай үйрену өрнектерін әуелі сенен үйрендік. “Әкенің баласы болма, адамның баласы бол, адам баласы – бауырың” деген өсиетінді көкіректе нық сақтаймыз.

Абайдың асыл мұрасы осымен толық жинақ болып жетінші рет басылады. Шөлдеген оқушыға ұсынылған бір томдық бұл жинақ 1957 жылы басылған екі томдық шығармасының негізінде, соңғы жылдардағы табылған мемуарлық, архивтік материалдармен, фотографиялармен, басылмаған бірер өлеңмен, т.б. деректермен, түсініктермен толықтырылып басылды. Абай поэзиясы, өзі айтқандай, кең-байтақ өмір базары... “Әркімнің өзі іздеген нәрсесі бар, – сомалап, ақшасына сонан алар”, – дегендей, ізденген оқушы өз мұқтажын осы қазынадан таба бермек.



## АЛҒЫ СӨЗ

Батыр Рүстемнің аты – қазақ халқының ортасына көп заманнан жайылған ауызша аңыз әңгімелер, ертегілерден мәлім болған аса даңқты ат. Оның жайын жалғыз қазақ халқы емес, қазақпен туыстас, тілдері жақын өзбек, түрікмен, қырғыз, татар, қарақалпақ елдерінің бәрі де көбінше қара сөзбен айтылатын ертегі, аңыз, әңгіме ретінде баяндайтын.

Сол бар тілдегі Рүстем жайындағы әңгімелердің түп негізінің бірі – атақты Шығыс классигі Әбілқасым Фирдоуси жазып шығарған “Шаһнама” болады. Бірақ Рүстемнің жайы жалғыз Фирдоусиден басталмайды. Ол турасындағы көне аңыз, әңгімелер Фирдоусиден бұрын да көп жайылған болатын.

Осы баспада оқушыға ұсынылып отырған “Рүстем-дастан” жыры Фирдоусидің “Шаһнамасынан” жасалған аударма емес. Ол – арғы-бергі (соның қатарында Фирдоусидің де еңбегінен ауысқан) ауызша да, жазбаша да хикаялардың бәрінен құралып, қазақ халқы арасында ертегіше тарап кеткен батыр жорықтарының жиынтық жыры. Өлеңмен жыр етуші Тұрмағамбет ақын бұл жөнінде ХІХ ғасырда қазақ ортасында көп жайылған Шығыс аңыздарының өлеңге айналатын дәстүрін қолданған.

Қазақтың кейбір ақындары “Мың бір түн” ертегілерінен алып жыр-дастан жазатын. Мына тұста да Тұрмағамбет тәжірибесінен біз сондай еңбек мысалын көреміз. Сонымен, Рүстемнің жайы туысқан тәжік әдебиетінің ұлы классигі Фирдоусидің “Шаһнамасында” болғанмен, мынау еңбекті Фирдоусидің “Шаһнамасынан” тікелей жасалған аударма демейміз, сол Фирдоуси үлгісімен халық ақыны Тұрмағамбеттің өзі өлең етіп жазған Рүстем жөніндегі дастанның қазақша варианты дейміз.

## ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІ

### I

Фольклордың қара сөзбен айтылатын, ерекше мол түрінің бірі — ертегі. Ол халықтың ауызша айтатын көркем әңгімесі.

Осы ауызша әңгімелері, ертегілері арқылы еңбекші халық бақыт туралы, еркін өмір, жайлы мекен туралы үміт, армандарын баяндайды. Ертегіде баяндалатын сан алуан қызық уақиғалар шындықтан гөрі, көбіне қиял дүниесі тудырған. Ғажайып хал, қиял әңгімелері, орасан уақиғалы қазақ әңгімелері, салтпен, тарихпен байланысты оқшау әңгімелер — бәрі де ертегінің түрлері. “Ертегі” деген ат ертеде, ерте күндегі деген сөздерден туған. Кейде “ертек” деп те айтылады. Содан ертегі айтушыны “ертегіші”, “ертекші” дейді. Осы аты көп ертегінің басында әдейі айтылып, аумап аталып та отырады. Қазақ ертекшісінің де көптен-көп ертегісін: “ертеде бір бай бопты”, “ертеде бір хан бопты”, “ертеде бір кемпір мен шал бопты” деп бастайды. Немесе “ертек-ертек ерте екен” деген сияқты көп ертектерге ортақ, ерекше өлеңше бастаумен келеді.

Қазақ ертегісі — есте жоқ ескі замандардан бастап беріге шейін болған талай ұзақ-ұзақ дәуірлердің кездерінде туған, өсіп, көбейіп келген мол дүние. Онда сонау арғы Үйсін, Қаңлы руларының кезінен санап, Қыпшақ елдігінен, Моңғолдар жорығының тұсынан, Алтын Орда үстемдігі дәуірінен айтылып келген көне әңгімелер көп. Қазақ атты ел құралмастан бұрын, мұсылман діні кірместен бұрын ескі руларға түгел ортақ болған ертектер бар. Дүниетану, дінге нану шамасы шаманизм, буддизм бағытында болған кездерде шыққан ертектер де бар тәрізді. Одан беріде ислам діні арқылы, кітап арқылы тараған діни ертектер тағы бар.

Бертінде қазақ халқы қалыптанып, тілі жекеленіп, шаруашылық, салт-саналық, қоғамдық өзгешелігі айқындалған сайын, сол ел ортасында бұрынғы ескі әңгіменің қайсысы

болса да тыңнан қорытылып, жаңғырып, қайта туғандай боп әңгімеленетін болған.

Қазақ халқының аузында сақталып қалған, өзінше өңделген, өзгертілген, өз тәні болған ертегілер қазақ фольклорындағы ұшан-теңіз қазына болмақ керек.

## II

Анығында, ертегіден бай фольклор жоқ. Бірақ осы байлықтың ғылым жолымен жиналып, зерттелуі аса кемшін боп келеді.

Қазақ ертегісіне көңіл бөлген кісілердің саны бірқатар. Бірақ бұлардың бәрі де зерттеу, тексеру жұмысын аз жасап, көбінше естіген ертегілерін жинаумен болған.

Әрине, деректер, фактілер жиналып болмай, ғылымдық байлау, қорытынды жасау мүмкін емес. Әуелі ертегілердің ауызда жүрген барлық мол байлығын жазып алып, жиып, жарыққа шығарудың өзі де ғылым жолындағы үлкен еңбек.

Қазақ фольклорының үлгілері, оның ішінде ертегілері де ХІХ ғасырдың басынан бері қарай жинала бастады.

Қазақ ертегері ең алғаш қомақты болып академик В.В. Радлов жинағында басылды<sup>1</sup>. Қазақтың ауыз, жазба әдебиетінің басқа үлгілерімен қатар, Радлов жинағына: “Алтын бел”, “Хан Шантай”, “Еркем Айдар”, “Жақсылық пен жамандық”, “Хан қызы”, “Түс сатқан тазша”, “Молданың үйінде оқыған бала”, “Түлкі, қасқыр, жолбарыс”, “Дудар қыз”, “Балқан тау”, “Үш ұл”, “Қармақ салған жігіт”, “Қарагөз сұлу”, “Алтын бас, күміс аяқ”, “Ақсақ Темір хан”, “Киік” деген ертегі, аңыз әңгімелер кірген. Радлов қазақ ертегілерін естілуінше, тіл, сөз ерекшелігіл сақтай, дәл жазып алуға тырысқан.

Радловтан бұрын қазақ ертегілерін Шоқан Уәлиханов, профессор Березин, Ильминскийлер де недәуір жинаса да, дәл Радлов сияқты ғылыми системаға келтіріп, қазақ тілінде бастырып үлгірмеген. Березин жинаған ертегілердің бірқатарын кейін өзінің хрестоматиясына кіргізді<sup>2</sup>. ХІХ

---

<sup>1</sup> Радлов В.В. Образцы народной литературы тюркских племен. Ч. III. СПб., 1870. С. 63–68, 84–111.

<sup>2</sup> Березин И. Турецкая хрестоматия. Ч. II. СПб., 1890. С. 169–176, 235–247.

ғасырда қазақ ертегілерін көп жинаған А.Е. Алекторов пен Г.Н. Потанин. А.Е. Алекторовтың қазақ арасынан жинаған ертегілері орыс тіліне еркін аударылып, сол кезде қазақ даласына байланысты шығып тұрған газет, журналдарда (“Дала уәлаяты”, “Тургайская газета”, “Астраханский вестник”, т.б.) 1880–1890 жылдар арасы үнемі басылып отырған. XIX ғасырдың тек соңғы 20 жылының ішінде бір Алекторовтың өзі жүзден артық қазақтың ертегі, аңыз әңгімелерін жинап бастырған. Мәселен, 1893 жылы бір ғана “Астраханский вестник” газетінде: “Ағайынды екі қу”, “Лұқпан хақим”, “Айтуған батыр”, “Омар молда”, “Жиренше мен Алдаркөсе”, “Қарағай мен сексеуіл”, “Абы жылан”, “Ағайынды үш жігіт”, “Алдаркөсе мен Шықбермес Шығайбай”, “Хан мен жігіт”, “Ер Қосай батыр”, “Түлкі мен қой”, “Тақ Сүлеймен”, “Өтірік ертеқ”, “Залым Қали”, “Әулие бала”<sup>3</sup> атты ертеқтер басылған. Қазақ ертегілерін жинауға қаншалық көңіл қойып, маңыз бергендігі осыдан-ақ көрінеді.

Г.Н. Потанин Сибирь татарларының, алтай, моңғол халқының ертегі, әңгімелі жыр (эпос), аңыздарын жинаумен қатар, қазақ даласын да көп аралап, ел аузынан мол ертегі, жыр әңгімелер жинаған және сол жинағандарын зерттеп отырған<sup>4</sup>. Өзінің “Европаның орта ғасыр эпосында шығыстық сарындар” дейтін еңбегінде<sup>5</sup> Потанин қазақтың көптеген ертегі, аңыз әңгімелерін, сюжетін келтіріп, бірталай қазақ ертегілері мен аңыздар ертедегі дүниетанумен байланысты туғандығын көрсетеді. Алайда Потаниннің зерттеу әдісі буржуазиялық салыстыру әдісінің дәрежесінен аса алмады, материалы мол болғанмен, ғылымдық қорытындыларының бірталайы теріс еді. Потаниннің қазақ арасынан жинаған ертегілері әрбір газет, журналдарда басылудан басқа, өз алдына жеке кітап болып “Қазақ, Алтай ертегілері” деген атпен 1916 жылы шықты<sup>6</sup>.

---

<sup>3</sup> Алекторов А.Е. Астраханский вестник. 1893. № 1253, 1267, 1274, 1281, 1288, 1294, 1302, 1308, 1310.

<sup>4</sup> Потанин Г.Н. Русское Богатство. 1896. № 8. Его же. Несколько слов по изучению поверий, сказаний, суевых обычаев и обрядов у киргизов и сибирских татар // Записки западно-сибирского отдела Рус. геогр. об-ва. Омск, 1889 кн. х.

<sup>5</sup> Потанин Г.Н. Восточные мотивы в средневековом западноевропейском эпосе. М., 1899.

<sup>6</sup> Потанин Г.Н. Казахо-киргизские и алтайские предания, легенды и сказки // Живая старина. 1916.

Бұл жинаққа Потаниннің Көкшетау, Ақмола, Қарқаралы елінен жинаған ертегілерінен 61 ертегі кірген. Соның ішінде қазақ арасына көп жайылған ертегілердің, тарихи аңыздардың бәрінен нұсқалар бар (“Ер Төстік”, “Жиренше”, “Алдаркөсе”, “Асанқайғы”, “Қыран қарақшы”, “Ұр, тоқпақ Құбаша”, “Жауырын”, “Әби мен Тәби”, т. б.).

Потаниннің қазақ ертегілерін жинау, зерттеудегі еңбегінің бағалы жағымен бірге, кемшілігі де бар. Ертекттер ел аузынан айтылуынша дәл жазылмаған, сюжетін ғана алып, соны орыс тіліне қысқаша аударып басқан. Екіншіден, Потанин ертекті, тарихи жыр, батырлар жыры, жеке ақындар шығармаларын жанр ретінде жіктемей, бәрін тұтас жинай берген.

XIX ғасырдың ақырында қазақ ертегілерін орыс ғалымдарынан А. Ивановский<sup>7</sup>, Л. Исаков<sup>8</sup>, Н.Н. Крафт<sup>9</sup>, А.В. Васильев<sup>10</sup>, тағы басқалар да едәуір көңіл бөліп жинады. Осылармен қатар, Шоқан Уәлихановтан кейін қазақ ертегілерін қазақтың өз ішінен шыққан ақын, жазушы, ғалымдар да жинауға кіріседі. Ыбырай Алтынсариннің хрестоматиясында бірқатар ертегі, аңыз әңгімелер бар<sup>11</sup>. О. Әлжанов<sup>12</sup>, Р. Дүйсенбаев<sup>13</sup>, Мәшһүр Жүсіп Көпеев<sup>14</sup>, тағы басқалары қазақ ертегілерін жинап, бастырып отырған. Бұлардың ішінде қазақ ертегілерін ең мол өндіріп және естіген қалпында жазып алып жинаған Мәшһүр Жүсіп Көпеев. Мәшһүр Жүсіп (1857–1931 жж.) жалпы ел әдебиетінің нұсқаларын XIX ғасырдың 80-жылдарынан бастап кірісіп, өлеңге дейін ұқыпты түрде жинады. “Дала уәлаятында” және совет тұсында<sup>15</sup> бірлі-жарым басылғаны болмаса, Мәшһүр Жүсіп ертегілерінің көпшілігі қолжазба күйінде Қазақ ССР Ғылым академиясы кітапханасының

---

<sup>7</sup> Этнографическое обозрение. 1890. №4. 1898. №1. Дневник антропологического отдела и общества любителей естествознания. 1890. Вып. V. Т. XII. Киргизская степная газета. 1895. №19.

<sup>8</sup> Тургайские областные ведомости. 1891. №12. 1894. № 11, 47, 48.

<sup>9</sup> Крафт Н.Н. Из киргизской старины. Оренбург, 1900.

<sup>10</sup> Васильев А.В. Образы киргизской народной словестности. Вып. I. Киргизские сказки. Оренбург, 1898.

<sup>11</sup> Алтынсарин И. Киргизская хрестоматия. Оренбург, 1879. Мактубат. СПб., 1889.

<sup>12</sup> Дала уәлаяты. 1894. №17, 29.

<sup>13</sup> Дала уәлаяты. 1895. №3. 1896. №43.

<sup>14</sup> Дала уәлаяты. 1893. №11–13. 1894. №6.

<sup>15</sup> Мәшһүр Жүсіп. Түлкі, қасқыр, түйе, арыстан. Ташкент, 1929.

фондысында сақтаулы. Мәшһүр Жүсіп жинаған ертегілердің жер, су аттарына, тарихи адамдар атына байланысты ертегі аңыздардың бірқатарына түсініктер, шешулер, талдаулар беріп отырады. Ал Мәулікей<sup>16</sup>, кейін Шәді<sup>17</sup>, Ақылбек<sup>18</sup>, Нұрымұлы Жүсіпбек<sup>19</sup>, Г. Фабдушев<sup>20</sup>, тағы басқалар шығыс халықтарына ортақ ертегі әңгімелерді дастан етіп бастырған. Бұл адамдар – көбіне діншіл ақындар ертегілердің сюжетін еркін алады да, тың шығарма жасайды, тілі араб, парсы, татар сөзі араласқан кітап тіліне айналып отырады. XIX ғасырда қазақ ертегілерінің бірқатар нұсқасы “Дала уәлаятының” 1889 жылғы санына қосымша жеке басылды<sup>21</sup> (“Сүлеймен патша”, “Сәтемір хан”, “Лұқпан хақим”, “Жиренше”, “Шықбермес Шығайбай мен Алдаркөсе”, “Аяз би”, “Қарға мен сұңқар”, т.б.).

Қазақ ертегілерін ұзақ жылдар бойы жинап, үнемі бастырып отырған адам – профессор Диваев Әбубәкір<sup>22</sup>. Әбубәкір (1856–1931) қазақтың ауыз әдебиет нұсқаларын (соның ішінде ертегілерді) жинауды XIX ғасырдың 90-жылдарынан бастады. Диваев өзінің жинаған ертегілерін көбінесе өз тұсында газет-журналдарға, не жеке кітап етіп бастырып отырған, басылып үлгірмегендерінің бірқатары өзі өлгеннен кейін қолжазба түрінде Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл, әдебиет институтына келіп түсті. Бірқатар материалдары Ташкентте Өзбекстан ғылыми орындарында сақтаулы. Басқа жинаушы зерттеушілерден

---

<sup>16</sup> *Мәулікей*. Қисса “Шәкір-Шәкірат”. 1888–1916. Мұңлық-Зарлық. 1899–1911. Қисса “Мәлика – Хасан”. 1883–1898.

<sup>17</sup> Шардәруіш. 1908. Қаһарлы заман. 1910, т.б.

<sup>18</sup> Алтын балық. 1914. Қырық уәзір. 1911.

<sup>19</sup> Шаһмұран. Қазан, 1901.

<sup>20</sup> *Фабдушев Г.* Жиренше. Қазан, 1909.

<sup>21</sup> Литературное приложение. Особое прибавление к Акмолинским областным ведомостям. 1889.

<sup>22</sup> *Диваев А.А.* Этнографические материалы. Вып. I. 1892. Ташкент. Вып. II. 1893. Вып. III. 1894. Вып. IV. Вып. V. 1896. Вып. VI. 1897, 1900. Отдельный оттиск из “Записок Восточ. отдела импер. Рус. археолог. общества”. III, X–XI. Ташкент, 1896. Из киргизских сказок Сырдаринской области. Ташкент, 1906. Семь сказок киргизов Сырдаринской области. Ташкент, 1906. Этнографическое обозрение. М., 1903. №1. 1904. №1. 1908. №12. Туркестанские ведомости. 1902. №90. 1912. №1–2. 1902. 1903. №10 (2139). 1904. №50 (2286). Киргизская легенда о ветхозаветном великане Аджэ /С предисловием Н.Ф. Катанова. Казань, 1908. Сорок небылиц. Труды об-ва изучения киргизского края. Вып. I–III. Оренбург, 1921–1922. Гарту. Ташкент, 1923.

Диваев еңбектерінің бір ерекшелігі – жазып алған ертегілерді қазақша-орысша екі тілде қатар бастырған және әрбір ертегінің қайдан, кімнің айтуынан жазып алынғандығы толық көрсетіліп отырады. Бұл жай әрбір ерекшеліктердің айтқыштық творчестволық ерекшелігін, қазақ ертегілерінің жайылып таралуының географиялық аумағын анықтауға зор мүмкіндік береді. Біздің осы баспадан шығып отырған ертегілеріміздің бірталайы Диваев жинақтарынан алынды.

XX ғасырда, әсіресе совет тұсында қазақ ертегілерін жинау, зерттеу жұмысы бәсеңдеген жоқ. Потанин, Диваев, Мәшһүр Жүсіп, Шәділермен қатар, бұл кезде қазақ ертегілерін белгілі ғалым Н.Н. Пантусов<sup>23</sup>, А.Л. Мелков<sup>24</sup>, тағы басқалар жинады. Бұл кезде ертегілерді жинау бірер адамның ғана жұмысы болмай, белгілі бір ғылыми қоғам, ұйымдардың ортақ игілікті жұмысына айналады.

Бұл ретінде Россиялық географиялық қоғамның Орынбор бөлімі, оның Ташкенттегі Күншығыс бөлімі, Семейдегі бөлімшесі недәуір күрделі жұмыс істеді. Қазақ ертегілерін көптеп, өндіріп жинау, зерттеу жұмысы совет тұсында кең өрістеді. Бұл кезде қазақ ертегілерін Қазақстанды зерттеу қоғамы атынан мол жинаған Ә. Диваев пен А. Мелков. Онан соң мұғалімдер, жоғарғы мектеп студенттері, жазушы-журналистер де қазақ ертегілерін үздіксіз жинап отырды. Қазақ ертегілері совет тұсындағы газет-журналдарда үнемі басылып отырды. Жиналуы алайда өнімді болғанмен, қазақ ертегілері көлемді жинақ болып басылған жоқ, тек жеке шағын кітапша болып, не әрбір альманах, хрестоматияларда басылып келеді<sup>25</sup>. Қазақ ертегілері 1933 жылы Ұлт мәдениет институты (қазіргі Тіл-әдебиет институты) ұйымдасқан кезден бастап, көлемді түрде жиналып, зерттеле бастады. Әдебиет тарихы

---

<sup>23</sup> *Пантусов Н.Н.* Материалы к изучению казах-киргизского наречия. Вып. 2, 3, 4 и 6. Казань, 1901. Образцы киргизской народной литературы. Казань, 1909.

<sup>24</sup> *Мелков А.Л.* Материалы по киргизской этнографии и сказки. Труды об-ва изучения киргизского края. Вып. 1–3. Оренбург, 1921–1923. Т. 5. Вып. 2. 1924. Материалы по киргизской этнографии. Оренбург, 1925.

<sup>25</sup> Тарту. Ташкент, 1924. Тазша. М., 1926. Өтірік. Қызылорда, 1924. Аяз би. М., 1928. Сексен өтірік. Алматы, 1937. Қазақ ертегілері. Алматы, 1939. Алдаркөсе. Алматы, 1936. Казахские сказки / Пер. Л. Макеева. Алма-Ата, 1940. Песни степей. 1940. С. Мұқанов пен Бекхожин. Қазақ әдебиеті. 1940–1945. Мұнда “Ер Төстік”, “Аяз би”, “Құламерген”, тағы басқа ертегілер басылып келеді. Казахские народные сказки / Составл. В.М. Сидельников. М., 1952, т.6.

кітаптары<sup>26</sup> мен жеке мақалалар<sup>27</sup> жоғарыда жарияланған еңбектермен қатар институттағы жиналған ертегі нұсқаларына сүйеніліп айтылады<sup>28</sup>. “Қазақ әдебиеті тарихының” I томына қазақ ертегілері арнаулы бір тарау болып кірді<sup>29</sup>. Қазақ ССР Ғылым академиясының мүше корреспонденті Ә. Марғұлан жолдас “Қазақ халқының батырлық жыр аңыздары” деген еңбегінде қазақ ертегілерінің шығуымен байланысты бірқатар мәселелерді қозғайды, әсіресе мергеншілік, аңшылық, тарихи адамдар, жер, қала аттарына байланысты уақиғалардың тарихы, әлеуметтік себептерін ашуға көп факті келтіреді. Қорқыт туралы халықтар арасына таралған аңыздарды салыстыра отырып, күй аңыздары мен ақындықтың қарым-қатынасына тоқталады<sup>30</sup>.

Бұл күнге дейін қазақ ертегілері бірқатар жиналып басылса да, ол жайында азды-көпті пікірлер айтылса да, әлі толық ғылыми жолымен жазылып алынған жоқ, кең көлемде зерттелген жоқ. Қазақ ертегілері, бір жағынан, сюжеті ғана жазылып алынып, орысша басылып келсе (Потанин, Мелков), екінші жағынан, өлең түрінде таралып (Мәулікей, Шәді) келді. Радлов, Диваевтар қазақ ертегілерін жер ыңғайына қарай түгел қамтып жинай алмады. Қазақ ертегілері сюжет жағынан салыстырылып тексерілген жоқ. Аты мәлім, шын ертегішілер анықталған жоқ.

Ертегіні ғылым жолымен жиып, зерттеген елдер үлгісіне қарасақ, ең үлкен шарт — ертегіні қара сөз күйінде, әр айтушының өз айтқан сөздерімен аудармай, айнытпай, өзгертпей түсіруде. Сонда жеке өлең етуші ақынның тіл өнерін, сөз өрнегін көрмейміз, көпшілік халық боп айтып келген әңгіменің молырақ қалпын көреміз. Және әрбір жеке ертектің өзіндік ерекше нақышын, машығын да танимыз.

---

<sup>26</sup> *Марғұлан Ә., Жұмалиев Х.* Қазақ фольклоры. Алматы, 1941. 42–66–бб.

<sup>27</sup> *Әуезов М., Соболев И.Л.* Фольклор и эпос казахского народа // Литературный критик. 1939. №11–12. 1940. №1.

<sup>28</sup> *Ысмайылов Е.* Қазақ ертекттері // Әдебиет майданы. 1939. №1. 139–148–бб. *Кенжебаев Б.* Қазақ ертекттері туралы // Әдебиет және искусство. 1940. №1. 78–86–бб.

<sup>29</sup> *Әуезов М.* Қазақ ертегілері // Қазақ әдебиеті тарихы. 1-т. Алматы, 1949. 58–100–бб. Әдебиет және искусство. №2, 3. 1956.

<sup>30</sup> *Марғұлан Ә.* Қорқыт күйші // Известия казахского филиала АН СССР. Серия языка и литературы. Вып. 1. Алма-Ата, 1944. С. 68–86.



Қазірде ертекті зерттеуші оқымыстылардың бір алуаны ертектің өзімен қатар, әсіресе сол ертекті айтушыға үлкен көңіл бөледі. Кейде тіпті ертекті зерттеп, талдап ұғынудың ең зор міндеті жеке ертектің стиль өзгешелігін зерттеп ұғынуға сүйенсін дейді. Сондықтан ертектің өмірбаяны, кәсіп, тұрмыс салты, ұғым-нанымы, білім шалымы – бәрі жиналып, еске алынып отырады.

Ертегі ертектімен ертегі болады. Әрбір жеке ертекті өзінше, өзгеден бөлекше тіл, түсінік, көркемдік өрнек, нақыспен айтады дейді. Бұндағы даусыз бір шындық – ертегінің ішіне анық шебер ертекті өзінен өрнек, өзгешелік қосып отыратыны рас. Ертекті күлдіргі, әзілқой адам болса, оның геройы да күлкі сөздер айтқыш, күлкі жайларға кездескіш болады. Ертекті батырлықты, қаһармандықты сүйетін болса, ертегінің ішінде соғыс майдан, ер сыны, ерлік сыры, сипаты көбірек көрсетіледі. Ертекті ойшыл, ақылғой, дана кісі болса, оның ертегісінде геройлар аузында адамгершілік, жақсылық-жаманшылық туралы неше алуан терең ойлар, шешен нақыл-ақылдар, үлгі-өсиеттер жүреді.

Бұл айтқан сөздер жеке ертектің орны, ролі аса зор екендігін көрсетеді. Кем дегенде, әр ертектің өз тілі, өз өрнегімен бұлжытпай, өзгертпей жатқа түсірудің қажеттігін танытқан. Бұл ретте орыс ертегісін зерттеуші ғалымдардың еңбегі, тәжірибесі аса маңызды (Зеленин, Смирнов, Ончуков, ағайынды Соколовтар, Азадовский, Андреев, т.б.). Қазақта да шебер ертектілер, жүйрік әңгімешілер аз емес. Қазақ ертегілерін қадағалап оқып, байқап отырсақ, оны айтып таратушылардың көпшілігі қойшылар, малшылар, жалшылар болып отырғандығын байқаймыз. Әсіресе сыншыл ертегілерде, Алдаркөсе, Жиренше туралы және өтірік ертегілер мен айналы тазшалар туралы ертегілерде қойшы, жалшылар ортасынан шыққан адамдар жағымды бейнеде суреттеледі. Тіпті “Қаңбақ шал” сияқты хайуанаттар араласып келетін ертегілерде де қойшы мен жалшылар қас күштермен алыста ақыл-айласын асыратын кейіпкерлер ретінде әңгімеленеді. Міне, осындай ерекшеліктердің өзі-ақ қазақ ертегілерінің қандай қоғамдық ортада туып, кең өріс алып отырғандығын, кімдердің көбірек айтып таратқандығын айқын көрсетеді. Осы тұстағы белгілі әңгімеші, ертекті Омар Шипин, Қайып Айнабеков, Төлеу Көбдіков, Иманжан

Молдақметов сияқты ақын-жазушылардың көбі жас кезіндегі қойшы, малшы болған адамдар.

Сонымен қатар, ертегі көптен келе жатқан көне мұра. Әрбір ірі ертектің өзін алғанда да, оның ертегісінің өз жанынан қосатын сөздегі қоспасынан басқа, ертеден бері ауыздан ауызға көшіп, бірқалыпты айтылып, сұрыпталып келген тіл мен үлгі де мол болады. Әрбір ертектің алдыңғы өзіндей ертектіңден алған, үйренген, жаттаған сөздері, сөйлемдері, көркемдік әрекеттері де көп болады. Әр алуандас ертектің әр басқа үйренушілері, қостаушылары болады. Ертектің де өзіне бөлек ұстаздары, шәкірттері, еліктеушілері сияқты топтары, ұялары бар. Ертекті ертектің жағынан зерттегенде жалғыз бір айтушы емес, алдындағы, айналасындағы барлық тобын тамыр түбірімен зерттеу керек болады.

### III

Қазақ ертегілерін түр-түрге бөліп талдап тексеруден бұрын бірнеше жалпы түсініктер айтып өту қажет. Бұл – ертегі фольклоры жайындағы негізгі ғылымдық, жүйелік мәселелер.

Әр елдің батыр жырлары, салт жырларында, әсіресе ертегі, легенда сияқты мұраларында бір-бірімен ұқсас жақтары болып отырады.

Бұл ұқсастықтардың негізгі себебі шаруашылық, қоғамдық, салт-саналық жағдайлары бір дәрежеде, біркелкі ұқсас халде болғанда – сол елдердің әрқайсысы өз топырағында ұқсас шығармалар туғызады. Онан соң шаруашылық қарым-қатынасы аралас, жақын елдердің ертегілері біріне-бірі ауысып келіп жатады. Мәселен, қырғыз, өзбек, ұйғыр, түрікпен халықтары мен қазақ халқына ортақ ертегі әңгімелер көп-ақ.

Сөйтіп, дүниежүзіндегі халықтардың бәрінің де айтып жүрген ертегілері жалғыз сол халықтың өзі ғана тудырған ертегілер емес, қайта өзге де көп-көп халықтарға ортақ мүлік боп шығатын жайы бар.

Осымен қатар айтылатын тағы бір негізгі пікір – ертегі бір елдің фольклоры көлемінде тексерілу үшін, оның тек қана осы елдің өз ішінде туған төл ертегісі болуы шарт емес. Қай жақта туып, қай шеттен келсе де, белгілі ертегіні бір халық өз тілінде халық болып әңгіме етіп, айтып жүрсе, сол жеткілікті. Бұл халықта ол ертегіні өз ертегісі қатарында зерттеп, тексеріп,

төл ертегісіндей танитын болады. Белгілі ертегіні қазақ ертегісі қатарында тексерумен қатар, оның түбі қай елден шыққанын айта отыру шарт. Көп халықтарға тараған ертегі болса, қай халықтың молырақ, көркемдірек етіп айтатынын да атап өтуге болады. Мысалы, “Мың бір түн” әңгімесін, “Тотының қырық тарауын” ауызша айтып келген шығыс халықтары қалай әңгімелейді? Шығыс халықтары арасында Орта Азия елдері қандайлық жаңалықтар қосып айтады? Өзбек, қазақ, қырғыз, түрікпен сияқты елдердің қайсысы молырақ, көркемдірек әңгіме етіп жүр? Немесе осы елдердің бәріне ортақ аңыз әңгіме – күлдіргі әңгіме Қожанасыр жайын қай ел қаншалық өзгешелік өрнек, көркемдікпен жетілте айтады? Осы жайдың бәрін салыстыра тексеру, нақты тану – фольклорды зерттеуші ғалымның ардақты міндеті.

Ертегі қатарында, қара сөзбен айтылатын аңыз әңгіме боп келген, тарихта болған кейбір адамдар жайындағы мұраларды да тексереміз.

Әсіресе бұл адамдардың дәлді болған тарихтағы кездері анық еместігін және жұрт әңгімесі олар жайындағы сөздерді ертегіше өскелең, еркін қиялмен бейнелегендіктен осы топқа қосамыз.

Ғылым дүниесінде ертегіні түр, жанр жағынан жіктеу әлі белгілі бір жүйеге түсіп, қалыптанған жоқ. Орыс ғалымдары әр елдің ертегісін тексергенде ертегілерді әртүрлі жолмен жіктеп жүр. Проф. Н.П. Андреев Арненің халықаралық ертегілер каталогі негізінде орыс ертегілері сюжетінің көрсеткішін жасады<sup>31</sup>. Бұл көрсеткіште бұған дейінгі орыс ертегілерінде жіктеулердің бәрін сыннан өткізіп, ертегілерді негізгі үш топқа бөледі.

I. Хайуанаттар туралы ертегі (сказки о животных).

II. Нағыз ертегі (собственные сказки).

III. Күлдіргі сөздер (анекдоты).

Екінші топтың өзі төрт жікке бөлінеді:

а) қиял ғажайып ертегі (волшебные сказки);

б) аңыз ертегі (легендарные);

в) әңгіме ертегі (новеллистические);

г) ақымақ шайтан туралы ертегі (сказки о глупом черте)<sup>32</sup>.

---

<sup>31</sup> Андреев Н.П. Указатель сказочных сюжетов по системе Арне. Издание Государственного русского географического общества. Л., 1929.

<sup>32</sup> Сонда. 7-б.

Бұл жіктеулер әлі толық зерттеліп, ғылым жолымен дәлелденіп жетпеген, алдын ала сырт белгілеріне сүйеніп жасалынып отырғанын айтады Андреев. Осы қазақ ертегілерін баспаға дайындаумен байланысты оның өзін төрт салаға бөліп едік:

- 1) қиял-ғажайып ертегілер;
- 2) сыншыл ертегі;
- 3) қулық-күлкі ертегі;
- 4) өтірік ертегілер.

Алайда қазақ әдебиеті тарихының I-томын жазумен байланысты ертегілеріміздің ерекшелігі кеңірек тексерілді, оны жіктеуді негізінен үшке бөлеміз:

- 1) қиял-ғажайып ертегі;
- 2) хайуанат жайындағы ертегі;
- 3) сыншыл ертегілер.

Ал сыншыл ертегілер қазақ фольклорында ең көп болу себепті оның түрлері де әр алуан. Сондықтан сыншыл ертегілер өзара үш түрге бөлінеді:

- а) салт ертегілер;
- б) күлдіргі ертегілер;
- в) аңыз ертегі.

Әрине, бұл жіктеуді түпкілікті белгілі бір әдебиет заңы деп санамаймыз; қолда бар материалға сүйеніп айтқан алғашқы тексерудің, бақылаудың қорытындысы ғана.

Қиял-ғажайып ертегілердің екі түрлі айқын саласы бар. Біреуі – қазақ ескілігінен келе жатқан, өз тумасы. Екінші түрі – неше алуан жолдармен, әлденеше елдерді аралап кеткен келгін ертегілер.

Бұлардан басқа қазақ тарихы мен ерте күннен бері үздіксіз ұзақ қатынасы болған Орта Азия халықтарының және Алтай, Саян, Байқал атырабында, Сібір терістігінде болған елдер ертегілерінің де ауысқаны көп.

Бұл салалы ертегілердің бірталайы ескілікті нанымдармен (буддизм, шаманизм, көне Ираннан шыққан зардушт) байланысып келеді. Дүниенің жаралыс сыры, адам туысы, қас ие, дос иелер тұғасы, әрекеті жөнінде неше алуан бұлдыр долбар, сырлы қиял, ғажайып ұғым, нанымдар жасап алып, соны дін іргесі еткен. Және осы жайлардың бәрі де ертегі, аңыз әңгіме түрінде туып, тарап еді. Ол ертегіге заманының білімі де, ұғым-нанымы да түгел жиылған. Сол күндегі

адамның шама-шарқына қарай құралған өзінше даналық қазынасы солар. Атаның балаға білдіре сіндетін үгіт-тәлімі де солар болған. Міне, осымен бертінде қазақ халқы айтып таратып жүрген қиял-ғажайып ертегілердің ішінде жаңағы аталған талай елдер ертегілерінің оқиғасы, әңгіме үлгісі, ертегілік өзгеше жан иелері, заттары жүргенін көреміз. Мұндай ертегілер жалғыз қазақта емес, сол жаңағы елдердің бәрінде я бұрын болғанын, я қазірде де барын көреміз. Сөйтіп, қиял-ғажайып ертегілерінің қазақтағы бір мол саласы – қазақ халқы айтқан көне түрлерін атасаң, ең ескілері аңшы мергендер жайындағы ғажайып хал ертекттері болу керек. Мерген болғанда берідегі шындыққа жақын салт ертегісіндегі мерген емес. Өзгеше қиял дүниесінің ішінде әрекет ететін мергендер. Бұл “Еділ-Жайық”, “Кұламерген”, “Жерден шыққан Желім батыр”, “Аламан мен Жоламан” сияқты ертекттер.

Мергендер жайындағы ертегілермен ілес-қаралас ер, батырлар жайындағы ертегілер жүреді. Осы мерген мен ертегі ерлер жайындағы қиял ертекттері бір қазақ емес, жалпы Орта Азия халықтары ертекттерінің де ескісі болуға тиіс.

Қазақ айтатын қиял ертегісінде адамзаттан мерген араласса, немесе ғажайып жар, “ай десе аузы, күн десе көзі бар” күн астында Күнікей сұлу, не алтын шашты қыз араласса, солармен қатар жалмауыз, қазық аяқ, қарға тұмсық кемпір, жезтырнақ, жалғыз көзді жалмауыз, жеті басты жалмауыз және неше алуан алып араласады. Қиял тудырған жануар затынан – айдаһар, жеті басты жылан, қарақұлақ, алып қара құс, тұлпар ат, басы алтын, арты күміс киік сияқты заттар араласады.

Бұлардың бір тобы ертегінің еріне дос болып, бір тобы ұдайы қас күш есебінде әрекет етеді. Жалғыз көзді жалмауыз, жалмауыз кемпір, жеті басты жалмауыз, мыстан кемпір, айдаһар, қарақұлақ, жезтырнақ сияқтылар үнемі айнымас жаулар. Алып қара құс, тұлпар ат және неше түрлі алуан: тоқпақ, кездік, қазан, жүзік, қырық құлаш семсер сияқты заттар ердің көмегіне, керегіне әрекет етеді. Осылай екі жар болып бөлінген ғажайып жан иелері мен зат-бұйымдар арасында кейде дос, кейде қас боп кездесетін бір алуан қиял персонаждар бар. Олар – алыптар (таусоғар, көлжұтар, көреген, желаяқ, сакқұлақ) сияқты бір топ персонаж және осылардай екіұдай әрекет атқара жүретін

жылан патшасы, басы алтын киік, жады кемпір, жұмбақ жар сияқтылар болады.

Жоғарыда аталған мергендер мен ерлер жайындағы анық ескі ертекердің көбінде ертегі геройы кезетін дүние жердің үсті ғана емес. Басқа халықтардың ертегілерінде кездесетін тың дүниелер бар. Ол – жердің асты. Кейде жеті қабат жер асты. Кейде алып қара құс алып кететін аспан үсті. Ол арадан “жер тоқымдай”, немесе “жер теңгедей” боп көрінеді. Кейде күн астында Күнсұлу, ай астында Айсұлулардың адамзат баспас, бармас мекені, кейде бұл от дариясының ар жағы, кейде барса келмес сиқыр арал боп кетеді. Кейде адамзатқа жұмбақ жай – жалмауыз мекені, немесе су асты. Сол дүниелерден барып шығатын мерген мен ер не ажалына, не бағына жетеді.

Осы алуандас ертегілердің бәрінде адам қандай, адамды қоршап тұрған дүние қандай? Ол дүниенің жаратылыс сыры туралы сол күндегі адамның ең алғашқы ұғым-нанымы, түсінік қиялы қандай? Қандайлық мифтік түсініктер жасап еді, бұлдыр менен болмыс, барлық арасында сол күннің шамасына қарай білім, наным етіп ұстанғаны немене еді? Адам жаратылысы мен қуатының өзі қандай жұмбақ еді және сол адамның күшіне сену, нану қаншалық дәрежеде биік, берік еді? Осының бәрін халықтың ой қиялы тудырған ғажайып ертегілер неше алуан түрде өзінше шешіп, ашып береді.

Сондағы айқын көрінетін бір ерекшелік – адам қуатына өзгеше сену бар, мол, жарқын сенім бар. Ертегі ішіндегі күшті менен тістіге, кәрілі менен зәріліге, сиқыр тылсым жат бауыр жер ортаға, адамзат баласы басып көрмеген бытқыл қиынға жапа-жалғыз және көптің бірі жұпыны ғана адам барады. Осы адамзат өкілі болумен бірге, халықтың нағыз жуан ортасынан шыққан жан. Ол не әлсіз бала жігіт, не кедейдің жалғызы, жалқысы, не әділетсіз зорлық, сұмдықтан қаза шеккен, жаза тартқан көп момын айыпсыздың бірі. Не әділ, адал еңбекпен күнін кешкен бейнетқор мерген, ер боп келеді. Ертегіде, міні, осы адамның аты жақсылық, осының жолы жақсы адамзат жолы боп шығады. Бұған достық еткеннің бәрінің жиын аты да жақсылық, қосымша жақсылықтар. Ал бұған қарсы әрекет етуші күштің бәрінің жиын аты жаманшылық. Ол да көп пішінді, көп мүсінді. Жақсылықтың айқын, жарқын бейнесі жанды мүсін боп қаншалық бадырайып тұрса, мына

жаманшылық, қастық да соншалық жанды жыртқыш боп, жиынды бейне, үйінді жауыздық боп тұрады. Ертегі, әсіресе қиял ертегісі осы тақырып, осы идеяны ғана баян етеді. Баян етушімен тыңдаушысын тәрбие-лейді, баулиды.

Адамға қас жалмауыз бейнесі ерекше көрсетіледі. “Еділ-Жайық” ертегісіндегі қоралы қой, мол дәулет иесі, бірақ адам етін жейтін жалмауыз, толып жатқан мыстан кемпір, қазық аяқ, қарға түмсық кемпір, жезтырнақтар да осы сияқты ұлғайып суреттелген жауыздық тұлғасы, адамның өз ортасында бар жауыздық тұлғасы болады. Тек бұл соңғылар жалмауыздай көрінеу жау емес. Сырты момын, іші зәр, монтаны аяр бейнелері бар. Бұлар да шындық, болмыс міндерінен туған, соны ертегі тілімен өсіріп өсірелеп, өрескел етіп көрсеткен бейне болады.

Қиял ертегілерінің адамға дос күштерін аңғарып қарасақ, онда да көп мағына, көп сыр бар. Жанды, жансыз жақсы заттың бәрі де адамзаттың алыстан келе жатқан асыл арманын танытады. Ертегінің ерін қиянға апаратын алып қарақұс, өзі ұшатын кілем, тұлпар ат бәрі де қиял пырағы. Жерде жүрген жүрісі өндімеген, өзінің талап-тілегі таудай адамзат “аспанда ұшар ма едім” деген арманды ертеден ойлаған, үзбей ұзақ ойлаған. Жалпылдап ұшқан жапалақ пен қадірсіз қарға шыққан көк күмбезге мен де шығып, сондай биік самғасам, сондай жылдам жүйтіксем деген арман қиялын әкеп “алты айлықты алты аттайтын” тұлпарға, өзі ұшатын кілемге, алып қарақұсқа жиған.

Данышпан Горький айтқандай: “Ертегі алдымен болжаушылыққа үйретеді; фактілерді күні бұрын сәуегейшілікпен айту біздің ойымыздың мейлінше шеберлігі. Аэроплан жасалудан ондаған ғасыр бұрын кілеммен аспанға ұшу туралы, газ, электрлы машиналар, паровоздар жасалғанға дейін айлықты алты-ақ аттайтын жел жетпес тұлпарлар туралы ертегілер қиялмен біліп алыпты”<sup>33</sup>.

Аяғына тас байлап жүгіріп, безеген киіктердің алдын орайтын желаяқ адамдар да осы тектен туған. “Ер Төстікке” серік болатын көреген батыр, естігіш батыр – бәрі де адамның сол бір ұлы армандарын білдіреді. Сыры жат табиғаттың, жер мен аспанның көзге көрініп тұрған бергі

---

<sup>33</sup> Горький А.М. О сказке // Тысяча и одна ночь. Изд. “Akademja”, 1929. Т. 1. С. 9.

кабатынан өтіп, ішін шарласам, сырын ақтарсам, бермесін алсам деген ізденгіш өршіл ойын танытады.

Қазақ халқының өз ескілігінен келе жатқан осы алуандас ертегілердің кейбір уақиғасы, тартыс күштері өзге талай елдің ескі қазынасында да кездеседі. Мысалы, алып қарақұс, самұрық құс, өзі ұшатын кілем дүниежүзі халықтарының көбінде бар. Орыс ертегісінде де алып таусоғар, көлжұтар, желаяқ боп кездеседі. Жеті Горыныч боп орыс ертегісінде жүреді. Жалмауыз кемпір де “баба яга” деген атпен орыс ертегісіне кіреді.

Орыс, қазақ ертегілерінің жақындығы туралы ғылыми пікірлерді ХІХ ғасырда В. Радлов, А. Алекторов, Ш. Уэлиханов, Ә. Диваевтар айтатын болса, бүгінгі орыс ғалымы В.М. Сидельников те нақты дәлелдеп айтып отыр.

Міне, осы сияқты тағы толып жатқан ұқсас персонаждар көп халықтар ертегілерінде де бар. Әрине, бұған қарай солар жайындағы ертегілер бір-ақ халықтікі, өзгенікі бәрі содан алған деген үзілді-кесілді, бір жақ қорытынды болмайды. Бір жағынан, шаруашылық, мәдени қарым-қатынасы, тарихи өмірі тығыз байланысты болу себепті ертегілердің ұқсас мотивтері дамыса, екінші жағынан, әр елдің өз фольклорының көлемінде, өз топырағында ертегі әңгімелердің туып, дамуы әбден заңды.

## IV

Бір алуан ертегілер – хайуанат жайындағы ертегілер.

Адам баласы өзінен өзге жанды, жансыз дүние, әсіресе айналасындағы хайуанаттардың тіршілігі, өмірі жайлы танып білуге талпынған талай аңыз ойлар, әңгімелер айтып таратқан. Қазақ елі де көп заманнан бері мал мен даланың аңы, құсымен үнемі көп араласып келе жатқандықтан, хайуанаттар жайлы әр алуан ертегі әңгіме шығарған. Хайуанат жайлы ертегі барлық елде бар.

Хайуанат жайындағы әңгіме аңыздардың екі түрі бар. Бірінде хайуан мінез-құлықтарын дәл хайуанның өзін суреттеу үшін айтпай, адамдағы мінез-құлыққа бейне, түспал, мысқыл есебінде қолданған. Адамдағы кемдікті, мінді бадырайтып, ұлғайтып, жиренішті етіп көрсету үшін, сондай сын арқылы жаманшылықпен алысу үшін мысал етіп



алу болған. Хайуан мінездерін әңгіме етудің екінші түрі – хайуанды анық хайуан етіп суреттейді. Оның жанды-жансыз дүние арасындағы өз қалпы, кейпімен жүрген шындығын, болмысын адам өз түсінігі арқылы анықтап, айқындап, жетілте өткірлеп көрсетеді.

Бізге мәлім қазақ ертегісінің ішінде қасқыр көбірек әңгімеленеді. Қасқыр жайлы ертегінің бір түрінде, ең ескі түрінде, қасқыр ертегі ішінде әрі адам жынысына киелі дос боп әңгімеленеді. Екінші түрінде және көпшілігінде қасқыр өзінің дағдылы қасқырлық қастан мінезімен суреттеледі.

Киелі аңнан қазақ ертегісінде қасқырдан басқа да ерекше орын алғандары бар. Ол да көбінесе құстан шығады. Аққу, байғыз, кептер, бүркіт боп келеді. Солардан басқа адамның үй серігі иттен, аттан да киелі күштер шығады.

“Сырттандар” деген ертегіде қасқырдың, иттің, жігіттің сырттаны, аттың тұлпары алысқа түседі. Бұл ертегіде қасқыр – нақтылы ашық, айқын қастан күш. Ежелгі адамға өш зұлымдықтың жиынтық бейнесі боп кейіптеледі. Қасқыр сырттаны жалғыз баланы туысымен жемекке бола жасайды. Баламен бірге оның жау тағдыры, қазасы қоса туған болады. Сол жігітпен бірге дос серігі боп, ажалына арашашы боп құлын тұлпар да қоса туады. Дүние адам үшін екіұдай, жарымы қас, жарымы дос, мәңгі басылмас керісте деген ұғым-наным танылады. Кейін жігітке жәрдемші боп ит сырттаны араласады. Сол ат, ит достығы арқылы қасқыр сырттаны жеңіліп, жігіт аман қалады да, үлкен сыннан жеңіп өтіп, үлкен шыңға шығады.

Бұл тексерілген ертегілердің әрқайсысы қасқырды дағдылы қалпынан өзгертіп, әсірелеп сипаттаған ескі нанымдардан туған көне ертегілер. Жалпы дүниежүзілік фольклордың ертегілілі түріне қазақ фольклоры қосатын тың, соны жаңалықтар осылар болады. Сол қатарға тағы қасқыр жайындағы бір топ әңгіме, қорқау қасқырлар жайын қосуға болады. Бірақ бұл әңгімелер ескілік жағынан біркелкі емес. Қайта көпшілігі бертіндегі тарихта болған ер батырларға да кездесе беретін киесі де, сиқыры да, аярлығы да жоқ, тек жүйрік, тек таймас қара қайрат иесі қасқырлар болады. Басқа ел ертегілеріндегідей қазақта да көп ертегілерде бірнеше аң-айуан бір жүреді.

Мысалы, қасқыр мен түлкі, қасқыр мен аю, түлкі, кейде қасқыр, түлкі арыстан, түйе аралас жүреді. Бұларды ертегінің әдісіне біріктіретін әңгімелік себеп, мотив – оқыстан кезігу болады. Әрбір аң-айуан айнымас мінез иесі болады. Арыстан өр зорлықтың, асқақ күштің иесі; қасқыр тойымсыз қомағайлық, жеміттік мінез иесі; түлкі пәле басы және жауырыны жерге тимес аяр, алдамшы, өзінен өзгенің бәріне іші қас, сырты дос боп жүреді. Ауырдың асты, жеңілдің үстімен жүріп, ұшқан құс, жүгірген аңның бәрін мазақ етіп, алдап соғып жүреді. Бұл және әр кезде хайуанаттар жайындағы әңгімелердің күлдіргісі боп араласады. Оған сөйлеген аңның бәрі “түкім, түкім!” деп еріксіз аяласынан именіп, жағына сөйлейді.

Өзінше бір алуан келеңсіз, ақылсыз қара күштің иесі боп аю жүреді.

Момын жазықсыздан, кең тазалықтан осы айуандар арасында жүріп жем болатын түйе бар. Қазақтың бұл алуандас ертектерінде көбінше қойшы араласа жүреді. Ол кейде өзіне түлкіні серік етіп ап, аюдай алып күштерді, айласыз қара күшті тәсілмен ұрып жүреді. Түлкі мен адам кездесіп, айлакерлік салыстыратыны да осы қойшы, түлкі, аю әңгімесінде болады. Көптің есесін жеп жүрген түлкі адамнан алданып, өзі жер қабады.

Хайуанат жайындағы осы алуандас ертегілердің көбі балаларға арналған түрлі жеңіл әңгіме боп та кетеді. Ол – “Құйыршық”, “Қотыр торғай”, “Мақта қыз бен мысық” сияқты көп ертегілер. Құйыршық ғажайып түрде ешкінің құйыршығынан біткен кішкентай бала болады. Ол қасқырды, жолаушыларды, үй иесін бәрін алдап соғады. Ажалдан қалып, әке-шешесіне келеді. Ертегінің бәрі де кішкене балаға өз қайратына сен, қорғаншақ, жасқаншақ болма, батыл бол, тірлік үшін алысуды үйрен дегендей үгіттерді танытады. Және баланы айналадағы жансыз табиғат, жанды мақұлықтың бәрімен туыстыра, табыстыратын терең сырлы әңгімелер.

Қазақтың хайуанат жайындағы ертегісінің тағы бір мол тобы үй хайуандары туралы болады. Айнымас берік, есті дос иттен басқа, тұлпар серік аттан басқа, “Бозінген” сияқты түйе жайындағы әңгіме ботасы өлген інгеннің зар шерін айтады. “Тепеңкөкте” бәйге ат өзгеше әңгіменеді. Малды білген, оны сүйген қазақ халқы үй хайуандары

жөнінде оларды мінезді, есті, аңызды, мұнды-зарлы етіп, жаны ашып, дос тұтып әңгімелейді.

Хайуанаттар туралы ертегілерді қойшы, малшылар айтқандықтан да өздерін қатыстырып, жыртқыш, зорлықшыл аңдарға қарсы момын аңдар алысқан шақтарда адам – алдымен қойшы, аңшы, мергендер жәбірленуші хайуандарға болысып отырады. Ғажайып, сондай хайуанаттар жайындағы ертегілерде қазақтың өзіне тән ерекшеліктер де байқалып отырады. “Піс, қазан”, “Үр, тоқпақ”, “Қу жауырын”, қошқар, қойлар, түйенің жылдан құр қалуы, сырттан, жүйріктер туралы ертегі, әңгімелер қазақ тайпаларында туып, қалыптасқандығы даусыз.

Хайуанат жайлы ертедегі бір алуан аң, құстардың өз міндеттеріне лайық әр алуан тіл, сөз беріледі. Шешен айтушының әңгімесінде түлкілер мәтелдеп, мақалдап та сөйлейді. “Түлкі мен маймыл” ертегісінде түлкі маймылды патша қылам деп алдап қақпанға түсіреді, балықты өзі жейді. Маймылға “тепкілесен кетпейтін темір бақ қонды” деп ажуалайды. “Екі бақ бар, бірі басқа, бірі аяққа қонады” деп, мазағын, аярлығын соншалық шешен, терең мағыналы сөзбен өткізеді.

## V

Шыншыл ертегілер – қазақ ертегісінің ең мол түрі. Шыншыл ертегіге халық өзінің дүние тануындағы, қоғам тіршілігіндегі, үй тұрмысындағы бас тірліктері – барлық мұң, мүддесін, тартыс, талабын жиып түйген.

Бұл салалы ертегілер құр ертегі ғана емес, ауызша айтылған шебер көркем шығарма боп, халық романы, халық әңгімесі, новелласы болып та кетеді. Және мұнда қоғамдық тартыс, тап қайшылығы, қанау, зорлық, соған қарсы қалың еңбекші халықтың сыны, наразылығы, алыс-тартысы, алыс арманы – бәрі де айқын көрінеді. Ончуков жиған орыс ертегілерін оқып шығып, В.И. Ленин “бұл ертегілерден халықтың көп ғасырлық мұң-арманы аңғарылады, талай тартысы танылады” десе, сол ұлы пікірдің шындығын осы топтағы қазақ ертегілері де анық, айқын дәлелдейді. Ертегіде, соның ішінде сыншыл ертегіде қауіпті жауды жеңген елді апаттан, құлдықтан азат еткен батырлар жайы көп әңгімеленеді. Мәселен, жиған кезген батырлар бір елді

жалмай жұтып, жоқ қылғалы жатқан жалмауызды өлтіреді, халыққа еркіндік береді. Я болмаса хандардың зұлымдығы, қаталдығы батыл әшкереленеді. Хан жарлығы орындалмаса, бас алу заңын ертегі әрдайым қатты сынайды, әділетшіл, ізгі адамдар хан, патшалардың қаталдығына қарсы сан түрлі айламен күрес ашады. “Мың бір түн” ертегісінде Шаһаризада күніне бір әйелдің басын алатын ханның қаталдығына күніне қызықты бір әңгіме, ертегі айтумен қарсы тұрып, ақыры бүкіл әйел қауымын апаттан құтқарады. Аяз би, Жиренше шешендер, айлалы тазшалар езілген тап ортасынан шығып, ханның ақылсыздығымен, әділетсіздігімен күреседі. Жауыздық, зорлық, қаталдық халықтың ерлігі, даналығы алдында бас иіп отырады. Сондықтан да ұлы Ленин және Горький ертегіге айрықша мән берген.

Шыншыл ертегілердің ішінде әсіресе салт ертегілерінде қоғам өмірінің, адамдар тіршілігінің бейнесі өте айқын көрсетіледі.

Бұл ертегінің көптігіне орай тақырыбы да мол. Оның ішіндегі бастыларын санасақ: пайдалы өсиет, ақылды жігіт, ақылды қыз, қиянатшыл жар, өгей шеше қастығы, өнерпаздық жарысы, хан қиянаты, әке мен бала, ағалар мен інілер арасы, тағдыр мен бақ, ұрылар мен аярлар әңгімесі сияқты неше алуан боп шығады. Бұлардың жалпы тобынан туатын идея, қоғамдық салт-сана: әділдік пен теңсіздікті, зорлық пен қарсылықты, байлық пен кедейлікті, бақ пен сорды, жақсылық пен жауыздықты, ақыл мен ақымақтықты қарсы қою түрінде болады. Осы қатарда үй іші тұрмыстың адалдық пен қиянаты, беріктік пен алдауы да көп ертегінің идеясын ашып отырады.

Шыншыл ертегілердің бір мол қайталайтын тақырыбы — ақылды жігіт, ақылды асыл қыз жайындағы ертегілер. Бұл ертегілердің ескі түрі қиял ертегілерінің әсерін көрген. Сондағы ертегілік қиын жол, қыспақ хал сияқтының бірталайын ішіне ала жүреді.

Салт ертегісінде әке мен бала, ағалар мен інілер арасын әңгіме етеді. Ол ертектерде жаман ағалардың жақсы ініге ететін күншілдігі, қастығы жайы айтылады.

Жақсы баланы құрбан етіп, амандық алатын әке жайындағы әңгімелер де осы алуандас келеді. Қазақта дәл осы соңғы тақырып қиял ертегілерінің ескілігімен жалғас, қатар жүреді. “Алтын сақа”, “Жаналы” ертегілері

киял ертегісі “Ер Төстікпен” туысады. Бұларда әуелі әке жалмауыз кемпір, айдаһар сияқты қастан күшке оқыс кезігіп, өлімнен құтылу үшін жаңағы дұшпандарының талабы бойынша ұлын құрбан етпек болады. Содан кейін бар ертегі сол жазықсыз, жақсы баланың ат көмегімен, өз ерлігімен, не басқа дос көмегімен құтылуын баян етеді.

Бұл айтылғандар салт ертегісінің қиял ертегісімен шектес, көне түрлері. Әке мен бала, ағалар мен інілер жайындағы салт ертегілерінің бертін шыққан үлгілері шын өмірлік уақиға, халдерді баян етеді. “Дарыш мергеннің ұлдары”, “Хан мен баласы”, “Әби-Тәби” деген ертегілерде балалар әке тапсыруымен сапар шегіп, бейнет көріп, өз еңбектерімен өздерінің бақытын іздейді. Кейде сол сапарға шыққан баланың бәрі неше алуан күйге жеке-жеке кетіп жүріп ұшырайды да, бәрі де жақсылық, ерліктері арқылы ырыс тауып тынады.

Салт ертегісінің дүниежүзілік бар фольклорға жайылған бір қызықты тақырыбы – қарақшылар, аярлар жайындағы ертегілерде. Қазақта да бұл көп ертегі. Ерте күндегі, көне түрі “Қырық қарақшы” сияқты боп шығып, дәумен алысады. Басында қызға таласып, өз туысқандарын өлтіреді. Бірақ қызды дәу алып қашып кетеді. Дәудің жаны судағы шабақта екенін біліп алып, қарақшы сол шабақты ұстап, өзінің санын тіліп, етіне қыстырып алып келіп, дәуді өзіне көмекші етіп алады. Дегенін істетеді. Ұрлық ұсталығын адамға қарсы қас күшті жеңуге жұмсаған қарақшы болады. Бұл қиял ертегісімен жалғасқан ескі түрлі әңгіме.

“Жеті қарақшы мен момын”, “Көзбояушы ұры” деген ертегілер – осы үлгідегі ертегінің көп санындағы ерекшеліктерді анық танытатын, айқын әңгімелер. “Жеті қарақшы” ертегісі “бара жатқанның балтасын, келе жатқанның кетпенін” ұрлаған деп сипаттайды. Бұлар момынның бар малын ұрлайды, қара жерге отырғызады. Бірақ момын ақырында осы жеті қарақшының бабын тауып, өзі алдап өшін де алады, малын да қайырып алады.

Бұл ертегі момынды қу мен сұмға жем болмасын деген жалпы әділет тілегінен туады. Жамандық жаза шекпек, жақсылық жеңбек, “арамзаның құйрығы бір тұтам” дегендей, халық ұғымындағы әділет көксеу желісіне құрылған. Қазақ ертегісінің ішінде Орта Азия халықтарына ортақ “Атымтай

Жомарт”, “Тотының тоқсан тарауы”, “Төрт дәруіш”, “Рүстем-дастан”, “Тақ Сүлеймен”, “Сейфул Мәлік” сияқты мол түбірлі, шоғыр-шоғыр үлкен ертегілер бар. Бұлар көбінше бір әңгіме емес, әлденеше салалы, ұзақ шебер құрылысты ертегілер болады. Осылардың көбіндегі өмір шындығы, қоғамдық мүдде, талап, адам мінезі мен үй ішілік, әлеуметтік қатынас, талас, тартыстар – барлығы да қазақ ертегілерінде байырғы салт ертегілеріндей үлкен толғаулы оймен, шешен, шебер тілмен қызықты халық романдарынша әңгімеленеді.

Шыншыл ертегілер қатарындағы бөлек бір алуаны күлдіргі ертегілер болады. Алдымен бұл ертегілердің уақиға ортасында жүретін бас адамдарының өзі ерекше. Іс-мінезі, аты, қалпы, кескін-ұсқыны күлкі, оқыс келеді. “Тоғыз тоңқылдақ, бір шіңкілдек”, “Ұр, тоқпақ”, “Қаңбақ шал”, “Айталы тазша”, “Қу тазша”, “Тазшаның қырық өтірігі”, “Қу бала”, “Екі еріншек” деген сияқты боп, ертегінің аты мен адамынан-ақ әңгіменің ойнақы күлдіргі жаққа қарай бейім тұрғаны мәлім болады.

Бұлардан бөлек, жаңағы күлдіргі ертегілер көбінше қысқа келеді. Жалпы күлкі түрлердің көбіне ортақ бір сипат осы. Күлкі оқыстан туған, келте қайырылған тар жердің тәсілі, ұйқы-тұйқысы тәрізді болады. Уақиғалы тартысты күлкі болғанда ойда жоқ күлкі хал, көп қимыл әрекеттер тығыз келіп, бірінің үстіне бірі қат-қабаттап үйіле, жұмырлана түссе, сонда күлкі әңгіме жетісе түсіп, күлкісі, қызығы үдей береді.

Осындай, мазмұнға сай құрылыс жағынан қарағанда, “Тазшаның қырық ауыз өтірігі” анық күлдіргі ертегілердің ең шебер үлгісі деп атауға татиды. Мұнда күлкіге бейім біткен ерекше жайлардан тыс бір ауыз сөз жоқ. Өтірікшіге қыз бермек болған хан сертінің өзі бір әсірелеген, дағдыдан тыс хал. Содан басталған тазша өтірігі “Мен анамның құрсағында жатқанда, тұмаған ту атамның жылқысын бақтым” деп кетеді. Мұндағы өтіріктің себебі ертегінің әдейілеп, нақтылап алған күлкілік мақсаты. Өзі ылғи ғана болмас, иланбас суреттерге құрылу керек. Және өтірік құр татымсыз сандырақ емес, өзінде аса қызық тапқырлық бар, мол қиял-фантазия бар, өзі әдейілеген жасанды көркем шығарма болу шарт. Тазша соны түгел ақтап, адақтап шығады. Ең аяғында хан әдейі қиын тосқауыл жасап, оқыс сұрақтар береді. Хан: “Бәйтерегің қысқа шығар”

дегенде, тазша шұғыл сұраққа іле жауап беріп: “Болса болар, түбінен таңертең ұшқан күйкентай басына кешке жетіп қонушы еді” дейді. “Күнің қысқа шығар” дегенде: “Болса болар, таңертең қашқан марал кешке бұзаулаушы еді” деп, тағы да сипаттап кетеді. Және осы оқыс сұрақтарға берген жауаптары бұрынғы айтып келе жатқан, бастан бергі өтіріктерінен өзгеріп, ауысып кетпейді. Дәл солардың үлгі, бітіміндей, үйлесімді боп бітеді. Тазша өтіріктің ақыны, емін-еркін, нажағай ойнап шығады.

Күлдіргі әңгіме, тегінде, анық шебер құрылса, осындай-лық көпке мәлім, көзге қанық жайдан алыну керек. Ол үшін күлкілік хал, барлық жұрт білетін көптің көз алдындағы табиғат ішінен алатыны халық күлкісінің бір ерекшелігі де даналығы.

Қазақтағы күлдіргінің осы алуандас бір мысалы – “Ши бұт, қағанақ бас, қыл тамақ”. Онда да адам өрескел кескінде болғанмен, түсінікті табиғат көрінісімен байланыстыра алынған. Бұғы шидей, басы қуық, қағанақтай, тамағы қылдай кісілер әңгіменің басынан-ақ оқшау тұрпатымен көпке күлкі боп тұрады. Олардың өрескел кейпіне қарай ісі мен өлімі де күлкі, оқыс болады.

Күлдіргі ертегілердің ендігі бір алуаны “Ұр, тоқпақ” сияқты, жансыз елеусіз заттардың ойда жоқ, қырғын қызық, өрескел әрекетіне құрылады. “Піс, қазан”, “Бас ноқат”, “Шырт ноқат” деген сияқты ойда жоқ, оқыс күлкі туғызатын заттар халдері мен істері де қосымша мысал болады.

Қазақ ертегісінде көп күлдіргі әңгіменің ортасында жүретін, әдейі айлалы, ақылды, тапқыр етіп кейіптелетін бір жан тазша болады. “Айлалы тазша”, “Қу тазша”, тағы әлденеше тазша боп әңгімеленетін күлдіргі ертегілерде жай күлкіден басқа мағына мол болады.

Тазшаның сол “тазша” дегеннен басқа аты жоқ. Өзі кедей, жалғыз, бұған ешкімнің жәрдемі, жақсылығы болыспайды. Бірақ нелер қиын халден, қысталаңнан аман шығып жүреді. Өз ақылы, қайраты, тынымсыз қарекеті, тапқыр сезгіштігі арқылы аман шығады. Және бір айқын сыры – тазша ылғи ғана ханмен, патшамен, уәзір, жендетпен тартыста жүреді. Солардың бәрін ақыл, айламен, алдауымен жеңіп отырады. “Айлалы тазшаның” ханнан қысылып байды алдап, жасауылды алдауы, оларды өзі құтқарып алғаны, ханға болысатын бақсы кемпірді өлтіріп, оның жаласынан

және құлантаза құтылып, ақыры мақтан алуы сол айланы өзі алдампаз ортаға қарсы құрал етіп жұмсағанын көрсетеді. Алдаркөсе, Қожанасыр жайындағы сан алуан ертегілер де негізінде осы халықтық сатиралық ертегілер тобына жатады.

## VI

Аңыз ертегілер де қазақтағы көп ертегісінің бірі. Бұл топтың ерекшелігі, барлығы да тарихта болған адамдар жайынан айтылған, халық шығарған көркем әңгіме болады. Бұл оның ертегілерде тарихи адамдар өміріндегі уақиғалар дәл айтылмайды, көбінесе елдің өз жанынан қосқан, бірақ сол тарихта болғанның сыйымды тың іс, мінез, әрекеттер әңгімеленеді.

Бұл жай алыс ескілікте болған адамдар турасында бір болса, тіпті бертінде, жаңада болған тарихтық адамдар жайында да бола береді. Тарихта ел жадында аты қалған, белгілі бір қылық әрекетімен елге даңқты болған кісі болса, соның өмірінде шын болған мінез қалпынан туғызып, қиялдық, тың іс, уақиғалар тізіледі. Ондай әңгімелерді аңыз дейді.

Аңыз ертегілерінің тағы бір ерекшелігі, ол әңгіме етілетін адамның өз өміріндегі шын ісі мен мінезінің сүрлеуінен, аңғарынан туады. Сондықтан батыр жайындағы аңыз болса, тірліктегі батырлық іс-әрекетіне қосымша, ұлғайтылып айтылған шығарма болады. Күлдіргі болса, оның сол күлдіргілік іс, мінездеріне қосылып, ұлғайтылып, молайтылып айтылған уақиға болады. Қысқасы, аңыз әңгіменің тарихтық адамды біржолата өзіне ұқсамаған кейіпке түсіріп өкететіні болмайды.

Аңыз ертегіні қазақ халқы да және Совет Одағындағы басқа халықтар да Ұлы Октябрь революциясынан кейін де көп туғызды. В.И. Ленин, Чапаев сияқты халыққа даңқы қадірлі болған адамдар туралы тарихтағы болмыстарынан басқа, тыңнан, қиял арқылы жаңа уақиға, көркем әңгімелер шығарып, ертегі аңыз айтып жүргені көп.

Міне, осындай жалпы ерекшеліктерін айта келіп, қазақтағы аңыз ертегінің кең көлеміне қарасақ, бұл түрдің аса бір көп бай әңгімелер екенін байқаймыз.

Қазақтың өз тарихында болған Асанқайғы, Жиренше жайларынан айтылатын аңыздар бір алуан. Бұлар тарихи адамдар болмаса да, бірақ аңыздар да қазақ тарихының әр кезеңіне байланысты айтылады.



Осы сияқты ел ерлері Сырым, Исатай немесе Сұраншы, Бекет, Амангелді, Чапаев, Абылай серіктері – Қабанбай, Ер Жәнібек, Бөгембай, Баян, Жәпектер жайындағы аңыздар да неше алуан қызық көркем қысқа әңгімелер, халық әңгімелері боп келеді.

Тарихи адамдар туралы аңыздардың бірталайы хан, феодалдарды дәріптеу тұрғысынан айтылған. Оларды феодал үстем қауымның уәкілдері таратып отырған.

Осы қатарға қосылатын, қазақ айтатын бір топ аңыз ертегі, дін ертегі, шығыс елдерінің ішін аралап келген көп әңгімелер Сүлейменді, Ескендір Зұлқарнайынды, Қарынбайды, Атымтайды аңыз етеді. Бұлар жайларындағы әңгімелерді өңдеп, өз тұрмыс, санасына ыңғайлап айтады. Бұл жүйелі аңыздарда ислам дінінің әсері басым келеді. Қазақтағы барлық аңыз әңгімелер жиылып зерттелгенде, бұлар да қатар ескеріледі.

Жаңа замандарда туған аңыз ертегілерді айрықша жинап зерттегенде 1916 жылғы көтеріліспен байланысты, Амангелді, Бекболаттай елдің өзінен шыққан ерлер аттарымен байланысты аңыз ертегілер бір бөлек тексерілуі шарт. Әсіресе осыған жалғас Ұлы Октябрь революциясы жайында, Азамат соғысы турасында, Ленин атымен, Қызыл Армияның ерлігімен жалғас туған аңыз ертегілер ерекше орын алады, осылар сияқты Одақтың өзге елдерінің орталарында туған аңыз ертегілермен салыстыра тексерілуі шарт болады.

Қазақтың бірталай аңыз ертегілері өзінің бұрын-соңғы тарихы, уақиғаларына, мекендік белгі, жер, су атына, ертедегі ескі мазар ескерткіштерге, эпостық жырлардың әңгімелеріне, күйлерге де байланысты мол айтылады. “Қалмақ қырған” деген ескі қорғандарды, қазақ жерінен ағатын өзендерді баяндайтын аңыз әңгімелер, тау көтеріп елді апаттан құтқарған Толағай мерген туралы, Көкшетауды мекендеген Ақбура, Жеке батырлар туралы, Каспий теңізі жағасындағы Бекет батыр туралы, Талас бойындағы ескі қала туралы аңыз ертегілер халық арасына кең таралғандығы белгілі. Аңыз әңгімелердің көпшілігі қазақ жеріндегі тіршілік, мекенмен байланысты баяндалады.

Қазақ халқының тарихымен қатар фольклоры сақтаған аңыз ертегілер, әсіресе Асанқайғы, Жиренше шешен, Алдаркөсе және Орта Азия халқының бәріне ортақ Қожанасыр жайлы көбірек және нағыз көркем шығарма болып қалыптанған.

Алуаны бөлек, ерекше бір аңыз ертегінің адамы Асан-қайғы. Орта Азия халқының тірлік еткен заманы Жәнібек ханның тұсы дегені болмаса, дәлді кім еді, қай ру, ортадан шығып еді, қандайлық еңбек, әрекет етіп, қандай өмір кешіп өтіп еді? Ол жайынан ешқандай дерек жоқ. Тек Жәнібек тұсында айтты деген бірнеше толғау сөздері Асанның дәуірін жалпы көлемде болсын белгілейді.

Фольклор көлемінде біз Асан бейнесінің айналасына халық жиған аңыз ертегіні тексереміз. Мұндағы Асан — ақын Асан, көркем сөз шығарушы Асан ғана емес, өзі халық шығарған көркем әңгіменің геройы боп кеткен.

Аңыздарда Асан кейде өз сөздерімен көрінсе, өз қалпын өзі ашып танытып отырса, соның үстіне, көбінше халықтың ол туралы шығарған көркем әңгімесі әсіресе Асан басына көп өзгеше мінездер бітіреді, өзгеше бір ертегілік ұлы салқар сапар шеккізеді. Оны халық мұңын арман етіп, алысты меңзеген алып ойдың иесі етеді. Мұның бәрі Асанның өмірбаяны емес, соның өмірі мен еңбегіндегі, өлең өсиетіндегі нәрлі, сырлы қасиеттерін алып, халық мүддесімен қабысқан қасиеттерін алып, соны халық аңызы ұлғайтып, өсіріп, даңқ етіп әкеткен.

Әсіресе Асандай халық мұңын жоқтаған, халықтың күнделік табиғаттық, шаруашылық, күнделік болмысымен байланысты мұң-мүддені айтып толғаған кісі жайындағы аңыз әңгіме бірқалыпты боп айтылып, сол түрінде бұлжымай, өзгермей тұру мүмкін емес. Ендеше, Асан жайындағы аңыз ертегілер ерте күннен бастап бергі замандарға шейін халықтың үнемі қоспа қосып, түрлеп өсіріп келген шығармалары болады. Әсіресе осы күнгі қазақ мекен етіп отырған жер-сулар, қоныс-қыстаулар жайындағы “Асан айтты” деген сын-сәуегейлік, барлау, болжау сөздердің көпшілігі сол жерлерге бертінде келіп қоныстанған елдердің, өз жерінің сырын, жайын түсініп, танып болған соң, көп тәжірибе жылдарынан соң Асан атынан қосқан өз шығармалары, өз сындары болады. Асан жайындағы халық аңызы әр дәуір, әр буын тұсында түлеп өсіп отырды дегеннің мәнісі, дәлелі осы.

Асан жайындағы аңыз ертегінің ең мағыналы көріктісі, ең терең қызықтысы, халық үшін қызықтысы — оның малға мекен, елге ырыс жер іздеуінде. Жер іздеуден бұрын желмаяға мініп, қазақ жайлап отырған орын, өрістің бәрін

шарлап, тыным таппай, шарқ ұрып кезеді. Көрген қоныс мекеннің бәріне қанағат қылмайды. Арманды бір жер барын сезеді. Оның аты қиял мекенінің аты болмақ – “Жерұйық” деп ат қояды. Сонда жетсе ғана, соны мекен етсе ғана халқы қарық болмақ. Игілік, ырыс атаулының жанды көрінісі, белгісі боп “қой үстіне бозторғай жұмыртқаламақ”. Мұнда малға, шаруаға да құт-береке бар, адамға да бақ-мереке, тату тыныштық, шат-шадыман тірлік бар. Міне, осындай жерді өзі үшін емес, елі, жұрты үшін іздеген Асан – ел қамқоры.

Ол бұны іздеуді өздігінен таппайды. Елдің сол күнгі шаруашылық, қоғамдық тірлігіндегі болмысына, күй кескініне қарап, қанағат етпей, торығып барып іздейді. Шаруашылық болмысына да, қоғамдық құрылысына да ырза емес. Және қалың ел қандай ырза емес болса, бұл да соншалық ырза емес.

Осы ырза еместік жаңа дүние, жаңаша бір бөгде, өзгеше болашақты, бақ қиялды тілетеді. Тілеп, аңсап, іздеуге талпынтады.

Сол қиял мекенінің аты “Жер үйек”, кейде “Жиделі байсын”. Бұл екі орынның екеуін де Асан өз тірлігінде таппайды. Өйткені ол өзі келмейді, оны халық өзі қалың бейнетпен таппақ керек. Ер еңбегін кешіп, өз талабымен, ұзақ қысталаң сыннан соң жетпекке керек.

Тұрмысында жарық сәуле көрмей, қысымда, қанау, зорлықта, жоқшылық күйзелісте туған қалың бұқара, қалың бейнет елі, әрине, жақсы кең қонысты тұрмысты көксейді. Сол көксеуінің түбінде үлкен елдік сенім бар. Әйтеуір бір заманда бір жағдай, бір мекенде жақсылық, бақ, ырыс келеді. Ол арман – халықтың болашағының сағымды көркем бейнесі.

Халықтың үлкен аңызындағы анық жұрт өкілі, жұрт жоқшысы болған Асан тұлғасы осындай. Ол ел мұңы мен арманынан басқа ой ойламаған. Ал елі-жұрты жақсылыққа жете алмай, жүдеу, жадау күйде тұр. Арылмас ауыртпалықпен, шер мен мұңда тұр. Сондықтан ел досы, ел мұңшысы Асан да күйзелмеске, күңіренбеске шара жоқ, оның аты “Қайғы” болып өзгеретіні сол. Асан қайғысы – ел қайғысы болады. Осылай болғандықтан Асанға ел аңызы жекеше, өзіндік тірлік бермегендей болады. Асан оның жақын досы да, бауыры да, мұңымен мұңын қосқан қалың елі болып кеткен.

Әрине, Асан жайында айтылатын аңыздардың немесе Асан айтты деген сөздердің ішінде феодал табының өкілдері кіргізген кертартпашыл сарындар да жоқ емес. Ондай теріс бағыттағы кейбір аңыздарда Асанды ханның досы, ақылгөйі етіп көрсетпек болады.

Алдаркөсе жайындағы қазақ айтатын аңыз ертегілер де көпке мәлім, алыс заманнан келе жатқан әңгімелер. Асанқайғы жайындағы аңыздардан бұның тегі, түрі, мазмұн-мағынасы мүлде бөлек, өзінше көп тапқырлық ерекшелігі бар күлдіргі аңыздар. Аңыз ғана емес, Алдаркөсе туралы қызық әңгімелер — тұрмыс-салт ертегілерінің ішіндегі күлдіргі, халықтық сатиралы ертегілер.

Алдаркөсе жайындағы аңыз да жалғыз қазақта емес, сыбайлас, туыстас өзбек, қарақалпақ, түрікпен елдерінде де бар. Онда да Алдар бір пішінде күлдіргі алдағыш, мазақшы боп көрінеді. Алдаркөсе сараң байды, қу шайтанды алдайды, алтын егіп берем деп, өзі Алдардың қарындасы боп Алаша ханды алдап масқаралайды.

Алдаркөсе әңгімелерінің негізгі тақырып мазмұнын алсақ, бұл көпшілік бұқара, қалың еңбекші ел санасынан туған шығармалар. Сол көпшіліктің бір уақыт сараң, жеміт, сасық байға арналған таптық, қоғамдық мысқылын білдіріп, Алдардың Шықбермес Шығайбайды алдап, мазақ еткенін көрсетеді. Алдар жайындағы өте өткір күлдіргі, шебер әңгіменің бірі осы. Бұнда көпшілік бұқара дүниеқоңыз, шірік, арам-қорда байдың сұм құлқынын өлтіре мазақ етеді. Алдаркөсе арқылы діннің қараңғы нанымдарына да шабуыл жасайды. Алдардың шайтанды алдауы да өте мағыналы әңгіме. Дүниенің жаралуы турасында қараңғы молдалардың ертегілерінің бәріне елдің иланбай күлкі етіп, ажуа қылғаны көрініп тұрады.

Алдаркөсе әңгімелеріне ұқсайтын шығарманың бірі — Жиренше әңгімелері. Бұның да дәлді қай заманда туғаны мәлім емес. Бұнда да Алдар әңгімесі сияқты, алғашқы шыққан түріне кейіннен қосылған қоспа, жамау көп.

Жиреншенің аты да, Алдардың аты сияқты, жаппай атау боп кеткен. Алдарға бұны ұқсататын тағы бір ерекшелігі, бұндағы әңгіме де қара сөзбен айтылатын, қысқа-қысқа әңгіме боп құралады. Бұнда да әрбір Жиренше айтты деген сөз, Алдар сөздері сияқты, шешен, өткір, тапқыр сөз боп шығады.

Жалпы алғанда, Жиренше әңгімелерінің көпшілігі де бұқара санасынан туған. Бұндағы негізгі әңгімелердің маз-

мұны – сол бұқараның шешендік, шапшаңдық, тапқырлықты қоғамдық, таптық құрал етіп пайдаланғаны көрінеді.

Сонда, көп жерлерде кедей, әлсіз Жиренше үстем таптың өкілі болған ханнан қорлық, зорлық көрмеу үшін алысады.

Ел әңгімесі Жиреншені бірде зорлықшыл ханның қасына жолдас етіп береді. Хан мұның әйеліне қызығып, көзін жоймақ боп, басына қастық ете береді. Жай адамның қолынан келмейтін істермен сынап, үнемі оның аяғы тайғанын аңдып отырады. Жиренше сол хан зорлығының бәрінен өзінің ақылы, айласы, шеберлігі арқылы зорға құтылып отырады. Жиреншенің жеңілмейтін ақылды, тапқырлығына әйелі Қарашаш серік болады. Ел әңгімесі Қарашашты ұдайы Жиреншенің басына серік етіп, қасында қалдыруы елдің Жиреншені сонағұрлым артық сүйетіндігін білдіреді.

Көп замандардан бері қарай, қазақ фольклорына бір бұйымы боп кеткен әңгіме аңыз – Қожанасыр әңгімелері.

Қожанасыр – Орта Азия халықтарына ортақ әңгіме. Академик Гордлевский бұл әңгіме ауызша да, сонымен қатар XVI ғасырдан бері типографиялық баспа жолымен шығыс елдерінің көбіне тараған дейді<sup>34</sup>.

Қазақ арасына жайылып отырған Қожанасыр жайлы әңгіме өте көп, талайы күлкілі, қызық (анекдот) әңгімелер Қожанасыр атына байланысты болып келеді. Қожанасыр әңгімелерінде базар, шаһар өмірлері көбірек айтылады. Бұны тудырған жағдай шығыс елдерінің отырықшы, қалалы, сауда кәсіпті жағдайы болады. Ол жағынан қарағанда, Қожанасыр әңгімесі бізге көршілес өзбек, азербайжаннан ауысып келген “қыдырынды” әңгіме. Тегінде, көп елдің тұтынып жүрген фольклор белгілерін алсақ, сол, мол қордың ішінде бір жағынан сол елдің өз топырағында туып-өскен белгілермен қатар, көрші елден, өзге жұрттан ауысып келген талай белгілер де өзінікіндей боп, қосарлана жүретіні болады.

Қожанасыр әңгімесін айтушы елдер оның жайындағы естіген сөздерін ғана айтумен қанағат қылмай, әр кезде қазақтағы Алдаркөсе, Жиренше сияқты өз тұстарынан қосымша, үстеме әңгімелерді де жамап, молайтып айтады.

---

<sup>34</sup> Анекдоты о Ходженасыре-эддине / Перевод, статья и комментарий Вл. Горловского. М.–Л.: Akademja, 1936.

Сонымен, Қожанасыр жайындағы әңгімелердің ұшы-қиыры жоқ. Күлдіргі – анекдот әңгіменің бәрінің жиылатын жері осы бір Қожанасыр тобы боп кетуі даусыз.

Қожанасыр әңгімесі талайды мазақ етеді. Парақор қазы, қомағай саудагер, тентек ұры, әзілқой шәкірттер, өз қатыны, жазықсыз бөгде адам болсын, барлығына да күлкісін жұмсай береді. Айтылған көп заман, көп орта, көп қоғамның тегіс қолданып, тегіс құрал етуінен осылай болған. Сөйтіп, Алдаркөсе, Жиренше, Қожанасырлар халықтың ертегі әңгімесінде нағыз типтік бейне алып қалыптасқан.

Күй аңызы – әлі тегіс ескеріліп, ерекше жиналып зерттелмеген түрдің бірі. Бірақ қазақ халқының музыкалық фольклорын біліп, аңғарған адамның барлығына сыбызғы, қобыз, домбыра баян ететін көп күйлермен қатар, сол күйлердің ауызша айтылатын көркем шебер әңгімесі болатыны мәлім.

Қазақ даласын мекен еткен ел ортасында ертелі-кеш туған күйлердің нелер үлкен мазмұнды, кең толғаулы болғандары бар. Әсіресе тарихтың зор бағасы бар, көне күйлердің талай толқын алыс-тартыстардың ескерткіші есепті болғандары бар. Сол күнгі ел қамқоры, ел жоқшысы болған ерлер жайында, немесе ой өнерінің алыбы болған саналы, мұңды өнерпаздардың халық мүддесін күңіреткені жайында туған күй мен аңыздар бар.

Орталық Қазақстанда бұрын “Ноғайлы, қазақ айырылған күй” дейтін, “Асанқайғы күйі” дейтін күйлер тартылған.

Ескіден көпке мәлім “Нар идірген”, “Азамат қожа”, “Бал-бырауын”, “Бес төре”, “Балуан жігіт”, “Алшағырдың ащы күйі”, “Тепеңкөк”, “Қос қыздың жылағаны”, “Бозторғай”, “Бозайғыр”, “Бозінген” сияқты би, күйлер, тағы талай толып жатқан күйлердің аты қалып, аңыз әңгімелері жазылмай жоғалып бара жатқаны бар. Осы күйлердің көбінде өздеріне ғана тән нақтылы сұлу әңгіме аңыздары болған.

Міне, күй аңызы деген әңгімелер – осы үлгіден бұрын барлық күй шығарушы күйші өнерпаздардың көбінше өздері шығаратын әңгімелер болған.

Жалпы күй аңызына тән бір ерекшелік, бұл үлгідегі әңгімелер сезімді-сыршыл келеді. Және сол мазмұнға сай қысқа шебер, дәмді, қызық әңгіме боп келеді. Қазақтағы ауызша айтылған, көркем қара сөз түріндегі, әсем құрылысы бар әңгімелердің ішінде бұл аңыздар – анық жазба әдебиеттегі қысқа новеллаға ұқсайтын үлгілер.

## VII

Ертегі – халық шығармасы, халық мұрасы. Бірақ ертегілер әр замандағы белгілі бір әлеуметтік салт-санаға (идеяға) байланысты жарыққа шыққаны жоғарғы талдаулардан байқалады. Ертегіде халықтың ескі наным, ұғымдары, ғайыптан болатын уақиғаларды шын деп сенушіліктері бар. Сонымен бірге ертегіге үстем тап қауымдарының да (хан, бай, молдалар) әсер етіп отырғанын аңғаруға болады. Ертегіде айтылатын шындық пен ескі қиялды қазіргі жұртшылық әбден айырып таниды, сын көзімен қарап оқиды. Ертегі – ескі мәдениет мұрасы.

Расында, біз ескі мәдениет мұрасын әр уақыт бағалаймыз. Сонау көне заманынан бермен қарай адам қоғамы тудырған нелер асыл мұраларды – мифология ертектен бастап, батырлық жырларын да, тағы басқа ауыз әдебиетінің таңдаулы үлгілерін қадірлейміз. Халықтың ой-арманы тудырған мәдени мұраны бағалап, оның керекті, жақсы жағын, демократиялық нәрін іріктеп, барынша мол пайдаланамыз. Соның арқасында социалистік мәдениетіміз жасалады. Марксизм-ленинизм ғылымының ескі мұра жөніндегі қағидасы осындай.

Ертеkte дерексіз қиял, ескі наным, діни ұғымдар сарыны үнемі кездескенімен, оның халықтық қасиеті, мәдениеттік, көркемдік қасиеттері ешбір кемімейді. Ертект – халық әдебиетінің бай, құнды саласының бірі.

Ертеkte алдымен керемет фантазия, қиялдың, ойдың шалқыған өрісі бар. Бұл қияли ойлар адам баласының реалды санасынан туған. Ертект өткен феодалдық замандардың қаталдығын, жеркөшікті әдет-ғұрыптарын батыл әшкерелеп, соларға қарсы бүгінгі жұртшылықтың ыза, кегін де қозғайды. Ертект халық ертегілерінің, халық данышпандығының тамаша бейнелерін, мәңгі өлмес типтерін алдымызға тартады.

Ертектегі тамаша көркем тілдің байлығы, сұлу, тапқыр сөз шеберліктері әдебиетші, жазушы ақындарға үлкен үлгі болады.

Совет әдебиетінің атасы М. Горький ертегіні аса терең бағалады. “Ертегімен танысу, жалпы таусылмайтын халықтың бай ауыз әдебиетімен таныс болу жаңа жазып келе жатқан жазушыға ерекше пайдалы болатындығына сенем”

деген. Халықтың ауыз әңгімелері, ертектер ірі классик ақын-жазушылардың шығармасына да үлкен әсер еткен.

М. Горький ертегінің өзіне қандай әсер еткенін, ертегінің жалпы көркем әдебиет өрісіндегі маңызын былай баяндайды:

“Өлеңдер мен ертегілер маған не берді? Өлеңдер мен ертегілердің түпкі негізінде сол өлеңдер мен ертегілерді жасайтын бір нәрсенің барлығын сезгенімді мен ескертіп өттім. Ол нәрсе маған мықты болмаса да, ақылды, қырағы, өткір, қайсар және сол қайсарлығы арқасында барлық жанды-жансыздың бәрін жеңетін сықылды болып көрінді. Менің бір нәрсе дейтін себебім – ертегілердің кейіпкерлері, бірден бірге көшіп отырып, менің қарауымша, бір адамға, бір тұлғаға келіп құйылатын еді.

Ертегілерде адам баласы “ұшқыш кілемге” мініп, ауада ұшып жүрді, “жылдам жүргізетін етікпен” жүрді, өлі сумен де, тірі сумен де шайып, біреудің өлтіріп кеткен адамын тірілтіп алды, бір түнде көркем сарайлар да салып тастады. Жалпы ертегі деген нәрсе маған басқа бір өмірдің сәулесін ашқандай, сондай жақсы өмірді ойлаған, сол үшін қорықпай еркін күресетін бір күш барлығын көрсеткендей болды. Әрине, ақын мен жұмыскер бір адам болып тұрған кездегі еңбекші елдің ауыз әдебиеті (поэзиясы) – жазба әдебиеттің арғы атасы болған өлмейтін поэзия. Бұл сөздің тіліміздегі байлықпен және оның жан сүйерлік көркемдігімен танысу жағынан маған үлкен көмек берді” (Максим Горький. “Ертегілер туралы”).

Революцияшыл демократ сыншы Н.Г. Чернышевский былай деді:

“Жас кезімде “Мың бір түн” ертегісін өте қызығып оқып жүрдім, бұл да “балалар үшін жазылған ертек” емес еді. Кейін есейген кезімде де, ол қызықты кітапты әр уақыт жаңа құмарлықпен оқушы едім. Мен көркем поэзия шығармасының талайын көрсем де, бірақ мынадан артық көркемдікті білмеймін” (“Орыс ертегілері”, 9-б.).

Ертегілердің идеялық, көркемдік сипаты қандай екенін, әсіресе жазушылар үшін ертектің маңызы қандай екенін әдебиеттің Чернышевский, Горький сияқты данышпан адамдары осылай жеткізе бағалаған. Бұл баға біздің бүгінгі жұртшылығымызға толық та, жеткілікті де баға шығар дейміз.



## ЕСТЕ БОЛАР СӨЗДЕР

Көп сөз – қола, аз сөз – алтын.

Дау мұраты – біту, сауда мұраты – ұту, қыз мұраты – кету, жол мұраты – жету.

Бардан пайда, жоқтан залал.

Құнажын көзін сүзбесе, буыршын бұйдасын үзбейді.

Ас тасыса, қатығы төгілер, ашу тасыса, ақылы төгілер.

Көп сөздісің дегенге біреу жауап айтыпты: “екі жүз қырық беті бар Құраннан көп сөзді емеспін” деп.

Үгітті ұққанға, ақылды жұққанға айту керек.

Қойды қой деп қомсынбаңдар, қойсыз елге үй бітпейді.

Көненен дәурен озды, атадан ұл озды, анадан қыз озды.

Жігітті жылы сөз ширатпайды, сын ширатады.

Жалғыз ағаш орман емес, жалғыз оба қорған емес.

Не керек? Ой керек... ойсыздық қатер... Жасқа да, көріге де бір шарт, жалғыз шарт: ішіндегі өзіңнің шыныңды, өз көңіл төріндегі шыныңды (шын) шалғандай, орағандай ойың қайда? Үлкен шығарманың үлкен сырынан, шыңынан соның білінсін... Шығарма – қарақ суынан суарылған, әр жанның өз түп-түкпірінде туған меруерті болсын.

Кейбір жеке әзіл ретінде қолданатын арнаулы сөздер: жансебіл, иісалмас, итжемес, алақұйын, аласұр.

“Ара” журналы жөніндегі әзіл!

Өзін таразы санайтын жігіт жөніндегі әзіл.

Тентек бала жөніндегі әзіл.

Араққор, сырақорлар туралы әзіл. Зинақор, винақор жөнінде.

Түйеге қанат бітпесін, қанат бітсе, аспанды әлек етпесін.

Аспан латунь (жез) түсті еді. Бұл күн шығар алды.

Осы бөтелкелер қатарына ашқарақ көзбен сұғына қарап: “Біреуінің мойнын үзсек қайтеді”, – деді.

Мынау шарап иісі сондай ғажап екен. Бұған теңеу табу үшін ең биік поэзияға бару шарт.

Машинада келе жатқанда, алдағы қала кешкі жарықтарымен жалтырай жарқырап және қалықтап толқып қарсы келе жатады.

Таңертең тұрғандағы қаланың, үй сыртының дыбысы, дабылдары есте қаларлықтай.

Мен махаббат мәселесінде чемпионмын, гроссмейстрмін.

Оның жанының топас сезімсіздігі отқа күймес шкафтай болатын.

Өсекші әйелдер ордалы жыландай: сусылдап, ысқырып кетісті.

Ол бір алуан қиялға кеткен шағында келеңсіз аюдай қопал еді.

Оның момындығы жаңа ғана туған киіктің лағындай болатын.

Біздің машина өзге қатар көп машиналар ішінде көше-көшемен сырғып, қалқып келеді. Екі жақта магазиндер, есіктер, терезелер, гүл газондар, кішкене бақшалар, шарбақтар, ательелер, аптектер тізіліп өтіп, сыртта қалып жатыр.

Кішкене ғана әдемі бояулы үйлер көгі қалың, жемісті бақшалар ішінде қалғып, ұйықтап тұрған тәрізді.

Мен хозьякамен халықаралық жағдайлар туралы сөйлестім.

Жырақ көшеден итше ұлып келе жатқан мотоциклдің дыбысы естілді.

Машина дөңгелегінің сыдыртқан дыбысына қарап, біз қандай жолмен келе жатқанымызды сезіп, аңғара отырдық.

Көрікті, биязы, әсем тәрбиелі, өзі сәнді әйелдің айна алдында өзін-өзі көріктеуі, бояуы көруге соншалық сүйкімді суреттің бірі болса керек.

Ат бәйгесінде егесе таласқан біреу, өз атын мақтағанда: “менің атым сенің атыңнан екі аяғының өзімен де озады” дейді.

Ол әйелдер көзінде бағалы еркек сыпатында еленіп, саналып көрген емес.

## **Индия ғалымдары сөзінен**

Өлке халқының ең зор бақыты не болар дегенге: жаман әкімнің өлімінен артық не болсын депті.

Арақ ішкенде адам әуелі тауыс боп сыланып, сұлуланып байпаңдайды. Одан кейін маймыл болып ойнақыланып,

кылжақтайды. Содан әрі көрлі арыстан боп қоқияды. Ең ақыры шошқа болып тынады.

Қызғаншақтың әрдайым ызалы, күйікті болатыны неси дегенге: оның өз міні, жаманшылығы өзін қинау үстіне, өзгенің артықтығы, игілігі де оны азаптайды ғой дейді.

Пифагордың жүзігіне жазылған нақыл бар екен: кейбір сәтті істен де сәтсіздіктің өзі артық депті.

Біреу аса арық әйелге үйленгенде, “мұның не” десе: “мен жауыздықтың ең азын таңдап алдым” депті.

Төзім – тамаша сыпат. Бірақ шексіз ұзақ төзуге өмір тым қысқа.

Ақымаққа жақсылық етуші шошқаны асыл бұйыммен безегенге, немесе жыланды балмен асырағанға ұқсайды.

Төнге ас керек болғандай, жүрекке де ақыл сонша қажет.

Қатыныңмен ақылдас та, оның айтқанына қарсы істе.

Найзаның жарасы емделеді де жазылады. Жазылмайтын – сөз жарасы.

Бір семіз кісі ет жеп отырса, “майлы етті майлы ет жеп отыр” депті.

Ел мінін түзеймін деген әкім әуелі өз мінін түзесін. Болмаса қисық ағашты түземей тұрып, қисық көлеңкені түзеймін дегенге ұқсайды.

Сөйлеп айтқаным үшін өкінішім көп болды. Үндемегенім үшін өкінішім аз еді дейді.

Түлкі арыстанға: менің күшігім қандай көп, жыл сайын табам және көп-көптен табам. Сенікі не, бәрі біреу-ақ, – дегенде, арыстан: біреу де болса ол арыстан ғой, – депті.

## **Тағы бір топ сөздер**

Бір шақта Англияда адам сенімді дегісі келсе, Англияның ақшасы фунт стерлинг қандай сенімді болса, о да сондай сенімді кісі деседі екен.

Махаббат ойынында тәжірибе дегеніңіз – жастыққа бергісіз, мықты көзірдің бірі.

Мен газетшімін, сондықтан ешнәрсе туралы менің өз пікірім болмайды.

Сүйген шақта біздің ақылсызданып, ақымақ боп кететініміз де болады.

Сол шақта мен өзім сенбеген құдайға жалбарынып, “не өлім жібер, не есімнен тандыр” дедім.

Сенің шындығың шақ шындық, өмірі қысқа шындық. Ішкен арақ менің ішімде “өле қалсам қайте қояды” деген ойды да ойлатты.

Оның беті сырт ажарымен, бояуымен жас бұзаудың етіне ұқсаушы еді.

Көп сөйлегеннің соңында қарның ашатыны несі екен?

Тартыспен түскен, бейнетпен келген жақсылық қана шын мәнінде қымбат табыс.

## **Ерлер туралы әйел сөзі**

Мен сиқырланғандай едім.

Ол менің құдіретті өміршім, менің тәңірім, өмірім, бар махаббатым еді.

Әйелдің жанында әжім болмайды. Мендегі адамгерлік қасиеттің қуаты соның өзі еді. Оның әрбір қозғалысы, әр сөзі, көзқарасынан “ғажайып қасиет осы ғой” деген ойлар туды.

## **Бір тойдан соңғы стол үстіндегі, үй ішіндегі сурет**

Бұл хал той басталған соң үш сағаттай уақыт өткеннен кейінгі жайды баян етеді. Столдың үстінде бейне бір соғыс, майдан болып өткендей ойран болған жай көрінеді. Сынған бокалдар, рюмкалар, бүктеліп уқаланған салфеткалар. Тарелкаларда жартысы желінбей қалған закускалар. Оларға қарасаң, көзің түссе, құсқың келеді. Әр жерде төгілген, дастарқанды былғаған қызыл арақ, оған себілген, шашылған тұз. Жығылып жатқан бөтелкелер. Жерде домалап жүрген, жарымы сынған бос бөтелкелер. Үзіле құлаған пробкалар. Кей графиндердің тығындары. Әр тұста күл сауыттар толы жартылай тартылған, мыжырайған, кірлеген папирос қалдықтары. Ал үй ішінде айғай-шу. Арада күлкі. Дарақы тостар. Кей жерлерде шарпылысқан қалжыңдар. Тағы бір тұста өте дөрекі, тұрпайы сөздер. Адам жүздері қызарған. Күреңіткен көздер жасаурай түсіп, тұнжырай жанған тағы бір тұстарда, ұялмастан барын ақтарып, құмарлық тілек

айтып, күлегеш әйелдерге сыбырлай күбірлеп, жабысқан зинақор еркектер. Осындай шұбар ала жын ойнағы “сауығым”, “қонағым” аталушы еді.

\* \* \*

Көбінше екі дұспан қастас араз адамдар, бірінің бірі жасырын ойларын ғажайып түрде сезеген келеді. Кейде екі жау адамдар екі ғашықтан бетер көрегендік, ішкі бір қырағы көз көрегендігін табады. Ғашықтардың бірінің жанын бірі оқып білгеніндей, олар да бірін-бірі соншалық шетін, нәзік түрде аңдағыш, танығыш келеді.

Көркемөнердің міндеті – табиғатқа еліктеу емес, оның сырын ашу.

Кейбір жоқшылық пен мұқтаждық сорына ұшыраған жандарды көргенде, өзіңнің амандығың мен бақытың үшін ұялғандай боласың.

Табысып, сүйісіп қосылған екі таза сезім әдемі қосылған екі әншінің бірігіп айтқан әнінен кем бе екен!

Ой үстіндегі түйіліп қалған бір адам жарқыраған толқындардан көз алмай тұр. Көз шыдап болмас жарық болса да жалтармайды. Рас болса, жарқыраған күнге бүркіт көзі таймай, жасымай қадала қарайды дейді ғой.

Ащылы сордың кейбірін көргенде, оны да жердің іріңдеп тұрған жарасын көргендей боласың. Жұтаң, сортаң, ащылы борбастақ шынында адам денесіндегі ірің басқан жарадай. Тұлдырсыз тақырлар таздай сезілетіні болады.

Ердің тамаша әрекеті көз алдында істеліп жатқан шағында онша бағаланбайды. Көбінше ол ер сол істің үстінде қаза тапса, қатерге кетсе, сонда ғана жұрт көңілі оның ерлік қасиетін дуылдай мақтай жөнеледі.

## **Кей адамдар жөнінде**

Табиғаттану ғылымын оның жіктеуі екі салаға бөлінетін: жеуге бола ма, жеуге болмай ма деген ғана айырмыстарды білуші еді.

Жер күнді оның көмегінсіз-ақ айналатынын білетін де, тыныш болатын.

Оның сырты сөнген күлдей боп тұрған тыныш түсінің астында әлі көп сөнбеген көмірлер де бар еді. Оның ойы жалқау еді. Сондықтан көбінше жұрттың пікірін тұтынатын – қолданатын. Мысалы, жақсы көру жайын ақынның жақсы көруімен, сұлулықты суретшінің көзімен өлшейтін. Тірі адамдардың түстерінен гөрі ол кинода көрген артисткаларды көбірек есте тұтатын. Солармен салыстырып бағалайтын. Оның ақылы батыл да, ісі жалтақ болатын.

Әйел затына шындықтың өзінен гөрі әсірелеп өсіре сыпаттау көбірек ұнайтын.

Әйел жұбатуға әрдайым бейім инстинктіге билететін, тегі, қайғы әйелді тартқыш болады. Айна торғайды сондай тартады дейді ғой.

Оны достарының мақтарлық ештеңесі болмаса, жауларының жамандар да түгі болмайтын адам дейміз.

Кейбір көріністен, мінездерден ішің пысқанда, тіпті отырған үйдің қабырғасының да есінегісі келгендей сезінесің.

Кей мақтаншаққа не қылсаң да есебін тап та, өзінді өзін мақтай бер. Қарынды үре бергендей өзінді өзін үріп қампита бер. Жарылып кеткенінде із-тоз да қалмастай болсын деп ақыл айтуға болады.

Тегінде, әр адамның көңіл түкпірінде қалғып жүретін сенімсіздік, қарсылық, ерсілік ұрықтары болады. Кей кісілердің сөздері соларға қозғау салып, от беретіні болады.

Басқа келген ойлар сондай бір ұсақ қиқым жайлар, ол ой да емес. Жаңа көріп өткен адамдардың бұлдыр жүздері, үшқын сөздері кейбір айғай, кейбір қимыл-қозғалыстары сияқты, қысқасы, ішкілікпен өткен күннің соңында қалған сыпырынды сияқты, қоқыр-соқыр еді.

Ол кей уақыттар атылып жарылғандай сөйлеп қайнап кетеді де, артынан бірнеше минут тоқтап қалып, қайтадан сөзіне қақалып, қырылдап, жөтеліп, булығы сөйлеп кетеді.

Сөзімен бықсық түгіндетіп кеткенде, кәдімгі оттан суырылған күйген кесеудей ащы түгіні бұрқырай жүрді. Түнгі жауын аспанды мөлдірете тазартып кетті. Адам итшілеген тіршілігіне сондай бір шегіне жеткен тәрізді де, енді подлец болуға мейлінше праволы сияқты сезінеді.

Ас бөлмеде, алакөлеңкеде күздігүнгі сүлесок талмау түрде өлеусіреген шыбындар ызындай ұшып жүр.

Поездан жаңа түскен адамның басында сол поездың темір салдыры әлі де даңғаза қып білініп тұрғандай.

Самауырда көп масалар ызындап жүргендей.

Магазиндердің ашық есіктерінен дем шыққандай иістер келеді. Былғарының, темекінің, бір жерде майдың, еттің, тәтті дәмдінің де иістері білінеді де, мазасыз сезіледі.

Алыстан естілген оркестр күйі әрқашан жез трубалардың үндерін басыңқырап жұмсартыңқырап әкеледі де, барлық жырақтан келген сол оркестр күйлерінде қиялға, мұңға бейім бір әсер болады.

Адам өзінің жанын ұсақ уайым, болымсыз қам-қарекеттің дертімен былғанудан сақтау керек.

Кейбіреулердің сөйлеген сөзі жел ұшырып жатқан қиқым қордадай.

Скеписис адамды оқытады, өсіреді. Ал оптимистік көбінше ақымақтыққа бейім етеді.

Сол бір осал әдет оның миындағы шығу сияқты еді.

Күзгі жауын астында көшенің тасы майлағандай жылтырайды. Терезе шынылары қорғасындай сұрқыл-көкшіл ірең береді.

Жағымпаз, тынымсыз бір сорақы тыпырлап, жалбақтап, дөңгеленіп құйтындағанда өзін табаға салып пісіріп жатқандай бұлталаңдайды.

Оның антұрған бір мінезі кейбір жайды әдейі көрмей қоятын. Байғыздың күндіз көрмейтіні сияқты, ол күлгір, көрместікке салынатын.

Бір араб оқымысты айтқан екен: ағылшын Европада – түлкі, отарда – аты белгісіз қанішер жыртқыш деп.

Жас ұлғая келе туысқандық сезім де тозып, бұрынғы ыстық қуатынан айрыла береді.

Ол қайғы мен тәкаппарлықтың екі арасында қак бөлінгендей.

Оның ішінің пысқаны, қасіреті соншалық, тіпті мұндайды жас көңілі бойынша ешбір кітаптан да оқыған жоқ. Ешбір киносуреттен де көрмегендей еді.

Қасынан қыз өтіп бара жатқанда ол әуенің де жеңіл толқып ырғалғанын сезді.

Ол әйел бұның көңілінше бар адамның тіршілігінен, ортасынан жоқ болып өшіп кетіп, енді тек жалғыз бұның жанында ғана тірлік етіп қалған тәрізді.

Қараңғылық, хош иісті жылы ғана қараңғылық, сондай бір терең құпия қалыпты аңғартады. Өзі және бір қою ағым тәрізді.

Айнаға қараңыз, сволочтың дәл өзін сонда көзіңізбен көресіз.

Көзіңнің ашық тазалығы – таза бұлақ мөлдір суындай. Көз қарасы бір алуан, адамға жабысқақ қарайды.



# Лекциялар





## АБАЙТАНУ (ЛЕКЦИЯ)

**Абайдың дәуірі.** Абай дүниеге келер алдындағы халді еске алатын болсақ, ол қазақ халқының бостандық күресі бәсеңдеген кез, Абайға шейінгі болған көтерілісте ерсілік өте күшті болды. Үстем тап пен бұқараның арасындағы қайшылық айтарлықтай күшейе түсті. Бірақ XVIII ғасырдың аяғында үстем тап пен бұқараның арасындағы қайшылық барған сайын шиеленісіп, орыс бұқарасы мен қазақ халқының арасында қарым-қатынас басталды.

Абай туған кезде Ресейдің өсуі ойдағыдай емес еді. Ресей орыс шаруаларын қанаумен бірге бұратана елді де езіп отырды. Бұратана елдің бірі қазақ халқы да саяси-шаруашылық жағынан тығырыққа тірелді. Осы жағдаймен сәйкес “зар заман” ақындары шықты. Бірақ бұлар жаңа заманға басшы боларлықтай ақындар емес. Қанаушылықты көріп, жыр етіп отырады, бірақ шығатын жолды көрсете алмады. Олар тек өткенді көксей жырлады. Абай, Ыбырай, Шоқандар шыққан кездерде орыс халқының оқымыстылары қазақ сияқты бұратана халыққа патша үкіметінің көзқарасымен бірдей қараған жоқ. Олар орыс халқының азаттық жолындағы күресі мен бұратана елдің күресін ұштастыруды айтты. Бұлар соңғы уақытта демократтар, ерте кездегі Петрашевский дегеннің тобы сияқты жазушылар болатын. Ресейдің прогрессивті жолмен дамуын тілеген, орыс халқының халықтығын тілеген интеллигенция еді. Бұлар Абай шығардағы адамдар. Осы кезде орыстың атақты жазушыларының өзі қазақ сахарасында болды. Мысалы, Пушкин Орынборға келгенде, қазақ даласындағы хал-ахуалды біліп отырды. Сол сияқты тіл маманы Даль Исатайдың сөзінің ішінде де кездеседі. Пушкин осы Дальдің аузынан қазақтың көп хал-жағдайын біліп алды. Пушкиннің “Ескерткішінің” ішінде қазақ сияқты елдердің де аты аталады. 1847 жылы қазақ сахарасына Украинаның атақты жазушысы Шевченко келеді. Патшаға өш, революция

жолындағы демократияшыл жазушы өте танымал еді. Өз елінің қарсылық дәстүрін сақтап келе жатқан Шевченко қазақ халқының көтерілісін дәріптейді. Іштей тілектес болып, шығармасында символмен көрсеткен (“Балта”). Осылардың қатарына петрашевшілер жатады. Оның құрамында Достоевский, Дуров, Петрашевский. Достоевский 1850 жылы келді. Достоевский шығармасы “Өлім үйінен хатында” Ресейдің бұратана елі туралы көп жазылған. Қолы тұсауда болса да, шындықты жасырмай айтты. Ол қазақ халқының жаңа азаматтарына қатты әсері болды. Енді жаңа заманның халін басқаша ұғу керектігі сезілді. Ол үшін Ресейдің өзі туралы орыс халқы азаматтарының тілектерін, мақсаттарын біліп, Ресей тарихы мен өз ел тарихын білу керектігі байқалды. Осыны әр халық әртүрлі түсінді. Жаңа ағымды анық түсінген адамдар бұратана елден де шыға бастады. Грузияда, Арменияда, Азербайжанда, татарда, бурятта бір топ ақын шыға бастады. Бұлар, біздің Абай, Ыбырай сияқты ақындар, Пушкин, Достоевский сияқты орыс классиктерінің бетін, бағытын дұрыс түсінеді. Жүз жыл бойында орыс әдебиеті патшаға қарсы ереуіл ойдың үлгісі болған. Осыны түсінген бұратана елдегі азаматтар қазақ елінде де шыға бастаған. Тілі бір, тарихы жақын түрік, қырғыз, өзбекті алсақ, тез ояна қойған жоқ, ертерек оянған қазақ халқы болды. Қазақтан шыққан бірінші көзі ашық Шоқан Омбының кадет корпусында оқыды. Азат ойды тарата бастаған Омбы шаһарында өседі. Ең алғаш сүйгені орыстың демократтық мәдениеті болды. Оқу бітірген соң Петрашевскийдің тобынан шыққан Дуровпен достасып, Достоевскиймен де танысады. Достоевский Шоқанға жазған бірнеше хатында орыс халқының адал ұлдарының бұратана елге басқаша қарағанын жазады. “Сіз ең бірінші қазақ халқының қамқоршысы боласыз, халқыңыз туралы орыс халқына жазыңыз”, – дейді. Достоевский Петербургтегі бірнеше достарымен Шоқанды таныстырады. Шоқан сол замандағы шындықты жасырмай айтты. Орыс халқы мен қазақ халқын достастыруды арман етті. Шоқан, қазақ даласынан келген, азамат орысша оқып, білім алып, қазақ халқының келешегі үшін зор еңбек етті. Шоқан жазғанда қазақ жайынан орыстар үшін жазды, себебі ол кезде қазақ халқының баспасөзі жоқ еді. Шоқанның осындай жолға түсуі

тарихтың қалай көшетінін түсінгені. “Зар заман” ақындары таба алмаған жолды осылар табу керек еді. Шоқаннан кейінгі қазақтан шыққан ақын Ыбырай.

Ыбырай Алтынсарин (1841–1889) әдебиет майданында көп еңбегі сіңген. Ыбырайдың Абай мен Шоқаннан өзгешелігі – алғашқы тәрбие, білімді орыс мектебінен алады. 7 жылдық мектепті бітіреді. Абайдың қолы мұндай білімге кеш жеткен. Өмірлік мақсаты – қазақ халқын орыс жұртының өнеріне жеткізу еді. 1879 жылы Торғай облысының халық ортасындағы мектептің инспекторы болып бекітіледі. Қазақ балаларына арнап орысша-қазақша мектеп ашады. Әрі ақын, әрі оқытушы, жаңа саналы азаматы болған Ыбырай қазақтың әйел балалары үшін де мектеп ашуды талап етті. Орыс әдебиетіне үлкен ықыласпен барып, көп үлгі алды. Ыбырай оқытушылық қызметінде болып, соған байланысты бірнеше кітап жазды. Осы күнгі біздің алфавитті қазақ жұртшылығына ұсынды. Орыс классиктерін қазақ халқына таныстырды. Аударма арқылы және орыс классиктерінің әсерімен бірнеше өлең жазды (“Өзен”), өнерлі елдің өнерін жұртшылыққа өлең арқылы жаяды. Қанаушы тап өкілдерінің де мінездерін бұрынғы ақындардан ерекше жырлады. Міне, әдебиеттегі жаңа ағым Ыбырай өлеңдерінен көріне бастайды. Проза жанрын да кіргізді. Әлеуметтік өмірде халыққа түрлі жол көрсетті. Мектепке берген кітабында мектеп жасындағы балаларды ынтықтыратын сарында жазды. Мысалы, “Кел, балалар, оқылық”.

Ыбырай еңбегін Абай білді. Шоқанның өзімен таныса алмаса да, Шоқанның пікірі Абайға жақын дүние еді. Мұның бәрі орыс елінен алынып жатқан мәдениет. Ал шығысты алсақ, Ресей халқының тарихымен салыстырғанда жүдеу еді.

Егер шығыс зор білімнің, мәдениеттің тарихы болса, Шоқанның да, Ыбырайдың да, Абайдың да көңілін аударар еді. Бұл кезеңде шығыс артта қалған. Ертеде арабтан көп мәдениет тараса, бұл шамада оның тоқтаған кезі болатын. Иран мәдениеті де музейдің ішінде сақталған мәдениет сияқты. Шағатай, түрік тілін алсақ, бұл тілдегі мәдениет те әлсіз еді. Орта ғасырда шағатай мәдениетінің тарап, бірнеше ақынның шыққан кезі. Бұлар 400–450 жылдардан бұрын болған әдебиет мұралары. XVIII ғасырда сол ертедегіні қайталап қана жырлады. Шығыста да батыстың қысымына қарсы қозғалыс

болған. Бұл ескі режимді қайта құру негізінде болды, дінді қолдарына ту етіп ұстады. Европаның өнерінен қашпау керек, бірақ алғанда исламды күшейту үшін алу керек деді. Мысырдан Мұхамбет Фабдыку шықты. Бірнеше медреселер болды. Мұсылманшылықтың логика, философиясын оқыды. Бірақ ертеде жазылған кітаптан ғана оқыды. Онан тысқары кете алмады. Панисламизм көтерілісі Ресейде пантюркизм деген қозғалыстың тууына әсер етті. Халықтың патшалыққа қарсы көтерілісін біріктіріп, түрікшілдікті қозғады. Халықты дін арқылы үгіттеді. Абай, Ыбырай сияқты жаңа дүниеге жаңаша көзқарас туғызу керек деген ұғымды бастаушы аз болды. Азербайжан халқынан Мырза Фатали Ахундов шықты. Азербайжанда театрдың негізін салу үшін бірнеше пьесалар жазды. Мырза Фатали Ахундов панисламизм, пантюркизмге ермей, орыс мәдениетіне шақырды. Осыған жақын татардан шыққан Маржани. Тәрбиені ескі медреседен алады. Өз бетімен көп ізденіп білім алған. Араб, иран әдебиет тарихын оқуға беріледі. Математика, химия ғылымын оқып, сол пәннің медреседе оқытылуын талап етеді. Өзі медресе салғызады. Араб, парсы тарихынан көп жаңа деректер жинап, еңбектер жазады. Орыс мектебінде мұсылманша береді. Бұл да орыс мәдениетіне көңіл бөлген адамның бірі. Абайға әсері күшті болды. Осыдан кейін татарда Абаймен замандас, татар баспасөз әдебиетінің қайраткері Қаяу Насри – XVIII ғасырдың 70–80-жылдарында көп еңбек сіңірген адам. Бұратана елдегі хал-жай осындай еді. Башқұрда, өзбекте жаңалыққа қол созған Абай, Ыбырай сияқты адам жоқ еді.

**Абай шығармаларының жарыққа шығуы.** Абай шығармаларының басылуын өзі көрмей кетті. Бірен-саран өлеңдері болмаса, Абайдың тірі кезінің өзінде Жүсіпбек Шайхысламұлы Абай шығармаларының атын атамай бастырған. Мысалы, “Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат” деген өлеңін жазады. Бірталай өлеңдері Көкбай атымен шығып жүрді. Абай халық арасына қолжазба болып жайылғанын көрді. 1896 жылға шейін қолжазба болып та жиналмаған. Сондықтан жазып айтқан, жатша шығарған өлеңдері жоғалып кетуі де мүмкін. Абай өлеңдерін жинаған кісілер Абайдың өлеңінің атын ғана айтып немесе бір жол өлеңмен ғана сақталып қалған. Тоғжанға арналған өлеңі – “Сап-сап, көңілім, сап, көңілім” соңғы кезде табылды. “Бородино”

аудармасы да түгел емес. Ел ішінде кейбір сақталып қалған сөздеріне қарағанда, әлі де көп өлеңі басылмағаны байқалады. Әнші, ақындардың кейбіреуінің қойны-қонышында кеткен. Жаттап алатын болмағандықтан, қара сөздері деп көп сақталмағанға ұқсайды.

Абай күнделікті көргенін сол жерде жазып отыратын дағдысы болған. Мысқыл өлеңдерді көп жазғанымен, өзінің жауына қарсы айтпай, өз маңайындағы адамдарға арнап жазған. Мысқыл өлеңдерді сол арнап жазған кісілері елге тарамасын деп жоқ қылып жіберетін болған. “Қыздарға” өлеңіндегі Қыздар – Абайдың құрдасы. Абай сол құрдасының мінезін сықақ етіп жазған. Бұл өлеңді де Қыздар өзі жыртып тастаған. Осындай өлеңдер жас кезінде көп айтылған. 1884–85 жылдан бергі өлеңі жиналып отырған. Мүрсейіт молда – Абай аулында бала оқытқан кісі. 1916 жылға шейін Абайдың өлеңін көшіріп, ұқыптап жинап жүрген. Өйткені сол уақыттың “баспаханасы” Мүрсейіт болды, соңғы кезде 7-8 молда көшірген.

Мұның өзі кәсіпке айналды. Көшіргенде бір кітап үшін бір қойдың құнындай ақы алатын болған. Көшірушілер – ақындар елдің талантты жастары. Елдің ішіндегі қазақтың қыздары өздеріне Абайдың қолжазбасын көшіртіп, ұзатылғанда бір данасын ала кететін. Бұл қазақ жастарының арасында Абайдың қандай бағалы болғандығын көрсетеді. Абай шығармаларының таралу жолының бір түрі – баспаға шығуы. Оны 1909 жылы Абайдың немере інісі Кәкітай Ысқақұлы бастырған. Петербургте сол кездегі арабтың қиын әрпімен басылған. Теріп жазған адамдар өздері жөнді білмегендіктен, бір қалыпқа салынбай, қалай болса солай басылған. Бұрын алыстан естіп жүрген қазақ халқының кең даласына Абай шығармалары тарала бастады. Сүйтіп, Абайдың шығармалары негізінде 1909–1910 жылдары көпшілік бұқараға мәлім болды. Жинаққа Абайдың сыршылдық өлеңдері және қара сөздері де бастырылмаған. Оспан, Әбдірахман өлгенде айтылған өлеңдері кітапқа енбеген. Редакторлар мұны қажет деп таппаған. Бұл өлеңдерінде ақындық талант өте күшті. Ішкі зор қайғысы лирикалы терең сезіммен өте көркем кестеленген. Ал редакторлардың бұл өлеңді қажетсіз деп табу себебі – үй-ішілік хал-жайы деп тайыз түсінуден еді.

Ол кезде ғылыми редактор деген атымен болмаған. 1909 жылы Абай басылымында тақырыптар шартты түрде: ғылым туралы, ой туралы, халық туралы деп бөлінген. Кейін 1921 жылы Қазанда басылғанда да солай жарияланған (бұл 2-басылуы). 3-басылуы, 1923 жылы Ташкентте тағы сол топтау қолданылды. 16 жыл бойында (1909–1925) техникалық жағынан өзгешелік болса да, Кәкітай басылымына өзгешелік кіргізген жоқ. Шынында, топтауы дұрыс болмай жүрді. Ташкент баспасының бастығы зорлықпен Абай шығармаларына өзінше ат қойған. Мысалы, Лермонтовтан аударған “Қанжарды” өзінше “Қылжан” деп, “Жалауды” “Желкен” деп атаған. Бастырушылар көп сөздің мағынасын ұқпай, теріс бастырып жүрген. Толық Абай бұл емес. Көп өлеңі осы үшінші рет баспаға кірмей, сырт қалып еді. 1924 жылы Абайдың 20 жылдығымен байланысты шамадан келгенше “Абайдың толық жинағы” деген жинақ болды. Бұл жинақ 1924–1925–1927 жылдар аралығында жиналды. Жинаушы адамдар көбі Абайдың маңында болған Көкбай, Кәкітай, т. б. 1933 жылғы баспа латынша әріп алынған кезде басылып, көп қателер кетті. Бұл баспаға бірінші рет Абайдың өмірбаяны кірді. Сонан кейін “Таңдамалы жинақ” болып 1934 жылы және толық жинағы (2 том болып) басылды (1939–1940). Кіріспені (I томға) Сәбит, Абайдың өмірбаянын (II томға) М. Әуезов жазды. Толық шығуын санағанда биыл 7-рет басылып отыр. Орыс тілінде екі рет баспаға шықты. 100 жылдық юбилей қарсаңында “Таңдамалы шығармалар” жинағы басылып шықты. Кіріспесі Соболевтікі, өмірбаяны М. Әуезовтікі. Толық жинақ дегенді шартпен айтамыз. Себебі Абайдың кейбір мәжіліс-жиында да шапшаң әр кезде айтқан өлеңдері іздесе тағы да табылуы мүмкін. Қалжың, айтыс өлеңдерге де өз өлеңін қосып жіберген тұстары бар. Мысалы, Көкбай мен Әріптің айтысына Абайдың өз өлеңі қосылған.

**Абайды тексеру, тануымыз қандай?** Абайды танудың тарихында Абайды ғылым жөнінде түсініп-тану әрекеті көптен бері жанданып келе жатыр. Абай өлгеннен кейінгі әрбір 10 жылда ақын еске алынып отырды. Абайға арналған алғашқы тексеру 1914 жылы “Алшархият” жинағында еске алынды. Абай жөнінде ең 1-рет 1914 жылы Назифа Құлжанова баяндама жасады. 1924 жылы Абайды еске алу



кеші ұлы ақынның өлгеніне 20 жыл толуымен байланысты болды. Абайдың өмірі, ақындық ерекшелігі туралы баяндама жасалып, Көкбай Абай туралы есте сақталғанын айтты. Сөйтіп, жиналған жұрт Абайды тану керектігін түсінген кез болды. Абайды еске алу 1939–40 жылдары Абайдың туғанына 95 жыл толу қарсаңында өтті. 1934 жылда еске түсірілді. Сол жылғы “Әдебиет майданының” толық бір саны түгелдей Абайға арналып, 95 жылдыққа байланысты Семейде Абайға арналған әдеби-мемориалды музей ашылды. 1923–24 жылдары Абай туралы теріс пікір айтушылар шықты. Олар Маркстің, Лениннің ғылымын түсінбеуші Покровский сияқтылар еді. Бірақ халық сол жылдардың өзінде Абайдан ажыраған жоқ. 1927 жылы әзірленіп, 1933 жылы шыққан кітаптың кіріспе сөзінде Абайды теріс талқылаушылық болды. 1934 жылы бұл пікірдей теріс емес, қайта Абайды дұрыс танытамыз деп жазылған еді. Осы қалып дұрыс бағытталған қалып еді. 1895 жылдың юбилей тұсында көп зерттеу еңбектері жазылды. Абайдың шәкіртін, айналасын зерттеу басталды. Сол 95 жылдықта жасалған баяндамадан Абайды дұрыс тану бағыты өскендігі көрінеді. Абайдың философиялық, педагогикалық көзқарастары зерттеліп, өрістей бастады. 1934 жылдан бастап Абай қазақ совет мектебіне программа бойынша толық кіретін болды. 1940 жылғы баяндамаларда, жұртшылыққа таралған тезисте Абайдың өмірін, шығармаларының әр саласын ашық көреміз. Зерттеулер арқылы біз Абай өлеңдерінің жаңа түрімен таныса бастадық. Абайдың өмірбаянын жазудың өзі оңай жұмыс емес еді. Себебі Пушкин, Лермонтовтың өмірін жазатындай архив деректері жоқ еді. Сондықтан Абайды танудағы бір сала жұмыс Абайдың өмірбаянына тірелді. Осы күні Абайды тануда еңбек сіңіріп жүрген кандидат, доценттер де бар. Мысалы, Қажым Жұмалиев Абай шығармаларының тілін зерттеп жүр. Абай шығармалары басқа ұлттың тіліне де аударылып, жұртшылыққа таралуда. Абиеведение деген ғылым қазақ әдебиет тарихында ғана емес, бүкілодақтық әдебиет тарихында үлкен орын алады.

Абайды танып оқығанда біз Көкітай үлгісіндей жікке бөліп оқымаймыз. Себебі, олай болғанда, Абайды толық қамти алмаймыз. Мысалы, Абайдың педагогикалық көзқарасы десек, оның ішінде тәрбиеліктен басқа маңызды мәселелері

сыртта қалуы мүмкін. Сондықтан Абайдың әр кезде жазылған туындыларын алып, өмірлік шығармалық ізімен жүріп, жылжылымен оқысақ, өмірге көзқарасының қалыптасу жолына қанығамыз. Және ақындық жеке басының данышпандығымен Абай осы күнгі біздің ұрпаққа үлкен ірі ақын болып танылады. Шындықтың өзін айтсақ, бір күнде сондай Абай туған жоқ. Өсе келе ізденіп, қалыптасып тола берген. Осы себепті ақын мұрасын тануды қолға алғанда өрісті, іргелі ғылыми-зерттеу арнасына түспей болмайды. Олай болса, Абай шығармаларын өмірінің басынан түсіп, аяғына шейін хронологиялық жүйеде қамтуымыз керек. Абай шығармаларының кейбіреуінің жылдары белгісіз, осы жағынан қиыншылық кездеседі. Кейбір шығармаларына жазылған мерзімі қойылғанымен, күдіктілеу. Осы қиыншылықтарды еске ала отырып, сын көзімен тексереміз. Абайдың жылы белгісіз шығармаларының жазылу уақытын анықтап алуда Абайдың маңындағы адамдардың да көмегі көптеп тиді.

**Абайдың өмірбаяны.** Абай өзінің өмірбаяндық деректерін шығармаларында аз келтіреді. “Сегіз аяқта”:

Атадан алтау,  
Анадан төртеу,  
Жалғыздық көрер жерім жоқ, —

деген сияқты кей жерде айтып кетеді. Құнанбай балаларының бәрі мұсылманша оқыған. Бірақ оған қанағаттанбай, Ахмет Ризаның медресесіне береді. Онда 13-14 жасқа шейін оқиды. Ол кезде ескіше оқуда көп қиыншылық бар еді. Оқудың әдісіне көп көңіл бөлінбейтін. Медресе жабық мектепке жақын, тәртібі қатал, діншілдік жолында софьлық күшті болатын. Медресенің тәуірінде болсын, жаманында болсын негізінде дін оқуы, ислам дінінің жайы: исламият, ислам дінінің тарихы туралы. Осы діннің негізгі қағидалары, жолы айтылған тіл — араб тілі. Құран сөзін басқа тілге аудару ислам дінінде мүмкін емес. Сондықтан бәрі араб тілінде оқытылатын. Сонымен, медресенің білдіретіні — құран мен пайғамбардың және бір оқытатыны ислам дінінің шарты, шарифат (исламское право), жақсы мен жаманның, үлкен мен кішінің жәйін айтатын заң жолы. Әрі қарай тереңдегенде араб тілінің грамматикасы, әр нәрсе жайында

ой жіберу – мантихты (логика) оқитын. Ислам діні бір замандар поэзияда, ғылымда бірнеше ғалымдар тудырды да, кейінгі заманда тоқтап қалады.

Сондықтан дүниелік ғылымнан ештеңе айтылмай, қараңғы, кертартпа оқулар ауқымында қалды. Абайдың оқыған медресесінде де берілетін білім жоғарыда айтылғандай еді. Арабияттан басқа түркіні оқиды. Түркі тілі деген бертінге шейін келген. Бұл тіл кітап тілі, әдеби тілі болып есептелген. Түркі тілі 1915 жылға шейін түркі елдерінше ортақ тіл болатын. Түркі тілінің негізі шағатай әдебиетінен шыққан. Шағатай әдебиеті сол уақыттағы бүкіл түркі еліне ортақ әдебиет болған. XV ғасырда әуелде парсы тілінде, соңынан түркі тілінде жаза бастаған Науаи, онан кейін Хусаин Байқара деген кісілер шығады. Осы кезден бастап түркі тілінде кітаптар жазылды. Сондықтан құраннан әрі шыққандағы оқитындары Орта Азия ақындары еді. Абай үйінде, бала кезінде де түркі тілін оқыған. Сондықтан Абайдың түркі тілімен оқығаны тек медреседегі 3 жыл ғана емес. Абай түркіні де, арабиятты да Ахмет Ризаның медресесінде де оқиды. Түркінің қандай, араб мәдениетіне көңіл бөлудің қандай екенін, араб тарихынан әсер алуын Абайдың шығармаларынан көруге болады. Абайдың ақындығы ерте ояна бастайды. Бірақ Абай заманы оқығандықты мадақтамайтын, сондықтан керек болса өзі үшін ғана керек сияқты еді. Абайдың жас шағында жазған 3-4 өлеңі сақталған. Осы шамада екі ананың арасындағы Телғара – кітаптан және елдің аузындағы әңгіме, ертегілерден нәр алған Телғара еді. Сол уақытта бір көңіл аударған нәрсе – ақындар жазған бәйіт өлеңдер. Абай өздігінен барып, талаптанып Лутфидің, Науаидің өлеңдерін жаттап оқитын болған. Науаи, Сопы Аллаяр заманында өз тілінен гөрі араб, парсы тілін жақсы білген, сондықтан Науаидің, Сопы Аллаярдың өлеңдерінде араб, парсы сөзі көп кездеседі. Абай да әуелі осыны үлгі етіп ұстаған. Араб, парсы тілін көбірек білгендіктен, оқыған ақындарының үлгісі солай болғандықтан, жаңа өлең үлгісін іздейді. Олардың өлеңдерінің көпшілігі – шығыстың лирикасы – қиялменен бір сұлудың жайын суреттеу болады. Атын атамай, бір сұлуға арнап жазу әдеті бар. Абай да солардың шабыты келтірген өлең жазған. Мысалы:

Қор болды жаным,  
Сенсіз де менің күнім,  
Бек бітті халім,  
Тағдыр етсе алла,  
Не көрмейді пәнде? —

деген өлеңі.

Бұл исламият арқылы кірген үлкен ақындық өнер еді. Кейін әңгімелі поэма жазғанда да содан шыққан үлгі болатын-ды. Абай ғазал үлгісіне де еліктейді.

Йузи — рәушан, көзі — ғауһар,  
Лағилдек бет үші әхмәр.  
Тамағи қардан әм биһтәр.  
.....  
Сәңә ғашық болып кәмтәр.  
Сүләйман, Ямшит, Искандәр  
Ала алмас барша мүлкігә...

Абайдың тандап алған аттары оның шығыс романтиктерін терең оқығандығын көрсетеді (Сүлеймен, Ямшит, Ескендір). Мұнда ғашықтық жат емес, өзін кемітіп айтылады. Бұл — ғазал үлгісі, осының бәрін Абай өз өлеңінде көрсетеді. Бұл Абай еліндегі қазақ ақындарының махаббатты жазуы сияқты емес. Шығыс ақындарының шығармаларында үлкен орын алған үлгі — сопылық. Мысалы, “Ләйлі — Мәжнүн”. Абай жас кезінде жазған “Әліп-би” өлеңінде әріптерді алып отырып, өлең түрімен ойнатады. Жалпы өлеңінің мазмұны аспан тілегі емес, жер тілегі. Бұл — қазақтың оқыған жігітінің оқыған қызға жазған өлеңі. Құрылысы, стилі жағынан “Йузи — рәушаннан” басқа. Бұл Абайдың алғашқы тұманданған ойынан арыла бастағанын, түр жағынан жаңа қызық түр іздегенін, реалистік ақын бола бастаған әрекетін көреміз. “Әліп-би” мен “Йузи — рәушан” өлеңінің айырмашылығы, “Йузи — рәушанда” жер үстінде көретін махаббат емес, сопылық сарында жазылған. “Әліп-биде” сырт үлгісін сақтай отырып, әсірелеген бір түрді алады. Мұнда адамның сезімінің шындығы басым емес, ақыл басым сияқты, оны өлеңінің аяғында көреміз. Бұл өлеңінде бұрынғының өлең түрімен ойнайды. Медреседен кетсе де, сол қызықтан қол

үзбегенін, бірақ енді реалистік түрде түсіне бастағанын көреміз. Абайдың ортасы – дау, тартыс, құн дауы, жесір дауының шиеленіскен жері. Осының бәрін көріп жүріп, думанды ағымнан арылады. Оқу, тәрбиені мектеп түрінде емес, елден алады. Абай өзінің құрбы-құрдастарынан озыңқырап, үлкендердің ортасына кіргендіктен, көп біліп, айылын жиып жаңғырып кетеді. Абай шығыс әдебиетінен алған әсерін текке келтірген жоқ. Қай жағынан болсын, шығыс мәдениетіне қайта оралып, пайдалы нәр алып отырғанын айқын көреміз. Кейін бір қалыпқа түскенше, мысқыл өлеңдер жазып жүреді. Құрдасы Абралыны қалжың етіп жазған өлеңі бар, бұл кез оның әлі де ақындық қалыпқа толмаған кезі еді. Әуел баста еліктеу әсерінде болып, сықақ өлеңдер жазып жүрді. Абай – сыншы Абай, әкесі біреудің дауына араластырып, билік айтқызып жүргенде, сыншы болмауға мүмкін емес. Сондықтан қалжың өлеңнің көбінде сыншылық жатыр. Бірақ бұл кездегі өлеңінде қоғам мінезінің сынын айтпайды. Осы кездегі өлеңдерінің жылы белгісіз, бірақ келелі, ойлы шығармаға кірісер шамада жазған өлеңі – “Сап-сап, көңілім” жастық кезде, жігіт ағасы бола бастағанда жазғаны. Мұнда өзіне-өзі сыншылдық көзбен қараған. Тоғжанға арнап жазылған өлеңі сақталмай, жоғалған. Тағы бір әйелге жазған өлеңі ұмытылған. Сол сияқты мысқыл өлеңінің көбі жоғалған. Солардың ішінде табылғаны – “Сап-сап, көңілімі”. Бұл өзімен-өзі ақылдасу, ой салу ретінде айтылған. Абай бұл өлеңін түр жағынан бұрын қазақ ақындары айтып жүргеннен басқа түрмен жазған. Әр жаққа аласұрған жастық шақты сабыр ет дегендей болады.

Осы кезде Абай өрнегіне төселіп қалғандығын көрсетеді. Елін жақсы жолға, мәдениетке жеткізем деп өзі ізденіп оқи бастайды. Енді мәдениеті зор орыс поэзиясынан, батыс елінің поэзиясынан көріп, Абайдың Абайлығы туады. Қалада жатып та, еліне алып кетіп те көп кітап оқиды. Орысша үйрену оңайға түспейді. Қалада дау-шардың ішінде жүріп те кітап оқып, осы кезде орысша түсіну дәрежесіне жетеді. Петербургтен айдалып келген революционерлермен танысады. “Гоголь” кітапханасында қыр қазағының Толстой шығармасын сұрағанына таң қалып, Михаэлис өзі келіп танысады. Михаэлис Чернышевскиймен қатар шыққан Шелгуновтың әйелімен бірге туған. Петербургте студент болып жүргенде,

революциялық істермен айналысады. Сонда II курстан Михаэлисті ұстап, жер аударады. Университетті бітірмей кеткенмен, өз бетімен дайындалып, оқып кеп, кітап жазады. Көп өмір сүріп, Өскеменде қайтыс болған. Абай Михаэлиспен достасып, екеуі бір кісі болып кетеді. Кейін Абай кеш ержетіп кіріссе де, өндіріп оқыған. Сондықтан Абай әдебиетті орыстың классик ақындарынан бастап оқыған, бергін келе Абайдың тұсында өмір сүрген Л. Толстой, Салтыков-Шедринді жақсы білген мысалын “Қыс” өлеңінен көреміз. Аристотель мен Сократты оқығандығын Абайдың қара сөзінен де көреміз. Енді Абай Аристотель мен Сократты әңгімелестіреді. Батыс Европаның есею тарихымен де, Шығыс елінің тарихымен де танысады. Европаның есею тарихы, философия тарихы “История древнего развития России” деген кітапта Индия, Парсы, Египеттің өнері Ғайса тумастан 3000 жыл бұрын кезінен бастап айтылады. Будда діні – дүниежүзіне көп тараған, философиялық маңызы бар дін. Осылар жайында айтылған кітаптар Абайға үлкен әсер етті. Сондықтан Абай поэзияға ауысарда білімді кісі болып келіп ауысады. Алған білімдерінің нәтижесін тексерсек, Дарвиннің де кітаптарын оқыған. Абай мұсылман дініне ақыл сынымен қараған адам. Сондықтан Абай Дарвинді оқуға мықтап даярланбай, кірісуге болмайды деп қараған. Абайдың адамгершілік жөніндегі шығармаларында Спенсердің әсері жоқ деуге болмайды. Европаның Байрон, Гете сияқты ұлы ақындары таныс болған. Бұлардан басқа Абай ел әңгімелерінен де қол үзіп кетпей, жақсы білді. Александр Дюманың “Үш мушктер” әңгімесін оқумен бірге, айналасындағыларға ол Абайдың ауызша әңгіме еткен аудармасы арқылы жеткен. Петр I жайындағы кітаптарды да оқып, осы жолмен таратты. Батыс әдебиетін оқумен бірге, шығыстан да қол үзген жоқ. Олардан да көп оқып, көп әңгіме айтатын.

Абай осы кездегі исламшылдық, түрікшілдікті біліп, танысып отырды. Маржанидің еңбегін де көп оқыды. Батыс, шығысты терең білуі осындай ізденуден жиылған Абай қазынасы еді. Мұнды, кекті зар өлеңі қазақ ақындарында болса, бұларды да Абай біліп отырды. Абай өлең жазуға кіріскенде өзінен бұрынғы қазақ ақындарынан бөлек жол, кең дүниелік таным көрген даярлығы мол ақын болатын. Абайдағы шын ақындық 1884 жылдан

басталады. Ақындықты, бақсылықты кем көруші ақын ортасы бұл өнерді жақсылық деп білмейді. Осы себепті алғаш кезде Абай өлеңдерін Көкбай атымен шығарып жүрді. Абай өлең міндетімен бірге ақындықтың міндетін де көрсетті. Сондықтан да Абай алғаш өлеңінен-ақ қазақ ақындарының өлеңдерінен өзгеше болып көрінеді. Мұның себебі орыс ақындарының эстетикалық танымын, олардың ой-пікірін талдап меңгеруінде жатыр. Қандай нәрсені айтса да, бір пайда келтіретін болсын деді. Сондықтан айтпаған тың, жаңа нәрсені айтпақ болған. Мысалы, “Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы” деген өлеңінде қыздың көркін қазақ ақындарының басқасынан өзгеше айтады. Абайдың бұл өлеңінде белгілі бір үлгі бар. Ең алдымен маңдайынан бастап тәртіппен қасын, көзін, сонан кейін тісін суреттеуінде жақсылық көрінеді. Абай әйелді жырлағанда, оның әйелі жаңа сезім біткен еркекпен тең дәрежеде суреттеліп отырады. Мұның өзі Абайдың шығармасындағы қоғамдық программа болып есептеледі. “Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлыда” әйелді мүлкім демей, қасиетте дегенді айтады. “Жасымда ғылым бар деп ескермедім”, – деп білімді жырлаған өлеңінде енді өз өкінішін білдіреді. Бұл кезде Абай өзін ғылымнан кеш қалдым деп өкінсе де, білімсіз Абай емес еді. Біле түсейін деп, өз білгенін азсынғандық еді. Абай өз өлеңдерінде халық мінезін сынауға кіріседі. Ел мінезін сынай отырып, қоғамдық көп мұнды қоса айтады. Бұл жайында, екінші өлеңі “Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арманда” Абай өзінің ойлағанын, өзі сияқты үлкен адамдардың ортақ ойын айтады. Осы 1886 жылдан бастап, халық қамы жайында жазған өлеңдері молыға береді.

“Қартайдық, қайғы ойладық” өлеңінде елдің шабандығын, еріншек-өнерсіздігін, халық мінезінің азып бара жатқанын, өмірін сапасыз мастықта өткендей өткізіп жатқан ел адамдарына сын айтады. Осы өлеңінде белгілі бір адам тобының мінезін айтады деуге келеді. Абай өте психолог, сондықтан кей өлеңінде психологиялық портрет береді. Бұл өлеңінде ел меңгерем деп жүрген атқамінерлерді адалдық пен арамдықты айыра білмейді, мақтан үшін болыс болып, иттей қор болғаннан басқа жақсылық таппайтын адамдар, – деп көрсетеді. Бұл өлеңнің ерекшелігі – ұйқасы басынан аяғына дейін қара өлең ұйқасы болғанмен, тізбектеліп

келіп белгілі күйлі, үнді бір нақысқа құрылған өлең өрнегі сияқты болып отырады. Мұнан Абайдың өлең өрнегін еркін меңгерген шебер ақын екендігін көреміз. Мағынаны ұйқасқа жеңдірмейді. Сондықтан түрі күйлі, мағынасы тың. Редиф ұйқасымен келіп отыратын “Қартайдық, қайғы ойладық” өлеңінде өзінің тіршілік, әлеуметтік күйін білдіру үшін әуелі құлақ күйін келтіргендей желдіртіп алады. Бұл өлеңінде адамдар пиғылында тіленшектік көбейіп, елдік мәдениет өспей тұрғанын мұндана айтады.

Би мен болыс алады күшін сатып,  
“Мен қазақтан кегінді әперем” деп.  
Жарлы алады: “қызметпен өткерем” деп,  
Елубасы “шар салып, леп берем” деп.

Бұл жұрттың бөрінен көрінетін бір мінез болғандықтан, мазмұнға лайық түр туады (аяғы “деп-пен” бітіп отырады). Қоғам тіршілігіндегі елдің неше алуан мінезін айтқанда, Абай қазақ тарихындағы қайшылықтың өсіп келе жатқанын айтады. Сондықтан Абай ел тіршілігіне атсалысқанда, халық тіршілігіне әсер етемін деп кіреді. Абайдың осы кездегі өлең сарыны халық қайғысын күңіреніп толғағаны еді.

1886–1889 жылдағы Абай өлеңінің әлеуметтік өмір сарыны Тобықты арасындағы уақиғаға тіреледі. Бұл кезде Тобықты ішінде жаңа адамдар шығып еді. Оның бірі – алғаш Абайға дос болып, соңынан жау болған Оразбай. Оразбай бастаған топ – ірі байлар. Екінші қатардағы Жиренше, Сүйіндіктің баласы Асылбек, Абралы дегендер болған. Байғұлақ, Байділда да бұлар ірі бай, сөзуар, елдің күндегі дау-шарына, сайлау таласына белсене араласып жүреді. Осы топпен қатар өскен жас буын Жігітектен Базаралы, Бейсембі, Әбділда еді. Ол кезде Тобықты Құнанбай заманындағыдай емес. Семей ұлығына тікелей бағынған кезі. Бұл кезге шейін Абай ел жұмысына араласып жүретін шешен, алғыр, әділ би болған. Әділдігі сонша, Абайға досынан гөрі дұшпаны көбірек билік айтқызыған.

Ірі дау болғанда, патша үкіметі өзі шеше алмай әуре болған. Осындай дау тұсында ел әділетшіл билік иесіне мұқтаж болатын. Сондай би де, елдің пана іздейтіні де Абай еді. Құнанбай балаларының әмірі ел ішінде бертінге шейін басым болып келді. Бірақ Абай бір рет би болып, сонан



кейін билікті басқа жақтың дос-жарларына береді. Сонда да ел оны билік айтуынан қалдырмай келді. Оразбайлар Абайға іштей бәсеке болады. “Көңілім қалды достан да, дұшпаннан да” өлеңінде елді адамдық сипатынан айыратын адамдардың мінезін жыр етуі жоғарғы айтылғандарға байланысты. Бөжей өлгеннен кейін Құнанбай балаларына наразы болып жүрген өр талапты адамның бірі – Базаралы болады. Құнанбай балалары Базаралыны жер аудартады. Болыстыққа сайлау болған тұста Базаралы қайтып келеді. Сайлау нәтижесінде Күнту болыс болады. Арада көп дау болып, ұлық Күнтуды болыстықтан түсіреді. Осы кезде Жігітек руы жапа-жалғыз қалады. Осы жылы жазған өлеңінде (1886) дау-шардың пайдасыз екенін жырлады. “Қалың елім, қазағым” өлеңінде бүкіл қазақ сахарасындағы қалың елдің қайғысын тебірене жырлады. Халықтың шын үлкен дертін, мұңын айтып, осы қиыншылықтан шығаратын не дегенде – өнер-білім деп алғаш өлеңмен ашығын айтады.

1886 жыл. Абайдың ақындық өнер жолына барынша ширығып, уыттанып кіріскен жылы. Ел ішіндегі ауырлықты, надандықты, пәлеқорлықтың бәрін айтып тауыса алмастай ашу-ыза кернеп келеді де, осыған орай өлең де осы тұста көп шығады. “Көңілім қалды достан да, дұшпаннан да” дегеннен Күнту болыс болған кездегі өзінің дос деп жүрген адамдарының жау болып шыққанын айтады.

Көңілім қалды достан да, дұшпаннан да,  
Алдамаған кім қалды тірі жанда.  
Алыс-жақын қазақтың бәрін көрдім,  
Жалғыз-жарым болмаса анда-санда.

Жаз жайлауда, қыс қыстауда да өшпес дауға түскен ел. Сырттан сынасып, ел қамын жеп жүргендердің өзін де жаман деген атаққа ілндіріп жүргенін айтады. Абайдың сынына қарағанда, феодалдық қалдықтың құритын мерзімінің жеткенін көріп, еңбекті сүй дегенді айтады. Әмір иесі емес, орташалардың өзінің өнерсіз, кәсіпсіз жүргеніне айтқан міні “Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ” деген өлеңінде көрініс тапқан:

Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ,  
Оларға жөн арамның сөзін ұқпақ.

Қас маңғаз малға бөккен кісімсініп,  
Әсте жоқ кеселді істеп биттен қорықпақ.

.....  
Бет, аузын сөз сөйлерде жүз құбылтып,  
Қас кермек, мойын бұрмақ, қоразданбақ.  
Осындай сидаң жігіт елде мол-ақ,  
Бәрі де шаруаға келеді олақ.

Бұл мінез – ешбір жұмысы жоқ, жалғыз атын терлетіп ел қыдырып жүрген тіленшектер мінезі еді. Мұның өзі үлкен қылмыс болмағанмен, сол кездегі көп адамның басында бар жиіркенішті іс еді. Сөзімді ұғар деп жастар тобының ішінде болып, жігіт қандай болу керек, жігіт жар таңдағанда, келешегін ойлау керектігін “Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат” деген өлеңінде айтады. Бұл өлеңінде әйелдің көркіне қызықпа, ертең бірің ана, бірің ата болғандағы жайынды ойла дейді. Абай өзінің үлкен ниетке бекінгенін, бірақ соның іске асатынына, аспайтынына күдікпен қарайтынын “Патша құдай, сиындым” деген өлеңінде айтады:

Патша құдай, сиындым,  
Тура баста өзіңе.

.....  
Қайран сөзім қор болды,  
Тобықтының езіне.  
Кеселді түйін шешілсе,  
Кердең мойын кесілсе,  
Келмей кетпес кезіне.

Бұл айтқаным іске асар ма, болмаса Тобықтының езіне қор бола ма деп күдіктенеді. Осы жылдардағы өлеңінде пәлеқорлықтың мінін көрсетіп, жастарға өнеге айта бастаған өзекті сарыны – халықты оқу-ағарту ісіне бастау жөнінде жастарға ақыл айтады. “Ғылым таппай мақтанба” деген өлеңінде сөзді көпке жалпылай айтпай, жастарға “сен” деп арнай айтады. Талапты, еңбекті, адамгершіліктің жолына түсер-ау деген жеке жас қауымға арнай айтады.

Талап, еңбек, терең ой,  
Қанағат, рақым ойлап қой –  
Бес асыл іс, көнсеңіз, –

деп, жақсылықтың негізгі түрлерін санамалап көрсетеді. Елдің бірлігін, тілегін ойлау жаңашылдық сөзі болғандықтан, Абайды тыңдаушы Оразбайлар емес, сөзін ұға бастаған жас талапкерлер, оқыған қазақ жастары шығып, өз айналасында Көкбай, Әбдірахман, Ақылбай, Кәкітай, Мағауия сияқты талапкер жұрт ере бастаған кез. Абай жастарға айтқан сөзді түңілмей айтады. Мейірман тілмен жанашыр болып айтып, емірендіргісі келеді.

Сөзіне қарай кісіні ал,  
Кісіге қарай сөз алма.  
Шын сөз қайсы біле алмай,  
Әр нәрседен құр қалма!  
Мұны жазған білген құл –  
Ғұламаһи Дауани  
Солай депті ол шыншыл.

Шығыстың ғұламасы Дауаниді айтып отырып, жастарға ызасыз, тек ағаның ініге айтатын ақылын айтады. “Интернатта оқып жүр” деген өлеңінде айтып отырған мазмұнына қарай жаңаша түр енгізеді.

Прошение жазуға  
Тырысар келсе шамасы.  
Ойында жоқ бірінің  
Салтыков пен Толстой,  
Я тілмаш, я адвокат  
“Болсам” деген бәрінде ой.

Өзің пәлен болам дегенше, соларды білімді Салтыков, Толстойлар қалай сынады, соны біл деп үндейді. Салтыков – халықшыл демократ, сондықтан олардың жолын ұғын деген сарынды білдіреді. Салтыковтен оқы деумен бірге, оязға қызмет етпе, онда жанбай жатып сөнесің. Оның арты қорлық, сондықтан білім ал деп, өз тұсындағы жастарға халық атынан үлкен программа ұсынды. Тіпті қолыңнан келмесе, саудагердің қолында сауда істесең, сол жақсырақ дейді. Осындай өлеңдерді айта келіп, соңынан мұңды өлеңдер де жазады. Абай “Жаз” өлеңінен бастап, шығармаларын өз атынан шығарады. Басынан аяғына шейін бұрын қазақ ақындарының айтпаған өлеңінің бір түрі ретінде “Жазда” кәсіптік, табиғаттық тіршілігін айтады. Мұнда жайлауға қонып

жатқан елдің көрінісін суреттейді. Табиғаттың құбылысын, малдың психологиясын, қыз-келіншектің мінезін, асау мініп теңселген жылқышыларды, мал иесі үлкендердің жүріс-тұрысын бір суретші де дәл осылайша көрсете алмас еді. Осы ғажап, қайталанбас құбылыстың бәрі бір кішкентай өлеңде ғана көрініс тапқан. Осының ішінде ең сүйкімсіз болып көрсетілген нәрсе – байдың бейнесі. Байдың жалпы тоқтыққа риза болған іші бітеу мінезін көрсетеді. Бай барлығымен жұртты өзіне жалынышты етеді. Міне, қазақтың тіршілігін көрсететіні, жастардың эстетикалық сезімін оятқаны, Абайдың ойы-қыры кең, тынысы мол ақын екені көрінеді.

А б а й д ы ң 1886–89 жылдағы өлеңдері. Бұл жылдарда шындап шұғылданып кіріскені – ел мінезін сынауды әуелі қоғам тіршілігінің паразиттерін мінеуден бастап еді. Абай ел ішінде жүрген болыс, билерді сынаумен бірге, өзі ел ішінде үлкен тірек еді. Абай өзінің ақындық міндетін терең түсінеді. Маңындағы інілеріне, ақындарға арнап көп өлең жазады. Солардың бірі – “Өлең – сөздің патшасы”. Тек қана осы өлеңнің өзі Абайдың өз заманындағы ақындардан ерекше екенін аңғартады. Абай Европа әдебиетінің, жалпы қоғам құрылысы мен алыстан келе жатқан адамдардың ісі қандай болса, ақындары да сондай өзінің міндетін білу керек дейді. “Өлең – сөздің патшасы” деген өлеңінде ақын сөзін халықтың ардақтайтынын біледі. Сол сөз патшасы ақынды ұлылық пен құрметке бөлейді:

...Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,  
Сонда да солардың бар таңдамасы.  
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын  
Қазақтың келістірер қай баласы?

Өлеңнің белгілі мақсатты, келісімі дәл болуын, мазмұн мен түрдің бірдей болып үйлесуін талап етті. Абай өлеңнің керектігін:

Әуелі аят, хадис – сөздің басы,  
Қосарлы бәйітсымал келді арасы.  
Қисынымен қызықты болмаса сөз,  
Неге айтсын пайғамбар мен оны аласы, –

дейді.

Абай өнерлі өлең сөз биік мақсатты көздеген ірі, зор, азаматтық ақынның көкірегінен ғана шығатын құбылыс екенін айтады. Пушкин муза мен Апполонды көп айтса, Абай тыңдаушысы мұсылман болғандықтан, олардың өз нанымымен дәлелдейді. Өткендегі барлық әдебиетті шарлап, тарихтың мініне терең ойлы ақынның көзімен қарайды. Ғасырлар бойы ұмытылмаған ақындардың ой саларлық үлгілі-өнегелі жерін еске алады. “Өлең – сөздің патшасында” жақсы сөз тұғызу керектігін айтып, өткендегі өңезі шыққан өлең өнегесін мысқыл етеді. “Іші алтын, сырты күміс” дегенде мазмұн мен түрді алып, мазмұнға көбірек мағына береді. Мазмұн шешуші нәрсе, түр соған бағынышты дәрежедегі орында тұруы керек дейді. Соны қазақтың оқушысына бір рет мұсылманшылық тарихына ой көзімен қарай отырып айтып еді, енді ескі тарихты ойға оралтады.

Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап,  
Мақалдап айтады екен, сөз қосарлап.  
Ақындары ақылсыз, надан келіп,  
Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап.

Абай өз тұсындағы ақындар өз қасиетін түсіргенін, сөз басы болудан қалып, жалынышты, сатымсақ, шашпау көтерер сөзге құл болғанын айтады. Ақындарды қатты соққылап келеді де, заман ақынға шарт қояды, мен де өзіме жаңаша шарт қоямын дейді:

Ескі бише отырман бос мақалдап,  
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап.  
Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел,  
Сендерге де келейін енді аяңдап, –

сөзін, ойын жаңаша түзелген тыңдаушыға қарата айтады. Абай ермек үшін айтатын болсам, ол әшейін ертегің болып кетеді, сол себепті қызықты қысыр әңгіме емес, тынысың боларлық сөз айтам дейді. Кеудесін керіп, көп білем деген талай надандарды кінәлап айтам. Сол үшін мені кінәлама дейді. Абайдың бұл өлеңі (Көкбайдан өлеңді өзі алып) қандай ойлармен келіп, қандай соны жаңғырық алып, толып келгенін, ол ойды онан басқа еш ақынның айтпағанын көреміз. Бұл өлеңі тек 1887 жылғы емес, келешекте өлеңді не үшін жазатынын көрсететін айқын айнасына айналады.

1888 жылғы өлеңінде халықтың әдетін, салт-санасын айтады. Ол өлеңнің бірі – “Біреудің кісісі өлсе, қаралы – ол”. Қайғы-қуаныш болса да бәрі өлеңмен келеді, өлеңсіз өмір қызық па дейді. Туғанда шаттық өлеңмен қарсы алып, өлген адамның қасиетін де өлеңмен айтып, ол дүниеге өлеңмен шығарып салудың себебін айтады.

Туғанда дүние есігін ашады өлең,  
Өлеңмен жер қойнына кірер денең.  
Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,  
Ойлансаңшы бос қақпай елең-селең, –

деп, сырты күміс, іші алтын өлең осындай болмақтығын меңзейді. Ақыл, нақыл сөз қонбайтындардың өленді ұғынуы екіталай дейді. Сөзді сатуды ақындық өнерді қорлау деп біледі:

Көп топта сөз танырлық кісі де аз-ақ,  
Ондай жерде сөз айтып болма мазак.  
Біреуі олай, біреуі бұлай қарап,  
Түгел сөзді тыңдауға жоқ қой қазақ.

“Өлең – сөздің патшасынан” кейін бұл өлеңде бұрынғы өткен қазақ ақындарымен қағысады. Мұнда Шортанбай, Дулат, Бұхар жырауларды сынайды. Әдебиеттің өсуінде белгілі бір ағым болады. Ол ағым ірілеп барғаннан кейін, сол сөзден заман, қоғамдық тіршіліктің... шындығы көрініп, өзіне дейінгілерге сын айтылады, кемшін жағы мысқыл етіледі. Мысалы, ХХ ғасырдағы орыс романы Тургенев, Толстойдан бастап ең үлкен жанрға айналып (“Война и мир”), кейін новелла жазуға бола ма деген ой түсіп, новеллалар туа бастады. Себебі роман жетер шегіне жетеді. Міне, осы сияқты бір дәуір мен бір дәуірдің жаңғыруы стильдің бірінің орнына екіншісінің келуімен жаңғырады. Енді қазақ ақындары ешуақытта Шортанбайша боздай жырлау күйінде болмау керек. Сондықтан осы үш ақынның өлең мазмұнын сынға алып отыр. Ендігі тіршілікке олардың өлеңінің пайдасы аз, өйткені кемшілік олардың сыртында да, ішінде де тұр. Сондықтан барға қанағат етпей, алға ұмтылуды айтады. Ол ғасырдың жыры бітті, енді жаңа ғасыр келді деп, келешектің мақсатын көрсетеді. “Мақсатым – тіл ұстартып, өнер шашпақ” дейді. Енді өлең

жаңаша тәрбие, мәдениет үгітшісі болсын, жаңаны сезгіш қайраткері болсын дейді. “Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ”, ойлы жастар осы ойдан үлгі алсын дейді. Менің сөзім думан-сауық сөзі емес, елдігің үшін, намысың үшін қатуланған, санаға айтылған сыншыл сөз дегенді айтты. Абай өлеңінде жаңа жыр үлгісін көрсетіп, тыңнан сұрау салды. Мысалы, “Жаз”, “Қыс”, т.б. мұндай тақырыпта бұрын қазақ жырлаған емес. Халық тіршілігін жаңаша танып, сынаған адам болып көреді. “Қыс” деген өлеңінде Абай жаңа үлгіде айтамын деп бұрын қозғалмаған тақырыпты алып, жаңа мазмұнға жаңа түр береді. Теңеуі де жаңаша, қысты сипаттауы арқылы үсті-басы сықырлаған алып денелі біреудің келе жатқанын сездіреді. Үсті-басы сықырлаған қар, мұз – қыстың ызғары. Осы суреттеген қалпынан – орыстың поэзиясындағы Некрасовтар жырлаған “Мороз – Красный носты” Абай қазаққа түсінікті ету үшін, Дед Морозды “кәрі құдаң” деп образды бейнеде бір-ақ сөзбен түсіндіреді. Кәрі құда келген сайын мал алып, ығыр етсе, қыс та жұт иесі болып малды алып отырады. Мұның өзі бұрын-соңды қазақ өлеңінде кездеспеген соны теңеулер. Қаһарлы қыстағы табиғаттың стихиялық күшін қатаң қарттың бейнесімен салыстырады.

Әуес көріп жүгірген жас балалар,  
Беті-қолы домбығып, үсік шалды.  
Шидем мен тон қабаттай киген малшы,  
Бет қарауға шыдамай, сырт айналды.  
Соныға малды жайып, күзетіндер,  
Ұйқы өлтірмес, қайрат қыл, бұз камалды!  
Ит жегенше, Қондыбай, Қанай жесін,  
Құр жібер мына антұрған кәрі шалды.

Енді ұғымды, образды ақындық тілмен қаһарлы қыстың уақытындағы қайталанбас көріністі жандандыра суреттейді. Бұл арада қыс болмысы реалистікпен суреттелген. Ең аяғында қысты – кәрі құда шал деп көрсетіп, ашып береді. “Қыс” өлеңі ірі ақындық көркемдік үлгісін көрсеткен және Абайдың қазақ сахарасындағы қысты (Арқаның қысын) терең ойлы сезіммен суреттеп бергенін көрсетеді. Бұл өлеңдер Абайдың ақындық өнер мәдениеті жоғары сатыға көтеріліп келе жатқанын байқататын ірі айғағының бірі еді.

1889 жыл – Абайдың өлеңді көп жазған жылы. Бұған сол кездегі аз жылдың тыныштық пен өнерлі ортасының молығуы себеп болған. Ел басқару жұмысын Оспан алған соң, Абай ақындыққа құлай беріледі. 80-жылдан басталған кітап оқуын тастаған жоқ еді. Кітаптарды алғызып немесе Семейге барып оқиды. Осы 1889 жылы 25 шамасында өлең жазады. Өлеңдерінде ел кемшілігін шенеу мен махаббат, табиғат сарыны басым боп жатады. Сөз ұғатын жастарды өнер-білімге үндеп, көп үлгілі сөз айтып, жаңа жолға баулиды. Жастарды музыкаға үйретпек болады. Осы ниетпен скрипкашы Мұқаны өзіне дос етіп алады. Атақты Біржан Абай аулына келіп, Абайды бірталай әнмен таныстырады. Абайдың өлеңдегі өсиеттері ақындар арқылы өзге елге тарап, сол ақындар өлеңінде Абайдан нәр алады. 1891 жылға шейінгі өмірі көп пайда келтірген жылы еді.

Абайдың дінін алатын болсақ, сол замандағы молда, ишандар пікірінен емес еді. Абай діні – рационалдық сыншыл ақылдың шартты діні болғандықтан, ақиқат, жаратылыс сырын философия тілімен түсіндіреді. Соның ішінде адамгершілікке ерекше көп көңіл бөліп, өз пікірін өлеңдері мен қара сөзінде айтып, дәлелдеп отырады. Бірақ 90-жылға шейін тыныштық болып келсе, енді осы жылдары Оспан мен Оразбай араздасып, тағы да тыныштық бұзылады. 89-жылға шейінгі өлеңдері. Абайдың өткен өмірін көз алдымызға елестейтін “Болыс болдым, мінеки”, “Мәз болады болысың” деген өлеңдерінде белгілі пішінін алып, мінезін, әдетін, психологиясын айтып береді. Осы жылдарда білім туралы да біраз өлеңдер жазылады, махаббат туралы да айтылады. “Сегіз аяқ”, “Қыздың жігітке айтқаны”, “Жігіттің қызға айтқаны”, “Қараша, желтоқсанмен сол бір екі ай”, т.б. өлеңдерімен қатар, “Онегиннің Татьянаға”, “Татьянаның Онегінге” жазған хаттарын аударарды. Абайдың Пушкинді аударуға тырысқан себебі: осы кезде орыстың 60–70-жылдардағы Ресейдегі ірі қоғамдық тартыстан көп оқып алған әсерінен, ондағы революциялық тартыс ағымымен терең танысуында жатыр. Оған өзі оқып ізденсе, екінші жағынан, достасқан орыс адамдарының келтірген пайдасы да себеп болған. Сол адамдардың бірі – Михаэлис 1861 жылы тұтқынға алынған, революциялық оянудың күшею дәуіріндегі үлкен ұстазы,



революцияшыл демократ, материалист Чернышевскийдің әсері күшті болған. Сол кездегі университетте студенттер ішінде болған революцияшыл қозғалыстарға араласып кетеді. Ол жасырын түрде жазылған саяси манифеспен байланысты еді. Осы іспен айыптап, ұстап, Михаэлисті Петрозаводскийге айдайды. Михаэлис өте зерек, алғыр, батыл адам болған. Және революцияның қайнар бұлағынан шыққан адам еді. Петрозаводскіден Тарға, онан әрі алысқа айдалып келіп, ақыры 1880 жылы Семейге келеді.

Михаэлистің Абайға әсері қандай? Неге Абай сондай революциялық пікірді естіп жүріп, патшаға қарсы сөз айтпайды? Михаэлис Семейге келгенмен, Петербургтен қатынасы үзілмейді. 1881 жылғы патшаны атуы жөніндегі оқиғаны Абай естиді. Долгополов айдауда болады. Жаңадан III Александр таққа отырады. Патша үкіметі Долгополовтан ант сұрағанда, Долгополов революцияшыл бетінен қайтпайды. Патшаның тілегін орындамайды. Сондықтан Долгополовты әрі қарай айдайды. Ақырында Долгополов та Семейге айдалып келеді.

Абай өлеңдерінде, чиновник болма деген сыншыл сөзінде бірталай үлгі бар. Салтыков-Шедринді айту себебі, ол патшаны мінеп-шенеген адам, сондықтан солардан үлгі ал деді. Осындай пікірлерді өлеңдерінде де таратып жүрді. Бір жағынан Михаэлис, екінші жағынан Долгополов және 1863 жылғы поляк көтерілісіне қатысқан Северин Гросс Абаймен үлкен дос болған. Северин “Обычное право киргизов” деген ғылыми кітап жазған. Осылар Абайдың поэзиясына неге революциялық әсер енгізбеді дейтін болсақ, алдымен Чернышевскийдің айтқан сөзін еске аламыз. Чернышевский халықтың көзін ашуға тырысу керек, халықты ояту керек деді. Долгополов, Михаэлис, Северин Гросс Абайға келгенде, қазақ даласында пролетариат жоқ еді. Қазақ халқы бұратана ел, сондықтан қандай программа ұсынуға болатын еді? Тек қана елді ояту үшін ағартушылық ісін ғана жүргізуге болатын еді. 1889 жылғы өлеңдеріне қарасақ, патша құрылысына қарсылық пікірмен қатар, мәдениетке жету туралы көп өсиет сөз, ой-пікірлері бар еді. Орыс халқының әдебиетінде келе жатқан гуманистік идеяға үлкен де терең мағыналы ағым Пушкин, Лермонтов пікірлерін қазақ халқына жеткізу алғашқы бастама сияқты еді. Бұл, әрине, аз үн емес.

Абай мұсылман дінінің сыртындағы үлкен пікірлі адамдардың сөзін қазақ халқына жеткізді. Пушкиннің революцияшыл пікірдегі сөзін жеткізуге — ол кезде Пушкиннің революцияшыл пікірдегі шығармалары баспаға шыққан жоқ еді. Абай пікірлерін айтқанда кәрілерге арнаған жоқ. Болыс, биді мінеп отырса, жастарға әкелік мейіріммен қараған. Пушкинмен таныстыру, орыс мәдениетімен таныстыруда үлгі боларлық жағын ашу мақсатымен “Евгений Онегинді” аударды. Болыстарды шенеуде бір болыстың пішінін жасай отырып, бүкіл қазақ сахарасындағы болыс, биді жинақтап, типтендіріп көрсетеді. Болысты сынау деген патшалық әкімді сынау деген сөз еді. Патшаның қазақ пішіндегі сүйеніші би, болыс еді. Патшаның шенді-шекпен кигізіп, арқасына қағып мәз қылған өрескел пішінін айтуы орыстың революциялық пікірімен терең байланысты танытатын құбылыс. Қазақ даласындағы патшалықтың ел билеу жүйесін сынау еді. 1889 жылғы өлеңдерінің түр, мазмұн жағынан байығанын көреміз. Ол өлеңдері тақырып жағынан бір-біріне ұқсамайды. Мысалы, “Болыс болдым, мінеки” елдің елдігін жоятын құнарсыздықты, қоғам тіршілігінің дерті сияқты құбылысты ашына суреттейді. Сатирик болуына Абайдың жас бала кезінен бейімі бар еді. Соны өсіріп әкетеді. Абай әрі сыршыл ақын. Мұнан Абайдың әр жақты болып кеңейіп келе жатқан ақындық өнерін байқаймыз. Нәзік сарын шығады. Ол сарын махаббат сырын қозғайтын өлеңдерін жазды. Мұнда да Абай сыңаржақ емес. Махаббат жөніндегі жырлары Абайдың өзінің әр алуан ақындығының әр саладан келген төркінін танытады. “Айттым сәлем, қалам қас” өлеңі сыйластықтың қазақ жастары арасындағы табиғи қалпын тереңдетеді. “Қор болды жаным” өлеңінде шығыс ақындарының диуан, ғазалдар жазған ақындық өнер әсері көрініп тұр. Шығыс поэзиясындай өзі сүйген аруды жалпылай жырлап, кімге арнағаны белгісіз, тұманды махаббатты жоғарыдан келген сияқты, әмір құдіреттің бұйрығы сияқты ұғыну бар. Осылай жырлау Абай өлеңінде көрініп тұрады:

Қор болды жаным,  
Сенсіз де менің күнім,  
Бек бітті халім,  
Тағдырдан келген зұлым.

Тағдыр етсе алла,  
Не көрмейді пәнде?

Қазақ өлеңінде кімнің кімге не айтып отырғаны айқын көрініп отырады. Мысалы, “Айттым сәлем, қалам қас” өлеңінде жігіттің қызға айтып отырғаны айқын.

Абай осы жылы аудармамен де айналысады. Аударғанда нағыз реалистік шығарманы алады. Ол шығарма – “Евгений Онегин”. Бұл дәл аударма емес. Абай жігіттің сезімін нәзіктейді. “Евгений Онегин” Пушкинде роман болса, Абай хат ретінде аударған. “Айттым сәлем, қалам қаста” жігіттің қызды қадірлей білгенін көреміз. Қазақ әйеліне Абай тең тіл бітірмек. Сондықтан “Евгений Онегинді” алғанда, осы әйелдің үлгілі ішкі сезімін, жан құрылысын көрсетем деп алады. Абай “Евгений Онегинді” аударғанда жаңа өлең үлгісін табады. Мысалы:

Амал жоқ – қайттым білдірмей,  
Япырмау, қайтіп айтамын?  
Қоймады дертім күйдірмей,  
Не салсаң да тартамын, –

деп шалыс ұйқаспен келтірген. Сонымен бірге, теңеудің жақсы түрін келтіріп жазған. Пушкиннің сипаттағанынан Татьянаны басқаша сипаттап, Татьянаның айтқан сөздерін де басқаша жазады.

Тәңірі қосқан жар едің сен,  
Жар ете алмай кетіп ең.  
Ол кезде бала едім мен,  
Аямасқа бекіп ең.

Абайдың Пушкинді терең түсінгенін осы Пушкиннен алған ақындық мәдениеті аңғартады. Ол қазақ сахарасының табиғатын суреттеуі мысалынан да байқалады (“Күз” өлеңі). Қазақ поэзиясы Абайға шейін табиғатты өз алдына жеке суреттеуді дәстүр етпеген. Қазақ поэзиясында табиғаттың жыры тек әңгіме ішінде оқтын-оқтын кездесетін. Абайдағы табиғатты суреттеу шығыстан келген жоқ. Абай табиғат лирикасын кіргізгенде, барлық шындығымен табиғаттың пейзажын суреттейді. Абай реалистік пейзаж жасады. Бұл – Пушкиннің үлгісі. Күз бен қысты аса жақсы жазған Пушкин

еді. Абайдың “Күзі” мен Пушкиннің күзді жазуы Абай мен Пушкиннің қабысуында үздік үндестік дәрежесіне жеткенін көрсетеді.

Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,  
Күз болса, дымқыл тұман жерді басқан.  
Тойғаны ма, білмеймін тоңғаны ма,  
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан, —

деп, жайылыста жүрген ауылдың жылқысынан бастап, соның мінезін табиғатпен байланысты суреттейді. Онан кейін адамды алып, дәурені өткен адам өмірі сияқты етіп, ағаштың жапырағынан айрылғанын көрсетеді. Табиғаттың көрінісіне қайта келіп, табиғаттың жүдеулігін көрсетеді. Бір жол өлеңмен Арқа елінің шаруашылығының күйін көрсетеді. Күзді күнгі ауылдың тамақ жағынан жүдеп отырғанын сол ауылдың иті арқылы жанама тәсілмен байқатады. Себебі ауыл тоқ болса, сүйек кеміріп жататын иттің тышқан қуалап кетпейтіндігін айтады. Екінші өлеңі одан гөрі табиғатты терең суреттеу мен қоғам жайын айтып кетеді. Ол өлеңі — “Қараша, желтоқсанмен сол бір екі-ай”. Бұл өлеңде де кедейдің тұрмысынан бастайды. Абай бұл өлеңін Тәкежан үйінде отырып жазған. Тәкежан өкпелеген соң, Абайдың балалары өлеңді 1909 жылғы ақын жинағына кіргізбей қалдырған. Ол:

Әкесі мен шешесі баланы аңдыр,  
О да өзіндей ит болсын, азғыр-азғыр, —

деген жолдар еді. Абай қанаудың кедейдің өзіне ғана емес, баласына да жеткенін көрсетеді. Абай тап қайшылығын аңдап, ол қайшылықтың анық айқын пішінін көрген. Мінекей, Абайдың 1889 жылғы өлеңінде осындай сегіз қырлылық байқалады. Біріншіден, Пушкин шығармаларымен таныстырып, өз тілімен емес, өнегелі елдің тілімен өз жастарының көзін ашпақ болады. “Евгений Онегинді” аударған соң, оған ән шығарады. Әншілердің әнімен той-жиында жас атаулы жыр жырлап, өлең тыңдамақ болса, соның бірі — осы “Евгений Онегин”. Екіншіден, табиғатты суреттеуді реалистік түрмен жаңғыртады. Махаббат туралы жырлағанда шығыс ақындарымен жақсы байланысы барын көрсетеді. Қазақ жастарының арасындағы махаббатты қазақ жастарына

түсінікті етіп жырлады. Енді Абайда көңіл күйі лирикасы да болады. “Сегіз аяқ” Абайдың көп ойының толқыған мұңын да, ізденуін де шебер айтып жеткізе алған. “Сегіз аяқтың” ішіндегі қоғамдық ойы, мұңы, арманы емес. Ел тіршілігінің шындығы сыншы Абайдың осы өлеңінде айқын көрінген. Бұл бірталай өлеңнің ой қорытындысы сияқты. Сондықтан үлкен ықыласпен жазған. Мазмұнына қарай түрі де өзгеше болып келеді. Уәзінге салып өлшегендей шебер жазылған. Абайдың 4 жолды қара өлең ұйқасымен жазылған өлеңдерінен басқаша толысқан, күшейген, шебер ақынның бір бел қорытынды жазған өлеңі дейміз. Өлеңнің ең аяғын мұңмен бітіреді:

Жартасқа бардым,  
Күнде айғай салдым.  
Онан да шықты жаңғырық.  
Естіп үнін,  
Білсем деп жөнін,  
Көп іздедім қаңғырып.  
Баяғы жартас – бір жартас,  
Қаңқ етер түкті байқамас.

Бұл “жартас” – үлкен символ. Сол кездегі жұмбақ заманды айтуы мүмкін, өйткені сөзін заманына арнап айтады. “Жартас” деп айтып жатқан жырына үн бермейтін айналасындағы надан қауым болуы мүмкін. Ақындық үнін – жартасқа келіп айқайлаған жалғыздық мұңын айтады. Біз сатирик Абайды, махаббат лирикасын жазған Пушкинді өз қауымына үлгі еткісі келген Абайды көрдік. Пушкинге барған барысты “Сегіз аяқтағы” көңіл-күй лирикасына келуінен көрдік. Әрбір жылдар жаңалығы әр өлеңінде-ақ кездеседі. Бұл жылдағы бірталай өлеңі үлкен шабытпен жазылып, өз ойын толық айтып, шың басына шыққан Абайды көреміз.

1890 жылдағы өлеңі де Абайдың шеберлік жағынан асып түсе беретін ақындық өнерін байқаймыз. Артық, керексіз жері жоқ, өлеңінде үлкен шеберліктің биік дәрежесіне жеткен жаңаша түр келісімі көрінеді. 1889 жылдағы бастаған сарын шеберленіп, нәзіктеніп, тереңдей түседі. “Сегіз аяқ” үлгісімен жазылған “Келдік талай жерге енді” өлеңі басынан аяғына шейін екі сөзден құрылған редифті ұйқасқа құрылған. Айтпақ болған күйін бітіріп ұшырғандай, толқын ұрып отырған күшін танытады.

Туған жерді қия алмай,  
Тентекті жеңіп, тыя алмай,  
Өлі отырмыз ұялмай.  
Таба алмадық өңге елді,  
Әуелде тәңірім сорлы етті.  
Арсыз елмен әуре етті,  
Жалғыз үйде күңіреңтті, —

деп, 3-4 жолды ұйқасты қатар келтіріп, алғашқы ұйқасқа келіп, аяғында өзін мысқылдап тоқтайды. Бұл қоғамдық ойдың ақынды күйікке айналдырып, ширықтыра бастағанын көреміз. Осы жылдарда жазған өлеңі “Өзгеге, көңілім, тоярысың”, “Ата-анаға көз қуаныш”. Бұл өлеңдерінде көңіл күйі, махаббат жайында айтады. “Бай сейілді” өлеңінде ақын ойы, сезім сарыны шеберленіп көрінген. Ұйқастың құйылуы шебер. Жаңа ой ойлаған ақын жаңа түр тауып, әнін қоса шығарады. Ұйқасында 3-жол мен 6-жол ұйқасады. Бұрын ауыспалы шумақ болса, енді тұрақты шумақ. Сүйтіп, Абайдың өлең түрін іздеуі шеберлене береді. Өлең Абайдың қандай тынысы болғанын көрсетеді. “Өзгеге, көңілім, тоярысың” деген өлеңінде:

Өзгеге, көңілім, тоярысың,  
Өлеңді қайтіп қоярысың?  
Оны айтқанда толғанып,  
Іштегі дертті жоярысың, —

деп, өлеңді құлақ күйі, жан тынысы етіп, сай-сүйегі сырқырағандай жазады. Өзінің ой арнасына ұқсас адам таба алмағандықтан, өлеңді сырласы етіп мұңдасады. Қаралы көңіл мұңмен қара. Сол көңіл жылап, жас ағызып шығатын болсын дейді. Өзінің жалғыздығын сезе бастап, көптің надандығына ашынып жырлады.

...Қара басқан, қаңғыған,  
Қас надан нені ұға алсын?  
Көкірегінде оты бар,  
Құлағын ойлы ер салсын!  
Жылай-жырлай келгенде,  
Артағыға сөз қалсын! —

деп, өз заманынан шығып, келесі заман оқушысына, болашағына мұңын шағып барып тоқтайды. Бұл — Европа

әдебиетіндегі оптимистіктің бір түрі. Өз заманынан түңілген ақындардың 2 түрлі шығатын жолы бар: “Зар заман” ақындары артты ойлап кеюші еді. Сондықтан тарихтың беймезгіл тығырығына ұшырағанда діншілдік, үмітсіздік сарыны шығатын. Ал Абайдың бұл ақындардан өзгешелігі – келешектен үміт етуі. Ел тағдырының бұл қалыпта тұрмайтындығын айтады. Келешектің адамына тағы да мынадай сөз тастайды:

Мендей ғаріп кез болса,  
Мойын салсын, ойласын.  
Қабыл көрсе сөзімді,  
Кім таныса, сол алсын, —

дейді.

Жұртта үміт етерлік әрекет болмаған соң, баладан шыға ма деп, бала жайын да жырға қосады. Білім ізде, адамгершілікке қол соз, бала атаның баласы емес, адамның баласы болу керек деген танымды ұстанады. Қайғылы атаның мұңлы-зарын айтып, “Ата-анаға көз қуаныш” деген өлеңін жазды.

Оқытарсың молдаға оны,  
Үйретерсің әрнені.  
Медеу етіп ойы соны,  
Жаны тыныштық көрмеді.  
Жасында күтті,  
Дәме етті,  
Босқа өтті.

Бұл — ата баласын адамның баласы болуын тілейтін озық ой. Сол атаның мұң-наласын шерлене отырып тербеткендей, өкініштің мұңын да береді. Елдің ұлы болу керек еді, бірақ өзінің інін білген аңдай, атаның сенімін ақтамады дейді. Масыл ұлдың өмірі сүйретіліп өткен өмір, оған қанаттанып ұшқан өмірді қарсы қояды. Басында ата-ана үміт еткен бала ел танымай, үй танып, ақырында жамбасынан сұлап жататындардың бірі болды. Сондықтан әлдиі — зарлы атаның әлдиі.

[ 1 8 ] 9 1 ж ы л д а р д а ғ ы ө л е ң д е р і. Анда-санда махаббат сарыны шаң беріп отырады. Абай жастық шағын еске түсіріп, жастарға адамгершілігі күшті гуманистік тәрбие беруді мақсат тұтты. Ең әуелі адамдықты алу керек. Махаббат

бұл кезде Абайдың ыстық сезімінің бірі емес. Бұл – Абайдың ішін тазартып, нұр сәуле тигізіп, сол арқылы адамдық кейпін беру. Абай бұл кезде батыс әдебиетін де, шығыс әдебиетін де қол үзбей көп оқиды. Махаббат жырын жырлағанда дүниені де барлай отырып жырлаған. Мысалы, “Қызарып, сұрланып” сияқты өлеңі батыс ақындарының үлгісімен өрнектеледі:

Қызарып, сұрланып,  
Лүпілдеп жүрегі.  
Өзгеден ұрланып,  
Өзді-өзі керегі.  
Екі ғашық құмарлы,  
Бір жолдан қайта алмай,  
Жолықса ол зарлы,  
Сөз жөндеп айта алмай.

Мұнда біріне-бірі оңашада ашылыспаған жастардың кездесуі суреттелген. Қараңғыда кездескен жастар көңілі соншалық көп сырласуды армандаса да, үн қата алмайды. Ол уақыттың өзі өте қымбат екенін айтады. Бұл жастардың ең қасиетті шағы. Махаббат сөзбен емес, жүректің дүрсілімен сезілген нәрсе. Бұл кезде жүрек, тіл, ойдың керегі жоқ. Бұлардың бәрінен күштісі ғашықтық сезім дегенді меңзейді. Бұл жер махаббаты, өмірдің шындығымен бас изеп келген жердің ұл-қызы. Бұлар – қай халықта болса да кездесетін ұл-қыздар. Ал “Көзімнің қарасы” өлеңі шығыс ақындарының үлгісімен жазылған. Сүюлі – исламия көлемінде ғашықтық сезімнің қалай бағаланатынын ойлаған қазақтың жасы.

Көзімнің қарасы,  
Көңілімнің санасы.  
Бітпейді ішімде  
Ғашықтық жарасы.  
Тереңдеп қарайсың,  
Телміріп тұрмайсың.  
Бейхабар жүргенсіп,  
Бек қатты сынайсың.

Бұл өлеңде шығыстық сөздік араласқан, “бейхабар” болса да, “күю-жану” бар. Рақым болса да, наз айтуды керек етеді. Біржақты мұң келіп отырады. Бұл – шығыс үлгісі.



Сенсің — жан ләззәті,  
Сенсің — жан шәрбаты.  
Артықша жаратқан —  
Алланың рахматы.  
Көрік — тәңірі дәулеті,  
Қылса ұнар құрметі.  
Сұлуды сүйемектік —  
Пайғамбар сүнеті.

Мұнда жер махаббатынан гөрі құдайға, пайғамбарға мұң-зармен айтылған тілек күшті. 1889—90 жылдар бойында Абай көп жазды. Жастарды тәрбиелеуге көп көңіл бөлді. 91-жылы тағы да өмір ылаңы араласады. Оспан болыс болып тұрғанда, Оразбай араз болып, берекесіз тартыс басталады. Оразбай Оспанға қарсы адамдарды жия бастайды. Оспанмен кескілескен жау болады. Оразбай Оспанмен ғана жауласуды місе қылмай, өзіне бақталас Абайға қарсы болып жүреді. Осы кезде Оспан өледі. Бірақ наразылық күшейе түсіп, бәрібір Абайдың басына түседі. Бұл қаза Абайға қатты батады. Оспан өлгенде бірнеше жоқтау өлеңдер айтады. Соның бірі — “Жайнаған туың жығылмай”. Бір толқын ой мен көкіректің күрсінуі сияқты. “Жақсы өліпсің, япырмау” дегенде ащы шындық жатыр. Оспанның көп нәрселері Абайға тұтас, бітімді адам қалпын танытады. Осыдан кейінгі жылдары Абай өлеңмен көп айналыса алмай, аудармамен шындап айналысады.

Бұл кез де жаулықтың күшейген тұсы еді. Оразбай ұлыққа, қырда елге ат салып, Абайды орай бастайды. Тәкежанмен құда түсіп, Абайдың жақын жерінен жаралай келеді. Абай үлкен мұратты мезгеген адам болғандықтан, қандай ылаң болса да, еліне деген еңбектен қол үзбей, енді ғақлия сөздер жазады. Ол [18]91 жылдан басталады. Абайдың қара сөзі әдебиеттік жанрдың қайсысына жататынын айту қиын. Бұл қара сөздің ішкі мазмұнына, ақынның ой-арманына құлақ салсаң, өлеңіндегі ойымен ұштасып жатқандығы байқалады. Абай — өз еңбегі халыққа жетсе екен деген адам, сондықтан өлеңмен айтылған ой көңіліне қонбаса, қара сөзбен айтқан пайда келтірер ме екен дегенді ойлады. Абайда айрықша философиялық система болмағанмен, философиялық ойлар болған. Табиғат, жаратылыс туралы емес, адам, адамгершілік, қоғам жайында қатты сынға айналдырып айтады. Бұл — қазақ халқының

болмыс тарихынан, шаруашылық жайынан, тәрбиеден, адамгершілік жайынан айтылған өсиеттер. Көпшілігін өзі танысқан грек философтарының үлгісімен айтқан.

Абай [18]93 жылдары жазған өлеңдеріне жаңа ағымдар кіргізеді. Бұл – Лермонтовтан, Гете, Байроннан аударған өлеңдері. Лермонтовтан аудару 1893 жылдан басталып, өл-өлгенше әдет болып кетеді. Лермонтовты дәл аударарды. Европаның көп классиктері енді Абайға кең әсер етеді. Абайдың өз шығармаларының мазмұнын, көркемдігін, ойын кеңейтіп түрлендіреді. “Өзіңе сенбе, жас ойшыл” мен “Ал сенейін, сенейін” деген өлеңде Лермонтовтан Абай өзінің үндестік, үйлестігін табады. Лермонтов арқылы Байроннан жасаған аударма – “Көңілім менің қараңғы, бол-бол, ақын”. Мұнда Лермонтовтың айтқан дарашылдығын шеберленген түрде қайталайды. Гетеден Лермонтов, Лермонтовтан Абай аударған “Қараңғы түнде тау қалғып” өлеңінде стихияны сезуде философиялық, ойшыл, мұңды, нәзік сезімді ақынның терең толқыған жүрек сыры жатыр. Соларды аудару Абайдың өз шығармаларына да жаңаша, тосын сезім кіргізеді. 1894 жылғы өлеңі – “Қарашада өмір тұр”. Абайдың осы кездегі өлеңінде көбінесе ішкі нәзік сезімді айтқанда қысқа өлеңмен қайырады.

Ғашықтың тілі – тілсіз тіл,  
Көзбен көр де, ішпен біл, –

деуі кейде адамның нәзік сезімін тілмен айтуға сөз жетпейтінін меңзейді. Бұл Абай – Лермонтов үлгісінің мәдениетті эстетикаға айналған қалпын танытады. Осы қалпымен келіп, Абай өзінің өміріндегі бір үлкен шер болып толқытқан халге жетеді. Яғни элегия үлгісімен Әбдірахманға арнап өлең жазады. Бір жағынан тілек сияқты болып, шер толқытып жырлайды. Мұнда қазақтың аталық мейірімі де, эстетикалық сезімі де бар.

Бұл интимный лирика үлгісімен жазылған (интимный лирика – дәл ішкі сезім шындығымен дөп тиіп отыратын лирика). Жазылған мерзімі белгілі болып отырады:

Не жазам, япырмау,  
Қол шорқақ, тіл мақау.  
Сәлемет өзінді  
Кешікпей көрсем-ау.

Бұл лирикада шын арнаулы адамның сол кездегі жүрек сезімінің шын сырын көрсетеді. Екінші бір хатында егіле түседі де:

Алланың рахыметін  
Яр тұтып әрнеге.  
Арраhман ол атын  
Үйреткен жұмлеге, —

дейді.

Бұл өлеңі сүйіну үлгісінде басталады. Мұсылман ата болып көңілінің шерін тарқатады. Осы кездердегі табиғатты сипаттаудың өзінде көңілінде қайғы орнағандықтан, барлығында философиялық, эстетикалық сезімнің нақтылы нәзіктілікке, торығулы көңілдің тоқыраушылыққа айналғанын айтады. Дүниемен сырласу, стихиямен бірге мүлгу ретінде табысып барып, өлім күйіне айналады. “Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?” деген өлеңін жазады. Абай өлімнен қорықпайды. Өлім мәңгілік тыныштыққа айналады. Адамның ғажайыптан туып, табиғаттан кетісі жырға қосылады. Бұл өлеңі [18]94 жылға жатады.

Халықтың қамын ойлайтын ой сарыны — Абай өмір бойы тастамайтын тақырыбы. Елдің келіссіз мінезін мысқылдау әлі де қалмайды. [18]95 жылғы өлеңі — “Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей”. Енді ел ішінде қазақ дағдысының дәм ауыз тиетін әдетке сүйеніп, тамақ аңдып, мәз болып жүрген ауылдағы тіршіліктің мағынасы жоқтығын мысқылмен сынап өтеді. Қоғамдық теңсіздіктен кедей ауыр тұрмыс артқанын ескертіп:

Өз үйіңнен тоярға қолың қысқа,  
Ас берер ауылды іздеп жүрсің босқа.  
Бір жілік пен бір аяқ қымыз берген  
Дереу сені жұмсайды бір жұмысқа, —

деп, кедей еңбегін арам тер кылып, сорып жүргендерді мінейді. Абай Чернышевский, Добролюбовтың пікірлерін білгендіктен, қазақтың егіншілік тіршілікке айналмағанын көріп, еңбекшіліктің программасын ұсынады. Ауыртпашылық мұңы бар артта қалып бара жатқандарға ой салып, жайды ашып айтады...

93–94–95-жылдардағы Абай қара сөздерінің алуаны қандай? Абайдың тыңдаушысымен, оқушысымен бетпе-бет отырғанда айтатын пікірлері өлеңінен оқшау емес. Көңіл күйі жағынан бірін-бірі толықтырып, нық сүйеп отырады. Өлеңде жанама айтқан пікірін қара сөзінде ұғымды етіп, таратып отырады.

**Т о ғ ы з ы н ш ы с ө з і.** Әбдірахман өлгенде жазған. Өлеңіндегі сөзін кеңейтіп айтқан ойымен іліктеседі.

**О н ы н ш ы с ө з і.** Әр кездегі мысқылдық сатирамен орай айтылған ойлары философиялық сарынға бейім қалып танытады.

**О н б е с і н ш і с ө з і.** Өзі қолданып жүрген тәжірибені ойланар, толғанар, сол арқылы тоқтамға келер дегенді айтады. Бұлары адамгершілік, мораль философиясына қарай тартады. Адам өздігімен адамгершілікке жету керек, өзінді-өзің аямай арыңның таразысына сал дегенді аңғартады.

**О н а л т ы н ш ы с ө з і.** Дінге тура шабуыл жасалмайды. Бес уақыт намаз оқып, діннің сыртын ғана тұтып жүретіндерге сын айтады. Адамгершілікті Абай ислам дінінің үгітшілеріндей түсінбейді, өзіндік өзгешелігімен түсінеді.

**О н ж е т і н ш і с ө з і.** Адамның адамгершілігі неден құрылады дегенде: қайрат, ақыл, жүрек – үшеуін айтып, ғылымға жүгіндіреді. Абай жүрекке бірінші орын береді. Ол жүректің сезгіштігі. Мұның өзі көрегендік. Олай болса, ақыл байқамағанды жүрек сезеді. Абай өлеңінде де, қара сөзінде де шабыттың адамы, сондықтан жүрек сезімі күшті болып отырады.

**Ж и ы р м а ү ш і н ш і с ө з і.** (94-жыл). Қазақтың мінезін бірнеше жерде қатты сынға алып, әсіресе жақсымын деп кеудесіне нан пісіп жүрген атқамінерлерді таңбалап өтеді.

**Ж и ы р м а ж е т і н ш і с ө з і.** Абай философ Сократты оқыған. Сократқа әрбір шәкірті сұрақ беріп, Сократ жауап қайтарып отыратын болған. Абай сондай бір әңгімені алып көрсетеді. Аристодим мен Сократтың жаратушы ие жөніндегі пікірін таратып айтады. Мұсылманмын деген жұртқа сыншыл ой тастайды. Ал жиырма сегізінші сөзінде барлық мұсылмандарға арнап сөйлейді. Сыншыл ойшылдықтың Абайда өткір көрінген жері – өзі мұсылман бола отырып, шабуыл жасағанда оларға шешендікпен,

ділмарлықпен, келелі ой-пікірлер айтады. Шын адамгершілік мәселесіне келгенде, діннен алыстады.

[18]95 жылдағы философиялық қара сөзінде діннің тар шеңберінен шығып, өлеңінде эстетикалық жағына жаңа бір бүтін ақын туып келе жатқан қалыпты танытқандай.

[18]95 жылғы Абай өлеңдері философиялық пікірі жағынан жаңа ағымда айтылған өлеңдер тобына кіреді. Көңіл-күй лирикасын, махаббат лирикасын айтуымен қатар, өлеңдеріне әр жақты, кең философиялық сарындар кіргізіп отырған. Қара сөздеріндегі өмір, қоғам туралы пікірлері өлеңдеріне ауысады. “Өлсе өлер табиғат, адам өлмес” деген өлеңінде философияның көлеміндегі түбегейлі ұзақ, аумайтын болмыс бар – ол ой. Абайды философ деуге болмайды. Себебі философ болу үшін белгілі философиялық система болу керек. Абайда олай емес. Абайда данышпан ақындарда болатын философиялық пікір бар. Абай қоғам тіршілігі, тәрбие жөнінде материалистік жарқын ойды жоғары санап отырса да, идеалистік пікірге де жақын жанасатын тұстары бар. “Мен” және “менікі” деген күрделі ой танымды айыруда философиялық пікірін толғайды.

Кім жүрер тіршілікте көңіл бөлмей,  
Бақи қоймас фәнидің мінін көрмей.  
Міні қайда екенін біле алмассың,  
Терең ойдың телміріп соңына ермей, –

дегендегі “фәни” дін кітаптары ұғымындағы аз күндік тіршілікті айтады. Ал “бақи” мәңгі деген мағынадағы, көбінде шығыс философтарының пікіріне келеді. Ахиретке жету деген – діннің белгісі, діндік пікірі, қалайда идеалистік.

“Лай суға май бітпес қой өткенге” деген өлеңінде “көңілдің жайлауынан ел кеткен бе?” деп қазақ тіршілігін алып, ойды соған теңеп көрсетеді.

Лай суға май бітпес қой өткенге,  
Күлеміз қасқыр жалап дәмектенге.  
Сол қасқырша алақтап түк таппадым,  
Көңілдің жайлауынан ел кеткен бе? –

деп, қасқырдың бір сипаты мен адам ойын қатар қойып салыстырады. Ойдың жалғыздығын, заманынан иығы асып шыққан мұңлы жалғыздық өмірін жыр етеді. Адамның

ақылмен білдім дегені тек салыстырмалы шындық екенін көрсетеді. Абай ислам дінінің тілменен айтып, дін үгітінің тоқта деген жеріне тоқтамайды. Мұның өзі күпірлік. Абай сол күпірлікке барады. Абайда шығыстың философиялық пікірі болса, Европаның рационалистік танымына да келеді. Ол — ақылға ешбір тұсау болмасын, дін оған шек келтірмесін деп, өлеңінің аяғын сұрақпен бітіреді. Мұның өзі ислам дінінің көлемінде толық мұсылмандықтың шартын орындағандық емес, асып барып тоқтағанын көрсетеді.

Бергенде тәңірім саған өзге туыс,  
Қыласың жер-жиһанды бір-ақ уыс.  
Шарықтап шартараптан көңіл сорлы,  
Таппаған бір тиянақ неткен қуыс? —

деп, қанағат ете алмаған көңілдің жайын айтады. Бұл Абайдың өмірінде жауап ала алмаған, үлкен сұрақ ретінде қойып кеткен айтулы мәселесі.

Абай сұрақтарды беріп келіп, аяғында тиянақ пен тегістік жоқ, сондықтан ойың ешнәрсеге бағынышты болмасын дейді. Абайдың сыншыл реализмі дінге де сыншыл болғаны көрінеді. 1896 жылғы өлеңдері ақын мен ақындық шабытқа арналады. Абайға шейін ешбір қазақ ақыны ақын мен ақындық шабытты толық түсінген емес. Абай ақындықтың ең негізгі міндеті мен оның қоғам тіршілігінің құралы екендігін көрсеткен. “Адамның кейбір кездері” деген өлеңінде:

Кірлеген жүрек өз ішін  
Тұра алмас әсте жуынбай, —

дегенде көңілі кірлеп жүргенде, өлеңмен жуу бейнелі ұғым. Ол шындықты жырлайтын ақын да солай болмағы керек:

Тәңірінің күні жарқырап,  
Ұйқыдан көңіл ашар көз, —

дейді.

Ол уақытта өмірдің кемшілігі мен олқысын қолға алып, үлкен шабуылға ақын аттанады. Надандық пен зұлымдықты бір деп ұғады. Сондықтан надандыққа кектенгенде, зұлымдықты да қоса таңбалап айтады. Абай осындай ақындық шабытын айтумен қатар, ақынның серігі әділет пен ақыл бола алатынын:

Әділет пен ақылға  
Сыналып көрген-білгенін.  
Білдірер алыс, жақынға  
Солардың сөйле дегенін, —

деп, шын ақынның қандай болу қалпын көрсетеді. Сондықтан ызалы жүрек, долы қол, оның серігі — ащы тіл жаманшылықты аямай жазалауы керек. Ақын — қауым өмірінің сыншысы. Ақын тілі — жаңа тіл, үкім тілі болу керек дегенді айтады. Абай өлеңдерінде тақырыпты батыс жазушыларынан алғанмен, мазмұнын өз айналасының тіршілігінен алады, алғанда еліктеу түрінде алмайды.

“Сағаттың тықылдағы ермек емес” деген өлеңі өмір турасында өмірдің баянсыздығын, тоқтаусыздығын, тағы да көңіліне келген жүдеу ой сарынын айтып отырады. Бұл жылдары Әбдірахманның өліміне арналған, Лермонтовтан аударған өлеңдері бар. Олар 94–95-жылғы сарынды айтып, ақынның өзімен өзі болып, жалғызданып бара жатқан қалпын сездіреді.

96–97–98-жылғы өлеңдеріне қарағанда Лермонтовтан, 98-жылғы Крыловтан аудармалар жасағанын көреміз. Аудармаларында Абай өз көңіл күйінің шындығын айтады. Осы жылдары Байроннан да аударарды. “Альбомға” өлеңіндегі қолданған тіл көңілдің мұңы ретінде дәл Абайдың өз көкірегінен шыққан сияқты. Көңілінің жабырқаңқы күйін көрсетеді. Бұл пікірлер қара сөзінде де кездеседі. Бұл кезде Лермонтов пен Абайдың жүрек күйінің құлақ күйі бір болып кетеді. Бұл 95–96-жылғы өлеңдерінде анығырақ сезіледі. Ал 97-жылы тағы да заман жөніндегі көңіл күйлерін толғайды. Өлім күйінің анда-санда салқын лебін береді. Өлімнің ішінде мен барып жоқ болып кетем деген ой жоқ. Оптимистік пікір жатыр.

Мазлұмға жаның ашып, ішің күйсін,  
Қарекет қыл, пайдасы көпке тисін.  
Көптің қамын әуелде тәңір ойлаған,  
“Мен сүйгенді сүйді” деп иең сүйсін!

Кімде-кім өмірде қорлықта қалса, сол мазлұмның саған жаны ашысын дегенді айтады.

Көптің бәрі көп деме, көп те бөлек,  
Көп ит жеңіп, көк итті күнде жемек.  
Ғадәләт пен мархамат — ер азығы,  
Қайда көрсең, болып бақ соған көмек, —

дегенде “көп ит” деп көптің ішінен шыққан ит мінез топты айтады. Атқамінер ортаның көп ит ортасынан шыққан бір әлсізді жеумен күнелтпейтінін айтады. Осындай өмірдің жүдетіп келе жатқан шындық болмысынан шыққан сөзін айтады.

Құлақтан кіріп, бойды алар  
Жақсы ән мен тәтті күй,  
Көңілге түрлі ой салар,  
Әнді сүйсең, менше сүй.

Бұл жүдей бастаған көңіл күйінің наласын “тәтті күй, жақсы әнмен” өзін-өзі жұбатқысы келеді. Көңіліме ой салар ән-күйдің рахаты денемді кернегенде, ыстықта мөлдір суға бас қойғандай болам дейді. Ұмытылып кеткен үмітшіл кезі қайта есіне оралады. Ақындыққа, ақындықтың шабытына, өнер туындысына бет бұрғанда, ақындықтың көркем ұрығы туады. Ол нәзік сезім болып ағады. Өткен күнде еске түсіргендей болып, осы көңіл күйіне орай “Мен сәлем жазамын” деген өлеңді жазады:

Мен сәлем жазамын  
Қарағым қалқама.  
Қайғыңнан азамын,  
Барушы айта ма?

Абай мұндай сағыныш сезіміне оралған махаббат жырын өмір бойы жазудан қол үзбейді. 98-жылы осындай махаббат туралы жырлаған өлеңі — “Желсіз түнде жарық ай”. Бұл Европа ақындарының үлгісімен жазылған классикалық туынды, махаббатты табиғаттың бесігіне бөлеп суреттеуінде, қазақтың жайлауға көшкендегі көңіл күйінің көрінісі жатыр.

Тау жаңғырып, ән қосып  
Үрген ит пен айтаққа.  
Келмеп пе едің жол тосып  
Жолығуға аулаққа, —



деп, екі жас табиғат арасында үнсіз сөйлеседі. Табиғат екі жастың жүрегінің лүпілін тыңдап тұрғандай. Махаббатты осылай жырлау Абайдан бұрынғы қазақ ақындарында кездеспейді. Осы жылдардағы өлеңінің ішінде қоғам тіршілігіне қатынасып жүргендегі шерлі өлеңі тағы бар. Ол жаңағы өлеңмен салыстырғанда, дүниенің екі шеті сияқты. Мысалы, “Болды да партия” деген өлеңін елдің міні туралы жазған:

Болды да партия,  
Ел іші жарылды.  
Әуремін мен тыя  
Дауың мен шарыңды.

Бұдан бұрын да сайлауды, дауды, қиянатшылықты айтатыны сияқты, бірақ бұрынғыдан шеберленген. Бұрынғыдай серпінді емес, қажытып жүрген қауымға ненді алдым деп шерін шаққандай. Бұл жылдары – соншалық ауыр жылы еді. Себебі жазықсыз жазаның нәтижесінен келіп, 97–98–99 жылдары қара сөзінде айтылған пікірлер, көбінесе, Абайда адамгершілік, тәрбиелік желісі бар өнімді ойының біріне айналады. Абайдың педагогикалық көзқарасы болғандықтан, Абай философ деп алғаннан гөрі, Абай педагог деп айтуға орынды. Жастарға арналған тәрбиелік сөз – жүрегінен шыққан аталық мейірімде айтылған пікір. Қоғам мен жеке адамның арасындағы қарым-қатынасты айтуы өлеңінен гөрі қара сөзінде үлкен орын алған. Бұл – әлеуметтік тақырыбының ішіндегі ең үлкені. Кейде өз пікірін халыққа түсіндіру үшін, дін тілімен айтады. Абайдың діні сыншыл ақылдың шартты дініне айналады. Араб сөзін келтіріп құран тілімен сөйлеуі – тыңдаушы қауымға түсінікті болсын дегені. Оны адамды адамгершілікке жеткізетін құрал есебінде пайдаланады. Осындай пікірлері афористік сөздерінде бар. Белгілі дәрежелі қарым-қатынас, шындық афористік оймен түйдектеліп отырады. Абайдың афоризмі 23 дейміз, шынында мұнымен ғана бітпейді. Афоризм – тұтас ойды түйіндеп, қысқа сөзбен айту. Сондықтан афоризм Абайдың өлеңдерінде де бар.

“Көңілдегі көрікті ой, ауыздан шыққанда өңі қашады”, яғни тіл көңілдің (жай-күйіне) сезгеніне жете бермейді. Сондықтан көрікті ой тілдің жеткізуіне үнемі көне бермейді.

Тілден гөрі көңіл жүйірік, бұл сезім ақындары Тютчев сияқтылардың ең негізгі армандарының бірі болып табылады.

Адам мен заман туралы да айтады. Белгілі ортасы мен жеке адамның арасындағы қарым-қатынасты айту Абай үшін өте керек. Жеке адам жақсы болса, орта да жақсы болады. Халықты түзетуге болады дейді. Тәрбие – ең бірінші табынатын Абайдың тірегі сияқты. Ол тәрбие, жалғыз тәрбиенің өзі емес, әуелі материалный жағы жөнделу арқылы сапаланбақ.

Көп пен жалғыз туралы. Көптен ажыраған жалғыздың көңіл күйі жоқтың дәрежесіне жеткен адасқандық қалпы дейді. Он екі афоризмінде қазақтың бұрынғы өткен қарияларының мақал-мәтелдерінде айтылатын пікір кездеседі. Абай соны өлең тілімен қайта жаңғыртып, ақындық тілмен көріктейді. Абай педагог болуымен бірге, айтулы психолог. Адамның мінез-құлқын шебер суреттеп бергенде, бұрын көрмеген бір адамның түр-тұлғасы көз алдыға елестейді. Ашулы адамның екі түрлі болатынын, екеуінің арасындағы психологиялық айырмашылықты көрсетеді. Адамның қиын кездеріндегі қалпын, адамнан шығатын оқыс істі, мінезді көрегендікпен айтады. Абай кей уақытта ақындық өнер тілімен бейнелеп нақыштай сөйлейді. “Биік мансап, биік жартасты” алып, оның маңайындағы жылан мен қыранды салыстыра суреттеу арқылы өз ойын қысқа қайырып, терең түйіп айтады. Абай қоғам тіршілігіндегі адамды теңестіретін нәрсе ой және еңбек екенін жоғары бағалап көрсетеді. Еңбексіздердің көбі – қанаушылардың мінезін көрсетеді. Бұлардың еңбегі – паразиттік. “Тоқ тіленші” – адам сайтаны, қарекетсіз – сопы монтаны” деп, дін ортасынан шыққан ишан-сопы, қожа-молдаларды айтты.

Достық туралы айтылған пікірінде жаман досты көлеңкемен салыстыру – тапқыр, ақындық сөз. Өмір сүрудің тәжірибесі туралы айтылған пікірі де терең. Адам мен заман туралы айтылған афоризмі өмір шындығынан туған сом пікір.

Отыз сегізінші сөзі. Әр алуан оқымысты философтардың сөздерін өзінше түйіп айтады. Бұл сөзі жас буынға сырласу ретінде айтылған сөзі десе болады. Тілеулестік, мейірмандық, достық жүрекпен емірене сөйлейді. Бұл өсиеттерін мұсылман ғұламасы болып отырып құдай, иман, инсани, камила деген салаларға бөліп таратып

отырады. Сондықтан оны ғылым жолымен қарағанда, қате жерлері де бар. Мысалы, өсімдік, жәндік – бәрі адам үшін. Адам – дүниенің патшасы деген пікірлер ескірген. Адамның адамшылығын көтеріп айтқанда, надан молдалар жайында айтатын пікірлері өткір, актуалды. Дін иелерімен дауласқан пікірінде шыншыл ақын болып сөйлейді. Мінегенде, олар өз ойына түсінбейтіндіктен, ескі кітап тілімен сөйлесіп отырып, надандығын ашады. Оларды сынауды тереңдете келе, діннің сол кездегі үлкен ишандарын мінейді. Абай өз ойын ешбір күшке табындырғысы келмеген данышпан адам екендігін көрсетеді. Ишан, қожа, молдалар туралы өткір, сыншыл ойды сол кездегі еш адам айта алмаған. Ишандар өздерін көпшілікке ақыл-тәліхат деп көрсетеді.

Абай адамның өз басын өзі қор ететін кемшілігін көрсетеді. Ол – надандық, еріншектік, зұлымдық дейді. Мұның бәрі – педагогикалық, адамгершілік пікірін тарата келіп, қорытқан жері осы десе болады. Абай тәрбиені екіге бөлді. Біріншісі – жеке адам тәрбиесі, екіншісі – халық тәрбиесі. Халықтың қамын жеген адам бір жағынан хақим болмағы керек. Сондықтан халықты қуат иесі хақим адам тәрбиесіне алу керек. Ол үшін айрықша қазына, мүлік керек. Абай мемлекеттік тіршілікті айтады, елдің басын қосып басқаратын мемлекеттік күш болып, сол күш аталық қамқорлықты қолына алу керек деген ойды айтты.

Қырық үшінші сөзінде адамда тән қуаты мен жан қуаты бар деп пікір толғауы арқылы Абай психология ғылымының кейбір жақтарын айтады. Педагогикалық көзқарасының тағы бір жағы таратыла айтылады.

Қырық төртінші сөзінде адамның әлеуметтік ортамен байланысы, белгілі бір кәсіпке жұмылған қауымның біріне-бірі жұмылып көмектесетін топтың психологиясын сөз етеді. Абайдың бұл қара сөздері тәрбиеге, адамшылыққа үндеген ой-пікірін танытады. Ақындығын басқа арнаға (қара сөзге) салған программалық азаматтық ойларын өлеңдеріндегі пікірлерін қорыта отырып аяқтайды.

**Абайдың поэмалары.** Поэмалардың жазылған жыл мөлшерін анықтап, нұсқау қиын. Абайда жыр етіп қалыптандырған 4 поэма бар. Үшеуі – Абайдың өз еңбегі.

“Вадим” – аударма, бірақ шартты түрде, қара сөз түрінде жазылған әңгімені поэма етіп жазу үлкен еркіндік.

Абайдың өзінен шыққан үш поэмасын алсақ: “Масғұт”, “Әзім”, “Ескендір”. “Әзім” мен “Вадим” Абай өлгеннен кейін 23 жылдан соң жарыққа шықты. 1927 жылы “Әзімді” Ысқақ әкеліп берді. Жыртылған, өшкен жері болу керек, сондықтан кей жерлері Абай сөзіне ұқсамайды. Кейбір жерінде Абай қолданбайтын сөйлем орамдары бар. “Вадим” 1933 жылы басылды. Абайдың қолжазбасын сақтаушылар – Абай маңындағы сауатты кісілер. Олардың ең соңғысы – Мүрсейіт Абай шығармаларын жинап жүрген. Сол қолжазбадан “Вадим” табылды. 1898 жылғы қолжазба жинағына кірген “Масғұт” пен “Ескендір”. Бұл үш поэманың мазмұнына қарағанда, қазақ тарихынан емес, Шығыстың классик әдебиетінен, әпсаналардан, дастаннан алынған сияқты.

“Масғұт” – Бағдатта болған уақиға, шығыстың өсиет әпсанасы (легенда) болу керек. Бақ иесі Қызыр деп айтуы. “Қызыр кімге көрінсе, соған бақ әкеледі, мал-дәулет әкеледі” деген наным шығыс елінің бөрінде бар. Соның Масғұтқа кездесуі жігіттің адамгершілік сипатын көрсетеді. Жігіттің даналықтан да, байлықтан да безіп, қызыл жемісті алуы – адам баласына дос болудың мақсаты, өзіне дос іздеушілік. Поэманың аяғы – қоғамдық сатира. Поэма уақиғаға құрылған емес. Ойлық философия, өсиет негізінде жазылған. Абай поэмада өзінің дүниеге көзқарасын, елге айтып жүрген өсиетін танытуды көздеген мақсаты оны мораль философиясына әкеледі. Өзінің өсиет етіп айтатын адамын даралай көрсетеді. Біріншіден, Масғұт тілегі – достық, әділдік, адамгершілік, қанағат. Іштей бүріскен күйкі адамның бейнесі емес. Бірақ сондай адамның өзіне де өмір күледі. Өйткені жұрт ақылдан пайдаланбайды. Қайта өзіме ұқсасын деп тілек етеді деп әжуа қылады. Сондықтан поэманың екінші бөлімі қоғамдық сатирамен аяқталады. Көпшілік біреудің оқшау шыққанын ұнатпайтынын әшкерелейді. Сондықтан ақылды болғанда жынды деп, жынданғанда дұрысталды деп түсінеді. Абай бұл поэманы адамның қасиетті тұлғасын көрсету мақсатымен жазған. Бұл поэма Абайдың өлеңі мен қара сөзінде айтып келе жатқан өз өсиетінің негізгі қорытындысы сияқты. Бұл поэма Абайдың сюжетті шығарма жаза алатынын көрсетеді.

Шығыстың әпсаналарынан туғандықтан Абайдың сөздігінде шығыс классиктерінде кездесетін теңеу сөздер де ұшырасады. (Махмуд, Шамши-Жиһан, т.б.). Осыған қарағанда, бұл шығарманы Абай жазғанда ақындық сөздігіне де әсер еткен.

“Ескендір” – шығыста да, батыста да мәлім Александр Македонский жайындағы әңгімелерден туған. Бірақ әр ел өзінше әңгіме етеді. Абай Ескендірдің жорығына қатынасы жоқ бір әңгімені алып, сол арқылы философиялық ойын айтады. Сондықтан поэмада философ Аристотельді кездестіреміз. Абайдың Ескендір деуі шығыстың айтуынша берілген. Бүкіл шығыс Ескендір Зұлқарнайы (қос мүйізді) дейді. Абай Ескендірді Филипп баласы деп көрсетеді, батыстан алғандығын аңғартады. Әңгіменің негізі шығыстан алынған. Фирдоуси “Шаһнамасында” Ескендірді Филипп баласы демейді. Парсы патшасы Дараптың баласы деп жазады. Шығыс тарихшыларының, жазушыларының айтуы осылай. Абай Ескендірді өзіміздіңпен шығыс ақындарындай өзіне тартпай, Филипп баласы деп тарихи шындықты айтады. Абайдың ақындық мақсаты – Ескендірді ғана көрсету емес, бақпен асқан патша омырау күш иесі болғанмен, оның бәрі адамгершіліктің, ақылдың қасында бағасы төмен екенін айтады. Шындық реализм тұрғысынан Абай Ескендір күшті патша болса да, алып ақыл иесіне бас иіреді. Екеуін қатар қойғанда, кім артық дегенде, ой иесін жоғары санап, қатал күшті жас патшаны ақыл таразысына жеңдіреді. Мұндай ой-танымның Абайдың 37-сөзінде афоризм ретінде “Бақпен асқан патшадан, мимен асқан қара артық”, – деп берілуі де жай нәрсе емес еді. Аристотель көздің сүйегімен байланысты сырды оймен тауып, адамның қанағатсыз қалпын танытады. Бұл поэма мазмұнымен үлкен адамгершіліктің қалпын көрсетеді. Аристотельді Низами да жырлаған. Абай поэмасы осы Низами поэмасының негізінде айтып, өзінше философиялық мағына-мазмұнға құрады.

“Әзім” – “Мың бір түн” әңгімесінің негізінен шыққан. Абайдың қойған мақсаты – жастың өмір соққысын көре тәлім-тәрбие алып өскенін көрсету.

“Вадим” – Лермонтовтан алынған. Лермонтов оны жас кезінде жазған. Мұның негізінде Пугачев көтерілісі жатыр. Лермонтов үлкен тақырыпты жас кезінде Шиллердің “Разбойники”, Пушкиннің “Дубровскийінен” алған сияқты.

Бүкірді сипаттауының өзі романтикалық адамның қалпын көрсетеді. Өзгелерді суық, жат етіп сипаттау – романтикалық үлгі, сол үлгіні Абай да пайдаланады. Лермонтов үлкен қоғамдық тақырыпты аңызға айналдырған себебі бар. Өйткені Вадимның арғы тегі дворян. Әділетсіздікті жойғанда өз басының тілегі сияқты көрсетеді. Аудармасын Абай ерте бітіреді. Абай жазған төрт поэманың даңқты болатын себебі, олардың тұтастығы бар, іштей терең байланысы бар болып келуінде жатыр. Және біткен поэмалар болғандықтан, бұлары терең философиялық ойдың қорытындысы болып есептеледі. Абай шығыс пен батыстың рухани қазынасын қатар меңгергені шығармаларынан анық көрінеді. Абай екі мәдениеттің ана сүтін еміп өскендіктен, “Ғылымды іздеп, дүниені көздеп, екі жаққа үңілдім” деген. Бұл поэмаларды жазғанда шығыстық мұсылман әлемінен алып, өзінің көзқарасына, эстетикалық сезіміне бағындырып жазады. Абай өмірінің ақырғы кезі – 98-жылдан соң бұрынғы өмірден басқаша қалыпқа түседі. Өйткені сол жылы “Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма?” өлеңін жазады. Абай Мұқыр оқиғасынан келіп елдің дау-шарынан қол үзіп, жастарға үлгі, өсиет айтумен, шәкірттеріне әр тақырыпта әңгіме жазғызумен айналысады. Мағауияға “Медғат-Қасымды”, “Шамильді” жыр еткізеді. Халықтың бұрынғы жырларын ақын шәкірттеріне қайтадан өндеп жырлатады. Халыққа бірталай әңгімелер аударып, халық ортасында кеп үлгі шашады. Ең талантты баласы Мағауия өлгеннен кейін Абай түсініксіз аурумен ауырады. Ол – ой ауруы болатын. Абай өзінің өлетінін біледі. Көп ұзамай, Мағауияның қырқын бергеннен кейін қайтыс болады. Абайдың қырқында Ақылбай өледі. Абайдың сүйегі Шыңғыс тауының жанында, “Жидебай” деген қорықта қойылды.

## АБАЙТАНУДЫҢ АРНАУЛЫ КУРСЫ

### **Абай өмір сүрген дәуір, ол дәуірдің ерекшеліктері.**

Абайды да сол дәуір, қоғамдық жағдай туғызды. Абай 1845 жылы туды. Осы кездегі, алдыңғы кезеңдердегі ерекшеліктері қандай еді? Бұл кезде Қазақстан Россияға түгелдей қосылып біткен. Сондықтан осы мәселеге жауап беру үшін 30–50-жылдардағы бүкіл Қазақстанның жағдайын айту керек. Ол кездердегі халық көтерілістерінің (Исатай-Махамбет, Бекет) кейбіреулері нағыз халықтық форманы сақтап отырды. Дегенмен ол көтерілістер бұқаралық (крестьянский) жұмысшы күшіне сүйенбеген көтерілістер болып, жеңіліс тауып отырған жайы да болды.

Абай дүниеге келгенде бұл мәселелер аяқталып біткен болатын, бірақ отарлау мәселесі әлі аяқталмаған еді. Орыс крестьяндары жер жетіспегендіктен, қайыршылықта болатын. Олар патша отаршылдары тарапынан Қазақстанға жіберіле бастайды. Солай ету арқылы Россия ішіндегі ереуіл, қайшылықтан құтылу мақсатын көздейді. Сонымен бірге, патша үкіметі өзінің атқан оғы, шапқан қылышы – казачестволары да қазақ жерлеріне, тек жақсы, шұрайлы жерлерге орналастырылған.

Қазақ сахарасын билеуде патша үкіметі түрлі әдістер қолданып отырды. Абай өмір сүре бастаған кезде Қазақстан ішкі Россияға сәйкес административтік жүйеге сай бөлінген еді. Алты облысқа (Семей, Жетісу, Торғай, Сырдария, Орал, Ақмола) бөлінген еді. Әр облыстың басында военный губернатор (жандарал) тұрған. Әр облыс бес-алты уезге бөлінген. Ал уезд болыстарға (волость) бөлінген. Бір уезде жиырма-жиырма бестен болыс болған. Ал әр болыс ауылнайға (старшинство) бөлінетін. Бір болыста мың я мың бес жүз үй болатын. Әр жүз үйден бір ауылнай сайланған. Болыстың басында (волостный управитель) болыс сайланып қойылатын. Ал болыстықтан жоғары әкімшілік қазаққа берілмеген. Болыс үш жылда бір сайланатын. Оларды халық емес, елубасылар (әр

елу үйден бір адам) сайлайды. Осы елубасылардың тасын алу үшін, бүгін сайлама салып, үш жыл бойы талас жүргізілетін. Бұл жағдайлар Абайдың өлеңінде сықақпен айтылып отырады. Сөйтіп, әкімшілікке ылғи үстем шонжарлар сайланып отырған. Ал облыстар үш генерал-губернаторларға бөлінді. Мәселен, Семей-Ақмола Омскі губернаторына қарады. Қазақтар осы генерал-губернаторларды “корпус” деп атайтын. Уездный начальниктерде қазақтан тілмаштар болған. Ал болыста патшалықтың көзі – песір (писерь) орыстан қойылатын. Әр болысты военный губернатор билеп отырған. Генерал Колпаковский сияқты олардың ішінде де күшті, айлалы, шебер, батыл адамдар болған. Сондай генералдар Орынборда – Перовский, Черняев – Орта Азияны қаратқан. Бұлардың бәрі патша үкіметінің отарлау саясатын іске асырушы әкімдер еді. Бұл әкімдердің ішінде С. Щедриннің сынындағы Гогольдің “городничийлері” әлдеқайда көп болатын.

Бұл әкімшілік бұл өлкені сорып, сығып алуға бейімделген билеу аппараты еді. Ал патшалық үкімет осы өлкенің қараңғылығына, ауыртпалығына жеңілдік әсер етті ме деген мәселеге келсек, бұл мәселе жөнінде олар түк істеген жоқ. Ол халық қараңғы болса бола берсін, алым, өнім берсе болады деп ескіліктің қаймағын бұзбады. Сөйтіп, патшалық Россия – “халықтардың түрмесі” болған Россия мейірімсіз, өгей үкімет болды. Бұл бірінші Россия еді.

Абай осы ерекшеліктерді реальный түрде көрсетеді. “Ойда ұлық ақырса, үйден үрген ит құсап” болыстың шығуын халықтың екі оттың арасында тұрғанын атап көрсетеді.

Екінші – Пушкин, Белинский, Чехов, Толстой, Плехановтардың Россиясы. Бұлар – азаттықты көксеген озық ой иелері. Бұл пікір Россияда ерте оянады. Мысалы, Радищевтің “Петербургтен Москваға саяхат” кітабы, 1825 жылғы декабристер көтерілісі. Бұлардың ішінде Пушкиннің (Кюхельбекер, Рылеев, Пестель, т.б.) достары болған. Пушкиннің “Сібірге хаты”, Лермонтовтың “На смерть поэта” сияқты өлеңдерінде шындықтың үнін шығармайсындар, әділдікті түнекте, қыспақта ұстайсындар деп бастаған болатын. Содан бері қарай Гоголь, С. Щедриннің ажуа, ащы мазағы, Белинский, одан кейін Герцен, Россияда озат ойдың шыңы – Чернышевский, Добролюбов, алпысыншы-жетпісінші жылдардағы жұмысшы табының өсе бастаған кезі



еді. Токсаныншы жылдардың ішінде социал-демократияның идеясы қалыптаса бастайды. 1895 жылдары патшалықты жою қажет екендігін ашып көрсете бастаған азат, озық ой иелері қалыптаса бастаған еді. Әрине, олардың өз уақытымен байланысты әртүрлі, өзіндік бөлек пікірлері болды.

Чернышевский – патшалықты құлату керек, “Крестьяндар балтасын қайрасын” дейді. Әрине, ол қозғалысты крестьяндық қалпында ғана түсінді.

С. Щедрин сатира арқылы чиновниктердің образын ашып салды. Ал Белинский, Добролюбов сияқты сыншылар сол жазушылардың ойын, қаламын үшкірлей түседі.

Ал Абайды неге классик дейміз? Себебі – Абай әлі белгісіз, озық ойды айтып кетті. Дін, мұсылманшылыққа сын көзімен қарады.

Намазды молда теріс оқыр,  
Дағарадай болып сәлдесі...

Бұл жолдың түк бермейтінін Шоқан да, Ыбырай да ашық айтқан, толық түсінген. Міне, Абай осы екінші Россиядан жөн-жоба алған Абай болды. Абайдан бастап әдебиет басқа пікір, формамен сөйлейді. Абай:

Я адвокат, я тілмаш  
Болсам деген бәрінде ой, –

дейді.

Ойында жоқ олардың  
Салтыков пен Толстой, –

деп, сол Толстой мен Салтыков айтқан шен-шекпен не әперді, онда адамшылық жоқ деп көрсетеді. Абай әр өлеңді әлеуметтік акт деп түсінеді. Әкенің баласы болма, халықтың баласы бол деген үлкен гуманистік пікір айтады. Мұның бәрі сол кездегі Россияның озат пікір иелерінің үні еді.

Абай өзінен бұрынғы Шоқанмен де, Ыбыраймен де кездеспеген. Бірақ үшеуінің ізденуі, өмір жолы бір болып шығады.

Ал Шоқан Герценнің, Чернышевскийдің уақытында өмір сүрді. Сол кезде Орта Азия, Сібір елдерінің ішінде Шоқандай ойлы да озық пікір иесі болмаған. Ол сияқты

ислам келешек орыс мәдениетіндей ештеме бермейді дегенді ешкім де айта алмаған.

Дағдыр, жазмыш деген ислам дінінің тарихи залалын Шоқан жек көреді, жиренеді. Міне, Шоқан осы пікірмен Шоқан болды. Веселовский, Ядринцев Шоқанды оқытқан оқытушысы, кітап баспасы болса, халқының классик жазушысы болар еді дейді.

Ыбырайды алсақ, озық мәдениетке ұмтылды. Абайдың табиғат өлеңдері Ыбырай өлеңімен үндес. Себебі бұлардың үйренген мектебі, төркіні бір, еліктеу емес.

Орыс алфавитін пайдалануы, мектеп ашуы ғажап іс. Мәдениеттің кең өрісіне ие болған. Ол әрі жазушы, әрі педагог, әрі ұйымдастырушы. Өзбектегі Хамза тек 1914 жылы ғана шыға бастайды. Абай осы Ыбырайға да иек сүйеп шығады. Абайдың орыс әдебиетімен байланысын тек аударғанына қарап белгілеу дұрыс емес.

Абайды, я әр ақынды тану өмірбаяны мен шығармаларын зерттеуден басталса керек. Абай өлеңі көзі тірісінде баспадан шыққан жоқ. 1909 жылы Петербургте Бораганский типографиясында араб алфавитімен бастырылып шығарған, туысы Кәкітай Абайдың қысқа өмірбаянын жариялады. Онда да салған жерден Кәкітай Абайды Абай еткен орыс “мектебі” еді дейді. Кәкітай орысша жетік білген. Абайдың орысшаны қаншалық дәрежеде білгенін білмейміз, оны білу үшін аудармасына қараймыз. Кәкітай Абай мектебінен ғана білім алған. Абай оқығандарын тіпті ертегі етіп те айтып отырған. Кәкітайда Спенсер, Дрепер, Дарвин, т.б. оқыды деп жазылды. Абай шығармаларын бастырғанда, ол жинақтың кемшілігі де болды. Онда жіктеп берген (“Ой туралы”, “Өзі туралы”, “Ғашықтық туралы”), өте шартты түрде тақырыпқа күштеп бөлген. Абайдың “мені” халық үшін айтылған “мен” еді. Кейін осы жинақ Қазанда, Ташкентте басылды. Екінші таралу жолы – қолжазба, көшіру арқылы жүріп жатты. Көбінесе, Абай мектебіндегі әнші-ақындар арқылы тарады. Сол себепті де өлеңдеріне Абай ән шығарып отырған.

Кәкітай жинағындағы тағы бір елеулі кемшілік – осы ән арқылы тараған өлеңдерінің көбісін, әсіресе қара сөзін баспаға бермей қалады. Абайдың әркімнің атына, мініне арнап айтқан шығармалары, саналы әкелік күңіренуі (“Әбдірах-манға”) тіпті көп. Міне, осыларын “жеке басы”, “мендік” өлең деп баспаға беруден тартынып қалған.

Бұл арнау өлеңдер ішінде Абайдың мәдениетті, күшті ақын екенін анық көрсететін түрлері бар. Мәселен, Абайдың “Баймағамбетке айтқаны”, “Дұтбайға”, “Көкбайға” – мұның бәрі көршісі, құрбы-құрдасы.

Кейін, революциядан соң Абай шығармаларын үшінші рет Ташкент қаласында бастырды. Оған редактор болған адам өз дәрежесінде Абай тілін түсінбей, көп сөздерін себепсіз өзгерткен.

Абайды дұрыстап зерттеу революциядан кейін ғана жолға қойылды. Мектептерде Абай оқытыла бастады. 1933 жылы Абайдың тұңғыш толық жинағы Қызылордада басылды.

Абай мұрасын жинап, ұлы ақын өмірбаянын жазуда Көкбайды ерекше атауға болады. Абай өз маңайындағы адамдармен салыстыра зерттеледі.

Революциядан бұрын Абай өлеңдері аздап орыс тілінде де шыға бастаған. Шығысты зерттеуші академик Веселовскийге арналған “Алшархият” деп аталатын жинақта Абай туралы жазылып, өлеңдері орысша беріледі.

“Адамның кейбір кездері” деген өлеңін Петербург студенті Н. Рамазанов аударған. “Жаз” деген өлеңін орыс тіліне аударғанымен, нашар болып шыққан. Қазақ әдебиетінде Абай шығармаларын аударып жүрген жазушы Л. Соболев “Песня степей” деген антологиялық кітапта Абай шығармаларын аударуда көп еңбек еткен адам.

1940 жылы “Песня и лирика” деген жинағы жарық көрсе, жүз жылдық юбилейіне арналып орыс тілінде екінші рет шықты.

Ал қазақ тілінде Абай туралы монография жазылмағанмен, көптеген зерттеу, мақалалар жазылды. Әрине, уақытына қарай әрқайсысында қате пікірлер де болды. Абайды зерттеуде Е. Ысмайылов, Қ. Жұмалиев, С. Мұқанов, Б. Шалабаев, Б. Кенжебаев, т.б. ғалымдар атсалысты.

Абайды жарыққа шығару жолында ұлтшыл-байшыл ақындардың қате пікірлері де болған. Абайды халықтың Абайы етпей, Тобықтының Абайы еткісі келгендер еді. Абай шығармаларының дәреже өрісі, ақындық мәдениетінің бесігі – орыс мәдениеті, одан Абайша үлгі ала білу керек, ұмтылу керек деген танымды ескермей қалдырған тұстар да болған.

Пушкинді аударған Абай “Татьяна әнін” шығарып, сахараға таратты. Лермонтов пен Крыловты танытты.

Ал Абайды қазір совет елінің бәрі біледі. Абай – бүгінгі достықтың ұрығын сепкен адам. Ол сондықтан да құрметті. Абайды тану ғылымның негізі 1909 жылдан бастап, қырық жыл бойы қалыптасып келеді.

Сонымен бірге Абай мұраларының сақталуына кепіл болған адамдар көп. Абай тек елу екі жасында ғана өлеңдерін жиыстырған. Абай өлеңдерін молдалар Ғабитхан, Кішкене молда, т.б. да жиыстырып жүрген. Осылардың ішінде ерекше еңбегі бар адам Бикеұлы Мүрсейіт молда. Ол он алтыншы жылы қайтыс болды. Орысша ептеп білген адам. Абай сөзін керек еткендер Мүрсейітке заказ беріп отырған. Мүрсейіт сияқты Абай шығармаларын көшіруге Самарбай, Дайырбай молдалар да қызу атсалысқан. Сол кездегі қалыптаспаған емлеге байланысты, көшірмеде кемшіліктер де кетіп отырды. Мәселен, “Асау жүрек” емес, “асау жүйрік” болуын, тіпті механически “тағыны жетіп қайырған” сөзі “тағана жетіп қайырған” деп айтылып жүрді.

Абай жинақтарын ұзатылған қыздар арнайы түрде көшіртіп әкетіп отырған. Мысалы, Әсия, Уәсила, т.б. қыздарға арналған жинақтар осыны көрсетеді.

Абайды екі жолмен зерттеуді қажет етеді. Бірінші – өмірі. Екіншісі – жазушылық қызметі. (Зерттеуші және роман жазумен М. Әуезовтің өзі айналысқаны жайында айтылып отыр).

Абайдың өмірі мен “Абай” романының ара айырмашылығы туралы.

Романдағы адам, жер, су аттарының тоқсан проценті өмірде болған шындықтан өзгертпей алынды. Олардың ішінде болмаған адам да бар. Мәселен, Дәркембай.

Ділдә 1924 жылы өлді, ол кісі Абайдың өзіне құда түсіп, ұрын баруын айтқан еді.

Дәркембай – Абайдың кедей достарының жиынтығы. Ал Абай, Ділдә арасындағы үй-ішілік қатынастар сол кезде тұрмыс (быт) халді айқындайды.

Сөйтіп, тарихи роман тарихшыға қосымша тарихи материал да беріп отырады.

Абайдың ұзақ өмір бойына махаббат жыры үзілмеген. Бұған себеп оның құлай сүйген бір адамы болған. Оның бәрі романда Тоғжан басына жинақталып айтылды. Абай романындағы көп ойлар Абай өлеңдерінің терең мағынасына сәйкес, соның негізгі желісі болып отырады.

Халықтағы нәрсенің бәрі халықтық бола бермейді. Халық ортасында үстем тап орнатқан танымдық желілер де бар.

Абай 1845 жылы 15 августа Семей облысы, Шыңғыс тауындағы Тобықты руынан шыққан. Тобықты ішінде Олжай, Олжайдан – Айдос, Қайдос, Жігітек.

Айдостан – Ырғызбай, Көтібақ, Топай, Торғай. Халықтың айтуынша, Айдос момын, жасық, “шөккен түйеге міне алмайтын Айдос” болған. Айдостың әйелі Айпара күш иесі, ақылды, көріпкел, ақындығы бар адам екен. Ырғызбай – үлкен балуан, билікке араласқан адам. Жігітектің баласы Кеңгірбай осы Ырғызбайды баулыған. Кеңгірбай өте парақор адам болған.

Қайырсыз болған жазыңнан  
Қайырлы болған қыс артық.  
Пара жеген билерден  
Қасқыр алған ит артық, –

деген өлең де бар.

Кеңгірбай өлген соң батасын Ырғызбайға беріп кетеді. Ырғызбай ертерек өліп, баласы Өскембай би болған. Өскембай ұрлық мәселесімен көбірек шұғылданған. Найман мен осы Тобықты арасындағы тартыс туралы мәселелердің көбі осыған орай болған оқиғалар.

Құнанбай Өскембайдың тірі кезінде-ақ атқа мінеді. Ел билеу мәселесіне араласады, найзагер, табанды жігіт болады. Құнанбай қатал істер жүргізген. Өскембайға асты Көкшетауға әкеліп, көп ел ортасында береді. “Биекеңе көде” – Құнанбайдың баюына себеп болған. Өскембайдың бес әйелі болған. Ірі феодал Құнанбай енді жерді көбейту мәселесіне кіріседі. Көрші Керей, Уақтарды ығыстыра бастайды. Енді келіп, Тобықты ішінде Өскембай тұқымының жерін көбейтеді. “Қарашоқы” – Бөкеншінің жері еді. Құнанбай бір рудың жерін екінші руға әперіп, сапырылыстырып отырады. Құнанбай патша үкіметінің икемімен ғана билік алады. Бұл уақытқа шейін билік тек төре тұқымына ғана берілетін. Құнанбай Бөкей тұқымы Құсбекті түсіріп, “Қарадан шығып хан болған, айырдан туып нар болған” – деп мадақталады. Бұл мәселе Құнанбайдың беделін арттыра түседі. Құнанбай дуан, шаһарлардағы дін иелерімен таныс болып, Қарқаралыда мешіт салғызады. Сөйтіп, зорлығын

байлықпен күшейтіп, беделімен бүркемелей бастайды. Осы жайға шыдамай, Бөжей қарсы шығады. Бөжейді сабатыу рас. Кейін Жігітек руынан көп адамды соттатып та отырған. Қарсылықты тұсап ұстап, матаумен қысып, айламен жеңіп отырған. Қолында әлеуетті күш болған. Құнанбайдың патшалық үкіметпен керісіп, қырбай болып жүрген кезі де болған... Жетпіс жас шамасында билікті балаларына әперіп, өзі Мекеге кетеді. Бұл – Арқа қазағынан бірінші барған адам еді. Үш жарым жыл жүріп қайтады. Мекеде “Тәкия” деген үй салдырады. Ол – Мекеге барушылар жататын үй. Құнанбайдың атақ-даңқын осы мәселе көтере түседі. Осы жайлар Құнанбайдың қаталдығын да бүркеп қалып, ел көзінен тасалап отырған десе болғандай. (Мұқаң 1924 жылы ЛГУ-ден ауылға келіп, “Қарашоқыда” Қодар туралы әңгімеге араласады. Жер Борсақ пен Бөкенші руының жері екен. – *Құрастырушы*).

Құнанбайдың төрт әйелі болған. Күнке (Құдайберді), Ұлжан (Тәкежан, Абай, Ысқақ, Оспан), Айғыз, Нұрғаным. Абай Ұлжан мен Зеренің қолында болған. Зере адамгершілігі күшті, ел анасы болған адам. Романдағы Абайдың үшкіруі рас. Ұлжан өте дана (Қаракесек, Бертіс руындағы Шаншар) Шаншар руынан шыққан. Шаншар юморист ел болған. Құнанбай үй семьясында да өте қатал болған. Ұлжан күндестіктің өзіне де еш назар бермеген. Ел анасы болған.

*14 март 1950 жыл*

Абай алғашқы кезде Ғабитханнан ескіше сабақ алып, кейін шаһарда Ахмет Риза дегеннің медресесінде оқиды. Мешіті жанында болған. Медреседе оқу тек діни ғана оқу, бір құдайды тану “ғылымы” ғана жүргізілетін. Бұл оқу тек араб тілінде ғана оқытылып, он бес-жиырма жыл отырып барып, “молда” болып шығатын. Олар дүние тарихынан ештеме білмейтін.

Татардың мұсылманша оқып жүріп сыншы болған Шаһабуддин Маржани шығармаларын Абай көп оқыған. Ол дін кіндігі – Бұхарда оқыған халдерін жазады. Осы медреседе Низами, Науаи, Қожа Хафиз, Фирдоуси шығармалары да оқытылатын. Міне, Абай да осындай медреседе білім алған. Бірақ Абай аса зейінді шәкірт болған себепті, үш жарым

жылдай медреседе болған кезінде өз жасына лайықтап, ерекше білім алып үлгереді. Абай үш айдай приходский школға қатысып, алда орысша оқуды мақсат етеді. Бірақ Құнанбай ел билеуде қанат, құйрықты керек етіп, Абайды ел билеу ісіне араластырмақшы болады. Құнанбай Абайды біреуге сәлем айту, бұйрығын жеткізу істеріне араластырады. Абай арыз иелерімен, ел басыларымен, шешендерімен араласады, ел шешендігі, өзінің алған білімі, ізденулері Абайға күшті әсер береді. Өлең жазуға талаптанады. “Білдім” дегендермен шекіскім келіп тұрады дейді екен жасында. Шорманов Мұса баласының аты Сәдуақас дегенде, Сағды, Уақас екі кісінің аты ғой деп күлген, немесе Алшынбайдың еліне барғанда Алшынбай қалағанын бермей, батамды алсын дегенде, ондай батасын сатқан шал үйде де бар деп, батасын алмай кетеді. Қаратаймен заман жөнінде таласқанда, олар заманымыз пайғамбар заманына жақын дегенде, пайғамбарға жақын Абуталиф (күйеуі) ол кәпір еді деген сияқты дау болып, Абай жеңіп отыратын. Осы кездердегі қателіктерін Абай кейін өлеңінде қатты сынап көрсетіп отырған. Ол кезде Абай отырықшылық, бүкіл халық қолы жетпей отырған мәдениет мәселелерін ойлай алмаған, білім дәрежесі жетпеген. Абайдың жас кезіндегі өлеңдерінің көбі жоғалып кеткен. Абай Тобықтының бір руы Қоңыркөкшеде болыс болған. Басқа елдің адамы деп, ескі болысты жақтап, Абайды болыстықтан түсіру үшін, тіпті ұшан-теңіз арыздар берілген. Лосовский деген тексере келіп, Ибраһим Құнанбаев болыс болып жүрген қазақтың ішіндегі ең әділі деген шешімге келеді.

Абай ерте үйленген. Он алты жасында Ақылбай туады. Әкімбай, Әбдірахман, Мағауия деген ұлдары, Күлбадан деген қызы болған. Абай өз бетімен үнемі үзбей оқи береді. Ділдә балаларының анасы ғана еді. Кейін Абай кедей аулының қызы Әйгерімге үйленеді. Абай енді кітапханамен үнемі байланысып, еліне әкетіп, үзбей оқумен айналысады. Осы кезде патшалықтың қысымы күшейген кезі еді. Сібір патшалықтың жаза шегетін орнына айналған тұсы еді. Омск, Семейде Дуров, Достоевский петрашевшілдер болған. Соның бірі Евгений Петрович Михаэлис еді. Михаэлистің апасы “азаматтық жазада” Чернышевскийдің аяғына “халқынан” деп гүл шоғын тастайды. Міне, Михаэлис осы семьядан

шыққан. Михаэлисті Петрозаводскийде тұтқында ұстайды (Михаэлис достасымен бірге Николайға жазған арызына сия тамып кеткені үшін, бұл жасап отырғаны әдейі қарсылық деп, онан әрі айдатып жіберген). Михаэлис Абайдың оқуын жүйеге түсіреді. Абайдың Сократ, Аристотельді оқығаны (қара сөзінен), Гете, Байронды білгені (өлеңінен) байқалады. Спиноза, Спенсер, әсіресе Дрепердің “Европаның есею тарихы” деген философиялық еңбектерімен де оқып танысқан. Тіпті Дарвинді де білген (Көкбайдың айтуынша). Абай ислам дініне қарсы болмаған, бірақ оны таратушы фанатик те емес. Көкбай: “Әттегене-ай! Будда дінін кеш білдім-ау. Әйтпесе соны оқыр едім”, – дейді екен. Өйткені онда кітап көп, философия көп, әр тарапты. Абай осы діндерді салыстырып отырған.

Аз уақытта Абай ұлықтықтың әперген “ұшпағын” көреді. Одан безеді. Бірақ ел ішінде, халық ортасында беделі арта түседі. Ел ішіндегі қиыншылықта қатты қиналады. Отыз бес-қырық жасынан бастап, Абай ақындықтың ісіне түгелдей ауысады. Бұл кезде жаңа, озық орыс мәдениетін меңгеріп алған кезі еді. Бірақ Абай ел ісіне араласпай отыра алмайды. Абайды теңдік тілеген халық араластырады. Абайдың халықтан досы, атқамінерлерден алакөз жаулары көбейеді. Бұлар қанаттасып, Абайға қатты қарсылықтың шетін шығара бастайды. Соған қарамастан халық Абайға келіп жүгінгенде, оларға Ырғызбай тұқымын жығып беріп отырған. Бұл мәселе Абайды көтереді, бүкіл Қарқаралы уезіне беделі асады. Үлкен шербешнай съездерде халық Абайды төбе би етіп сайлап отырған. Қаратөбе съезінде Абай 92 пунктпен заң жазған. Халық бірін де өзгертпей қабылдаған. Әйел мәселесінде әменгерлікке түс келген әйелді өзі қаламаса, оны қайта сатуына тыйым салған. Міне, бұл жағдай Абайдың беделін арттырады.

Әбдірахман Түменге, кейін Петербургке оқуға жіберіледі. Абай маңайына жаңа топ (Ақылбай, Кәкітай, Мағауия) ұйымдаса бастайды. Басқа жерлерден көп адамдар келіп, Абайдан үлгі алып, өлеңін көшіріп әкетіп жатады. Осы жайлар кейін Оразбай, Жиренше тәрізді күншіл, көре алмас дұрдараздықты тудырады. Осылар бірігіп 1897 жылы бір сайлауда жас, болыс болам деген Әбен дегенді азғырып, Абайға қастандық жасауға жұмсайды. Олар Абайды соққыға жығып өлтірмекші болған. Кәкітай секілді жолдастары



Абайдың үстіне жығылып, оязға хабар беріп, өзер аман алып қалады.

*20 апрель 1950 жыл*

Абайдың бұл жаулары – есе бермей, зорлықпен байып алған зомогер, жуандар болатын. Әзімбайдың соншалықты Абайға қарсылығы өмір бойы Тәкежаннан келе жатқан араздық еді. Оспан Абайды жақтайды, олардың қарсылығын Абайға жібермей, өзі көтеріп отырған. Бір-ақ жыл болыс болғанда, Оразбайдың аулына съезд құрмақшы боп барғанда, Оразбай қалаға қашып кетеді. Оспан оны қуып барып, арбаға таңып алып келеді. Енді Оразбайдың өшпенділігі күшейе түседі. Осы кезде Оспан өліп, бар жаулық Абайға қарап қалады. Оспанда бала жоқ. Тәкежан Оспанның мүлкіне талас шығарады. Оспанның үлкен әйелі Еркежанды алмақшы, бұл Еркежан Тәкежанға тимейді. Еркежан Абайдың немерелері – Ақылбайдың Әубәкір, Пәкизат деген балаларын асырап алған еді. Осы кезде Тәкежан Оразбайдың бесіктегі баласына құда түседі (1895 ж).

Баламды медресеге біл деп бердім,  
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім, –

деген баласы Алматыда қайтыс болады. “Жаңалықтың басшысы ол, мен ескінің арты едім”, – деп толып жатқан әкелік тұрғыдағы ой-пікірін айтады. Әбдірахманның соңынан әйелі Мағрипа қайтыс болады.

Абайдың маңайында ақын шәкірттері ғана қалады. Михаэлис, Долгополовтар Семейден басқа жаққа жіберіледі. Қалың ел Абайды жазалаушыларға қатты наразылық білдіреді. Міне, осындай кезде орысша оқыған, ақын “Медғат-Қасым”, “Шамиль” поэмаларының авторы Мағауия ауырып, 1904 жылы көктемде қайтыс болады. Осы хал, бірінен соң бірі сүйенішінен айырылуы, еңбегінен ешнәрсе көзге көрінбеуі Абайды сындырады. Мағауияның қырқын берген күні Абай қайтыс болады. Ақын баласы Ақылбай Абайдың қырқын (Семейде) берген күні түнде қайтыс болады.

Байлық, барлық жағын Абай есіне де алмаған. “Атадан алтау, анадан төртеу, жалғыздық көрер жерім жоқ”, – дейді. Бұдан халықтың ұлы болғанын аңғару керек. Абайдың қайғыруы – тек қара басының “мені” емес, дәуірінің, халқының қайғысы, Абайдың қайғысы.

**Абай шығармалары.** Абай шығармалары туралы көп зерттеулер бар. Әр тақырыпты болуы да заңды. Өйткені Абай шығармалары жан-жақты, өте көп. Сан жағынан басқа классиктерден аз. Ал сапа жағы жеткілікті. Бірақ осылай кесіп, бөліп тексеру керек емес. Шығармаларын өсу жағынан, жылма-жыл, тұтас, эволюциялық жолын аша тексеру керек.

Әуелі Абайдың алғашқы тәжірибесіне, ортасына байланысты алғашқы өлеңдері қандай еді?

1858 жылы медреседегі өлеңінде нені көрсетті? Мұнда Абайдан шығыстың, түркі тілінің әсерін көреміз. Бұл өлеңі еліктеуден басталады. Мұнда тілімен бірге мазмұны, тенеулері де түгел ұқсас. Шығыс ақындарының өте асыра әсерлеуі бар (“қасың – садақ, кірпігің – жақ” деп келуі немесе “Йузи – рәушан, көзі – гауһар). Бір кезде осылай еліктеген Абай, кейін “Бізде жоқ алтын иек, сары ала қыз” деп қатты соққы береді. Шығыс ақындарында сол айтып отырған сұлуынан артық ештеме жоқ болып көрсетіледі. Шығыс ақындары осы “Қас пен кірпікті” тіпті көп жырлайтын, Абай да “Қасың құдірет, қолы шигә” дейді. Құдіреттің қолымен істелген дейді. Кейін Абай кімге еліктегенін бір ауыз өлеңмен айтып береді:

Физули, Шәмси, Сәйхали,  
Науаи, Сағди, Фирдоуси,  
Қожа Хафиз – бу һәммәси,  
Мәдет бер шағири фәрияд.

Солардан медет тілейді. Медреседен кеткенмен, оқудан қол үзбейді, сол шығыс ақындарын оқып жүріп, 1864 жылы “Әліп-би” өлеңін жазады. Сөзінің көбі, лексикасы түркі тілдерімен келіп жатады. Абай шығыстың тәңіріне, ұжмағына бармайды. Өлеңді жер қызы, жер ұлына жазып отыр. Бұл – іздену, үйренудің балалық, алғашқы түрі. Абай еліктегенде Қожа Ахмет Йассауиді айтпайды. Еліктеп отырғаны әр елдің классик ақындары. Осы кезде Абайдың ізденіп, түртіне бастағанын байқаймыз. Түртініп жүріп, шақпа, мысқыл, қалжың өлең айта бастайды. Бұл

Абайдың бір ерекшелігі. Мысалы, “Абралыға” деген өлеңі бар. Абралы – Абайға құрдас, бірде дос, бірде жау болып жүрген адам. Бұл жерде Абай түзетемін дей отырып, дінді сайқымазақ етеді. Осы кезде Абайдың іздене келіп, ойланып қалған, аңғарған кезін көрсететін өлеңі “Сап-сап, көңілім, сап, көңілім”. Мұнда еліктеу жоқ, өз жолын аңғара бастаған. “Мен” деп бастағанымен, барлық құрбы-досына арнайды. “Сап-сап, көңілім” деген шумақ қайта оралып басталуы бір ерекше, өзінен бұрынғы үлгіде жоқ. Өмір бойы бір адамды сүю сарыны қатар жүріп отырады. Аяғы барып “сүйсіне алмадым, сүймедім” деген қысқа өлеңімен бітеді (осы өлеңін оқып, талдап өту керек). Осы өлеңнің тұсында Абайдың жазған өлеңдері көп болған. Бұған себеп 1882 жылы жазған “Қансонарда бүркітші шығады аңға” деген өте көркем, терең сезімді өлеңі дәлел. Бұл тақырып дүниежүзіндегі әдебиет тақырыптарында көрінбеген. Абай осы аңшылық өнерді өте сезінген, өзі көріп жүрген жайлар.

*21 апрель 1950 жыл*

Осы кезде Абай батыс, орыс әдебиетін біле ме? – деген сұрауға жоғарғы өлеңнің жүйесіне, суреттеуіне қарай отырып, “біледі” деп жауап береміз. Бұл өлеңде өмірден аулақ бір жол жоқ, пейзаж – қазақтың пейзажы. Сөйтіп, орыс мәдениетін бойына сіңірген, мәдениетті Абай болып келеді. Реалистік Пушкиннен үлгі алғанын көреміз. Осы кездегі Лермонтовтан “Бородино” өлеңінің аудармасы да Абайдың оқи бастаған әдебиетін көрсетеді. Лермонтовтың аудармасы (Гете, Байроннан) туралы Белинскийдің айтқаны... Абай да сол сияқты аудармаларына өз көңіл күйін қосып жіберіп отырған.

1884 жылы эстетикалық тұрғыдан қазақ қызының сипатын жазған “Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы” деген өлеңін жазады. Бұл өлеңде ептеп тақырыбынан шығып кету бар. Өйткені бұл жерде жігіттің кірісуі артық. Бұл суреттеуде ішкі психика, жүрек сезімі ашылмаған, сыртқы пішіні айтылып қана қояды. Өлеңде тек формасын алуы, “аттың сыны” сияқты бас жағынан бастауы механикалық әдістің бар екенін көрсетеді. Кейінгі өлеңдерінде бұл жай жоқ. Ақындық шеберлігі бар, идеясы қалыптаспаған.

Абайдың өмірлік программасы, жаңа Абай екенін көрсететін өлеңі 1885 жылғы “Жасымда ғылым бар деп ескермедім” деген өлеңі, ұлы ақынның өкініші. Мұнда үлгілі, жемісті өкініш айтылады. Кейінгілерге үлгі ретінде айтылады. Бұл сол замандағы барлық саналы ата-ананың өкініші еді.

“Бұл мақрұм қалмағыма кім жазалы?” дейді. Бұл “мақрұм” қалған Абай сол кезде Пушкин, Лермонтов, Толстой, С. Щедрин, Крылов, т.б. біледі. Сонда да білген сайынғы білімге қомағайлықты көрсетеді. “Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім” дегенде дін медресе емес, басқа оқу жүйесін айтады. Шен алуды Абай сол 1885 жылы-ақ жек көрген, патшаға қызмет етіп, “жанбай жатып сөнуден” сырт тұрады.

1886 жылы Абай ақындық жолға біржолата құлай беріліп, үлкен-кішілі 18 өлең жазған. Бұл жылда програмды үлкен өрісті ақындық жеміс беру кезеңі көрінеді. Бар буын түгел қамтылады. Әуелі ата-аналар болып, кейін жігіттерге арнайды. Енді “Интернатта оқып жүр” деп балаларға оралады. Өлең қоғам тіршілігін көрсететін құрал екенін түсінеді. Абай мораль тәрбиесімен қауымды түзеуге болады деп түсінген. Бұл Маркстен бұрынғы ойшылдардың түсінігі еді. Осы 1886 жылы Абай халқымды түзеймін деп кіріседі, әрі келешек Абайдың әр жақтылығы көрініп қалады. “Жаз” деген пейзажды өлеңін жазады. 1886 жылғы өлеңдерінен Абай үлкен, жан-жақты ақын екенін көреміз.

“Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек” (талдап өту, идеялық жағынан) еңбек иелерін жан-жақты сору, еңбексіз көзін сатушылық көрсетіледі. Ел ішіндегі әкімдерді, “бас-басына би болған өңкей қықымдарды” әшкерелейді. Осылай айта отырып, кей өлеңдерінде “момын байлар” бар, олардың ісі жөндеу дегенді де айтып кетеді, бұл қайшылық, байдың бәрі қанаушы. Атқамінерлерді түйрей отырып, бұларға да әкімдер зорлық етті дегенді “Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ” деген өлеңінде де айтады. Бұл өлең қошеметшілерге арналған. Еріншектіктің, жалқаулықтың кейінгі қатты залалын ескертеді. “Бір асым ет, бір аяқ қымыздың құлы” болма дейді. Жастарға арнаған өлеңінде (“Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат”) достықты, еңбекті, талапты көрсетеді. Азған жастарды да айтады. Осы жылғы өлеңдерінің ішіндегі ең бір програмды өлеңі “Ғылым таппай мақтанба” (талдап өту керек). “Ақсақал айтты, бай айтты” деме, өз ақылыңа сал,

соған сен дейді. Осы кезде “Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ” деген өлеңі жазылады. Абайдың аты – бәйгенің аты. Сол кездегі жайды жақсы білгендігі көрінді, әсіресе малдың ерекшеліктерін жақсы білуді (С.М. Буденный “сәйгүлік тұлпар ат болу үшін ол еркек, әйел, түлкі, есек, қояннан үш-үштен жақсы сыпат алу керек”, – дейді)\*.

*25 апрель 1950 жыл*

Бұл кездегі Абай орысша сөздерді де қоса береді. “Интернатта оқып жүр” деген өлеңінде түрді мазмұнына бағындырып отырады. Бұл интернат Ыбырай ұйымдастырған интернат еді. Әрине, алғашқыларының көбі тілмаш, чиновник болып шыққан. Басында балаларды зорлықпен, еріксіз жіберіп те отырған. Олардың оқу арқасындағы жеткендігін көрген ата-аналар балаларын жібере бастайды, олардың көбінің тілеуі “шен, шекпен”, “прошение” жазуға ғана арналған екенін Абай ашады, жас буындардың алдына үлкен талап ұсынады.

“...орыс теріс айтпайды, жаман бол деп оларды” деп, “орыс” сөзін Абай халықтық ұғыммен ұғынады. Орыс адам бол деп тәрбиелейді, бұзықтықты өзі ойлайды, өзің үйретесің дейді.

Салтыков пен Толстой дегенде солардай ақын бол дегені емес, шенқұмар болып отырған чиновник, адвокатты солар қалай көрсеткен, соны көрсенші дейді. Чиновник, адвокат сол кездегі ең жексұрын, зұлым адамдар ғой, ал сен солардай болуға неге құмарсың дейді Абай. Орысша сөзді сол жастарға, орысша білетін жастарға арнай айтып отырғандықтан қолданады. Қоғамды шеттеме, “Кореннойға кір” (дүпке жегіл) дейді. Чиновник, оязға қызмет еткеннен гөрі байға қызмет ет, бұл жерде залалың халқыңа аз тиеді дейді. Әрине, бұл жақсылық демейді, жамандықтың да жеңілдеу түрі дейді.

Осы жылдағы тағы бір көрнекті өлеңі – “Өкінішті көп өмір кеткен өтіп” деген өлеңі. Мұның мәні бар. Алғашқысында жасыдым, түңілдім деп келеді. Жол, беталысын ашу қиыншылықтарын айтады. Келешек айдын көлдей көрініп

---

\* Еркектің төзімді, күшті еркөңілдігін; қылықты, көзі ойнақы, казомыраулығын; есектің тұяғын, етсіз басын, белін, т.б. алу.

еді, ол кіршіксіз кезімде екен дей келе, келешекке сенеді. Оптимистік пікірі көрінеді.

1887 жылғы өлеңдерінде өте күшті орын алатын “Өлең – сөздің патшасы” деген, өлең туралы жазған өлеңі. Ескі ақындарда бұл тақырып жоқ еді. Өлең бір кісінің қолында ғана емес, халықтың құралы дейді. Алғашқы бір шумағы – эстетикалық көзқарас. Абай сол кезге шейін болып келген әдебиеттік тартыстарды құптамағандықтан, шортанбайлықты, әбубәкірлікті сынамасына болмайтын еді. Сондықтан айтушы да, тыңдаушысы да надан болған деп қатты сынайды. Енді бағалы сөз қандай дәрежеде болады дегенге Абай орыс классиктерін бірден ұсынбайды, халық, сол сана дәрежесіне сай аят, хадис ішінде де өлең бар (Ал өлеңді дінмен дәрежелемесе де болатын еді. Қайшылық, бірақ оқушысын еске алған). Ол кезде орыс ақындарының ішінде Фет, Тютчев сияқты байшыл ақындары да болған. Абай бұларға еш бет бұрмайды. Белинскийден басталып, Чернышевский, Добролюбовтармен жалғасып келе жатқан ұлы сыншыл эстетикадан үйренеді. Қошметші ақындар бұрын көп болған, соларды қатты сынайды. Сонымен бірге қызықты, қыздырмалы өлеңді айтпаймын, өйткені ол ермек үшін болып кетеді дейді. Осыдан кейін Абай өлеңге оралып келіп отырады. “Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел” деп, өлең сөздің мәнін көрсетеді. Осымен бірге, осы жолы басқа тақырыптарға да жазды. “Көжекбайға” деген өлеңінде ел билеушілердің зұлымдық кейпін береді. Көжекбай – сан Көжекбайдың жиынтығы. Абайдың кейбір өлең жолдары афоризм болып кеткен, мысалы, “Жаман дос – көлеңке” (“Жат айбынар ісі жоқ, жау айдынар күші жоқ”).

1888 жылғы өлеңдері. Мұнда да ақындыққа, поэзияға көзқарасын айтады. Енді өлең сөзді халықтың өмірімен тығыз байланысты екенін айтып түсіндіреді, өлең сөздің дәрежесін көтере түспекші. “Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол” деген өлеңі. Әдеттерді айта келіп, қорытынды жасайды. Дүниеге өлеңмен келіп, өлеңмен шығарып салынасың дейді. Өлең қадірін кетірушілерді танып, тауып түйрейді. “Шортанбай, Дулат, Бұхар жырауларға” Абай қарсы жолда. Сондықтан Абайға бұлардың өлеңінің мәнінде еш жаңалық жоқ, ескі пікірді қайталау ғана екенін, ескіліктің тозығын жамап, құрау екенін ашуға керек болады. Енді Абай өз мақсатын

айтады. Бұл әлеуметтік ойлар болса, Абай табиғатқа да бет бұрып отырады. Осы жылы “Қыс” деген өлеңін жазады. Жырлауы мәдениетті, үлгілі ақын дәстүрі. Абай қысты тірі “ақ киімді, денелі шал” етіп суреттейді. Бұдан әрі қырдағы қыстың тіршілікке әсерін суреттеп кетеді, еңбек адамдарын суреттейді. Еңбексіздерді өмір тіршілігінен тыс қалдырады. Бұл – өнімді, айқын түрдегі реалистік әдіс.

Осындай өлеңдердің қатарында мысқыл-сықақ өлеңдері де өсе береді. “Күлембайға” деген өлеңіндегі кейіпкер – жағымпаз, екіжүзді, айнығыш адам. Мұнда қара халықтан шықты дегені емес, ел ішіндегі пысықай, билікқұмар, сасық пиғылды таңбалайды. Осы орында да тұра алмайтын табансыз, құбылмалы жансыз дейді.

*28 апрель 1950 жыл*

1889 жыл – Абайдың тұр жағынан жаңалықтар берген жемісті (мыс. Пушкиндегі өмірі) жылы. Мазмұны жағынан да алуан ойлы, терең сырлы. “Ішім өлген, сыртым сау” өлеңдеріндегі Абайдың “мені” халықтық жалпылық “Мен”. “Әсетке”, “Болыс болдым, мінеки”, “Сегіз аяқ” сияқты үлкен толғау өлеңдерін жазады. Осы жылы Пушкинге тек оқушы түрде емес, Пушкиндей ойшыл болып барып кіргенін көреміз. Осы жылғы шығармаларында Абай – үлкен сыншы, реалист, эстетик, терең ойшыл, орыс классиктерін терең меңгерген мәдениет иесіндегі Абай тұлғасы көрінеді.

“Күлембайға” деген өлеңінде қулық, сұмдықпен болысты көрсетеді. Соның ғажап, терең психологиясын берген (өлеңді оқып, талдап өту). Олардың момын-тынышқа (халыққа) істеп отырған істерін өз сөздерімен береді, монолог сөзімен өзіне мойындатады (бұлар – “Ревизордағы” городничий). Бұл – Абайдың мінез арқылы түзеймін деген программасының арнасында келе жатқан тақырып.

“Сегіз аяқ” (сегіз жолды) – сол уақытта орыс, батыс әдебиетінде болмаған жаңалық. Мұнда көп нәрсені айтады. Әрбір шумағы бір түйінді пікірге айналып отырады (өлеңді оқып отырып, талдау керек). Абайда “Жалғыздың үні” ең алғаш осы өлеңінде айтылады. Бұл жалғыздық, дарашылдық емес. Заманынан ерте туған, озық ойлы жалғыздық трагедиясы. Міне, осы жайды тереңдете жазады. Абай “атадан алтау,

анадан төртеу” деп қара басқа байланысты жалғыздықты айтпайды (Лермонтов туралы Белинскийдің айтқанын еске алу керек). “Моласындай бақсының, жалғыз қалдым тап шыным” дегені – азаматтық ойдың қорытындысы. Тағы өлең туралы айтады, бұрынғы пікірін тереңдете түседі. “Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін” дейді. Өлеңді “Әзірет Әлі, айдаһарсыз” жазып отырғанын, өткен шығыстық жалған образдарын – “алтын иек, сары ала қызды” айтпаймын дейді. Ол жансыз сурет, еш реалистік ішкі әдемілік жоқ екенін айтады. “Сары ала” деудің өзі (сары ала етек) – өте қатты шенеу. Көрілікті күні бұрын айту, жамандау не керек дейді. Осыларды айта келіп, жақсы, дана болу үшін не керек дегенге тоқталады. “Ақыл, қайрат, жылы жүрек” бір адамның ішінен табылса, бұл – гармоническая личность. Бұл ертеден келе жатқан философ ой иелерінің пікірлері еді.

Енді сұлулық, ғашықтық туралы жырына келейік. “Қор болды жанымда” шығыстық сарын бар. Махаббатты тағдыры жіберген болады. “Тағдыр”, “пәнде” деген сөздіктерін алады. Махаббатты соларша бір айтқысы келеді. Реалистік жолмен айтып, тіпті басқаша жырлап кетіп отырады. “Қиыстырып мақтайсыз”, “Сен мені не етесің” деген өлеңдерінде ескі 7-8 я 11 буынды 4 жолда өлең шеңберіне сыймайды. Осы жаңа түрін тез тарату үшін композиторлық қабілетін де қолданады. Жастық, махаббаттық кезеңнен асып кетіп, қайта соққан Абай әр формаға бір түсіп шығады. Кейін орыс классиктерінен үйреніп жазған “Ауылдың маңы терең сай” өлеңі тіпті басқаша. “Шоқпардай арқасында өрген бұрым” өлеңінде де айтуға, соншама ашуға керек емес нәпсі жайы да сезіліп тұрады. Жігітке атасына, тегіне қарап емес, сүйіп алуың керек деп адамдық, теңдік правоны қорғайды...

**Абайдың Пушкинге баруы.** “Евгений Онегинді” аударуында Пушкиннен мағынасы да өзгеше (мысалы, аяғында бітіруі). Абайда Татьяна хат жазады. Хат Пушкинде біреу-ақ. Татьяна хатына Онегин ойланады. Пушкинде Онегин жауапты ауызша айтады. Ал Абай хат арқылы береді. Пушкин Онегинді мысқыл етіп отырады. Татьяна Онегин кеткен соң ізін байқайды. Оқыған кітаптарын тексере оқып келіп, Татьяна “Чайльд Гарольдтың шапанын жамылған москвич” екенін біледі. Ол үлкен емес, нашар, ұсақ Онегинді көреді.



Үлкен топтың ортасында көріп, Онегин қайта сүйдім дейді. Пушкин Татьянасы Онегинді шындықпен бетке соғады. Абай бұл жерін нәзіктікпен келтірген (орысша, қазақша екеуін салыстыру арқылы айту). Абай кейде Татьянаға қазақ сөзін де айтқызады (“Қаймақ еді көңілім-де”). Аударма дәл аударған емес. Себебі шығыста нәзира дәстүрі (перепеп, қайта жырлау) болған. “Ләйлі – Мәжнүн”, “Зылиха – Жүсіп”, “Ескендір” – қайталап жырлаулар. Абай осы үлгідегі біраз дәстүрмен еркіндікті қолдаған.

Екінші, үлгілі ғашықтықты үлгі етіп отырғандықтан, Татьяна мен Онегинді де үлгі етіп ұсынады (Белинскийдің Татьяна мен Онегин туралы айтқаны). Абай опалы жігітті ұсынады, өкінішін ашады.

*4 май 1950 жыл*

1890–92 жылғы өлеңдері.

1891 жылы Абайдың жақын серігі Оспан қайтыс болады. Бұл жылдары Абай көп жазған емес. Аз жазғанмен, терең мағыналы, толық мәнді болып отырады. “Бай сейілді, бір бейілді” деген өлеңінде Абай “өз малын” бағып отырған “момын бай” бар деп ойлайды.

Түр жағынан жаңа, шебер шыққан өлеңі – “Келдік талай жерге енді”. Мазмұны бай, қиын үйлескен ұйқаспен келіп отырады. Тағы бір өлеңі – “Өзгеге, көңлім, тоярсың”.

Табиғат жайындағы өлеңі (“Жазғытұры”). Табиғат тек табиғат түрінде алынбайды. Табиғат жырлаудағы реалистік бағытымен жүріп, табиғаттың адам, дүние тіршілігіне тиетін әсері айтылады. Алтынсарин үлгісіне жақын келіп отырса да, осы өлеңде мифтік, натуралистік пікір көрініп қалады. “Күн – күйеу, жер – қалыңдық” деп келеді. Өлеңнің аяғын нақты, күнді батырып барып тоқтатады. Пікір нақты, дәлірек етіліп айтылса да, сезімшіл, әсерлі болып отырады. Күн мен жерді біріне-бірі ғашық ету ескі мифтік ойдан шыққан.

“Ақылбайға” деген өлеңі. Ақылбай Нұрғанымның қолында ерке, бұла болып өскен. Бірақ өте талантты адам болған. “Жаррақ”, “Зұлыс”, “Дағыстан” поэмаларын жазған. Соңғы поэмасы сақталып қалған. Бұл “Ақылбайға” деген өлеңінің әні де болған. Ұйқасы өте қызық болып келіп отырады. Ақылбайдың таланты өте кеш дамыған. Сондықтан

жұртты қатты сынап отырған Абай сол сынды туыстарына, баласы Ақылбайға да қолданған. “Өзінен басқа ойы жоқ” деген өлеңінде надандықтың әсері айтылады. Тәуірмін деп жүргендердің өзін қатты сынайды. Абай хат білетіндердің бәрі надан емес дегендерге қарсы. Наданның үлкені елді оқытумен айналысатын молдалар дейді. Тағы бір өлеңінде мораль мәселесін айтады: “Достыққа достық қарыз іс, дұшпаныңа әділ бол!” – дейді. 1891 жылы Абайдың өмір бойы қайталанып келе жатқан тақырыбы – ғашықтық туралы жазған екі өлеңін айтуға болады.

Абай бұл кезде жастарға көп көңіл аударған. Оларға оқу, өнер, адамгершілік мәселесімен қатар, махаббат мәселесін бірге айтады. Семьяны, бақытты, сүйіскен жарларды, шын сезімді махаббаттың күшін айтады... Мұнда да әйел үлкен ой, терең сезім иесі, тең праволы болып суреттеледі. Шын ғашықтықты таза көңіл, асқан ынтамен зарықтыра жырлайды. Арналған әдемі әні бар. Өзінің қауым надандығына ызалы өлеңдерін қарсы жұмсайды. Өзге жақсы жұрттан ұяламын дейді. Өзі халқының ары есебінде жұмсалып кететін де жері болады. Осы кезде ел билеушілердің бірнеше бейнелерін береді. Мекеге бару деген тіпті негізгі парыз емес деп, молдаларды Абай қатты сынаған.

1893 жылғы өлеңіндегі жақсы, ұйқасы ерекше бір өлеңі – “Бойы бұлғаң”. Кейбір байларды бөліп айтуы Абайдың қайшылығы деп қарауға керек. Оспанның өліміне байланысты бірнеше жоқтау өлеңдерін туғызған. Ешкім бетіңе келмей, өмір тіршілігің жайлау болып тұрғанда өгіпсің дейді. Бұл өлеңдерінен Оспанды Абайдың құрметтейтінін көреміз.

1893 жылғы өлеңдері. Бұл жылдары өлеңді көп жазбаған. Қара сөз араласып отырады. Көбінесе аудармалармен шұғылданады. Соның бірі – “Не верь себе, мечтатель молодой” (Лермонтовтан). Лермонтовты аударуы Абайдың көңіл күйіне соншалықты ұқсастығынан. Өлең тек әдемілікті емес, ашу-ызаны айту керек, “ұлы сусын төгілсін” дейді. Абайдың осы жылғы аудармасының ең күштісі – Гетеден Лермонтов арқылы аударған “Қараңғы түнде тау қалғып” деген өлеңі. “Қалғып” деген сөз “ұйықтаптан” гөрі тіпті дұрыс сияқты. “Звезда со звездой говорит”-ты Абай “ымдасып сөйлескендей көкте жұлдыз” деп аударды. “Ымдасып” сөйлесу өте әсерлеп, күшейте түседі. “Тыншығарсың сен-

дағы” дегенде бірқатар астарлы ойды түсінуге болады. Абай халқының тіл қазынасын түгел пайдалана отырып, қазақтың әдеби тілін жасады. “Адасқан күшік секілді” образбен көмкеру тәсілі ерекше байқалады. “Кім білер жабырқанқы айтқан сөзім” деп “қиыннан қиыстырады”. Кей жерде Лермонтовты дәл аударарды (“Больное сердце бьется ровно”).

1894 жылы тағы әкімдерді сынап “Антпенен тарқайды, жиылса кеңеске” деген өлеңін жазады. Абай — күшті сатирик. Бұл жағынан С. Щедринге көп ұқсас, жоғарыдағы өлеңде екіжүзділіктің маскасын ашады. Партия басшыларын сынай отырып, жастарға арнап “Әсемпаз болма өрнеге, өнерпаз болсаң арқалан” деген өлеңін жазады. Осы жылдарда Әбдірахман ауыра бастайды. Қызмет бабымен Верныйға келеді. Абайдың қайғылы көңілінен шыққан зармен айтылған өлеңнің тобы басталады. Өлеңдерінде сиыну көп...

1895 жылға келейік. Халық уайымын өз басынан әлдеқайда ауыр сезінеді. Ағалық ойын тілеумен айтады, ұғысуға шақырады. Ішкі психологиялық сезімді көрсеткен “Көлеңке басын ұзартып” өлеңі өзінің өткен ойын айтады, есеп беріп отырады. Абай дінге сенген, адам баласына керекті бір дінге деп түсінген. Діннің қожа-молдалар әсерлеген фанатиктік (жалаң) жолын емес, басқаша сыншы ақылдың шартты түрін алған. “Құмарсыз құр мүлуге тоя алмаймын” дегенді айтады. Абай ақиретке бармайды. “Мен” мен “менікі” дегенді ашады. “Өлсе өлер табиғат, адам өлмес” дегенді айтады. Дінге күдік жасайды. Осы жылдар Әбдірахман өледі. Тыйылмаған жас, қынжылған көңіл, аталық мейірім көп уақыт өлеңдер туғызады. Әбдірахманның барлық қасиеттерін айтады. Қырым, Кавказ, Сібір, Россияны білген Әбдірахманды жоқтайды. “Жаңа төлдің басшысы ол, мен ескінің арты едім” дейді. Әбдірахманнан күткен үмітін айтады.

1896 жылы жазған “Адамның кейбір кездері” деген — ақын туралы жазған өлеңі. Ертеден мәдениетті ақындар айтып келе жатқан ақындық өнерді айтады. Пушкин “Аполлонды” иелік етсе, Абай “тәңірінің берген өнері” дейді. Қайсысы болса да ақындық шабытты көтереді, осы жылы ән туралы бір өлең айтқан — “Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа” деген өлеңі. Әннің сезімін, күшін айтады. Қазақтың әніне оралады, үлкен сыншылықпен қарайды.

*11 май 1950 жыл*

Абай әнде терең ой, күшті сезім бар дейді (Достоевский мен музыканы тыңдап отырып, басқа ойларды жақсы ойлаймын деген. Бұл өз алдына ерекше түсінік).

Құлақтан кіріп, бойды алар  
Жақсы ән мен тәтті күй, –

дейді Абай. Күй ескіні, өткенді ойлатады дейді. Эстетикалық көзқарастарын айтады.

қайраткеріміздің бірі – осы Рәбиға екендігі бұл конференция үстінде де айқын аңғарылды.

2. Дәл осыған ұқсас жай Мәшһүр Жүсіп жөнінде сөйлеген Ісләм Жарылғаповтың баяндамасында да тап болды. Өзге жағын қоя тұрып, бәрінен де оқшау, одағай тұрған бір пікірге қарсы айтпасақ болмайды. Баяндамашының ол пікірі бойынша, Мәшһүр Жүсіп Россияға Қазақстанның еркімен қосылуын мақұлдап жырлаған тәрізді. Баяндамашының тағы бір оқшау, даулы ойы бойынша, Мәшһүр шығармаларында интернационалистік сарын бар болып шықты. Солармен қатар, пантюркистік, панисламистік, діншілдік дегендердің ізі де жоқ тәрізді.

“Орыс” деген сөзді Мәшһүр шығармасында “патша” деп қана ұғыну керек деп мәслихат бергісі келді. Жалпы орысқа қарсылық Мәшһүр мұрасында мүлде жоқ деп танытқысы келді. Осылай етіп, тарих тұрғысынан қарағанда, айқын мінді болатын жайларды ақтау, жеңілейте талдаудың түбі, баяндамашының ұғымы бойынша, Мәшһүрді түгел, тұтас демократияшылдық бағыттағы жазушы етіп шығарғандай.

3. Ісләм “әпенді” деген сөзді дәлел еткісі келді. Мәшһүрдің айтып отырған әпендісін жас күнімде, бала кезімде мен де көргенмін. “Әпенді” деп қазақ ортасында бастарына сәлде орап, төрттен-бестен қосылып, күйлі ат, бүгін киім киіп, жайлаудан-жайлау, елден-ел аралап ақтап жүретін өзінше бір тоқ-тіленші, жүргінші-қайыршыларды атайтын. Олар Ираннан, Ауғаннан, кейде Бұхар-Хиуадан, сол қатарда түріктен де келіп жүрген әншейін бір, елеусіз кезегендер болатын. Ел іші “әпенді” деген сөзді біреуді “жарымес”, “жындысүрей”, “нақұрыс” деген мағынада мазақ, сықақ түрінде қолданатын. Мәшһүр жырындағы әпенді – тап осылар. Онда пантюркистікке қарсы, не соны сынаған негізгі көзқарасқа байланысты ешнәрсе жоқ.

4. Ендігі бір өрескел сөз Мәшһүрге байланысты сөйлеген Әуелбек Қоңыратбаев сөзінен туды. Ол Ісләм Жарылғаповтың Мәшһүрдегі “орыс” деген сөз “патша” дегені деп айтылған ұшқары “комментарийге” одан да бетер, өрескел бір ұшқарылықты жалғады. “Бұдан былай “орыс” деген сөз келген өлең жолдарына “патша” деген сөз қойып, қолдан түзеп жіберейік”, – дегенді айтты.

Бұл не деген ұсыныс? Бұндай да ғылымсымақ бола ма екен? Осындай әсіре, асыра айтылған оқшау пікірлер, өте теріс ойлар, сөздер елемей, сынамай қоярлық жайлар емес. Өзі оқу құралдарын жазып жүрген ойлы сыншы адамымыздың

бірі Кәрібаев Шайқы жолдастың да Мәшһүрді түгелдей ақтай сөйлеуі – мақтарлық емес. Ісләм мен Шайқы екеуіне де қатар айтылатын бір кінәмыз бар. Бұлар осында Мәшһүрдің сыпайы қауым алдында ауызға алуға болмайтын нелер тұрпайы сөздерін мысалға келтірісіп, мәжілісті наразы етерлік мінездер көрсетті. Мәшһүрдің жазбаларына қарасаң, ол көп кезде кәдімгі бейпіл ауыз, тілі тәйтiк, циник адам. Ал соның былапыт сөздерін осы конференцияда, осы трибунадан цитата түрінде келтіруде не қажеттік бар еді? Ол натурализмді “нәтурә” қалпында (Смет Кеңесбаевичтің тілімен айтқанда), “нә тура” күйінде қолдану – сол “нә тураның” өзі боп шықты.

Алдымызда мынау отырған мәжіліс, осы өнерлі, мәдениетті асыл қауым қандай қадірлі, қандай сыпайы жүршылығымыз! Осындай тыңдаушыларымыз алдында жаңағыдай жайларды бадырайтып, батпITYп ауызға алу әдеттерін, тегі, қатты сынауымыз керек, мүлде мансұқ етуіміз шарт.

Менің талай байқағаным бар. Студенттер алдында лекция оқып тұрғанда Абайдан цитата келтірсек, сонда Абай заманында онша тұрпайы көрінбеген “қатын” деген сөзді Абай өлеңдерінің қатарынан оқысақ, студенткалардың қызарып, қысылып төмен қарағанын көреміз. Соны байқағанда, жаңағы өлеңді оқығанымыз үшін өзіміз де қысыламыз. Жиналыстың “қыбын тауып, қышуын қандырамын” дегендей боп, өрескел сөздерді ынтыға, өршелене қолданудың ешбір жөні жоқ еді.

5. Бірақ сіздің жаңағы айтқаныңыздан бізге керекті бір жай Шортанбай турасынан еске келеді. Тегі, Шортанбайдың түп-тамырын сіз анық нұсқағандайсыз. Ол шынында да сол Йассауиден бері қарай шұбыра келетін “ақырзаманшылар” әулетінен болатын. Зар заманшыл Молда Қылыш қалдырған кейбір шығармалар Кердері Әбубәкірдің көп “зарнамасы”, беріректе Сопы Аллаяр, әріректе Сүлеймен Бақырғани, Мәшірап болып отырып, сатылап сонау ХІІІ ғасырда өлген, кейін “Әзірет сұлтан” аталатын Қожахмет Йассауиге барып тірелетін.

6. ...сынап, дәл берудің орнына, қорғаштау сияқты мінездер көрініп қалды. Кей жерлердің кемшіліктерін жетілту, жетімсізін бүркеуге дейін тақаған кісілер болды. Сол не үшін қажет еді, жолдастар?! Біздің бүгінгі конференциямыз баяғы молдалар айтатын “мақшар таразысы” ма еді? “Айтылды – шешілді, кесілді – өлді” дегендей жанталас кімге керек?

7. Ісләм Жарылғапов жолдастың “клерикальдық сарын капиталистік буржуаздық дәуірде ғана, бергінде туады” дегені

дұрыс емес. Француз ескі эпосын алсақ, карловингский эпос Карл Великий дәуіріндегі тарихтық жайлардан туған, VIII ғасырдағы оқиғалардың өзіне діншілдік (клерикальдық) сарынды мейлінше қосады. Карлдың батырларын кейінгі X–XI ғасырда сарациндерге, мұсылмандарға қарсы арналған “Крест жорығының” идея-мазмұндарымен толықтырады.

8. Бұның бір зор себебі, өткеннен қалған мұра атаулы қазақ әдебиетінде шақ кәне. Сол Бұхар, Шортанбай, Дулат, Мұрат дейтін ақындардың бар шығармаларын бір араға жинап келіп, таразыға салғанда, бір ғана Қасым Аманжолов ақынның шығармалар көлеміне жетпейді. Тек көлемі ғана емес, мазмұны жағынан әсіресе солай. Халықтық санасының биіктік сипатымен, революцияшыл бағытымен, көркемдік қасиетімен, қысқасы, шартарап шарттарымен солай болған Қасым басым емес пе?” – сияқты тұтас абзацтар; “Н.С. Хрущев жолдастың жазушылар алдына қойған”; “Бірақ ол әдебиет мәселесіне ұдайы шұғылданған зерттеуші емес, одан гөрі айтқыш, алғыр журналистік машығы басым адам. Сондықтан да ол жетпіс бес жасқа келіп өлген Мәшһүрдің елу-алпыс жылдай мезгілге соғатын ақындығының біртұтас, бір-ақ кездің жалғыз-ақ бітім-тұлғалы шығармасындай бағалады”; “Абылай баласы Бопы төреге Найманның сыншы-бұқара халқы “парақор” деп мазақ, мысқыл...” деген жекелеген сөйлемдер; “ұдайы”, “болды”, “Әбдіжәмілден”, “аралап”, “тек”, “...де, заңды жәйлар еді”, “Бейсенбай”, “Ақай”, “Мәлік”, “арнаулы”, “мәслихаттары”, “басымдау”, “өзі де”, “Смағұл”, “Оразалиев жолдастың”, “озғын”, “ерсі бітімді ескерткіштер ретінде”, “мәселе”, “романы” тәрізді түсіп қалған сөздер; “ен дүниені сөзі – мол дүниені сияқты болып” (ескерту: біріншісі – М. Әуезовтікі. – *Е.Қ.*), “саласында – саласындағы”, “кемшін – кемшіл”, “пайдалы – пайда”, “ізерлеп – зерлеп”, “өтетін – айтар”, “сөзін – сөздерге”, “ағым – ағын”, “ал – бірақ”, “сынай – сыпайы”, “біразын – біразы”, “жөнде де – жерде”, “қарай – қарап”, “айырмыс – айырмашылық”, “буындар – буындардың”, “бітімінде – қабілетінде”, “жа сауға – болады”, “жеке – жекелік”, “отырып – жүріп”, “бүкіл – барлық”, “романдарды – повестерін”, “берер – табылар”, “ол – олар”, “жайларды – жайларын”, “бар – көп”, “үстінде болатын – жинауға арналатын”, “өскендігін – өскелеңдігін”, “айтылып жүрген – айтылған”, “кей – әлдебір”, “мен – боп”, “қылайық деп – қылуға”, т.б. жөнделген сөздер қолжазба



бойынша түзетілді. Ал редакция тарапынан енген, автордың қолжазбасында жоқ сөздер мен сөйлемдер түгелдей алынып тасталды.

Жазушы шығармаларының академиялық толық жинағына қолжазба нұсқа (338-бума) ешбір өзгеріссіз ұсынылып отыр.

1. 17-б. **Благой Дмитрий Дмитриевич (9.02.1893)** – орыс әдебиет зерттеушісі. КСРО ҒА-ның корреспондент мүшесі (1953). КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері (1951). Еңбектері: “Үш ғасыр. XVIII, XIX, XX ғасырдағы орыс поэзиясының тарихы”, “Пушкиннің шеберлігі”, т.б.

2. 20-б. **Қарашева Надя Бұрханқызы (8.9.1930)** – тіл маманы. Филология ғылымдарының кандидаты (1959). Қазақ тілі тарихы мәселелерімен шұғылданған. Конференциядағы баяндамасы: “Қазақ әдеби тілінің қалыптасып дамуына “Айқап” журналының тигізген әсері” деп аталған.

3. 20-б. **Талжанов Сәйділ Омарұлы (6.12.1906–10.12.1972)** – жазушы, әдебиет зерттеуші, аудармашы. Филология ғылымдарының докторы (1972). “Көркем аударма туралы”, “Аударма және қазақ тілінің мәселелері” атты еңбектердің авторы.

4. 20-б. **Сүйіншәлиев Ханғали Жұмашұлы (5.12.1918)** – әдебиет зерттеуші. Филология ғылымдарының докторы (1969). “Абайдың қара сөздері”, “Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері” деген монографиялардың авторы.

5. 20-б. **Жарылғапов Ісләм Жарылғапұлы (4.8.1918–1993)** – жазушы, аудармашы. Аударма теориясын зерттеді. Тілімізге көптеген жаңа сөздер (оқырман, балмұздақ, саяжай, т.б.) қосқан.

6. 21-б. **Толыбеков Серғали Еспембетұлы (9.3.1907)** – экономист. Экономика ғылымдарының докторы (1961). Қазақ КСР ҒА-ның корреспондент мүшесі (1962).

7. 21-б. **Кәкішев Тұрсынбек (15.08.1927)** – әдебиет зерттеуші. Филология ғылымдарының докторы (1972). ҚР-ның еңбек сіңірген ғылым қайраткері. “Қазақ әдебиеті сынының тарихы” монографиясының авторы.

8. 21-б. **Хасенов Манап (1.5.1915–26.10.1998)** – әдебиет зерттеуші. Филология ғылымдарының докторы (1972). Негізгі еңбектері: “Дәуір және жазушы”, “Ұнамды образ және типтендіру”.

9. 21-б. **Адамбаев Балтабай Әбдірахманұлы (24.09.1919–12.10.1990)** – ақын, әдебиет зерттеуші. Филология ғылым-

дарының кандидаты. “Шешендік өнер”, “Халық даналығы”, “Қазақтың шешендік өнері” сияқты зерттеу еңбектері бар.

10. 21-б. **Сыздықова Рәбиға Сәтіғалиқызы (17.08.1924)** – тілші ғалым. Филология ғылымдарының докторы (1972). ҚР ҰҒА-ның академигі (2003). “Қазақ әдеби тілінің тарихы” еңбегі үшін Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықты иеленген. ҚР Мемлекеттік сыйлығының (1996), “Парасат” орденінің иегері (2004).

11. 22-б. **Сидельников Виктор Михайлович (8.11.1906)** – фольклорист, әдебиет зерттеушісі, қазақ ертегілерін құрастырып бастырушы. Филология ғылымдарының докторы (1950).

12. 23-б. **Сайфуллаев Атахон (1.5.1933)** – тәжік әдебиет зерттеушісі, сыншы. “Роман устода Садриддина Айни “Дохунда”, “Мышление и образ” атты монографиялардың авторы.

13. 27-б. **Қоңыратбаев Әуелбек (10.9.1905)** – әдебиет зерттеушісі, сыншы. Филология ғылымдарының докторы (1972). “Абай шығармаларының академиялық жинағына түсініктер”, “Қазақтың “Қозы Көрпеш – Баян сұлу” жыры туралы”, “Әдебиетті оқыту методикасының очерктері”, т.б. әдеби ғылыми-зерттеу еңбектерінің, оқу құралдарының авторы.

14. 28-б. **Шалабаев Белгібай (17.4.1911–1990)** – әдебиет зерттеуші. Филология ғылымдарының докторы (1969). ҚР еңбек сіңірген ғылым қайраткері. Шығармалары: “Қазақ прозасының тарихы”, “Қазақ романдарының тууы мен қалыптасуы”, т.б.

15. 30-б. **Покровский С. (26.12.1900)** – тарихшы. Тарих ғылымдарының докторы (1946). Қазақ ССР ҒА-ның академигі (1951). Оның негізгі ғылыми еңбектері Қазақстандағы Азамат соғысы тарихына арналған.

16. 30-б. **Шахматов Виктор Федорович (20.10.1903–4.8.1964)** – тарихшы-ғалым.

*Е. Қаныкейұлы*

## “Алғы сөз”

Жазушының Абай шығармаларының толық жинағына арнап жазған бұл алғы сөзінің мұрағаттағы 523-бумада машинкалық нұсқасы сақталған (32–35-бб.). Осы алғы сөз Абайдың 1957 жылғы екі томдығында (Абай Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Жалпы редакциясын басқарған – М. Әуезов. Алматы: ҚМКӘБ, 1957. 1-т. 5–7-бб.), Ә. Жиреншин дайындаған 1961 жылғы бір томдықта (Абай Құнанбаев. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. Алматы: ҚМКӘБ, 1961. 5–6-бб.), 1976 жылғы жинақта (Абай. Өлеңдер. Алматы: Жазушы, 1976. 5–7-бб.) жарияланған. Бұл аталған басылымдар өзара текстологиялық салыстырулардан өтті және ешбір айырмашылық кездеспеді. 523-бумадағы машинкада терілген нұсқадағы автордың өз қолымен жасаған (көк қаламмен) түзетулері, қысқартулары, кейбір стильдік жөндеулері түгелдей дерлік 1957 жылғы жинаққа түсірілген және осы жарияланым кейінгі басылымдарға негіз болғандығы салыстырулар кезінде айқын болды.

Жалпы Абай шығармаларының әр жылдардағы жариялануының өзі 1957 жылға дейін “толық жинақ болып жетінші рет басылады” деп М. Әуезов бұл алғы сөзінде атап өтеді. Бұдан соң да ақынның көптеген басылымдары жарыққа шығып, академиялық толық жинағы (1977 ж.) да дайындалғаны көпшілікке мәлім. Енді міне, жазушы шығармаларының елу томдық толық жинағының осы томына бұл алғы сөз 523-бумадағы нұсқасымен салыстырыла отырып ұсынылды.

*Е. Қаныкейұлы*

## “АЛҒЫ СӨЗ”

М. Әуезовтің 1961 жылы Қазақтың көркем әдебиет баспасынан шыққан “Рүстем-дастан” кітабына жазған алғы сөзі. Ұлы парсы ақыны Фирдоусидің әлемдік мәдениет пен әдебиет тарихындағы ерекше көркемдік ескерткіштердің қатарынан орын алатын “Шаһнама” жырының бір тарауы Тұрмағамбет Ізтілеуовтің аударуында аталған кітапқа енгізілген. Бұл кітаптың шығуы қазақ әдебиетіндегі елеулі оқиғалардың бірі болып, қалың кітап тез арада ел арасына тарап кеткен. Кітапқа баспадан берілген ескертпе мақалада “Халық ақыны Тұрмағамбет Ізтілеуов шығыс елдерінің тілінде көп тараған “Шаһнаманың” прозалық нұсқаларын жинап, 1936 жылы Алматыда дастан етіп жазды. Баспа “Шаһнаманың” сол Тұрмағамбет нұсқасынан “Рүстем-дастанға” жататын үлкен бір тарауын оқушы жұртшылыққа жеке кітап етіп ұсынып отыр”, – деп, аталған еңбектің шығу тарихынан нақты мәліметтер кілтірілген

Көлемі 604 бет, алғы сөзі, баспаның ескертпе мәтіні, кітаптың соңындағы “Шаһнаманың” соңына” атауымен берілген автор-аудармашының өлеңді соңғы сөзі, түсіндірмелер, сөздік беріліп, 70 мың таралыммен басылған кітаптың жалпы редакциясын басқарған Ә. Тәжібаев, арнаулы редакторы Ө. Тұрманжанов, жауапты шығарушы М. Байділдаев. М. Әуезов бұл тізімде болмағанмен, баспаның ескертпе сөзіне, өзінің алғы сөзіне қарағанда, “Рүстем-дастанның” шығуында үлкен рөлі болғаны анық. Алғы сөзде қысқа, нақты мәліметтер беріліп, “Шаһнаманың”, “Рүстем-дастанның” шығармашылық тарихына терең әдеби-теориялық талдау жасалған. Аударманың нақты көркемдік ерекшелігі ашылған.

М. Әуезов шығармалары толық жинағының бұл томына “Рүстем-дастан” кітабындағы мәтін дайындалды.

*М. Ахем*

## “Қазақ ертегілері”

Мұхтар Әуезовтің белгілі фольклорист ғалым, профессор Есмағамбет Ысмайыловпен бірлікте жазған зерттеуі 1957 жылы Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан шыққан “Қазақ ертегілері” атты кітапта басылды. Бұған дейін М. Әуезов осы салада өзінің біраз ой-танымдарымен алғаш 1927 жылы шыққан “Әдебиет тарихы” кітабында көрінген, одан кейін мұны орталау мектептің оқушылары үшін 1937, 1938 жылдары жазған “Әдебиет хрестоматиясында”, 1948 жылы шыққан “Қазақ әдебиеті тарихының” бірінші томындағы зерттеулерінде одан да әрі дамытып әкетті. Барлық салада жарияланып отырған ертегілер кітапта “Қиял-ғажайып ертегілері”, “Хайуанаттар туралы ертегілер”, “Тұрмыс-салт ертегілері”, “Аңыз ертегілер”, “Алдаркөсе туралы ертегілер”, “Жиренше шешен туралы әңгімелер”, “Қожанасыр туралы әңгімелер” деген тақырыптарға топтастырылып берілді. Ал зерттеушілер де өздерінің зерттеулерін кітапта қамтылған ертегілер төңірегінде қарастырды. Әдеби сын, зерттеушілікте, фольклористикада өнімді еңбек еткен, өз кезіндегі құнды зерттеулердің бірінен саналатын Жамбыл және халық ақындарының шығармашылығы жөнінде монография (Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан 1956 жылы шықты) жазған Есмағамбет Ысмайылов (1911–1970) бұл жерде жаңа қырынан көрінді. Авторлық ынтымақтастықта бірігіп жүзеге асырған еңбекті зерттеушілер осы кітаптағы ертегілер төңірегіне ыңғайластырып жеті бөлікке бөліп қарастырады, сондағы өздерінің тұжырымдарын кітапқа енген дүниелерден ауытқымай, тақырып-тақырыптарға топтап жасады. М. Әуезов өзінің алдыңғы жазылған зерттеулерінен мұнда басқалау қырларынан келуге тырысады.

*Т. Әкім*

## “Есте болар сөздер”

Мұхтар Әуезов дүниеден өткенде өмірінің соңғы сәтімен байланысты бірсыпыра кітаптар, қолжазбалар, хаттар, басқа да бұйым-жабдықтар жазу столында қалған. Олар: 1960 жылы Мәскеуде шыққан “Очерк истории казахской советской литературы”, СССР Жазушылар одағына мүше қаламгерлердің анықтама кітабы, “Дружба народов” журналындағы (1960. № 12) “Түнгі сарын” пьесасының аудармасы, “Жұлдыздың” 1961 жылғы бесінші саны, М. Шариповтың “Творческий путь Гайрати” деп аталатын кандидаттық, Әзиз Каюмовтың “Кокандская литература середины XVIII–XIX вв.” деп аталатын докторлық диссертацияларының авторефераттары, замандастары Н. Тихонов пен З. Кедринаның, Польшадан А.И. Дубинскийдің, Ригадан “Абай жолын” латыш тіліне аударушы М. Шуманның және қатардағы оқушылардың хаттары. Бұлардан басқа Оңтүстік Қазақстанға сапары кезінде жазылған блокноттар, әртүрлі ұлттардың (бурят, якут, алтай, қалмақ, шор, кавказ халықтары) ауыз әдебиетін, эпостарын зерттегендегі ойлары жазылған дәптер мен Америка сапарына байланысы бар үш-төрт беттік қолжазба, шәкірт тәрбиелеудегі ғұлама ұстаздығын танытатын Ш. Құмарова мен Р. Рақымжановтың дипломдық жұмыстарына жазған пікірлері және осы “Есте болар сөздердің” машинкаға басылған бір данасы.

“Есте болар сөздерді” мұражайдың байырғы қызметкерлері, филология ғылымдарының докторы Мұратбек Бөжеев, сыншы, әдебиетші ғалым Баламер Сахариев “Қазақ әдебиеті” газетінің 1967 жылғы 19 мамыр күнгі санында жариялады. Осы жарияланым кейін жазушының жиырма томдық шығармалар жинағының 20-томына (Алматы: Жазушы, 1985. 468–476-бб.) енді.

Бұл жерде де қаламгердің ертеден қалыптанған салт-машығының жаңа қырлары көрінеді. Ол өзінің өмірден көрген, сезген, түйгендерін, әр кез, әр жағдайдан туған ойларын “Сөз”, “Сөздер”, “Қажет сөздер”, “Тағы бір топ сөздер”, “Ерлер туралы

өйел сөзі”, “Кей адамдар жөнінде” деген сияқты тақырыптарда қағазға түртіп қойып отыратын әдет қалыптастырған. Осындай ойланыс-толғанысы көбінесе шығарманы жазу барысындағы қажетті түйіндерді тынымсыз іздену сәттерімен байланысып жатады. “Абай жолындағы”: “Арыстан жүріп өткен ізбен ақсақ соқыр бөрі де, қарға құзғын да ілесе жүріп азық айырады” деген ерте дүниедегі арабтың ойшыл, философ ақыны Әбуғала әл-Мағридың бір ғана қанатты сөзін Абайдың аузына салу үшін оның “Иманың болса қас қылма, иман мен қастық арыстан мен оқ сияқты бір орында тұра алмас”, “Ант ішейін, Мірдің тауларына жан бітсе, бір тау дүниеде орнында қалмас еді”, “Қатынның сұлулығы аз болса, айыбы да аз. Тегі, таза өйелдің ең зор міні – сұлулығы” сияқты қаншама сөздерін қазақшалайды.

“Есте болар сөздердегі” көп ой, толғаныстары да осыны еске салады. Өз кітапханасында сақталған, орта ғасырдағы араб ғалымы, жазушысы Абул Фарадждың “Білім кітабындағы” бір топ ойлы, мәнді сөздерін аударды. Мұнда “Грек ойшылдарының пайдалы уағыздары”, “Парсы данышпандарының қанатты сөздері”, “Үнді даналарының айтқандары”, “Еврей ғұламаларының пайдалы кеңестері”, “Христиан монахтарының сөздері”, “Мұсылман билеушілері мен данышпандарының айтқандары”, “Араб сақыларының сөздері” деген тараулардан тұратын үнді даналарының айтқандарына көбірек тоқталыпты. Жазушылық, ойшылдық, ғалымдық ізденістерінде М. Әуезов осындай әрекеттерге жиі барады. Бұлардың өмірден көрген-түйгендерінен өзек тартатыны өз алдына, көбінесе оқу, іздену барысындағы ойланыс-толғаныстарынан туындап жататындығы аңғарылады. Бұл жазбасы оның тынымсыз еңбектенулері мен ізденістерінің бір қыр, бір көрінісі ғана болып табылады. Осы машық, осы әдет алғашқы шығармашылық кезеңдерінен бастап, өмірінің соңына дейін жалғасты.

*Т. Әкім*

## “Абайтану (лекция)”

Мұхтар Әуезов Қазақстанның жоғары оқу орындарында 1942 жылдан бастап абайтанудың арнаулы курсы жүргізіп келді. Абай мұрасын ұзақ жылдар бойы зерттеп, жинастырған деректері мен ой-толғаныстарын қорландырып, үздіксіз ізденіп, ой дәрежесінің биіктеуімен бірге, тыңдаушыларының да танымдық жағын өсіріп отырды.

Алдынан жиырма буын жас түлектерді өткізіп, оларға осы жылдар ішінде абайтанудан оқыған дәрістерінен-ақ лектордың эволюциялық ой-танымының өсу дәрежесін аңғарғандаймыз. Өзі оқыған дәрістің сапалық, мазмұндық жағын оқтын-оқтын шәкірттерінің конспектісі арқылы тексеріп отыратын машығы да болған. Мысалы, 1945–1946 оқу жылында ҚазМУ-дің 3-курс студенті Рәзия Рүстембекованың абайтанудан жазған конспектісін оқып, белгілер қойған қолтаңбасы жазушы музейінде сақталулы (“Әуезов үйі” ФМО архиві, 331-бума, 1–72-бб.).

Бұл арқылы екі түрлі мақсат көздегені байқалады: а) дәріс үстінде айтылған ой-желісін шәкірттер қай дәрежеде қабылдап түсіне алғанын аңдау; б) Р. Рүстембекованың айтуынша, М. Әуезов: “Адам сөйлеп тұрғанда кейбір қағазға түспейтін ойлар, сөздер келіп отырады”, – деп, сабақ үстінде айтқан лекцияларын қадағалап қарауды әдетке айналдырған.

“Абайтану (лекция)” – М. Әуезовтің 1945–1946 оқу жылында КазГУ-де оқыған лекциясының конспектісі. 1942 жылы абайтанудан жүргізген ең алғаш дәрісінің конспектісі әзірше қолға түспеуі себепті, Абайдың жүз жылдығы мен әрі 1945–1946 жылдары оқылған лекциясының мазмұн дәрежесін, қамтылған деректерінің көлемін байқау мақсатында беріп отырмыз.

*М. Мырзахметов*



## **“Абайтанудың арнаулы курсы”**

М. Әуезовтің абайтанудан әр жылдар оқыған дәрісінің мазмұны, деректер көзі өзгеріп, жаңа сапа танытып отырады. Осы ерекшелікті аңдау үшін лектордың 1950 жылы наурыз, сәуір, мамыр айлары ішінде оқылған лекциясын ұсынып отырмыз. Бұл лекцияны конспектілеген – ҚазМУ-дің 3-курс студенті Әуезхан Қанафин. Лекция 30 сағат көлемінде және де абайтанудан жасалған арнаулы курстың программасы негізінде өткізілген.

Жазушының 1945 жылы абайтанудан оқыған дәрісі мен 1950 жылғы лекцияларының арасында елеулі сапалы айырмашылықтар бар.

Бұл ерекшелік әсіресе дәрістің тақырыптарға салалануынан, ұлы ақын мұрасы жайында жаңа ой-толғаныстар мен соны деректердің молырақ қамтылуынан, Абай дүниетанымының жаңаша, өзінше ашыла түсуінен анық байқалады.

“Абайтанудың арнаулы курсы” лекциясы сол кездің 3-курс студенті Әуезхан Қанафин қолжазбасының негізінде берілді.

*М. Мырзахметов*

## “2-лекция. Абайдың басылымдары”

Бұл лекция Абай мұрасының революцияға дейінгі және советтік дәуірдегі зерттелу тарихына арналған. Бұрынғы тезистік жоспардан бұл лекцияның ерекшелігі – сабақтың екі желіге бөлініп, айтылуға тиісті деректер көзінің молдығында жатыр.

Абай шығармаларының революцияға дейін үш түрлі жолмен таралу тарихын бір бөліп алады да, соның баспасөз арқылы таралу тарихына кеңірек тоқталады (1–8-бөлік).

Екінші желіде негізінен Абай мұрасының зерттелу тарихындағы буынды кезеңдері қамтылған (13-бөлік). Ғалым ойы көп нәрсені жинақтап, ретіне қарай салалап жүйелеген. Бұлары әсіресе 2, 3, 8-бөліктерде ерекше сезіледі. Лектор ойының жыл сайын қорланып, толығып өскені осы желіде қамтылған мәселелер құрамынан да байқалып тұр. Мысалға алар болсақ, екінші бөліктегі: “1922–1924 жж. тұсында Абай керексіз деушілер...”, – деп, ақын мұрасын тануда 20–30-жылдардағы, аяғы соңғы күндерге дейін созылған тұрпайы социологиялық теріс танымның абайтану саласында көбірек аялдаған зарарлы әсеріне тоқталса, 3-бөліктегі: “1924 жылдың нәтижесі – 1933 жылғы толық жинақ... 1927 ж. өмірбаяны”, – деуінде үлкен сыр жатыр. Өйткені абайтанудың негізін тұңғыш толық жинақ пен Абайдың ғылыми өмірбаянының жариялану жылынан басталады деп жүрміз. Ал М. Әуезов Абайдың тұңғыш толық жинағының алғашқы нұсқасы 1924 жылы, ал Абай өмірбаяны 1924–1927 жылдар аралығында жазылып біткенін хабарлап отыр. Семей облыстық өлкетану музейі архивінің хабарлауынша (Семей өлкетану музейі, 8-бума, №3 протокол, 1924 ж. 21 қазан), Абайдың тұңғыш толық жинағы ақынның қайтыс болуына жиырма жыл толуына байланысты, 1924 жылы Мұхтар Әуезов тарапынан баспаға ұсынылған болатын-ды. Осымен бірге, Абайдың өмірі мен творчествосы туралы құрастырылмақшы ғылыми жинаққа да кірісіп кетеді. Ал Абай өмірбаяны осы жылы жазылып, 1927 жылға дейін өңделіп, толықтырылып келгенін хабарлайды.

Абайдың толық жинағы 1924 жылы дайындалғанын, тіпті абайтанудан оқылған арнайы курсты тыңдаушы, 1946 жылдағы үшінші курс студенті Рәзия Рүстембекованың жазушы архивінде сақталған конспектісінде: “1924 жылы жиырма жылдығына байланысты шамадан келгенше “Абайдың толық жинағы” деген жинақ болды. Бұл жинақ 1924, 1925, 1927 жылдары жиналды. Жинаған адамдардың көбі Абай маңында болған Көкбай, Кәкітай...” (“Әуезов үйі” ҒМО архиві, 331-бума, 152-б.), – деп жазылу дерегінен де аңғарамыз.

Ал 8-бөліктегі: “Абай – педагог”, “Абай – психолог, Абай – философ” деп тақырыпқа бөліп жазуынан, 1945 жылы ұлы ақынның жүз жылдық мерекесі қарсаңында Абай мұрасының әртүрлі қоғамдық ғылымдар салаларында да зерттеле бастаған әрекетті көреміз.

“Біз қалай тексереміз” деген 11–12-бөлікте М. Әуезов өзінің Абай мұрасын зерттеу жолында ұстанған басты принципі: “Біздің ұсынатын, қолданатын әдісіміз – барлық дүние классиктерін зерттеудегі дағдылы әдіс – өмірімен, өсу, даму жылдарымен, ақындық эволюциясымен (творчестволық эволюция) жыл-жылдап тексеру”, – деп атап көрсетуі ғылыми мән-мағынасы зор пікір. Өйткені М. Әуезов ұлы ақын мұрасын ізерлей қарастырған ғылыми зерттеулері мен басты шығармасы “Абай жолы” эпопеясында да осы әдісті басты бағыт-бағдар ретінде ұстанғанынан хабар береді.

Жазушы, жалпы өзінің творчестволық әрі ғылыми жұмыстарының негізгі нысанасы болған Абай шығармаларын зерттеу барысы екі түрлі жолмен жүргізілсе де, олары бірін-бірі толықтырып, бір мақсатқа қызмет еткенін: “...Мен шама келгенше ғылым жолымен өмірін, ақындығын зерттемекпін. Ал шығармалық еңбектерімен пьеса, роман туралы да өз ойым ақынды ғылымдық зерттеумен негізі бір деймін”, – деп, өзінің ғұмыр бойы ұстанған басты әдісінің біріне айналғанын алғаш рет мәлімдейді.

Осы ойын өзінің шашпа пікірлерінде де, әрі “Абай жолының” жазылу тарихы жөніндегі еңбектерінде де арнайы атап көрсетуі – жазушының бұл мәселеге аса зор мән бергендігін аңдатады.

“2-лекция. Абай басылымдары” да “Әуезов үйі” ҒМО архиві, 249-бумадағы түпнұсқа негізінде өзгеріссіз, толық қалпында ұсынылып отыр.

*М. Мырзахметов*

## “Абай жөніндегі тақырыптар”

Абай шығармаларын жоғары оқу орындарында оқытуға байланысты М. Әуезов мұнда да отыз түрлі тақырыпты ұсынғанда, бұларды негізінен арнаулы семинар сабақтарын өткізгенде көбірек қолданып отырғаны байқалады. Ғалымның ақын жөніндегі тақырыптарды студенттердің Абай мұрасын жан-жақты танып, толық қамтылуын ескеріп барып, жасағаны сезіліп тұр.

“Абай жөніндегі тақырыптар” ұлы ақын мұрасын танып білуде студенттер үшін даяр ұсыныс екендігін ескере отырып, бұл да “Әуезов үйі” ҒМО архиві, 339-бума, 9–10-беттердегі қолжазба нұсқаның негізінде жіберілді.

*М. Мырзахметов*

## **“Абайды тану жөніндегі зерттеулік мәселелер”**

М. Әуезов бұл зерттеулік проблемалық мәні бар тақырыптарды, көбінесе, Абай мұрасын біршама жақсы танып, ол жайлы пікір айта алатын, ой толғарлықтай даярлығы бар шәкірттерге ұсынатын болған. Және студенттерді ғылыми баяндама жасауға, диплом жұмыстарын жаздыруға пайдаланған.

“Абайды тану жөніндегі зерттеулік мәселелер” де “Әуезов үйі” ҒМО архиві, 532-бума, 5–7-беттердегі түпнұсқа негізінде берілді.

*М. Мырзахметов*

## “35 сөз”

М. Әуезов зерттеулерінде, көбінесе, Абай өлеңдеріне сүйенумен бірге, қара сөздері де қоса қарастырылып отырған. Абай өлеңі мен қара сөзі арасындағы тақырып пен пікірдегі сабақтастықты да алғаш рет сараптап, мәселе көтерді. Ақын туралы көлемді ғылыми монографиясын жазу үстінде “Абайдың қара сөздері” деген тарауды дайындау үшін қара сөздерді идеялық-тақырыптық жүйемен жіктеп беруді мақұл көрген. Осы себепті, Абай қара сөздерін қайтара оқып, талдауда әрбір қара сөздің тақырыбын анықтап, он екіге бөледі. Әрқайсысының тұсына жақша ішінде тақырыбын білдіретін цифрлық белгілер қойып отырған. Кейіннен қара сөздің тақырыптық жігін сол цифрлық белгілер арқылы анықтайтын тәсілін көреміз. Мысалы, Абайдың бірінші қара сөзі осы жанрдағы қағазға түскен ойларының не себепті жазылғанын көрсетсе, 10 жікке жататын: 13, 15, 17, 18, 19, 21, 25, 28, 30, 36, 44-сөздердің бәрі де бір тақырып көлемінде қарастырылған. Басқа қара сөздерді де осындай тәсілмен топтастыруға тырысқан.

“35 сөз” тақырыбы да “Әуезов үйі” FMO архиві, 403-бума, 3–5-беттердегі түпнұсқа негізінде жіберілді.

*М. Мырзахметов*

## “Абайды тану” курсының программалары”

Қазақ әдебиетінің жоғары оқу орындарында оқытылу тарихында зерттеушілік ойдың саны мольғып, сапасы көтерілуіне байланысты С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде тұңғыш рет арнайы курс пен семинар сабағы өтілді де, 1942 жылы М. Әуезов абайтанудан дәріс жүргізе бастады.

Абайтанудан оқыған лекцияларында М. Әуезов өзінің ұлы ақын мұрасы туралы ізденістері мен зерттеулерін бір ізге түсіріп, жүйелеуге әрекет етті. Әр жылы өткізген сабақтарының студенттер жазған конспектісін оқтын-оқтын қайта қарап қадағалап, жыл өткен сайын ойына ой қосып, байытып отырған.

Кейіннен өзі оқыған лекцияны жүйелі түрде студенттер толық түрде конспектілей алмауы себепті, стенографист арқылы жаздырып, қайтадан сын көзімен қарап, толықтырған тұстары да бар. Оқыған лекцияларын осындай тәсілмен жетілдіре отырып, соны деректер қосып ширатқан. Осылайша көлемді ғылыми монографиялық еңбегінің негізін қалайды.

Жоғарыда айтылған абайтану туралы арнайы курстың программасының үш түрлі нұсқасын жасайды. Бұл үшеуінің де мазмұны монографиялық еңбектің желісіне сай құрылған.

Бұл аталған абайтанудың арнайы курсының программалары 1951 жылы жазылуының да өзіндік себептері бар. Өйткені бұл қазақ әдебиетін оқыту жөніндегі алғашқы арнайы курсқа арналған программа болуымен де ерекшеленетін. Өрі оның жазылу жағдайы сол тұста абайтанудан өткен пікір таласының өткір қойылуына байланысты, М. Әуезовтен өзі оқып жүрген арнайы курсының программасы талап етіле бастады. Осы себепке орай абайтанудан өтілетін арнайы курстың программасын алғаш рет 1951 жылы 8 ақпанда жазып бітірді. Бұл нұсқада М. Әуезовтің Абайдың ақын шәкірттері туралы танымы толығырақ, нақтырақ берілді.

1951 жылы шілде айында өткен абайтану саласындағы дискуссиядан кейін программа қайта жазылып, Абайдың

ақындық мектебі немесе ақын шәкірттері туралы деректер алынып тасталды. Бұл нұсқасы 1951 жылы 15 қарашада дайын болды. Дәл осы жылы ғалым дайындап жүрген монографиялық еңбек те жазылып бітті. Бірақ сол тұстағы әдебиеттегі ауа жайылушылыққа орай, бұл еңбектен де “Абайдың әдеби мектебі” деген тарау алынып тасталды. Яғни жаңа программа талабына қарай, монографиялық еңбекте де өзгерістер орын алды.

Абайтанудың арнайы курсына арналып жазылған программалардың екі нұсқасы да “Әуезов үйі” ҒМО архиві, 257-бума, 7–10, 11–15-беттердегі варианты бойынша қатар жіберілді.

*М. Мырзахметов*



**“Выписка из стенограммы выступления  
М.О. Ауэзова на заседании Ученого совета  
Казахского государственного университета  
им. С.М. Кирова”**

**Выписка из стенограммы выступления  
М.О. Ауэзова 20 декабря 1946 г. на заседании  
Ученого совета Казахского государственного университета  
им. С.М. Кирова по защите кандидатской диссертации  
А. Жиренчиным  
на тему: “Абай и его русские друзья”**

1946 жылы 28 желтоқсан күні Әбіш Жиреншин ҚазМУ-дің Ғылыми кеңесінде тарих ғылымының кандидаты атағын алу үшін “Абай және оның орыс достары” деген кандидаттық диссертациясын қорғайды. Диссертанттың ресми оппоненттерінен кейін Мұхтар Әуезов Ә. Жиреншиннің зерттеу еңбегі жөнінде өз пікірін білдіріп, кей жерлерін сынға да алады. Осы жолғы сөйлеген сөзі стенограммаға түсіп, бір данасы жазушы архивінде сақталған.

М. Әуезовтің Ғылыми кеңесте сөйлеген сөзі оқырман қауымға “Әуезов үйі” ҒМО архиві, 440-бума, 4–8-беттердегі қолжазба нұсқасы негізінде өзгеріссіз ұсынылды.

*М. Мырзахметов*

**P.S.** Дәріс мәтіндері жазушы шығармаларының академиялық толық жинағына тарих ғылымдарының докторы Л.М. Әуезова мен филология ғылымдарының докторы М. Мырзахметов құрастырған “Әуезов М.О. Абайтанудан жарияланбаған материалдар” атты кітаптан (Алматы: Ғылым, 1988. 368 б.) алынып берілді (125–203-бб.; 245–248-бб.; 341–346-бб.; 352–353-бб.)

## **“Абай”**

**(“Абай” трагедиясының М. Әуезов қолымен жазылған  
орыс тіліндегі нұсқасы)**

“Абай” трагедиясының үзінділері алғаш М. Әуезов пен Л. Соболевтің авторлығымен қазақ және орыс тілдерінде 1940 жылы “Қазақ әдебиеті” газетінің 5 қаңтардағы, “Литературная газетаның” 10 ақпандағы сандарында жарияланды. Пьесаның орыс тіліндегі мәтінінің толық нұсқасы 1941 жылы Мәскеуде шыққан “Сборник современной казахской литературы” жинағында жарық көрді. Бұдан кейін 1945 жылы (кітаптың сыртқы мұқабасында 1944 жыл, ішкі титулдық бетінде 1945 жыл деп көрсетілген, кітапты шығаруға 22.XII.1944 датасымен қол қойылған) Мәскеуде “Искусство” баспасынан жеке кітап болып шыққан. Бұдан кейінгі басылымдары: “Советская драматургия” альманағының 5-томы (Мәскеу-Ленинград: Искусство, 1948. С.179–235), “Советская казахская драматургия” жинағы (Мәскеу: Искусство, 1958. С.73–134), Л. Соболевтің “Десятилетия дружбы” кітабы (Алматы: Жазушы, 1971. С.183–247), Л. Соболевтің алты томдық шығармалар жинағының 6-томы (Мәскеу: Художественная литература, 1975. С.375–437), М. Әуезовтің бес томдық шығармалар жинағының 4-томы (Мәскеу: Художественная литература, 1975. С.375–437).

М. Әуезовің орыс тіліндегі бес томдық шығармалар жинағының төртінші томында “Абай” трагедиясына берілген түсініктемеде: “В 1939–1940 годах, когда писатель работал над первой книгой романа-эпопеи, он создает в соавторстве с Леонидом Соболевым трагедию “Абай”. Написана на русском языке. Первые ее публикации (в отрывках) появились почти одновременно: в переводе на казахский — в газете “Казах адебиеты”, на русском языке — в “Литературной газете” деген мәліметтер берілген. Бұл түсініктемеге қарағанда, “Абай” трагедиясы алдымен орысша жазылып, содан кейін қазақшаланған сияқты.

Жазушы мұражайының архивінде сақталған “Абай” трагедиясының қолжазба нұсқаларымен танысу барысында пьесаның алдымен қазақ тілінде жазылғаны анықталды. Мұны М. Әуезовтің қойын дәптерлеріндегі мәліметтер де дәлелдейді.

Кейбір мысалдарда алдымен орыс тілінде жазылды деген көзқарастың біраз себептері де бар. “Абай” трагедиясының орыс тіліндегі алғашқы толық басылымы (1941 жылғы “Сборник современной казахской литературы” жинағы) төрт перде, жеті сурет және эпилогтан тұрады. Пьесаның бұл нұсқасын М. Әуезовтің он екі томдық, жиырма томдық шығармалар жинақтарында берілген қазақ тіліндегі нұсқамен салыстырғанда, қамтыған кейіпкерлері жағынан да, көлемі жағынан да бірдей болып шықты. Оқиға желісінде ешқандай өзгеріс жоқ. Қазақ тіліндегі нұсқадағы кейіпкер диалогтарының бәрі бар. Өзгеріс тек стильдік тұрғыда. Кейбір диалогтардың көлемдік жағынан өзгеріске түскен жерлері кездеседі. Эпикалық, реалистік сипаты басым қазақша нұсқаны драмалық бағытқа ойыстырып, драмалық типтендіру, драмалық техникаға бағындыру сипатындағы өзгешеліктері бар.

Пьесаның 1945 жылы орыс тілінде жеке кітап болып шыққан нұсқасы төрт акттыдан, алты суреттен тұрады. Эпилогы жоқ. 1941 жылы шыққан нұсқаға қарағанда көлемі кішірейген. Мұнда қазақ тіліндегі және 1941 жылғы орыс тіліндегі нұсқада бар кейіпкерлер: Баймағамбет, Зейнеп, Дәулет және Ормандар жоқ. 1945 жылы шыққан кітаптың соңында Николай Львовтың “О трагедии “Абай” (краткие сведения)” деп берілген материалы бар. Мұнда бұл нұсқа туралы “Қазақстаннан тыс жерлердегі орыс театрлары сахнасында қою мақсатында пьеса авторлары Қазақстанда түсінікті болғанмен, орыс көрерменінің түсінуіне ауыр қазақ халқының әдет-ғұрпына, тілінің өзіндік ерекшеліктеріне қатысты кейбір жерлерін қысқартып жеңілдетті”, – делінген. Осы қысқартылған нұсқа кейінгі жылдары шыққан басылымдарда сол қалпында еш өзгеріссіз берілді. Н. Львовтың аталған мақаласы Л. Соболевтің өзінің өтінуімен оның алты томдық шығармалар жинағының 6-томында қайта берілген.

Жазушы мұражайының архивінде сақталған 141-бумада (46-б.) М. Әуезовтің: “Бұрын қазақша ең алғашқы текст жалғыз істелген. Аудару үстінде ақылдасу арқылы азырақ өзгерістер болды. Бірақ қазақшаның мына соңғы редакциясына келгенде оның көбі қайтадан түсіп қалды. Мынау

қазақшаның ең үлкен өзгерісі. Барлық қосымша өзгерістер Алматыда жалғыз істелген”, – деген түсінік мәтіні бар. Бұл мысалдар М. Әуезовтің алдымен пьесаның қазақша нұсқасын толық жазып шығып, осы нұсқаның негізінде жолма-жол орысша аудармасын жасағанын дәлелдейді. М. Әуезов пен Л. Соболевтің арасындағы соавторлық жұмыс осы жолма-жол аударманың негізінде жүрген.

Мұражайдың қолжазба қорындағы 134-бумада “Абай” трагедиясының орыс тіліндегі қолжазба нұсқасы мен машинкаға басылған нұсқасы сақталған. Мұнда “Абай”, пьеса в 4 актах, 7 картинах, подстрочный перевод с казахского”, – деп көрсетілген.

Жолма-жол аударма (подстрочник) – М. Әуезовтің өз қолтаңбасы. Сарғыш, көкшіл жазу қағаздарына жазылған. Буманың 1–8-парақтарында күлгін сиямен, 9–36-парақтарында қара қарындашпен, 37–82-парақтарында күлгін сиямен жазылған. Буманың 83-парағында пьеса суреттерінің мазмұнына қатысты жоспар сипатындағы қысқа қайырылған мәтін бөліктері кездеседі. Осы парақта 7.VII.1939 ж. деген дата көрсетілген. Бұл дата жолма-жол аударманың жасалып біткен уақыты болуы мүмкін.

Қолжазбада түзетулер өте аз. Түзетілген жерлер күлгін сиялы мәтін үстінен дәл осы түстегі сиямен, қарындашпен жасалған. Осыған қарағанда, М. Әуезов жолма-жол аударманы бірден жасап шығып, қайта оралып өндемеген.

Осы буманың 84–172-парақтарындағы машинкамен басылған нұсқаның үстінен қызыл, көк сиямен және қара қарындашпен түзетулер жасалған. Машинкамен басылған мәтіндегі кейбір диалогтар сызылып, кей жерлерде жаңа диалогтар қосылып отырған. Қызыл сиямен пьесаның өн бойындағы “Қалча” атауы “Жиреншеге” ауыстырылып, орфографиялық қателер түзетілген. Бұл түзетулерге қарағанда, М. Әуезовтің өзі осы нұсқаны бірнеше рет қарап шыққан.

Машинкаға басылған нұсқаны пьесаның орыс тілінде шыққан вариантымен салыстырған кезде 1941 жылы “Сборник современной казахской литературы” жинағында берілген нұсқамен бірдей болып шықты. Қолмен жазылған нұсқа көлемі жағынан, мағыналық жағынан алғанда аталған машинкаға басылған нұсқа мен 1941 жылғы нұсқаға жақын келеді. Сөйлемдері сөзбе-сөз дәл келіп отырмағанмен, барлық негізгі кейіпкерлердің диалогтары түгелге жуық бар. Жолма-жол аудармадағы пьесаның сюжеттік желісіне нұқсан келтірмейтін

кейбір диалогтар 1941 жылғы нұсқада жоқ. Олар көбіне қосалқы кейіпкерлердің сөздері. 1-волостной, 2-волостной, 1-жигит, 2-жигит сияқты аталатын кейіпкерлердің сөздері көбіне қалдырылып кеткен. Қазақ халқының ұлттық әдет-ғұрпына қатысты түсініксіздену болуы мүмкін сөздер не қысқартылған, не өңделіп аударылған. М. Әуезовтің өзі “подстрочный перевод” деп атағанмен, көркем аударма дәрежесіндегі нұсқа Л. Соболевтің қатысуымен жасалған нұсқаға негіз болғаны айқын байқалады.

Қазақша нұсқадағы диалогтар жолма-жол аудармада түгел дерлік бар. Аудару барысында пьесаның стильдік, идеялық, мағыналық қырларын жөндеу, өзгерту мақсаты қойылмаған. 1941 жылғы орысша нұсқадағы сияқты, қазақша нұсқада да кейбір қосалқы кейіпкерлердің пьесаның сюжетіне нұқсан келтірмейтін жолма-жол аудармада бар диалогтары алынбаған. Бұл диалогтардың біразы пьесаның қазақша қолжазбаларында бар. Пьесаның көптеген диалогтары қазақша, жолма-жол аударма және орыс тіліндегі 1941, 1945 жылғы нұсқаларында сөзбе-сөз бірдей болып шығып отырады. Сонымен қатар әртүрлі көркемдік мақсаттар тұрғысынан еркін аударылған жерлері де кездеседі.

Жолма-жол аудармада бар, 1941 жылы шыққан орысша пьесада жоқ мәтін бөліктері, диалогтары негізінде баспа бетін көрген қазақша нұсқада да жоқ. Жолма-жол аударма көлемдік жағынан пьесаның қазақ тіліндегі қолжазбасына сәйкес келеді.

Жолма-жол аударма мен пьесаның 1941 жылғы басылымын салыстырғанда, пьесаның жолма-жол аудармасындағы 1-перденің 2-суретінің 1-көрінісіндегі Долгополов пен Баймағамбетке қатысты диалогтардың қысқартылып алынғаны анықталды. Жолма-жол аударманың 2-пердесінің 6-көрінісінде Абайға Әсет келеді. 1941 жылғы басылымда Зейнеп келеді. 3-перденің 4-суретінің Айдар мен Ажардың тойын суреттейтін, Әбіш пен Мағыш қатысатын жеке “явление” деп берілген 2-көрінісі де 1941 жылғы нұсқада жоқ. Осы перденің (қолжазбадағы) 52-бетіндегі (5-сурет, 1-көрініс) Айдар, Ажар, Әбішке қатысты диалогтар бар бір бет көлеміндегі мәтін бөлігі алынбаған. Жолма-жол аударманың 4-пердесінің 6-суретіндегі (58-б.) 1, 2, 3-болыстардың, 1, 2-билердің бір бет көлеміндегі диалогтарынан 1941 жылғы басылымда екі ғана диалог алынып, осы жерде Орман және 1, 2-жігіттердің айтуымен келетін Абайдың “Болыс болдым, мінеки” өлеңінің орыс тіліндегі төрт шумағы берілген. 1941 жылғы басылымдағы “Абай” трагедиясы

эпилогының алғашқы жартысы жолма-жол аудармадағы эпилогтың алғашқы жартысымен сәйкес келеді. Екінші жартысында Райыс деген кейіпкер қатыстырылып, мағыналық жағынан мүлдем басқаша болып кеткен. Жолма-жол аударма мен машинкаға басылған нұсқа тігілген буманың соңында берілген, күлгін сиямен жазылған эпилог мәтіні (173–174-бб.) 1941 жылғы мәтіннің эпилогымен дәлме-дәл болып шықты. Трагедияның жарияланған нұсқаларында Құлайғыр, Райыс және аты аталмаған басқа да біраз кейіпкерлер (болыс, би, жігіт) жоқ. Осы мысалдар, мәтіндік салыстыру жұмыстары, жазушы мұражайы мұрағатындағы деректер М.О. Әуезовтің алдымен “Абай жолы” роман-эпопеясын жазуға дайындаған материалдардың негізінде трагедияны қазақ тілінде жазып, өзі жолма-жол аударма жасағанын көрсетеді. Кейін баспа бетінде жарияланған трагедияның орысша нұсқасы жолма-жол аударманы өңдеу, редакциялау негізінде жасалған.

М. Әуезовтің елу томдық шығармалар жинағының бұл томына “Абай” трагедиясының осы нұсқасын 134-бумадағы мәтін бойынша беріп отырмыз.

*Р. Әбдіғұлов*

## М А З М Ұ Н Ы

<b>I. МАҚАЛАЛАР, ЗЕРТТЕУЛЕР.....</b>	<b>3</b>
Современники о своем герое .....	5
Современный роман и его герой .....	6
Қазақ әдебиетінің проблемалық мәселелері жайындағы ғылыми-теориялық конференцияда М.О. Әуезовтің сөйлеген сөзі (Қорытынды сөз) .....	14
Алғы сөз .....	46
Алғы сөз .....	49
Қазақ ертегілері .....	50
Есте болар сөздер .....	81
<b>II. ЛЕКЦИЯЛАР .....</b>	<b>89</b>
Абайтану (лекция) .....	91
Абайтанудың арнаулы курсы.....	135
2-лекция. Абайдың басылымдары.....	165
Абай жөніндегі тақырыптар.....	167
Абайды тану жөніндегі зерттеулік мәселелер.....	168
35 сөз .....	169
“Абайды тану” атты арнаулы курстың С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің әдебиет факультетіне лайықталған программасы.....	171
Выписка из стенограммы выступления М.О. Ауэзова на заседании Ученого совета Казахского государственного университета им. С.М. Кирова.....	175
<b>III. ПЬЕСА.....</b>	<b>179</b>
Абай (орыс тіліндегі нұсқа) .....	181
<b>IV. ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР.....</b>	<b>261</b>

# ӘУЕЗОВ МҰХТАР ОМАРХАНҰЛЫ

## Шығармаларының елу томдық толық жинағы

42-том

Академиялық ғылыми басылым

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының  
ғылыми кеңесінде бекітіліп, баспаға ұсынылған*

Баспа жобасының жетекшілері:

*С. Назарбаева, Б. Қанапиянов*

Редакторлары: *Б. Хабдина, Б. Мұсахан, А. Шаихова*

Көркемдеуші редакторы *С. Оспанова*

Техникалық редакторы *Н. Ромахова*

Компьютерде беттеген *И. Селиванова*

Басуға 10.07.2014 ж. қол қойылды.

Пішімі 84x108 1/32. Офсеттік қағаз.

Қаріп түрі “Таймс”.

Шартты баспа табағы 15,5.

Таралымы 4000 дана.

Тапсырыс № 342.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,  
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.  
E-mail: rpik-daur81@mail.ru

“Жібек жолы” баспа үйі  
050000, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 50.  
Тел.: 272-65-01, 261-11-09.

ISBN 978-601-294-184-5



9

7 8 6 0 1 2 9 4 1 8 4 5